

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘӨЖ 81:37.016; 377. 02:37. 016

Қолжазба құқығында

МУХАМЕДЖАНОВА ГУЛЬМИРА ТАСТЕМИРОВНА

**Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипаты және
оларды оқыту әдістемесі**

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер
ф.ғ.д., профессор
Алдаш А.

п.ғ.д, доцент
Рахметова Р.С.

Шетелдік ғылыми
кеңесші, PhD доктор, доцент
Кайабашы Ү.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2016

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
КІРІСПЕ	5
1 ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНДЕГІ КӨРІКТЕУІШ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ГЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ	13
1.1 Қазақ тіліндегі көріктеуіш құралдар – ұлттық-мәдени құбылыс	13
1.2 Көріктеуіш тілдік құралдардың зерттелуі мен жүйеленуі	20
1.3 Көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдениеттанымдық мәні	32
1.4 Көріктеуіш құралдар компоненттері: семантикалық және компонентті талдау	53
ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ ПАРАДИГМАСЫНДА КӨРІКТЕУІШ	62
2 ТІЛДІК ҚҰРАЛДАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
2.1 Көріктеуіш құралдарды танытудың философиялық және әлеуметтік алғышарттары	62
2.2 Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдарды менгертудің психологиялық негіздері	72
2.3 Лингвомәдени құзыреттілік және оны қалыптастырудың педагогикалық негіздері	83
3 КӨРІКТЕУІШ ТІЛДІК ҚҰРАЛДАРДЫ МЕНГЕРТУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ	102
3.1 Көріктеуіш тілдік құралдардың мектеп окулықтарында қамтылуы және білім мазмұны	102
3.2 Көріктеуіш тілдік құралдарды оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері	117
3.3 Көріктеуіш тілдік құралдарды оқытудың кешенді жұмыстар жүйесі	130
3.4 Көріктеуіш тілдік құралдарды менгертудегі эксперимент нәтижелері	143
ҚОРЫТЫНДЫ	174
ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР	177
ҚОСЫМША	186

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2014.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 07.12.2010 ж., Астана.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 2004.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. – Астана, 18.08.2010 ж., ҚР Білім және ғылым министрінің № 454 бұйрығы.

Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы. – Алматы, 1996 ж.

Қазақстан Республикасындағы гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы, 1994 ж.

АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертациялық жұмыста тәмендегі терминдер және олардың анықтамалары қолданылған:

Тілдің көріктеуіш құралдары – коммуникативтік актіге (жазбаша мәтінге және ауызша сөйлеу актісіне) енгізілген ақпараттың бағалауыштық, карқындылық, образдылық, экспрессиялы-эмоционалдық түрғыдан жеткізуіне ықпал ететін және қабылдаушының коммуникативтік актінің барысын жеткілікті дәрежеде түсінуін қамтамасыз ететін тілдік құралдар.

Лингвомәдениеттану – әлемдік және отандық лингвистикадағы жаңа ғылыми бағыттардың бірі; лингвистика мен мәдениеттану ғылымдарының өзара байланысы негізінде жеке тұлғаның танымындағы мәдениеттің тілге және тілдің мәдениетке әсерін қарастыратын ғылым тармағы.

Көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипаты – бағалауыштық, карқындылық, образдылық, экспрессиялы-эмоционалдық түрғыдағы тілдік құралдардың семантикасында, екінші лексемамен тіркескен жағдайдағы семантикасында ұлт мәдениетінің экстралингвистикалық мазмұнының көрініс табуды.

Лингвомәдени бірлік – лингвистикалық және экстралингвистикалық ұғымдардың диалектикалық байланысы болып табылатын кешенді деңгейаралық бірлік.

Лингвомәдени құзыреттілік – жеке адамның коммуникативтік актіге катысуы және адресант ретінде ақпаратты қабылдауы барысында оның халықтың мәдениеті мен тарихынан, тұрмысы мен салтынан, қоршаған ортаны пайымдауынан жасалған тілдік тұлғалардың қолданыстағы мағынасын түсінуі, қабылдауы және осы арқылы жеке адамда белгілі бір сезімнің пайда болуы.

Семантикалық талдау – лингвистикалық әдістің бірі; сөздің ішкі мағынасын, бірнеше сөз дәнекерлескен жағдайда туындайтын жаңа мағынаны анықтау мақсатында жеке сөздің, семалық, семемалық құрылымы қарастырылады.

Оқытудың лингвомәдени бағыты – орта білім беру жүйесінде гуманитарлық пәндерден білім берудің лингводидактикалық базасында мәдениеттәнімдік ақпарат (пренцендентті атаулар мен фактілер, қазақ халқының мәдениеті мен тарихынан, тұрмысы мен салттарынан, қоршаған ортаны пайымдауынан имплицитті және эксплицитті түрде ақпарат жинақтаған фактілер) толыққанды және жеткілікті түрде енгізу арқылы жүргізілетін білім беру бағыты.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасында біздің елімізде этникалық-мәдени білім кеңістігін қалыптастырудың маңыздылығы баса көрсетілген [1]. Бұл мәселе, әсіресе қазақстандық қоғамда қазақ тілін жетік білетін, ұлттық-мәдени сипаттарды толық менгерген білікті маманды, ұлтқа тән ерекшеліктерді сақтаған кемелді тілдік тұлғаны қалыптастыру үшін білім беру жүйесін, кәсіби мамандар даярлауды жетілдіруді, білім беру қызметін үздіксіз жүргізуі талап етіп отыр. «Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында» төмендегідей нұсқау нақтыланған: «... іргелі және әмбебап білімді қайтадан саралап, оның өрісін кеңейте түсуді, сөйтіп бұл істі білім беру жүйесі арқылы жүзеге асыруды талап етеді» [2, 5].

Қазақстан Республикасында білікті мамандар даярлауға, орта және жоғары білім беру жүйесінде білім берудің әдіснамалық негіздерін жаңғыруға бағытталған нормативтік құжаттарда, әсіресе, мектеп оқушысын ізгілендіру, кәсіптік шеберлік, имандылық, отаншылдық сияқты басты қасиеттері қалыптасқан қоғам мүшесін қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды танып-білу мақсатындағы жаңа міндеттер алға қойылып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2014 жылғы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» деп аталатын Жолдауында айтылған «Мектеп түлектерін... оқыту нәтижесі окушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машинын игеру болуға тиіс» деген бағалауы білім беру салаларына зор міндеттер жүктейді [3].

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында тіл мәдениетін жетілдіруге назар аударылып, мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясатын жүзеге асыру үшін басқа да маңызды міндеттердің қатарында былайша көрсетілген: «Тілді қолданудың мәртебесін арттыру, қазақстандықтардың тіл мәдениетінің деңгейін арттыру, үздіксіз тілдік өзгерістер процесін тіркеп отыратын жүйе құру және мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру қажет» [4]. Бұл арада қазақ тілі бойынша білім беруде тілдің лексикалық-грамматикалық құрылымын үйретіп қана қоймай, өз бетінше ізденуге, сындарлы ойлауға, өз ойын, алынған ақпаратты сауатты көркем жеткізуге дағылданыратын тілдік құралдарды менгерту талабы айқын көрінеді.

Мемлекеттің ішкі саясатындағы осындай маңызды талаптар мен нұсқаулар орта білім беру жүйесінде мемлекеттік тіл – қазақ тілі бойынша білім берудің әдістері мен әдіснамасын жақсартумен қатар, білім беру арнасына енетін құрылымдар туралы мәліметті кеңейтуді нақтылай түседі.

Қазақ тілінің шын мәнінде мемлекеттік тіл ретінде қолданыс қызметін арттыратын, тілді пайдаланушылардың тілдік танымдық өрісін кеңейтуге ықпал ететін тіл құрылымдарының бірі – қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдар.

Тіл категорияларының бірі – көріктеуіш құралдардың көлемі, образдылық сыйымдылығы, ойды жеткізудегі логикалық кеңдігі жағынан қазақ тілін әлем тілдерінің қатарындағы бай және көркем тіл деп тануға мүмкіндік беретіндегі ғылыми жағынан жете тұжырымдалған. Шын мәнінде, қазіргі жаһандану заманында, қоғам өміріне көптілділік факторы деңде енген кезде, ақпараттар ағынының әсерінен қоғам мүшелерінің кейбір топтарының сөздік коры шектеулі бола бастағаны байқалған тұста қазақ тіліндегі көріктеуіш құралдардың лингвомәдени сипаттамасын танып-білу, оны білім беру үдерісіне кеңінен енгізу маңызды болып табылады. Көріктеуіш құралдардың тілдік, құрылымдық белгілері қазақ тілтанымында және қазақ әдебиеттану ғылымында бірқатар қарастырылған. Бұл мәселе А. Байтұрсынұлы [6], Қ. Жұбанов [7], Қ. Жұмалиев [8], З. Қабдолов [9], З. Ахметов [10], И. Кеңесбаев [11], М. Балақаев [12], Т. Қоңыров [13], К. Аханов [14] Р. Сыздық [15], Ә. Қайдар [16], Б. Хасанов [17], Ә. Айтбаев [18], Қ. Өмірәлиев [19], Ә. Болғанбаев [20], Е. Жанпейісов [21], М. Серғалиев [22], Н. Үәли [23], Б. Шалабай [24], О. Бүркітов [25], О. Жұбаева [26], Б. Момынова [27], Б. Қасым [28], Г. Қосымова [29], Г. Смағұлова [30] және басқа да зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде талданған.

Қазақ лингвомәдениеттануы жөніндегі алғашқы пікір, көзқарастар тұжырымдаған зерттеушілердің еңбектерінде көріктеуіш тілдік құралдар қарастырылған (А. Алдашева [31], Ж. Манкеева [32], А. Ислам [33], А. Сейілхан [34], Қ. Есенова [35], З. Ахметжанова [36], Г. Сағидолда [37], Ә. Оразалинова [38], С. Жиренов [39]).

Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесінің теориясы мен практикасы бойынша зерттеушілер – С. Рахметова [40], Н. Оралбаева [41], З. Бейсенбаева [42], Қ. Жақсылықова [43], Ф. Оразбаева [44], А. Жапбаров [45], Н. Оразакынова [46], З. Күзекова [47], Р. Шаханова [48], Қ. Қадашева [49], Ж. Балтабаева [50], Ж. Дәuletбекова [51], Т. Аяпова [52], Р. Рахметова [53], А. Әлімов [54], Ә. Әлметова [55], Ш. Ерғожина [56] және т.б. өз еңбектерінде сөз мәдениеті мен шешендік сөз аспектісінде көріктеуіш тілдік құралдарды оқытудың әдіс-тәсілдерін жүйеледі.

Адамдар арасындағы мәдени байланысты арттыру мен ойды нақты әрі көркем етіп жеткізу үшін қолданылатын осы құбылыстың сырларына орыс тіл білімінде де көлемді зерттеулер жүргізілген. Орыс ғалымдары көріктеуіш құралдардың теориялық негізdemесін жасап, оның жекелеген түрлерін зерттеді. Орыс лингвистикасында жасалған ғылыми пікірлер мәселеңін қейбір теориялық жақтарын нақтылауда құнды, бірақ қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипатын жете танып-білуде ұлттық мәдениетте көптеген айырмашылықтар болғандықтан, сәйкес келе бермейді.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Осы тіл категориясының қазақ ұлттының пайымдауына, ұлттық рухани ерекшелігіне, нақты айтқанда, көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипаты – көріктеуіш құралдардың мәдениетке қатысы және ұлттық мәдениеттің ықпалынан пайда болған көріктеуіш

құралдардың ұлттық рухани ерекшелігі қазақ лингвомәдениеттану ғылымы аясында және білім беру жүйесінде менгерту деңгейінде кешенді турде зерттелмеген. Бұл жайт зерттеу нысанының **өзектілігінің бір жағын** айқындайды. Тіл саясатына және білім берудің тұжырымдамалық негіздерінде көрсетілгеніндей, окушының құзыреттілігінің кемел дәрежеде болуы үшін тілдік талғамды қалыптастыра оқыту ұстанымы – қазақ сөзінің мәдениеті мен шешендік сөзін менгертуге дағылданыру мәселесі соңғы жылдары білімді бағалаудың жаңа түрінің енгізілуі себебінен күтілетін нәтижелердің қатарынан ығыстырылған. Осыған орай, мектеп окушысын лингвомәдени құзыреттілікке ие тілдік тұлға ретінде қалыптастырудың көріктеуіш құралдарды оқытудың әдістері мен әдіснамасын білім беру бағдарламаларына енгізу маңызды сипатқа ие. Бұл мәселе зерттеудің **екінші өзектілігін** айқындайды.

Зерттеу нысанасын барынша тиянақты ету мұддесінде жүргізілген эксперимент қорытындысы нәтижесінде жалпы білім беретін мектепте көріктеуіш тілдік құралдарды оқытуға арналған арнайы әдістемені түзуге тікелей назар аударылмауы себепті мектеп мамандары тарапынан окушылардың ауызша//жазбаша коммуникативтік актіде логикалық ойды жеткізуде тілдің көркем образды құралдарын қолдану деңгейінің жеткіліксіз екендігі мойындалғандығы анықталды. Қазақ сөз мәдениеті мен шешендікті оқыту проблемаларын қарастырган зерттеушілердің пікірі бойынша, білімді бағалаудың жаңа формасының пайда болуы себепті және осыған байланысты окушының лингвистикалық капиталын орнықтыруға қажетті, жүйелі жұмыстардың бәсек жүргізілуінен жоғары сынып окушысының шаршы топ алдында, адресат– адресант қарым-қатынастағы әсер ету функциясы үшін еркін / шапшаң / реакция жасау; образды/көркем тілдік құралдармен ойды жеткізу дағыларында қыншылықтар байқалады. Осыған байланысты жоғары сыныпта көріктеуіш тілдік құралдарды оқыту арқылы окушының лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндігі мен оны ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеу арасындағы; көріктеуіш құралдарды оқытудың білім мазмұны мен оны оқыту үдерісінде жүзеге асыру арасындағы; көріктеуіш құралдардың оқыту мен оны тіл жұмсауда пайдалану арасындағы **қарама-қайшылықтар** анықталып отыр. Сол себепті көріктеуіш құралдардың лингвомәдени сипатына және білім беру үдерісіне енгізуге негізделген лингводидактикалық базаны жасау мақсаттарында зерттеу тақырыбы «Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипаты және оларды оқыту әдістемесі» түрінде тандалып алынды.

Зерттеу нысаны. Жалпы білім беретін мектептегі «Қазақ тілі» сабактарында көріктеуіш тілдік құралдарды оқыту үдерісі.

Зерттеудің пәні. Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдарды жалпы білім беретін мектептерде менгертудің әдістемелік жүйесі.

Зерттеудің ғылыми болжамы. Егер қазақ тіліндегі көріктеуіш құралдардың лингвомәдени белгілері жөнінде ғылыми тұжырымдар жасалып, олар «Қазақ тілінің көріктеуіш құралдары» пәнін оқытудың бірыңғай

әдістемесіне негіз болса, көріктеуіш құралдарды оқыту арқылы оқушылардың тілін дамыту белгілі бір жүйемен үздіксіз жүргізіліп, оларды шешен, жүйелі сөйлеуге дағдыландыру кешенді жаттығулар негізінде ұйымдастырылып, педагогикалық негізге сай жүйелі, мақсатты, жоспарлы жүргізілсе, онда, біріншіден, орта мектеп шенберінде оқушының мемлекеттік тілді талаптарға сай менгерген тілдік тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндіктер жасалады. Екіншіден, көріктеуіш тілдік құралдарды оқытуға бағытталған оқу бағдарламасы, соның негізінде жасалған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі мектеп оқушысының қатысымдық қызметке жоғары деңгейде араласуына жәрдемдеседі. **Өйткені** көріктеуіш тілдік құралдарды орта білім беру жүйесінде білім берудің бір арнасы ретінде оқыту қазақ тілінің сапалы менгертілуін, оқушының сөз мәдениетінің жоғарылауын қамтамасыз етеді.

Зерттеудің мақсаты. Тіл мен мәдениеттің байланысын қарастыратын ғылым салаларының аспектілері тұрғысынан қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипатын анықтай отырып, оларды оқытудың әдіснамасын зерделеу және әдістемелік жүйесін ұсыну.

Мақсатқа жету үшін **зерттеудің міндеттері** төмендегіше айқындалды:

- шетелдік лингвистикадағы және қазақ тіл біліміндегі ғылыми-теориялық пікірлерді саралай отырып, көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени ерекшеліктерінің жүйеленуі қазақ лингвомәдениеттану саласының одан әрі терендетіле зерделенуіне, сондай-ақ жалпы орта білім беру жүйесіндегі дидактикалық база мазмұнының жаңартылуына үлес қосатындығын дәйектеу;
- көріктеуіш тілдік құралдардың құрамындағы лексемаларға лингвомәдени, семантикалық, компонентті талдау жасау, осы арқылы нақты жеке тұлға тараپынан жасалған көріктеуіш тілдік құралдардың: а) образдылық деңгейін; ә) қазақ тілі динамикасына қосатын позитивті үлесін дәлелдеу;
- жалпы орта білім беру жүйесінде қазақ тіліндегі тілдік құралдардың лингвомәдени сипатын оқытудың әдіснамалық негіздерін (философиялық, психологиялық, педагогикалық) айқындау;
- ұлттық-мәдени сипаттарды жоғары дәрежеде менгерген, қазақ тілін жоғары біліктілікпен қолдана алатын болашақ жеке тұлғаны қалыптастыру үшін қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдарды жалпы орта білім беру жүйесінде білім беру үдерісіне енгізуге арналған тандау пәннің оқу бағдарламасын және тапсырмалар мен жаттығулар жүйесін әзірлеу;
- ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігін қазақ тілді жалпы білім беретін мектептердің жоғары сыныптарында эксперимент жүргізу және оның нәтижелері арқылы дәлелдеу.

Зерттеудің әдістері. Жұмыста жинақтау, зерделеу, жүйелеу, қорыту және баяндау әдістері, семантикалық-компонентті және лингвомәдени талдау, эксперименттік тәжірибе жүргізу және статистикалық әдістер қолданылды.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері үшін әлемдік лингвистикадағы, түркологиядағы, қазақ тілтанымындағы көріктеуіш тілдік құралдар бойынша

лексикология, семасиология, сөз мәдениеті, лексикография, когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, философия, психология, педагогика ғылыми тармақтарының теориялық тұжырымдары басшылыққа алынды. Көріктеуіш тілдік құралдарды білім беру үдерісіне енгізуудің өзектілігі мен қажеттілігін дәлелдеуде қазақ тілін оқытудың теориясы мен практикасына қатысты ғылыми еңбектердегі, жаңа типті оқулықтардағы әдіс-тәсілдер мейлінше назарға алынды.

Зерттеудің дереккөздері. Қазақ тіліндегі көріктеуіш құралдардың лингвомәдени сипатын анықтау үшін төмендегі дереккөздер негізге алынды: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, (1-10 т., 1974-1986); Қазақ әдеби тілінің сөздігі (15 т.) Фразеологиялық сөздік (І. Қенесбаев, 1997), Синонимдер сөздігі, Антонимдер сөздігі, Тенеулер сөздігі; сондай-ақ тарихи мазмұндағы көркем шығармалар (Ә. Кекілбаев. Елең-алаң. Алматы, 1995; С. Елубай. Ақ боз үй. Алматы, 1988; М. Мағаун. Аласапыран. 2009; С. Сматаев. Елім-ай. Алматы 2009; Д. Досжанов. Таңдамалы шығармалар. 2008) және көркем публицистика мен мерзімді басылымдар, поэзиялық шығармалар материалдары. Көркем туындылар мен публицистикалық мазмұндағы шығармалардан дәстүрлі көріктеуіш тілдік құралдар мен индивидуалды көріктеуіш құралдарды қоса есептегенде, 2000-ға тарта тілдік факт жинақталды. Олардың басым көпшілігі эксперименттік тәжірибе кезінде пайдаланылды және тандау пәннің бағдарламасында, жаттығулар мен тапсырмалар жүйесінде, қалыптастыруышы модельде жан-жақты қамтылды.

Эксперименттік база ретінде Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласындағы С. Шаймерденов атындағы қалалық классикалық гимназия мен Қожаберген жырау атындағы №6 жалпы орта білім беретін мектептер алынды.

Зерттеу жұмысының кезеңдері:

Бірінші кезеңде (2013-2014 жж.) зерттеу тақырыбының ғылыми аппаратын негіздеу, ғылыми-теориялық базасын анықтау, зерттеудің мақсат-міндеттерін айқындау, қазақ тіліндегі көріктеуіш құралдарға қатысты шетелдік, отандық ғалымдардың еңбектерін зерттеу және пікірлерді қорыту, пікір-тұжырымдарға талдау жұмыстары жүргізілді.

Екінші кезеңде (2014-2015 жж.) қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдар туралы тілдік фактілерді жаппай жинақтау, көркем әдебиеттегі және публицистикалық шығармалардағы көріктеуіш құралдарды лингвомәдени сипатына қарай топтастыру, семантикалық және лингвомәдени тұрғыдан талдау атқарылды. Зерттеудің теориялық бөлімі дайындалды. 11-сыныпқа арналған «Қазақ тілінің көріктеуіш құралдары» тандау пәннің оқу бағдарламасы жасалды. Петропавл қаласындағы С. Шаймерденов атындағы қалалық классикалық гимназия және Қожаберген жырау атындағы №6 орта мектептің 11-сыныптарында тақырыпқа сәйкес эксперимент жұмыстары жүргізілді. Зерттеу жұмысының мазмұны республикалық және халықаралық конференцияларда, баяндамалар, хабарламалар және жарияланымдар түрінде макулданыман өтті.

Үшінші кезеңде (2015-2016 жж.) зерттеу жұмысының ғылыми тұжырымдарын жүйелеу, нақтылау, қорытындылау жұмыстары жүргізілді. Диссертациялық жұмысты талапқа сәйкес ресімдеу іске асырылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- жалпы білім беретін мектептерде көріктеуіш тілдік құралдарды оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесі өзірленді, окушының тілдік, катысымдық, әлеуметтік дағдыларының қалыптасатыны дәйектелді;
- жалпы білім беретін мектепте көріктеуіш тілдік құралдарды оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыратын дидактикалық ұстанымдар мен әдіс-тәсілдер жүйесі анықталды;
- жоғары сынып окушыларына көріктеуіш тілдік құралдарды менгертудің кешенді тапсырмалар жүйесі жасалып, эксперимент нәтижелерінде олардың тиімді екендіктері дәлелденді;
- бұған дейін әрқайсысы жеке-дара қарастырылған қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың жазба нұсқаларда (көркем туындыларда, көркем публицистика мен мерзімді басылымдарда) қолданылған барлық дерлік түрлері кешенді түрде жинақталып, олардың классификациясы жасалды;
- көркем әдеби шығармалардағы, масс-медиа тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың негізгі түрлерінің құрамындағы лексемалардың лингвомәдени ерекшеліктеріне, семантикасындағы ұлттық мәдени белгілерге, семантикалық-компонентті талдау жүргізіліп, осының нәтижесінде көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени құзыреттілікке ие тұлға қалыптастырудың маңыздылығы және қажеттілігі дәлелденді.

Жетекші идея: Жоғары сынып окушысының лингвомәдени құзыреттілігін көріктеуіш тілдік құралдар арқылы қалыптастыру нәтижесінде окушының әлеуметтену үдерісінің қарқындылығына, жеке тұлғалық қабілеттерінің дамуына, окушының сөйлеу мәдениетінің жетілуіне қол жеткізуге болады.

Зерттеудің теориялық мәні. Зерттеудің нәтижелері лингвомәдениеттану, педагогика, психология, философия, лексикология, когнитивті лингвистика, функционалды стилистика салаларының, қазақ тілін оқыту әдіснамасы мен әдістемесінің теориялық және практикалық тұжырымдарының одан әрі дамытылуына үлес қосады.

Зерттеудің практикалық мәні. Зерттеудің теориялық және практикалық нәтижелерін қазақ тілінде жалпы білім беретін мектептерде, сондай-ақ жоғары оқу орындарының гуманитарлық салаларында қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін одан әрі кеңейту мақсатына арналған арнаулы және қосымша пәндерде пайдалануға болады. Зерттеу бойынша ұсынылған «Қазақ тілінің көріктеуіш құралдары» таңдау пәнінің оқу бағдарламасын, оқу бағдарламасына сәйкес жасалған білім берудің кешенді әдіс-тәсілдер жүйесін (жаттығулар мен тапсырмалар, интерактивті және бағалау-бақылау нысандары) қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен білім берудің әдіснамасы мен әдістемесін жетілдіруде пайдалануға үлес қосады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Қазіргі жаһандану заманында, көптілділік орныққан қоғамда, ақпараттар ағыны жеке адамға жоғары деңгейде әсер етіп отырған кезенде көріктеуіш құралдар (орыс тілінде – выразительное средство, лат. – expressive means) туралы мағлұматты терендету және олардың ұлт – тіл – мәдениет тұтастығынан туындайтын лингвомәдени ерекшелігін зерделеу қазақ тілінің басқа тілдермен бәсекелестігін жоғары деңгейге көтеруге үлес қосатын манызды фактор болып табылады.

2. Көріктеуіш құралдар – жеке адамның, және тұтастай алғанда, нақты бір ұлттың әлемнің тілдік бейнесін қалай қабылдап, қалайша танитындығын бейнелейтін, қоршаған орта және оның жекелеген фрагменттері жөніндегі білімінің көлемін концептуалдайтын, ұлттық менталитеттің ерекшеліктерін көрсететін, ұлттық тілге тән эталон-ұлгілерді, символ-нышандарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін ірі ұлттық-мәдени тілдік құбылыс.

3. Қазақ тілінің көріктеуіш құралдары дәстүрлі және индивидуалды (авторлық түрлерге) ажыратылады. Тұрақты теңеу, фразалық тіркес, тұрақты метафора мен метонимия, мақалдар мен мәтелдер сияқты дәстүрлі көріктеуіш тілдік құралдармен қатар қазақ көркем туындыларында тілді пайдаланушы (жеке адам – көркем шығарма авторы) тараپынан жасалатын индивидуалды көріктеуіш құралдар еркін және жоғары жиілікпен қолданылады. Олардың пайда болуы жеке адамның концептуалды жүйесі мен қоршаған ортаның барша сипатын танып-білуіне, пайымдауына және қорытуына, сондай-ақ көріктеуіш, образдылық мақсатқа іріктелген әр лексеманың лингвомәдени ерекшелігі мен өз концептуалды өрісінің арасындағы көлемге байланысты. Осының нәтижесінде коммуникативтік актіде көріктеуіш құралдардың жана ұлгілері вербалданады.

4. Қазақ тілі көріктеуіш құралдарының лингвомәдени сипатын зерделеудің маныздылығы бірнеше факторларға тікелей қатысты: а) қазіргі лингвистика тілдік бірліктердің қолданысын антропоөзектік арнада, адамның (белгілі бір ұлт өкілінің) ойсанасында орныққан ұлттық белгілер мен ұлт мәдениетінің арасындағы тығыз байланыстың тіл арқылы вербалдануын зерттеуге басым түрде бет бұрып отыр, ә) осы себепті қолдануда жеке адамның ойлау стандарттары мен қоғам және қоршаған орта өзгерістерінен туындайтын қазақ тіліндегі көріктеуіш құралдардың лингвомәдени сипатын айқындау өзекті; б) мектеп оқушысына көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипатын менгерту мектеп оқушысының болашақта жоғары лингвомәдени құзыреттілікке ие тілдік тұлға ретінде қалыптасуына ықпал жасайды; в) бұл аталғандар, тұтастай алғанда, қазақ тілтанымындағы жана ғылыми бағыттардың, одан әрі ғылыми-практикалық негіздене түсуіне, сондай-ақ білім беру жүйесінің жаңарту мен жаңғырту талаптарының жүзеге асырылуына үлес қосады.

5. Орта білім беру жүйесінде гуманитарлық пәндерден білім берудің лингводидактикалық базасына мәдениеттанымдық ақпарат (прецедентті атаулар мен фактілер, қазақ халқының мәдениеті мен тарихынан, тұрмысы мен салттарынан, қоршаған ортаны пайымдауынан имплицитті және эксплицитті

түрде ақпарат жинақтаған фактілер) толыққанды және жеткілікті түрде енгізілу арқылы жүргізілетін лингвомәдени мазмұндағы білім беру бағыты өзекті болып табылады.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен мақұлдануы. Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны бойынша тәмендегідей республикалық және халықаралық конференцияларда баяндамалар мен хабарламалар жасалды: «Шығыстану және түркітану ғылымы әлемдік кеңістікте» атты республикалық ғылыми-тәнімдық семинар (Алматы, 2014); «Түркітану мен қазақ филологиясының дамуы: ғылыми мұра және ғалым феномені» атты ғылыми-теориялық конференция (Алматы, 2014); Asian Social Science (2015); Biosciences Biotechnology Research Asia (2015); Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысының №1 (153) саны (Алматы, 2015); «Профессор Қ. Жұбанов және қазіргі тіл білімі, әдебиеттану және әдістеме саласындағы ғылыми-әдіснамалық зерттеулер» атты халықаралық конференция (Алматы, 2015); С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Хабаршысының №3 саны (Павлодар, 2015); «С. Мұқанов – әлемдік әдебиет пен мәдениеттегі жарқын тұлға» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (Петропавл, 2015); «Қазақ лексикографиясы: тарихы, тәжірибесі, болашағы» атты халықаралық конференция (Алматы, 2015); «Профессор Ә. Құрышжанұлы және түркі дүниесі: тіл, тарих, руханият» атты халықаралық конференция (Алматы, 2015); Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы №4 (Көкшетау, 2015); «Филология, лингводидактика және аударматану: өзекті мәселелері мен даму бағыттары» атты I халықаралық конференция (Алматы, 2016); Materials of the III International scientific-practical conference «Innovation management and technology in the era of globalization» (Sharjah, United Arab Emirates, 2016); «Новые тренды в науке и образовании» атты симпозиум (Алматы, 2016); «Шоқан оқулары-20» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (Көкшетау, 2016).

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

1 ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНДЕГІ КӨРІКТЕУІШ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ГЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Қазақ тіліндегі көріктеуіш құралдар – ұлттық-мәдени құбылыс

Қазақ тіліндегі көріктеуіш құралдар / көріктеуіш тілдік құралдар – кез келген тілдің негізгі категорияларының бірі, ең стандарт тіл деген тіл жүйесінің өзінде белгілі бір ұғымды, құбылысты, түсінікті, затты басқаға теңестірін, басқамен салыстырып бейнелеп беру әдісі бар. Сондықтан да көріктеуіш құралдар тілдің лексикалық-фразеологиялық құрамынан қомақты орын алады және белгілі бір тілде ақпаратты алmasуда және жеткізуде негізгі құрал болып табылады, сөздің референциалды мағынасын коннотативті мағына арқылы жеткізудің негізгі тетігі болып есептеледі. Тілдегі көріктеуіш құралдар – белгілі бір ойды жеткізетін жеке лексеманың сан қырлы мағынадағы синонимдер, олар – белгілі бір ақпаратты нақты түрде немесе астарлы сипатта, құпияландырып жеткізуде, бейнелеп айтуда негізгі тетігі. Осыған байланысты дамыған тілдердің қай-қайсысының да теориялық және практикалық салаларында көріктеуіш құралдарды зерттеу айрықша орын алады.

Қазақ тілтанымы мен қазақ әдебиеттану ғылымында көріктеуіш тілдік құралдар / көріктеуіш құралдар / тілдік құралдар аталымдары қатар пайдаланылған. Белгілі бір ұғымды нақты беретіндіктен, көрсетілген терминдік аталымдар біздің жұмысымызда да кең дәрежеде қолданылады.

Қазіргі жаһандану заманында, көптілділік орнықкан қоғамда, ақпараттар ағыны жеке адамға жоғары деңгейде әсер етін отырған кезенде көріктеуіш құралдар (орыс т. – выразительное средство, лат. – expressive means) туралы мағлұматты тереңдету және олардың ұлт – тіл – мәдениет тұстастығынан туындастырын лингвомәдени ерекшелігін зерделеу қазақ тілінің басқа тілдермен бәсекелестігін жоғары деңгейге көтеруге үлес қосатын маңызды фактор болып табылады.

Тілдің көріктеуіш құралдары жеке адамның, тұстастай алғанда, бүкіл бір ұлттың ойлау-сөйлеу қызметіне тығыз байланысты; осы себепті аталған проблема логика, ұлттық философия, әдебиеттану, мәдениеттану, лингвистика салаларының тікелей объектісіне айналған. Дегенмен аталған ғылым салалары көріктеуіш тілдік құралдарды (expressive means) өз арналарына қарай әр басқа аспектіде зерттейді және әр басқа топтастырады. Осыған байланысты және көрсетілген ғылым салаларының көріктеуіш құралдарды анықтауына, топтастыруына және белгілеуіне қарай қазақ тілінде бір-біріне мағыналас терминдер қолданылады. Алғашқы терминдік ұғымды А. Байтұрсынұлының еңбегінен кездестіреміз. Белгілі ғалым А. Байтұрсынұлы тіл көрнекілігі деген терминді пайдаланған болатын [6, 255-259]. Кейінгі зерттеулерде бірнеше терминдер қолданылып жүр. Олар мыналар: *бейнелеу құралдары, көркемдегіш құралдар, көріктеу, шеберлік тәсілдері, әсерлі сөз нақыштары, бейнелі сөздер, образды сөздер, көркем сөздің түрлері, бейнелеу тәсілдері, көркем суреттейу*

құралдар, бейнелеуіш-көркемдеуіш құралдар, поэтикалық құралдар. Осындай сантурлі атальмдардың зерттеу объектісі біреу. Ол – көркем ойды, нақты мәліметке негізделген ақпараттық ойды жеткізуде сөзді әрлеп қолданудың үлгілері. Осы проблеманы көркем әдеби шығарманың тілі мен стилі, қазақ сөз мәдениеті, қазақ сөзінің байлығы және қазақ әдеби тілінің нормалары мәселелеріне қатысты зерттеген академик Р. Сыздықтың іргелі еңбектерінде «*көріктеуіш құралдар*» деген термин қолданылған [15]. Осы себепті және мәселені нақтылау мақсатында зерттеу жұмысында «*көріктеуіш құралдар*» деген термин пайдаланылды [57, 370].

Тілдегі көріктеуіш құралдар қалай пайда болады және олардың пайда болуына не әсер етеді деген занды сұрақ туындаиды. Мәселенің бұл жағын анықтау ұлттық философияны қарастыратын еңбектерде байқалады. Эр халықтың ұлттық танымы, дәстүрлі тұрмысы, ұлттық салт-санасы болатындығы белгілі. Жеке адамды, тұластай алғанда бүтін бір ұлтты қоршап тұратын айналады дүние жеке-жеке бөлшектерден тұрады, бірақ осы жеке бөлшектер адамның санасына біртұастықта орнығады. Осы біртұастықты ойлап-түсінін, қабылдауды жеткізуде ұлттың тілі дүниені танудағы барлық мүмкіндіктерді пайдаланады. Шын мәніне келгенде, сөйлеу мәдениеті, нақты айтқанда, өзінің ойын дұрыс, нақты және әсерлі жеткізу жеке адамның дүниені қандай деңгейде танығандығын көрсетеді. Осы себепті ұлттың бір өкілінің тілі шектеулі болса, екінші ұлт өкілінің тілі, керісінше аса бай, «*тіл көрнекілігі*» жоғары деңгейде болады. Бірақ ұлттың даму тарихы мен оның тілінің даму тарихында тілдің сөздік қорында «*тіл көрнекілігі*» жоғары адамның сөздік байлығы орнығады және «*тіл көрнекілігі*» жоғары деңгейдегі адам өзімен коммуникативтік қарым-қатынасқа түсетін басқа адамның сөйлеу мәдениетінің жетілуіне тікелей әсер етеді. Осының негізінде тілдің даму тарихында бірте-бірте тілдің жалпы сипаты оның сөздік және образдық байлығы қалыптасады. Бұл жағынан келгенде, қазақ тілінің образды, бейнелі тіл ретінде қалыптасқан ғылыми тұрғыдан әбден дәлелденген. Тұрмыс-салты, қоршаған ортаға көзқарасы мен оны қабылдауы жағынан ұлттық мәдениеті мен тұрмысы ерекшеленетін (кең сахара, көшпенділік) қазақ халқының тілінде табиғат көріністерін суреттеу, оқиғаны әртүрлі қырынан өрістету, тұспалдау, астарлау, теңеу, әсірелеу сияқты ойды айшықты түрде жеткізудің сан түрлі тәсілдері қалыптасқан. Бұл тұрғыдан қарағанда, әрине қазақ тілінің сөз байлығындағы барлық тілдік элементтерде көріктеуіш құрал ретіндегі белгілер бар. Қазақ сөйленісінде қолданылатын әрбір сөздің мағынасында бір сөз берілгенде сөздің тіркесіп, дәнекерлесуінде, дыбыстардың, буындардың үйлесімді қолданылуында образдылық, бейнелілік бар. Міне, осыған байланысты П.М. Мелиоранский: «Қазақ тілін зерттеушілердің барлығы да бір ауыздан ең бай, ең таза түркі тілдердің бірі деп таниды», – десе, В.В. Радлов: «Қазақтардың тілі жатық та шешен, әрі өткір...» дей отырып [58], қазақ тілінің өте образды, бай тіл екендігін мойындаған және мойыннатқан. Қазақ тіліндегі көріктеуіш құралдардың тағы бір белгісі қоршаған ортаны қалай қабылдауына байланысты. Қазақ сейленісінде

қолданылатын *Ай*, *Күн*, *Жұлдыз*, *Дала*, *Аспан*, *Жер*, *Көк*, *Тұлпар*, *Аққұ*, *Бозторғай*, *Қарлығаш*, *Киік*, *Құлан*, *Желмая*, *Бота*, *Қозы*, *Құлын* деген сөздермен жасалатын бейнелі айшықтар ұлттық символдың көрінісі; қазақ үшін *ақ*, *қара*, *қоңыр*, *сары*, *жасыл*, *көк* (әсіресе қоңыр) – ұлттық нышанды бейнелі жеткізудің негізгі тілдік тетіктері. Көрсетілген тілдік бірліктердің бейнелі қолданысы тек қазақ тіліне ғана тән, басқа тілдерде олардың теңбе-тең баламасы жоқ немесе басқаша мағынада және сирек кездеседі. Бұл факт көріктеуіш құралдарды жасауға негіз болатын лексикалық тілдік бірліктердің қазақ тілі мен қазақ мәдениетінің арасындағы тығыз байланысын танытатындығын, қазактардың дүниетанымын көрсетеді.

Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдар – қазақ халқының ұлттық философиялық көзқарастарын, ұлт мәдениетінің тілдегі көрінісін танытатын маңызды тілдік қабат.

Қазақ әдебиеттану саласындағы белгілі тұлға, ғалым З. Қабдолов өзінің «Сөз өнері» еңбегінде қазақ сөзінің көркемдігі мен сөз сұлулығы үшін жасанды, жалт-жұлт, құлдібадам бояу тән емес, қазақ сөзінде табиғильтік және қарапайымдылық, нақтылық пен тазалық бар деп сипаттаған болатын [9, 205].

Шын мәнінде, қазақ тіліндегі көріктеуіш құралдарды жасайтын лексикалық тілдік бірліктердің әрқайсысында логикалық нақтылық, қоршаған ортадағы ақиқат шындықпен, реалдылықпен тікелей және нақты байланыс бар және ол екінші сөзben дәнекерлескенде айқын көрінеді. Қазақ тіліндегі көріктеуіш құралдар «жалт-жұлт» етпейді, «құлдібадам бояуда емес», бірақ ол ете айшықты және бейнелі. Қазақ ұғымында *көз* – *бота* / *қарақаттай* / *тұңғызық* / *қоңыр* / *мөлдір* / *бадана* / *қой* / *қара* / *тостаған* / *тана* / *құралай* / *жасаудыр* / *мойыл* түрінде сұлулық белгісі ретінде теңестіріле сипатталады. Лексикографиялық мәліметтерге қарағанда, қазақ тілінде *көз* сөзі арқылы 30-ға жуық көріктеуіш құралдар жасалған. Олардың қатарында *екі көзі төрт* болу, *көздің жасасын көл қылды*, *көзге тұртсек көргісіз қараңғы* (гипербола), *көз аларту*, *көз алдында*, *көз алмау*, *көз байлау*, *көз жіберу*, *көз қырын салу*, *көзіне күйік* болу (фраза), *ескі көз*, *көз жақсы* (метонимия) *көздің қараңғындаидай*, *көзге шыққан сүйелдей* (теңеу) және т.б. сантүрлі көріктеуіш құралдар кездеседі. Тілтанымның қолданбалы мәселелері тұрғысынан және салғастырмалы-салыстырмалы лингвистика аспектісінен қарағанда көрсетілгендердің басқа тілдегі баламалары жоқ немесе сирек кездеседі. Кездескен жағдайда да олардың лингвомәдени сипаты басқаша болып шығады. Берілген мысалдар бейнелі образ жасаудың табиғильтік мен нақтылығын және тазалығын айқын танытады. Мысалы, лексикографиялық еңбек бойынша «*құралай көз – мөлдіреген әдемі мойыл көз*». *Жігіт арманы құралай көз, қиғаш қас болушы еді ғой*, *ақын оны сезінген жоқ*, *өзгені сезінді* (Ғ. Мұсірепов. Кездеспей кеткен бір бейне). *Көзіңің жарқылы қандай?* Қазақ *айтатын құралай көз осы болар* (Т. Ахтанов. *Көккүтән*) [59, Т.6, 496]. Осы бейнелі тіркесте қазақ ұлтының түсінігіне тән нақтылық бар, қазақ үшін киік және киіктің лағы – сұлулық символы. Сонымен қатар еркіндікте, бостандықта

жүретін кік пен құралайды ұдайы образды қолдану ұлт өкілінің дүниетанымындағы тазалықты көрсетеді.

Белгілі әдебиеттанушы З. Қабдолов атаған «*тазалық*» ұғымын көріктеуіш құралдардың ұлттық-тарихи ақпаратты, руханилықты жеткізуаші тілдік құрал деп тануға тиіспіз.

Өйткені тілдің өзі ақиқат шындықты бейнелейтін және оны ұлттық-мәдени түрғыдан түсіндіретін (интерпретациялайтын) код болып табылады, соның ішінде көріктеуіш құралдар айрықша орын алады. Көріктеуіш құралдар – жеке адамның, және тұластай алғанда, нақты бір ұлттың әлемнің тілдік бейнесін қалай қабылдап, қалайша танитындығын бейнелейтін, қоршаган орта және оның жекелеген фрагменттері жөніндегі білімінің көлемін концептуалдайтын, ұлттық менталитеттің ерекшеліктерін көрсететін, ұлттық тілге тән эталон-үлгілерді, символ-нышандарды ұрпактан ұрпакқа жеткізетін ірі тілдік құбылыс.

Көріктеуіш құралдардың басты белгісі – образылық немесе бейнелілік. Қоршаган орта, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерінің образы бейнелі түрде берілуінде адамның танымдық білімі басты рөл атқарады. Жеке адам өз танымы арқылы заттарды, құбылыстар мен ұғымдарды салыстырады, салыстыру арқылы теңейді, теңеу арқылы әсірелейді, теңеу және әсірелеу тұспал, астарлы сөз, мензеу, шенdestіру арқылы одан әрі дамытылады. Ойды көріктеп жеткізудің осындай сан алуан түрлері әлемді танудың тәсілі ғана емес, сонымен катар жеке адамның өз мәдениетіндегі және ұлт мәдениетіндегі осындай танымының нәтижесі. Өйткені жеке адамның сезім мүшелері арқылы қабылданғаның барлығы (тұтас дүниеден оның бөлшектеріне дейін) сол жеке адамның ойлау қызметінің нәтижесі, осы нәтиже жеке адамның санасында ұқсастыру, ассоциация жасау түрінде орнығады [60, 82].

Тілдік бірліктердің образылығы дәстүрлі түрде сезіммен қабылданғанды көрнекі түрде жеткізу дегенді білдіретіні белгілі. Лингвистикалық категория ретінде көріктеуіш құралдар айтылған кезде өзінің логикалық құрамында бірнеше компоненттерді қамтиды: біріншіден, бейнеленетін зат пен оның тұптамыры (формасы, неге арналғандығы, не үшін қажеттілігі) арасындағы өзара байланысты (корреляцияны) білдіретін референциалды мағына (референциалды – таңба мен осы таңба білдіретін зат, ұғым арасындағы қарым-қатынасты анықтау деген сөз); екінші компонент – осы зат, ұғымның ерекше қасиет-сапалары және оған ұқсас келетін басқа да заттар мен ұғым-құбылыстар; үшінші компонент – образдардың пайда болуы және санада орнығуы. Бастапқы референциалды мағынадағы сөз – тұprobaz кейде санадан ығысып, тұбегейлі басқа мағынаны иеленуі де мүмкін. Сөйтіп, санада орнықкан, өзінің тұprobazын ығыстырған тілдік қолданыс белгілі бір ұлттың мәдениетіне тән тұрақты стереотипке айналады. Осындай стереотип жеке адамның белгілі бір әлеуметтік ортаның нақты және тұрақты өкіліне айналуы (немесе әлеуметтенуі), белгілі бір этносмен, оның мәдениетімен өзін тенестіруі (осы мәдениеттің өкілімін деп өзін танытуы) нәтижесінде іске асырылады. Ұлттық стереотип басқа ұлт мәдениетінде өз сәйкестігін таппайды.

Қазақ мәдениетінде *сары* сөзі – ұлттық мәдениет сипаттарын танытатын белгілердің бірі. Денотат мағынасы жағынан *сары* – «піскен егіннің немесе апельсиннің түсіндегі түс» [59, Т.8, 187]. Сөздікте *сары* сөзінің лұғаттық ұясында бірқатар образды тіркестер берілген. Мысалы, *сары аяң*; *сары боран*; *қара қазан*, *сары бала*; *самсаған сары қол*; *қызыл шұнақ сары аяз*; *сары бел*; *сары дала*; *сары езу*; *сары жамбас*; *сары жол*; *сары қарын*; *сары сүйек*; *сары тақым*; *сары төсек*; *сары тіс*; *сары уайым және т.б.* Сары шымшиқ, *сары қараган*, *сары мия* дегендегі сөздің бастапқы денотатты мағынаға қатыстылығы айқын деп есептей тұрсақ та, алдыңғы көрсетілген тіркестердің осы тілдік бірліктің түптөркінінен бастау алатыны дәлелдеуді қажет етеді. Лексикографиялық еңбекте *сары түс* – *сары бел* – *сары дала* типтестердің арасындағы байланыс немесе айырмашылық анықталмаған. Дәлірек айтсақ, *сары түс және сары дала*, *сары жамбас*, *сары уайым* дегендегі арасындағы байланыс немесе байланыстың жоқтығы жаңа ғылыми бағыттардың (әсіресе лингвомәдениеттану) аспектілерінде анықтауды қажет етеді. Көрсетілген тілдік фактілердің қай-қайсысы да – ұлттық стереотип. Қазіргі тіл қолданысында «*сары қыз, алтындаі сары қыз, алтындаі сары шаштары желбіреп*» деген бейнелеулердің пайда болғаны және олардың ұлттық стереотипке сәйкес келмейтіні сынға алынған (Қазақ әдебиеті, 2015, шілде).

Ұлттық стереотип – ұлттың менталдылығының белгісі, ал белгілі бір ұлттың менталды ой-санасында *ассоциация* мен коннотацияның шоғырынан тұратын образды түсінігі міндettі түрде болады. Бұл түсінік, әрине сөзben, сөз тіркесімен, сөзжасамдық парадигмамен жеткізіледі. Осы тұрғыдан келгенде, көріктеуіш тілдік құралдардың мазмұндық жағында *ассоциация*, ұқастыру маңызды орын алады. Нақты айтқанда, жеке адам белгілі бір ұғымды, түсінікті жеткізуде оның сыртқы формасын, ішкі мазмұнын, не үшін қолданғандығын екінші ұғым, түсінікпен салыстырады, олардың өзара ұқсас жақтарын табады. Осыдан барып ұқастықтан пайда болған образ туады.

Әлемдік лингвистиканы зерттеушілердің көрсетуінше, *ассоциация жасау* тілдің төл ұстанушыларының (носитель языка) ең алдымен күнделікті қарапайым санасында болады [61, 13]. Осылайша ұқастырудан пайда болған көріктеуіш тілдік құралдар тілде (язык) орнығуы немесе окказионалды сипатта болуы мүмкін.

Қазақ тілінің сөздік қорында ассоциация арқылы жасалған көріктеуіш тілдік құралдардың бір тобын табиғат бейнесі құрайды. Тілде орныққан көріктеуіш тілдік құралдардың қатарында *тау*, *өр*, *бел*, *қыр* сөздерімен жасалған тіркестер бар: *таудай талап* / *таудай биік* / *асқар тау*, өрге жүзу, бел *асу*. ... *Балғын жігіттің таудай талабы* сол жылдары ұштала *тұсті*. *Жалқаулыққа жсаны қас адам* осы бір қасиетінің арқасында өмір белесіне өрге жүзіп келеді.

Таудай талап. Тау. Денотат мағынасы – айналасындағы жерден едәуір көтеріңкі биік жер [59]. Тау – созыла орналасқан көтеріңкі жер бедери [62]. Осы

денотат мағынадағы биіктік, жоғарылық деген семантика таудай талап типтес көріктеуіш тілдік құралдың пайда болуына негіз болған.

Өрге жүзу. ӨР. 1. Таулы, дөнді жерлердің етегінен биіктеп көтерілетін, ылдига қарама-қарсы жер, еңіс. *Торы атты тебініп-тебініп қалып, бүркітши де өрге қарай салып еді, омыраудан тіреген қалың қар ұзаққа жіберген жоқ.* 2. Жоғары нысана, мақсат [59, Т.7, 563].

Жүзу. Адамның қол-аяғының қымылымен батып кетпей, ілгері жылжуы; малту [59, Т.4, 249].

Түсіндірме сөздік өр және жүзу сөздерінің денотат мағынасын көрсеткен. Осы денотат мағыналардан биікке қарай біртіндеп ұмтылу, көздеген нысанага, мақсатқа жету үшін барынша ілгері жүру деген ұқастыру мағынасы пайда болған.

Бел. 1. Дененің бір бөлігі. 2. Таудың, қырат, жотаның жадағай асуы [59, Т.2, 241]. Осы мағынадан арқа сүйектін тірек/ өмірдің белгілі бір кезеңі типтес ұқастырулар пайда болып, осы ассоциациялық түсінік *асқар бел, бел байлау, бел буу, белді бекем буу, бел шешу* тілдік бірліктер арқылы жеткізіледі.

Бұл аталғандар халықтың ой-санасында орнықкан, белгілі бір ұлттың менталитетіне байланысты образды көріктеуіш құралдар. Бұлар – әлемнің жалпыұлттық (қазақ ұлттына тән) тілдік бейнесінің ажырамас, құрамдас бір бөлшегі. Осылар типтес тілдік бірліктер және олардың парадигмалық, синтагмалық қатарлары тілдің төл иесіне кез келген коммуникативтік жағдаятта түсінікті және образды бейнелерін әрқашан да сақтайды.

Тіл – адамның тәжірибесінің қалай жинақталатынын және қалай жеткізілетінін көрсетеді. Жалпы ұлттық тәжірибемен қатар жеке адамға тән индивидуалды тілдік сана да болатыны белгілі. Қоршаған ортаның шындығы адам санасында екі жағдайда бейнеленеді: біріншіден, жеке адам ұлттың тәжірибесінен жинақталып, өзінің санасында орнықкан ұқастыруды пайдаланады (таудай талап; бел шешу). Екіншіден, жеке адамның ұқастырып барып образ тудыруы өзінің ой-санасындағы қабылдаулар мен түсініктеріне байланысты болуы мүмкін. Бұл қабылдау мен түсінік шектеулі деуге болмайды, керісінше, таланты бінк субъектіде (акын мен жазушыда) образ жасау кең өрісті болады. Бірақ осының негізінде жасалған көріктеуіш тілдік құралдар бастанқыда окказионалды болғанымен, олардың бірқатары әдеби нормаға да айнала алады. Тарихи тақырыпқа жазылған көркем туындыларында ассоциативті ой-өрістің кеңдігінен туындағын сан түрлі көріктеуіш құралдарды кездестіруге болады. Олардың қатарынан лингвомәдени концепт түріндегі сөздердің тірек болуынан жасалған бірнеше мысалдарды келтірейік: *бөрткен тарыдай; көңіл қазынасы; саумалдай сорғалаган саз; тымақты алишысынан кию; сарысудай сүйиқ қан; қиядагы қырандай; тоқымдай жер; қазықтай шанишылу; торғын пердедей; көк сүңгідей; жебе жетер жерде; айбалтаның жүзіндей; күнім – арай, жүзім – шырай; күміс сақинадай; мысық көмбе қылық; ел таразысы; жыртық жабуын жапқандай; арыстанның аузында асыр салу; үлт етіп боліну; өрмегін құрып тастау; қанатына су тиген көбелектей;*

жылан тіліндей; арыстан тырнағындаи; сиыр бүйрекіндей; жеселекті келінишек; шолтылы қыз; қарышыгадай қомдалу типтес тілдік фактілердің құрамындағы лингвомәдени мазмұнға ие сөздердің тірек болуы арқылы жасалған көріктеуіш тілдік құралдардың тіл қорына енуге толық мүмкіндігі бар. Бұл арадағы тіл қорына ену дегеніміз – жеке автор жасаған образдылық сақтала отырып, осындағы фактілердің коммуникативтік актіге (басқа жазба туындыларда, ауызекі сөйлеу тілінде қолданылуы) еркін араласуы, нормативтік сөздікте тіркеле бастауы, сөйтіп нормаға айналуы.

Қазіргі жаһандану заманына ілесіп отырған қазақ тілінде жаңа көріктеуіш құралдардың пайда болуы – занды құбылыс. Жоғарыда айтқанымыздай, көріктеуіш құралдардың қай-қайсысы да ең алдымен жеке адамның реалды дүниені сезіммен қабылдауынан пайда болады. Ал адамды қоршайтын реалды дүние әрқашан өзгеріп отыратындығы белгілі. Сондықтан жаңа көріктеуіш құралдардың пайда болуы әбден занды. Бұл жөнінде жоғарыда ассоциациялық образ туралы тұжырымда нақты мысалдар келтірілді. Бірақ әуелде индивидуалды, окказионалды сипатта болатын көріктеуіш құралдар тілде, жалпы этностың мәдениетінде қалайша тұрақталады – зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі.

Қазіргі кезеңдегі қазақ әдеби тілінің коммуникативтік қызметіндегі байқалып отырған аса маңызды жайттардың бірі – ұлттық этalon, ұлттық стереотип түріндегі көріктеуіш құралдардың функционалдық стильдердің тарамтармактарында және қоғам мүшелерінің жас мөлшеріне қарай топтарында қолданылуының деңгейі бірдей емес. Субъект ретінде негізгі нысанана болып отырған мектеп оқушыларының сөздік қорында көріктеуіш тілдік құралдардың шектеулі дәрежесі еркін ассоциативтік эксперимент арқылы дәлелденді (ол тиісті 3.4 тармақшасында талданады). Мысалы, қазақ ұғымында салмақ, көлем өлшемін білдіретін қол басындаи, бір уыс, бір асым, бір жұтым, бір шым-шым, бір тамши, бір тілім, ат басындаи, жұдырықтай (жүрек), алақандай (көз), шынашақтай және жылдамдық пен қашықтықтың өлшемін білдіретін қозыкөш жер, ат шаптырым жер, құнан шаптырымдай жер, қас пен көздің арасында, көзді ашып жүргінша, құйындаи үшу, ит арқасы қиянда, сондай-ақ мезгіл өлшемін білдіретін сүт пісірім, бие сауымдай мезгіл, күн арқан бойы көтерілгенде, бір ет асым мезгілде сияқты көріктеуіш құралдар тобының қазіргі қоғам мүшелерінің сөз байлығында орналасуы, коммуникативтік актіге түсуі төмен.

Қазақ тілді қоғам мүшелерінің сөздік қорының қалыптасуына әсер етіп отырған объективті және субъективті факторлар баршылық. Зерттеушілердің пікірлеріне қарағанда, қоғам мүшелерінің қазақ көркем әдеби шығармаларын оқуы, осы арқылы білім кеңістігін кеңейтуі қазір тәмендеген (Қазақ әдебиеті, 2015, қазан). Екіншіден, нақты бір ұғым немесе зат атауларын беруде өзге тілдегі баламаларды қолдану жоғары деңгейде. Психолингвистика аспектісінен қарағанда, көптілділік жағдайы адам санасындағы кейбір стереотиптердің жоғалуына әсер етеді.

Жоғарыда баяндалған жайттар төмендегідей мәселелердің маңыздылығын көрсетеді, атап айтқанда:

- қазақ тіліндегі көріктеуіш құралдар – ұлт тілінің аса маңызды бөлігі, оны сактап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу үшін әсіресе орта білім беру жүйесінде көріктеуіш құралдардың оқытуудың, танытуудың арнайы әдістемелік бағдарламалары жетілдірілуі тиіс;

- ұлттық стереотип түріндегі көріктеуіш құралдармен қатар заман өзгерістеріне сай жана, индивидуалды, концептуалды, окказионалды көріктеуіш құралдардың пайда болуы қазақ мәдениетіндегі өзгерістерді, қазақ мәдениетіне еркениет пен жаһанданудың ықпалын көрсетеді. Осы себепті қазақ тіліндегі көріктеуіш құралдар шартты құрылым, синтаксистік тұстастық, фразалық тұстастық түрінде ғана емес, тіл мен мәдениеттің байланысы аспектісінде жете талдануы қажет.

1.2 Көріктеуіш тілдік құралдардың зерттелуі мен жүйеленуі

Бұл тараушада әлемдік және отандық лингвистикадағы көріктеуіш тілдік құралдар туралы көзқарастар, негізгі зерттеулерде айтылған пікірлер барынша және мүмкіндігінше жинақталып қорытылды. Зерттеулердегі ең маңызды тұжырымдар тілдегі көріктеуіш құралдардың жалпы сипаттамасы, олардың жүйеленуі мен түрлеріне тікелей қатысты.

Дәстүрлі түрде лингвистикадағы үш ғылыми парадигма бөлініп көрсетіледі: салыстырмалы-тариҳи, жүйелілік-құрылымдық, антропонентрлік. Көріктеуіш құралдар осы үш парадигмада лингвистикалық құбылыс ретінде зерттеу нысаны болды.

Көріктеуіш құралдардың теориялық парадигмасы Цицерон, Гермоген, Аристотель және Теофраст, Квинтилиан секілді ғұламалар өмір сүрген грек-рим заманынан бастау алады. Көріктеуіш құралдардың анықтамасы үшін негізгі тұжырым үшін Аристотельдің метафора жөніндегі пікірі басшылыққа алынады. Ежелгі Римнің өзінде Цицерон уақытында тілді сәndeuge ерекше көңіл бөлінген. Дәл сол римдіктер тілдің тек мазмұнына ғана емес, сондай-ақ түріне де назар аудара бастады. «Оратор туралы» трактатында Цицерон троптардың ете ауқымды тізімін көрсеткен. Кейбіреулері әлі күнге дейін троптар болып саналады (*мысқылдау, кейіптеу, қайталау*), басқалары заманауи ғылымда бұл категорияға жатпайды (*кеширім сұрау, өзін-өзі ақтау, келемеждеу, тілеу, қарғыс айту*) [63].

Көріктеуіш құралдарды троптар, сөйлеу фигуralары деп бөлін, бұлар көне риториканың терминдері болып табылады. Жеке троптарды және ең бастысы метафораны зерттеген Аристотель «троп» терминін тек силлогизм, логикалық фигура немесе модус формаларын белгілеумен байланысты ғана қолданды [64]. Көне заманда бұл терминдердің классикалық анықтамасы Квинтилианға тиесілі, ол дәуірдің барлық көптүрлі ойларын қорытындылады. Троп – ол арқылы мағынасының байытылуы туындастын сөздің өз мағынасының немесе

сөз айналымының өзгеретіндігін Квинтилиан ашық айтады. Троптарды сөз немесе сөйлемнің өзінің мағынасынан басқа мағынаға айқын өзгеруі екендігін ұғыну арқылы Квинтилиан троптарды мәнерлілікке мүмкіндік туғызуши және сәндеуші деп бөледі. Біріншіге: *метафораны, синекдоханы, метонимияны, ономатопеяны, катахрезаны, ал екіншіге: эпитетті, аллегорияны, энигманы (жұмбакты), мысқалдауды, перифразды, гипербатты (ауыстыру), гиперболаны жатқыздады* [65].

Салыстырмалы-тариҳи және жүйелілік-құрылымдық парадигманың аясында А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, Т. Қоңыров, И. Кенесбаев, М. Балақаев, Е. Жаппейісов, Б. Хасанов, Р. Сыздық, Б. Әбілқасымов, Г. Сагидолда, Қ. Қалыбаева сынды ғалымдар көріктеуіш құралдарды әдеби тілдің тарихы, дамуы, образды сөздерді берудің тәсілі ретінде қарастырған.

Атақты тілші-ғалым А. Байтұрсынұлы тіл көрнекілігі деген терминді қолданған. Ұғынықты болу үшін, Мағжаннның «Толқынға толқын еркелеп, Меруерт көбікке оранып, Жыландай жүзге бұралып, Жарға жетер ентелеп» деген өлеңін негізге ала отырып, «осы сияқты өң берілген тіл көрнекі тіл делінеді» - деген анықтама береді. А. Байтұрсынұлы көзқарастарының маңызды және құнды жағы – көрнекі тілді «көріктеу, мензеу, әсірелеу» деп үш топқа бөлуі және олардың әрқайсысына талдау жасауы. А. Байтұрсынұлы ұсынған терминдердің кейбірінің орнына қазіргі қазақ лингвистикасында орыс тіліндегі баламалары қолданылады, дегенмен ол ұсынған терминдердің басым көпшілігі қазіргі қолданысымызда сақталып келеді. Ғалым «көрнекі тіл» құрамына «көріктеу», «мензеу», «тенеу», «ауыстыру», «бейнелеу», «алмастыру», «кейіптеу», «бернелеу», «әсірелеу», «мегзеу», «әсерлеу», «арнау», «қайталақтау», «шенденестіру», «дамыту», «түйдектеу», «бұқпелеу», «кескіндеу» секілді бағыттарды топтастырады. Бұл терминдердің қазіргі қазақ тіл білімінде барлығы қолданыс таппағанмен, біз сөз етіп отырған көріктеуіш құралдардың аясындағы барша ұғым-түсініктердің әуелгі бастауы болып табылады [6, 250-261].

Қазақ лингвистикасының классигі Қ. Жұбанов Абайдың тілін талдай келе, көріктеуіш құралдар туралы өз бағасын көрсеткен. «Абайдың өлендері бейнелі, суретті келіп, шын мағынасы мен көркемдік шартын орындаپ отырады. Сонда Абай образды қолдан жасап, жат кейіп қылышп шығармайды. Қазақтың өзіне қашаннан таныс, оны келтіргенде бермекші суретінің қандырып, ашып кететін суреттерді алады. ... Абайдың образ қолданудағы өзгешелігі: әуелі қатесіз анық таныс бейнені алады; екінші образы ескі өлі қалыбында қалмай, жанданып кетеді, үшінші ескі образды өсіріп, жаңартып, жалғап әкетеді» [7, 267-269.]. Қазақ тіл ғылыминың теориясын қалаған Қ. Жұбановтың осы пікірі көріктеуіш құралдардың лингвомәдени сипатына ғылыми негіз бола алады. Көріп отырғанымыздай, Абайдың образдарын жоғары деңгейде бағалағанда, автор «анық, таныс бейне» деп отырғаны – ұлттық стереотиптер, «образ жанданып кетеді» деп көрсететіні – индивидуалды, концептуалды көріктеуіш құралдардың жасалу мүмкіндіктері және оған әсер ететін факторлар. Міне, осы

тұрғыдан қарағанда, Қ. Жұбанов өз кезінде-ақ көріктеуіш құралдардың тіл мен мәдениеттің байланысынан туындастынын дәлелдейтінін көреміз.

Тілдің поэтикалық қуаттылығын арттыратын, ойды образды, ажарлап жеткізуде, көркем шығарманың әсерлілігін байытатын құбылтудың бір түрі ретінде әдебиеттану ғылымы өкілдерінің де зерттеу нысанына айналған. Қ. Жұмалиевтің әдебиет теориясына қосқан үлесі ұлан-ғайыр. Ол өзінің еңбектерінде тілдік құралдарға барынша тоқталған. Ғалым тілдік құралдарды «*көркем сөздің түрлері*» деп атап, көркем тілді зерттеудің не үшін керектігіне тоқталады:

- 1) көркем тіл тек жазушылар қауымы үшін ғана емес, сондай-ақ сауатты адамның бәріне керек. Өйткені адам өзінің ой-сезімін басқаларға білдіру үшін қолданады;
- 2) көркем тілдерді білу – көркем шығармалардың жақсы, жаман жақтарын танып, терең түсіне білу деген сөз;
- 3) әдебиетті оқытушы, зерттеушілер де тілдердің жасалу, даму жолдарын, ерекшеліктерін терең түсініп, жақсы білуі керек. Міне, осындай негізгі үш себепті басты назарда ұстайды.

Ғалым көркем сөздің түрлерінен эпитет, теңеуді бөліп-жарып, оларды өз мағынасында қолданатын сөздер деп, ауыстыру мағынасындағы көркем сөз түрлерін бөлек қарастырады. Оларға: *метафора, кейіптеу, метонимия, синекдоха, символ және аллегорияны жатқызады*. Сөз өткір де тартымды болу үшін ауыстырып айтудан басқа да, яғни синтаксистік әдістердің 6 түрін көрсетеді: *арнау, қайталау, шендерестіру (антитеза), дамыту, инверсия, элепсис* [8, 133].

Көріктеуіш құралдардың ең көп зерттелген түрі – фразеологизмдер. Оларды зерттеу өткен ғасырдың 40-шы жылдарынан бастау алады. Қазақ фразеологиясын зерттеуге қомақты үлес қосқан ғалым, академик I. Кенесбаев болатын. Ғалым фразеологизмдерді танып-білудің мынадай басты үш белгісін атап көрсетеді: 1) қолдану тиянақтылығы; 2) мағына тұтастыры; 3) тіркес тиянақтылығы. Академик I. Кенесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты қомақты еңбегі көріктеуіш құралдардың зерттеулеріне елеулі үлес қосты. Бұл еңбекте көріктеуіш құралдардың бір тарауы – фразеологизмдердің алуан түрі қамтылған. Ең бастысы академик I. Кенесбаевтың осы еңбегі бұдан кейінгі кезеңдерде қазақ тіліндегі фразеологизмдерді тілдік құрылым тұрғысынан, әсіресе лингвомәдени сипаттын анықтау жақтарынан зерттеген басқа еңбектерге тірек болды [11].

Академик М. Балақаев сөз мәдениеті, әдеби норма, мерзімді баспасөздің тілі жөніндегі өзінің көзқарастарында көріктеу амалдары, образды ойды беру тәсілдері туралы ғылыми пікірлерін тұжырымдады. М. Балақаев тіл мәдениеті жайлы еңбегінде шеберлік тәсілдерінің түрлерін байлаша көрсетеді: «Көркем әдебиетке тән әр алуан *көріктеу, шеберлік тәсілдері* болады. Сөз шебері соларды біліп, соларды өз творчествосының дүкенінде шындалап пайдалануға

тніс. Олар: теңеу, эпитет, метафора, метонимия, кейіптеу (олицетворение), синекдоха, символ, аллегория, ирония, әсірелеу (гипербола) т.б.)» [12, 83].

Тіл білімінде көріктеуіш құралдардың бастауы болып табылатын теңеу Т. Қоңыровтың зерттеулерінде басты шешімдерін тапты. Ғалым: «Теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшайтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» деген анықтама береді [13, 7]. Т. Қоңыров еңбегінің ғылымға қосқан маңызды үлесі – көріктеуіш құралдардың ауқымды түрі – теңеудің табиғатын, лексика-семантикалық, синтаксистік құрылымын, семантикалық-стильдік ерекшеліктерін кешенді түрде талдап беруі.

Ғалым, профессор К. Ахановтың «Қазақ тіліндегі омонимдер» атты зерттеуі қазақ тіліндегі омонимия мәселесін, омонимдердің сыр-сипатын айқындауды мақсат еткен. Мұнда омонимдердің зерттелу дәрежесі, омонимдердің жасалу жолдары мен класификациясы ұсынылған. Омонимдерді зерттеудің теориялық және практикалық мәнінің зор екендігін сөз етіп, олардың пайда болу жолдарын, омонимдік қатар, түбір және туынды омонимдер, лексикалық және лексика-грамматикалық секілді түрлерін жасап берген қазақ тіл біліміндегі алғаш еңбек [14].

Академик Р. Сыздықтың қазақ әдеби тілінің тарихы, ауызша дамыған әдеби тіл, Абайдың сөз өрнегі жайындағы ғылыми еңбектеріндегі көріктеуіш құралдар туралы мәліметтер аса құнды. Біріншіден, автор көріктеуіш құралдардың қазақ әдеби тілінің қалыптасқан кезеңінен бастап, қалай пайда болғанын анықтап береді; екіншіден, көріктеуіш құралдардағы тіл мен мәдениеттің байланысын, яғни олардың лингвомәдени сипатын танытатын нақты тілдік фактілерді көрсетеді (жабагылы жасас тайлак, жардай атан болған жер; толғамалы ала балта; балығы тайдалай тулаган; боз сазаны тоқтыдалай; күпшек санды күрең) [60, 100]. Ғалымның тұжырымдары көріктеуіш құралдардың лингвомәдени сипатын анықтауда маңызды сүйеніш бола алады. Сонымен қатар автор былай деп көрсетеді: «Поэтикалық тіл әрдайым метафора, эпитет, теңеу сияқты көріктеу құралдарының санымен (көптігімен), тінті сапасымен (аса көріктілігімен) танылмайды. Суреткердің өз міндетіне алған эстетикалық талаптарына сәйкес болмысты тіл арқылы әсерлі де бейнелі тілде көрсете білуінен танылады. Ал әсерлілік пен бейнелілік көркем әдебиетте, оның ішінде поэзияда әрқашан образды метафора, теңеулермен берілмей ешбір экспрессивтік бояуы жоқ сөздермен немесе сөз тіркестерімен берілуі де мүмкін». Автор сөз сонында құбылту деп атап жүрген троп түрлерінің, яғни эпитет, метафора, литота, перифраз, эвфемизмдердің барлығын бірге **экспрессоид** деп атауды ұсынады [15, 406].

Метафоралардың лингвистикалық сипаты жөніндегі көлемді еңбек – Б. Хасановтың «Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы» атты зерттеу жұмысы. Бұл еңбекте метафоралардың жасалуы, лексика-грамматикалық

сипаттамасы, қазақ тіліндегі метафоралардың ерекшеліктері, түрлері, стильдік қызметі, көркем әдебиетте қолданылуы зерттелген. Ғалымның пікірінше, метафора – адам танымының жемісі, образды ойының бейнесі. Оның қалыптасу жолдарында ұлттық ойлаудың үздік ұлгілері сақталған. Тілдің байлығы ретінде көркем әдеби тілде (тіпті ауызекі сөйлеу тілінде де) ой дәлдігіне, аз сөзben көп ақпарат беру арқылы үнемділік пен нақтылыққа жол ашады [17].

Академик Ә. Айтбайұлының «Қазақ фразеологиямдері мен перифраздары» атты еңбегінде ауыспалы, астарлы мағыналы болып келетін перифраздар фразеологияның бір саласы ретінде жан-жақты қарастырылған. Перифраздардың тілдік табиғаты, түрлері, құрылымдық типтері, тақырыптық топтары, семантикалық типтері анықталып, қазақтың тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтелдері, қанатты сөздері, афоризмдері, жұмбақтарымен байланыста зерттелген [18].

Ғалым Е. Жанпейісовтің көзқарастарына сүйенсек, қазіргі көркем әдебиет тіліндегі көріктеу құралдардың өз бастауын фольклор тілінен алады. Көркем проза тілін лингвистикалық түрғыдан зерттей келе: «Ежелгі шығыс әдебиетінің, әсіресе поэзиясының тіліне тән тағы бір ерекшелік – онда жалпы анықтауыштық сөз тіркестерінің жиі ұшырасатындығы... Өдетте мағынасы жағынан өзара қосақтап айтуға, басын қосуға келе бермейтін ұғымды әртүрлі екі, кемінде үш сөзді бір-біріне бұлай тели жұмсау «Абай жолында» өте көп ұшырасатын құбылыс... Мысалы: *көр кеуде, надан кеуде, ызалы кеуде, бітейу кеуде, теріс азу, назды сүйкімділік...* т.б.» [21, 55]. Бұл арада «анықтауыштық сөз тіркесі» деген термин эпитет terminine балама болып келеді.

Н. Уәлидің «Сөз мәдениеті» еңбегінде көріктеуіш құралдардың адам сөйлеген кезде жүртты ұйытып, тыңдаушының айызының қандыратын бірден-бір тәсіл екендігі айтылған [23].

Б. Шалабай «Қазақ тілінің стилистикасы» еңбегінде стилистикалық бояуының сипатына орай тілдік құралдар функционалды бояулы және экспрессивті бояулы болып белгінетіндігін, функционалды бояулы құралдар функционалды стильтердің түр-түріне сәйкес өзіндік ерекшеліктерге ие болып, (мысалы, ғылыми стильдегі терминдер, көркем әдебиет стиліндегі троптар мен фигурапардың түрлері, ауызекі сөйлеу тіліндегі қарапайым сөздер мен диалектизмдер функционалды бояулы құралдар), ал экспрессивті құралдарға тілдің эмоционалды-экспрессивті бояуга ие құралдары жататындығын көрсетеді [24].

Тілтанымдағы бірден-бір түбірлі де түбегейлі зерттеу – О. Бұркітовтің «Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі» еңбегі. Бұл еңбекте қайталамаларға лингвостилистикалық түрғыдан бірінші рет толық түсінік беріліп, анықтамасы жасалынды. Тілдің ішкі салаларының қайталанып қолданылу мүмкіншіліктеріне қарай өз ішінен дыбыстық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік және стильтік түрлерге белгіліп, мәтін стилистикасымен тығыз байланыста екендігі, сондай-ақ мәтіннің композициясындағы, семантикасындағы, архитектоникасындағы стильтік-

құрылымдық қызметтері талданды. Осындағы түйіндер негізінде қайталаманың өзіндік жүйесі мен құрылымнан тұратын лингвостилистикалық категория ретінде қарауды ұсынды [25].

Көріктеуіш құралдар теориялық жағынан стилистика саласында едәуір зерттеулерге негіз болды. Өйткені стилистика тіл ғылымының басқа да салалары секілді тілдік құралдарды, тілдік бірліктерді зерттейді. Академик М. Балақаев, ғалымдар Е. Жанпейісов, М. Томанов, Б. Манаасбаев ұсынған «Қазақ тілінің стилистикасы» еңбегі – тілдік құралдарды лингвостилистикалық тұрғыда қарастырған алғашқы еңбектердің бірі. Бұл еңбекте функционалды стильдер тұрғысынан эмоционалды-экспрессивті бояу туғызатын лексикалық, синтаксистік, морфологиялық, фразеологиялық тілдік бірліктер мысалдар арқылы дәлелденін, талданады [66].

Ғалым Г. Смағұлованың қазақ тіліндегі фразеологизмдерге арналған зерттеулерінде тұрақты тіркестердің вариантылығы, пайда болу себептері, тұрлар, жасалу жолдары баяндалған және бұл мәселелер адамның сана-болмысы, оның рухани қарым-қатынасы ретінде қарастырылған [30].

Көріктеуіш құралдар функционалдық стильдердің негізгі тұрларінде – көркем әдебиетте, ауызекі сөйлеу тілінде, публицистикалық жанрда, ғылыми-көпшілік стилде кездесетіндігі белгілі. Бірақ байқап отырғанымыздай, қазақ тіл білімінде көріктеуіш құралдардың негізгі сипаттарының анықталуы көркем әдебиеттің фактілеріне негізделген және бұл жайт қазірге дейін жалғасып келе жатыр. Бұған Шәкәрім поэзиясының тілін зерттеу (Б. Момынова); Сафуан Шаймерденов прозасы тілінің көркемдік ерекшеліктері (М. Эбікенов); Тарихи романдар тілінің көріктеуіш амалдары (Б.С. Әбдурова); Қ. Бекқожин поэзиясындағы теңеу мен әпитеттің қолданыс ерекшеліктері (Қ. Маликов); Мағжан, Сәкен және Ілияс шығармаларындағы тұрақты тіркестердің қолданысы (А. Қайыпбаева) еңбектерін атауға болады.

Қазіргі таңда антропоөзектік парадигма аясында көріктеуіш тілдік құралдарды когнитивтік бағытта зерттеу өріс алды. Өйткені тілді зерттеудің танымдық жүйесі «дүниені тіл әлемінде тану» қағидасына сай бағытта жүргізуі – тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі. Антропоөзектік (адамтанымдық) бағыт қазақ тіл білімінде тіл арқылы адам санаасында қалыптасқан танымдық қорды және тіл арқылы бойға сіңген рухани құндылықтар жүйесін, ұлттық мінез-құлық пен бітім-болмысты зерттейді [61].

Тілдік құралдарды прагматикалық тұрғыдан зерттеген Қ. Есенованың еңбегінде қазақ баспасөзінің қазіргі тілінде еркіндік, акпаратты жеткізуде тілдің образды нұсқалары, оның ішінде көріктеуіш құралдарды пайдалануы басымырақ көзге түсетіндігі айтылады. Әсіресе ғалым Қ. Есенова атап өтетін ғаламның акпараттық бейнесін жеткізетін көріктеуіш тілдік құралдардың қолданысы көлемі мен сапасы жағынан аса жоғары [35].

Көріктеуіш құралдарды когнитивтік тұрғыдан зерттеп жүрген жас ғалым С. Жиренов көріктеуіш құралдардың (метафора) туындауына адам ойындағы өзара салыстырулар мен ұқсатуларға санадағы суреттеулер негіз болатындығын

айта келе, «Метафораның концептуалдық болмысына ұлттық дүниетаным тұрғысынан келу арқылы, метафора тудырудагы әр ұлттың ойлау дәрежесі мен ұлттық сана-сезімі мен дүниені қабылдаудагы ұлттық ерекшеліктері сол ұлт тіліндегі метафораның өзіндік болмысы мен тілдік сипатын көрсетеді» [39].

Г. Зайсанбаева түрлі нысандар арасындағы ұқсастықтарынан солар туралы түсініктер арқылы қалыптасатынын, метафоралануға адамның эмоциялары, экстралингвистикалық білімі, тұрмыстық тәжірибесі кей жағдайда кездейсоқ түсініктер түрткі болатынын, адамның ақыл-ойы салыстыруға келе бермейтін семантикалық концептілерді (ұғымдарды) салыстырудың нәтижесінде метафоралардың туындаитынын қарастырған [69].

Қазақ тілтанымындағы тілдік құралдар бойынша жетпіске жуық зерттеу жұмысының бары анықталып отыр. Жеке түрлерін (метафора, тенеу, эпитет) қарастырған еңбектер жеткілікті. Кейінгі зерттеушілер қазақ ғылымындағы негізгі бағыттарды басшылықта алған. Осы себепті біздің тарапымыздан белгілі ғалымдардың пікірін түйіндеу маңызға ие болды. Көріктеуіш тілдік құралдарды арнайы зерттеу нысаны етіп алған еңбектер бойынша кесте ұсынып отырмыз (Кесте 1). Бұл кестеде зерттеушілердің бағыттары мен негізгілері жинақталған.

Кесте 1 – Көріктеуіш құралдардың зерттелуі мен негізгі бағыттары

Зерттеуши ғалым	Зерттелген мәселе	Алынған нәтиже
1	2	3
А. Байтұрсынов	Сөз өрнегі	Білім берудегі маңызы, сөз байлығы
К. Жұбанов	Сөз өрнегі	Абай тілін менгеру, тіл мен мәдениет байланысы
З. Қабдолов	Құбылту тәсілдері	Айтар ойды ажарлап, әсерлі жеткізеді
К. Жұмалиев	Көркем сөз түрлері	Сауатты адамның бәріне қажет
I. Кенесбаев	Фразеология	Ой салмағы, сөйлеу машиғынан туындауды; тіл қазынасы
М. Балақаев	Тіл мәдениетіндегі шеберлік тәсілдер	Тіл тазалығы, тілдік талғам неғұрлым күшті болса, әдеби тілдің сымбаттылық, нормалық қасиеті соғұрлым арта түседі; сөз шеберінің әдеби нормаға сай пайдалануы

1-кестенің жалғасы

1	2	3
Т. Коныров	Тенеу	Тенеудің көмегімен қоршаған әлемді танып біледі, заттар мен құбылыстар арасындағы байланыстарды айқындайды, ұқсас қасиеттеріне үніледі
Р. Сыздық	Көркем шығарма тілі, әдеби тіл, мерзімді баспасөз тілі	Әдеби тіл нормасын сақтай отырып, эстетикалық талаптарға сәйкес тілдік құралдарды қолдану
Ә. Қайдар	Фразеологизмдер	Ұлттық құндылықтарды менгерту
Б. Хасанов	Метафора	Сөз саптау тәсілі, оның сапасы сөйлеушінің дүниетанымына, ой өрісіне тікелей байланысты
О. Бұркітов	Қайталамалар	Сөздік құрамды байытады
Н. Уәли	Стилистикадағы көріктеу құралдары	Сөйлеуде, жазуда тіл амалдарын дұрыс қолдана білу; өмір құбылыстарын бейнелі түрде таныту
Б. Шалабай	Стилистикадағы функционалды және экспрессивті құралдар	Тілді білу, оның құллі байлығын игеру, дұрыс жазып, айта алу
Г. Смағұлова	Фразеологизмдер	Тілді тұтынушы адам – тілдік тұлға ретінде ұлттық әдеби тілде сөйлеуге міндетті

Осы жинақтаудың нәтижесінде келесі мәселелер анықталды:

- а) көріктеуіш құралдар образдылықтың белгісі, қазақ сөзінің байлығы ретінде зерттеуде құрылымдық жағына көбірек көңіл болінген. Дегенмен осы пікірлердің астарында көріктеуіш құралдардың лингвомәдени сипатын таныту айқын байқалады.
- ә) жинақтаудың нәтижесі көріктеуіш құралдардың құрылымдық, лингвомәдени, ұлттық сипатын танып-білу жеке адамның білімін қалыптастыруда маңызды екендігін көрсетеді.

Әлемдік лингвистикада көріктеуіш құралдарды зерттеу, әсіресе, орыс лингвистикасында кеңінен тараған. Шын мәнінде, өзге тілдердегі көріктеуіш құралдарына қатысты көзқарастар, көріктеуіш тілдік құралдарды түрлерге бөліп жіктеу орыс лингвистикасындағы көзқарастар мен пікірлерге негізделіп келеді.

Орыс тіл білімінде И.В. Арнольд, А.Н. Веселовский, В.В. Виноградов, В.В. Воробьев, Ю.П. Князев, В.А. Маслова, В.М. Огольцев, А.А. Потебня, А.Т. Рубайло, М.Э. Снегирев, М.Р. Савова, Б.В. Томашевский, В.Н. Телия, А.И. Федоров, М.И. Черемисина және т.б. көріктеуіш құралдардың теориялық негіздемесін жасап, оның жекелеген түрлерін зерттеді.

Орыс лингвистикасында тілдің тарихы, функционалдық стильдер жүйесі, лингвостилистика, текстология, психолингвистика, аударматану, көркем әдебиет жанрының тілі, поэтикалық тіл, әлеуметтік лингвистика, салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімі салаларының қай-қайсысында да көріктеуіш құралдар тілдік фактілер ретінде талданады.

А.А. Потебня көріктеуіш құралдар, оның ішінде, троптар теориясының шеңберінде алғаш өз жүйесін ұсынған. Мұнда ең алдымен «бейнелілік» теориясының семантикалық аспектісіне назар аударып: «*Образ заменяет множественное, сложное, трудноуловимое по отдаленности, неясности, чем то относительно единичным и простым, близким, определенным, наглядным*» [70, 163], – деген тұжырым жасады.

Орыс ғылымында көріктеуіш құралдар стилистика саласында негізгі нысан ретінде алынды. Стилист-ғалым Б.В. Томашевскийдің еңбегінде көріктеуіш құралдар лексика (архаизм, варваризм, диалектизм, арго, неологизм), троптар (эпитет, тенеу, метафора, метонимия, перифраз, гипербола, ирония), фразеология және поэтикалық синтаксис (intonация, екпін, дыбыс, анаколуф, эллипсис, параллелизм, анафора, риторикалық сұрақтар) деп бөліп, стильдік тұрғыдан талданды. Көріктеуіш тілдік құралдардың анықтамасын беріп, олардың проза мен поэзияда стильдік жүк артып, тіл көріктілігін арттыратынын айтады [71].

Орыс ғалымы В. Виноградов сөз бейненің (словесный образ) негізі ретіндегі троптар мен фигуralар туралы концепциялар көркем мәтіннің «жалпы бейнелілігімен» бірлікте қаралып «...поэтикалық бейнелілік тек қана троптар мен фигуralарда ғана емес, ойдан шығарылған немесе әлемнің эстетикалық бейнесінің өзіндік жүйесі ретіндегі поэтикалық сөздің ішкі мәнінде және оның эстетикалық құрылымының функционалды ерекшелігінде көрінеді» [72].

Профессор А.И. Ефимов «Стилистика русского языка» атты еңбегінде көріктеуіш тілдік құралдардың теориялық және практикалық қолданысына назар аударып, анықтамаларын берген [73]. М.Н. Кожина метафора, эпитет, метонимия, синекдоха, перифраза, синонимдер секілді образдылық тудыруышы құралдар деп алып, көркем шығармады жұмсалымдық жағынан талдаған [74].

Орыс ғалымдарының еңбектерінде «тілдің көріктеуіш құралдары» дегеннің нақты анықтамасы жоқ екендігін байқаймыз. Кей әдебиеттерде стильдік фигуralардың барлығы көріктеуіш құралдар болып танылса [75], кей әдебиеттерде сөйлеуші автордың коммуникативтік мақсатқа сай стильдік амал-тәсілдер ретінде қолданған лексикалық-грамматикалық тілдік бірліктері де көріктеуіш құралдар деп аталса, М.Р. Савованың зерттеуінде стильдік фигуralардың барлығы көріктеуіш құралдар болып танылады [76].

А.В. Федоровтың көзқарасы да осындай, ол былай деп жазады: «В системе стиля всякое средство выражения, всякий элемент языка, приобретающий стилистическую функцию, является выразительным средством, независимо от того, создает ли он в сочетании с другими элементами впечатление привычности данного отрезка речи, или, напротив, заставляет его выделяться в целом по контрасту с нейтральными формами речи, или же, наконец, создает контраст внутри него, вступая в столкновение с окружающими словами или грамматическими конструкциями» [77, 73]. Яғни ғалым кез келген стильдік жүк артып тұрған сөз, грамматикалық құбылыс қөріктеуіш құрал бола алады деген қорытынды жасаған.

Г.А. Копнина және А.П. Сковородников стилистикалық терминдерге жүйелік әдіс тұрғысынан келгенде, тілдің көркемдеуіш құралдары нақтылық, анықтық, экспрессивтілікке себепші болатын тілдік құралдар болып табылады және адресаттың сөйлеуді толық қабылдауын (мәтіндегі ақпаратты түсінуге максималды түрде жақындау) қамтамасыз етеді деп есептейді [78, 38].

В.П. Ковалев қөріктеуіш тілдік құралдарды «единицы языка, в которых реализуются эти преобразования можно назвать языковыми художественными образами... Термин «художественный образ» понимается как некая речевая единица, служащая для поэтического отражения элементов действительности» деп тілдік көркем образдар деген атау ұсынады [79, 6].

Тенеу категориясының дамуына үлес қосатын тағы бір еңбек – М.И. Черемисинаның «Сравнительные конструкции русского языка». Бұл еңбекте орыс тіліндегі тенеулердің жасалу жолдары (как, будто, словно, как будто және т.б.), негізгі тұрларі зерттеледі. Тенеуді синтаксистік категория ретінде қалыптастыратын тенеулер табиғатының құрделі конструкциясына баса назар аударған [80].

Орыс тіл білімінде зерттеу нысаны ретінде алынған қөріктеуіш құралдарға семантикалық талдаулар жүргізген ғалым Ю.А. Апресяннің [81] еңбегін атайдыз. Бұл еңбекте лексикалық синонимдер, лексикалық антонимдер, перифразалар семантикалық категория ретінде талданды.

Орыс ғалымы В.Н. Телия фразеология мен метафораның жалпы теориялық мәселелерін зерттеген еңбектері құнды. Метафораның универсалды құбылыс екендігі жөнінде былай дейді: «Метафора – тілдегі универсалды құбылыс. Оның әмбебаптығы кеңістіктегі, уақытта, тілдің құрылымы мен қызметінде танылады. Ол барлық тілдерге және барлық кезеңдерге тән; ол тілдің әртүрлі аспектілеріне тарапады және оның барлық қызметтік тұрларін табылады» [82, 43].

Н.Д. Арутюнованың «Теория метафоры» атты монографиясы метафора теориясының қалыптасуына елеулі үлес қосқан еңбек болды. Н.Д. Арутюнова метафораны адамның ойлауының жемісі ретінде, сондай-ақ тек адамға тән құбылыс екендігін айттып, әр түрлі заттар арасындағы ұқсастықты байқап: «Ұқсастықты сезгіштік сезімі адамның өзін ұстауын айқындайтын практикалық ойлауында өте маңызды рөл атқарады және ол нәрсе күнделікті сөйлеуіне әсер

етпей қоймайды. Міне, дәл осынысы метафораның тұрмыста туындауының сарқылмас бұлағы деуге болады» [83, 8], – дейді. Фразеологизмдерді әдеби тілдің бір тармағы ретінде қарастырған орыс ғалымы Н.М. Шанский болды. Ғалым фразеологизмдерді көркем проза тілінің стильдік әрлендірушісі деп алғып, көркем шығарма тіліндегі тұрақты тіркестерді зерттеген [84].

Орыс лингвистикасында тілдің көріктеуіш құралдары туралы екі түрлі түсінік қалыптасты. Біріншісі («тар») «сөздердің тіркесуінің, бірігуінің және қолданылуының ерекше тәсілдерімен» (троптар мен стилистикалық фигурандармен) және кейбір «сөз арқылы сөйлеудің дыбыстық ұйымдасуының тәсілдерімен» (дыбыстық құралдармен – әуезділік, аллитерация, ассонанс, дыбыстық қайталаулар және т.б.) байланысты. Осы терминнің екінші («кең») анықтамасына сай көріктеуіш құралдар деп автор ойымен эстетикалық уәжделген тілдің барлық стилистикалық ресурстарын айтады.

Орыс ғалымдарының бір тобы көріктеуіш құралдар тек көркем шығармаларда ғана қолданылады, функционалдық стильдердің басқалары көркем шығармаларда қолданылған құралдарды өздеріне ендіреді, кейде стильдердің ерекшеліктеріне қарай кейбір көріктеуіш құралдарды жаңғыртады деп есептейді. Осыған байланысты ғалымдардың пікірінше, көріктеуіш құралдарды көркем әдебиеттен кейін ең көп қолданатын сала – публицистикада жаңғыртады. Бұл – дәлелденген мәселе. Өйткені публицистикада жаңғыртады ақпараттық функциямен қатар көркем әдебиет сияқты эстетикалық функция да атқарады.

Қазіргі кезеңде орта білім беру жүйесінде білім берудің жүйесін жаңарту мен жетілдіру талабы ұдайы назарда болуда. Осыған байланысты гуманитарлық пәндерден білім берудің лингводидактикалық базасына мәдениеттанымдық ақпарат (прецедентті мәтіндер, атаулар мен фактілер, қазақ халқының мәдениеті мен тарихынан, тұрмысы мен салттарынан, қоршаған ортаны пайымдауынан имплицитті және эксплицитті түрде ақпарат жинақтаған фактілер) толыққанды және жеткілікті түрде енгізілу арқылы жүргізілетін лингвомәдени мазмұндағы білім беру бағыты өзекті болып табылады. Бұл арадағы «прецедентті мәтін» ұғымына аз-кем тоқталып өтуге болады; прещедентті мәтін атауы шартты түрде сөз тіркесінен бастап мәнмәтінге дейінгі, мәнмәтіннен бастап тұтас мәтінге дейінгі тұтастықты қамтиды; бұндай тілдік бірліктер жеке адам үшін танымдық жағынан да, эмоциялылығы жағынан да маңызды әрі мәнді, осы жеке адамның айналасындағы барлық адамдарға (жас мөлшері, білімі, әлеуметтік жағдайы әртурлі болса да) кеңінен танымал, дискурска түскен жағдайда таптаурын, қасаң сөз болып кетпейтін, яғни әрдайым жоғары бейнелілігі сакталатын тілдік бірліктер болып табылады. Тілдік құралдардың ішіндегі осы мазмұнға сай келетін жоғары дәрежедегі маңыздысы – тілдің көріктеуіш құралдары.

Тілдің көріктеуіш құралдары – коммуникативтік актіге (жазбаша мәтінге және ауызша сөйлеу актісіне) енгізілген ақпараттың бағалауыштық, қарқындылық, образдылық, экспрессиялы-эмоционалдық тұрғыдан

жеткізілуіне ықпал ететін және қабылдаушиның коммуникативтік актінің барысын жеткілікті дәрежеде түсінуін қамтамасыз ететін тілдік құралдар.

Тілдің елеулі қабатын құрайтын және негізгі коммуникативтік актінің басты құралы болып саналатын, сондай-ақ көлемі жағынан сан түрлі сипаттағы көріктеуіш құралдар туралы арнаулы әдебиеттерде пікірлер көп. Кейде бұл тілдік бірліктер стильдік фигуralармен, яғни стильдік әдіс-тәсілдермен тенденстірледі [85, 201].

Тіл (язык) және сөйленіс (речь) арасындағы тілдік бірліктерде де көріктеуіш қызметі жағынан айырмашылықтар бар деп есептеледі.

Бұл айырмашылықтар төмендегілерге байланысты:

Тіл (язык) құрамында орныққан, тұрақты көріктеуіш құралдар бар да, сонымен қатар жанр мен стильдің, автордың дара қолданысына қарай қарым-қатынастың жағдаятына тәуелді іріктеліп, таңдалған, тыңнан жасалған көріктеуіш құралдар болады. Олар сөйленістің ұлгілері болып табылады. Бұл жағынан келгенде, қазак тілінің, әсіресе оның лексикалық байлығының мүмкіншілігі аса жоғары.

Тілде көріктеуіш құралдарды топтастырудың бірнеше бағыттары кездеседі. Бірінші – тілдің жүйесіне қарай бөлу, олар мыналар:

- фонетикалық көріктеуіш құралдар: дыбыстық қайталамалар, дыбыстарға еліктеушілік, дыбыстық символизмдер;

- лексикалық көріктеуіш құралдар: омонимдер, синонимдер, антонимдер, полисеманттар (сөздің көп мағыналылығы), паронимдер, стильдік бояулы лексика, фразеологизмдер, тарихи сөздер мен жаңа сөздер, кей реттерде диалектизмдер мен қарапайым лексика;

- сөзжасамдық көріктеуіш құралдар: экспрессивтік мән тудыратын аффикстер; архаизм қатарындағы сөзжасамдық тұлғалар;

- грамматикалық көріктеуіш құралдар: сөз таптары нұсқаларының контексте ауысып қолданылуды.

- көріктеуіш тілдік құралдар дәстүрлі түрде тілде (язык) және сөйленісте (речь) көрініс табады. Сөйленістегі көріктеуіш тілдік құралдар өте күрделі, олар стильге, жанрға, мәтінге, автордың өрісіне қарай сан түрлі болады. Осыған байланысты стильдік көріктеуіш тілдік құралдар деген айттылады: стильдік көріктеуіш құралдар, олар – *троптар мен стильдік фигуralар*. Көріктеуіш тілдік құралдардың функционалдық стильдің барлық түрінде белсенді қолданылатындары, алайда тілдік құбылыстардың өзіндік ерекшеліктеріне қарай әдеби тіл ұлгілерінің дамуымен бірге қалыптасқан *анадиплозис, арнау, анаколоф, геминация, гипофора, градация, графон, диатеза, диафора, парентеза, паронимиялық аттракция, плеоназм, полиптотон, просиопезис, редубликация, сақина, синтаксистік құрылымдардың сегментациясы, символ, солецизм, лептеу, хиазм, эллипсис, аллюзия, оксюморон* және т.б. секілді басқа да түрлері бар.

Троп (грек тілінен – «қайтадан бұру») – оның негізінде адам санасында өзара жақын ұғымдар мен түсініктердің, заттар мен құбылыстардың атауларын

салғастыру болады. Троптың кең тараған және зерттеулерде әбден орнықтырылған түрлері – *теңеу*, *эпитет*, *метафора*, *метонимия*, *гипербола*, *аллегория*, *кейіттеу*, *перифраза*, *синекдоха*.

Көріктеуіш құралдарды жүйелеп топтастыруды көркем әдебиет пен функционалды стилистиканың тармақтары және олардың ерекшеліктері, жеке адамның коммуникативтік акт кезінде ақпарат жеткізу мүмкіндіктері, адресаттың ақпаратты қабылдаудың ескеру мәселелері есепке алынады. Сөйтіп, тілші-ғалымдар әрбір функционалдық стильдің өз ерекшелігін және олардың ортақ сипаттарын, тіл арқылы қарым-қатынас жасау жағдаяттарын, жанр мен стильдің өзіндік айырмашылықтарын қарастыра келе, көріктеуіш құралдардың қызыметін эмоцияны жеткізу, адресатқа қалайда әсер ету, айтылатын сөздің қарқындылығын, анықтығын, экспрессиялығын арттыру мақсаттарында жұмсалады деп бағалайды.

Әсіресе газеттік-публицистикалық стильдің ерекшеліктерін басшылыққа алғып, жоғарыда көрсетілген топтастыруларды осы стильдің басты белгілерімен байланыстырады, яғни фонетикалық, лексикалық, сөзжасамдық, грамматикалық көріктеуіш құралдар, троптар мен метафоралардың, эпитеттер мен теңеулердің, стильдік бояулы лексиканың жұмсалуы газеттік-публицистикалық стильдің басты белгілерінің бірі болып табылады деп есептейді. Сонымен қатар көріктеуіш құралдардың көркем әдебиеттегі қолданысы да өзекті мәселе деп көрсетіледі.

1.3 Көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдениеттанымдық мәні

Қазіргі кезенде лингвистика саласының антропологиялық парадигмаға қарай бет бұрғандығы жеке бір тіл бойынша пәнаралық байланыс арқылы зерттеулер жүргізудің маңыздылығын көрсетіп отыр. Пәнаралық байланыстың негізі «Адам – Тіл – Мәдениет» тұтастығына негізделін, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, прагматика салаларының аясында тілді тұтастай қарастырудың өзектілігі арта түсінілдіктерінде. Антропологиялық бағыт В.фон Гумбольдттің көзқарастарынан басталатыны белгілі, ол тіл нақты қоршаған орта мен адамның санасының арасындағы аралық көпір деп, тіл халықтың рухын, оның әлемді қалай түсінетіндігін және менталитеттің танытатындығын атап өткен еді.

Көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипаты туралы тұжырымдар. Кейінгі кезендерде тіл мен мәдениет арасындағы қарым-қатынасты ұштастыра зерттеу тіл ғылымындағы көкейкесті мәселелеге айналды, осының негізінде XX ғасырдың соңғы ширегінде лингвомәдениеттану саласы орнықты. Бұл бағытта зерттеулер де жеткілікті деуге болады. В.фон Гумбольдт бағыттаған лингвомәдениеттану негіздері тың тұрғыдан жобаланып, жинақталу, тиянақталу үстінде. Шын мәнінде лингвомәдениеттану этнолингвистиканың «қойнауынан» шықты. Этнолингвистика саласы шеңберінде тарихи ретроспективадағы тілдік материал – ауыз әдебиеті,

фольклор, мифтік тілдік нұсқалар тіл мен мәдениеттің байланысы арқылы талданады. Ал лингвомәдениеттану болса, бұнда тіл мен мәдениеттің арасындағы ұштастықтың, байланыстың қазіргі жағдайы, тілдің қазіргі қолданысындағы көрінісі, қазіргі коммуникативтік үдерістердегі белгілері (халық тілінде бар барлық тілдік қаттаулардың қазіргі кезенде қалай қолданылатындығы және ондағы өзгерістердің болу себептері) қарастырылады. Шын мәнінде нақты бір халықтың тілі мен мәдениетіне ортақ белгілер тән, тіл де, мәдениетте халықтың және осы халықтың жеке өкілінің дүниетанымын бейнелейді. Коммуникацияға қатысатын жеке субъект өз мәдениетінің тарихын, нормалық канондарын көрсетеді. Тіл – мәдениеттің қашшалықты менгерілгендейтін танытатын құрал, өзіндік ұлттық менталдылықты жеткізуі.

Лингвомәдениеттандың анықтамасына қатысты бірнеше пікірлер бар, көптеген зерттеушілер бұл саланың әдіснамасы мен әдіс-тәсілдері әлі де болса тұрақтала қойған жок дей отырып, өз тараптарынан бірнеше түсініктемелер береді. Зерттеушілер негізінен Сепир-Уорфтың гипотезасын (Лингвокультурология представляет собой «целостное теоретико-описательное исследование объектов как функционирующей системы культурных ценностей, отражённых в языке, контрастивный анализ лингвокультурологических сфер разных языков (народов) на основании теории лингвистической относительности») [86] басшылыққа алады. Лингвомәдениеттандың алғышарттары В. фон Гумбольдт, Ф. де Соссюр, И.Г. Гердер, Я. Гримм, Р. Раск, Р. Ладо, Э. Сепир, А.А. Потебня, Ш. Балли, Ж. Вандриес, И.А. Бодуэн де Куртене, Р.О. Якобсон, М. Қашқари, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Х.А. Арғынбаева және т.б. отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде көрініс бере бастаған.

XX ғасырдың соңында лингвистикада тілді құрылымдық жүйесінен тыс, лингвомәдени аспектіде түсіндіруді талап ететін көптеген фактілер дүниеге келді. Біздің пікірімізше, оның пайда болу себебін жаһандану үдерісіне қарсы туындаған оппозициялық көзқарастардың қалыптасуымен түсіндіруге болады. Бұл бағыттың негізгі ұстанымы ретінде келесідей идея алынды: тіл мен мәдениет тығыз байланысты, тіл мәдениет аясында пайда болады, дамиды және мәдениет таратушысы. Гасырлар тоғысында аталмыш идеяға негізделген жаңа ғылым – лингвомәдениеттану пайда болды. Қазір батыстық, ресейлік және қазақстандық лингвомәдениеттану халық мәдениетінің тілде берілген және бекітілген көрінісін зерттеп, бірегей феномендер – «тіл» мен «мәдениеттің» өзара байланысы мен қарым-қатынасын қарастыруға мән бере бастады. Осы бағыттың негізін қалап, қалыптасуына елеулі үлес қосқан В.В. Воробьевтің, В.В. Красныхтың, В.А. Маслованың, А.Т. Хроленконың, Ю.С. Степановтың, В.Н. Телияның, В.И. Карасиктің, Ю.Д. Апресянның, Г.Г. Слышикиннің, В.М. Шаклейннің, А.В. Костиннің, А.Д. Шмелевтің, Н.И. Толстойдың, Е.А. Яковлеваның және Ә. Қайдар, Р. Сыздықова, М. Копыленко, Т. Жанұзақов, Е. Жанпейісов, Ш. Сарыбаев, О. Накысбеков, Н. Уәлиев, Р. Шойбеков, А. Алдашева, Ж. Манкеева, Қ. Есенова, Г. Смағұлова, Г. Сағидолда,

С. Сәтенова, Р. Авакова, З. Ахметжанова т.б. қазақ және шетелдік зерттеушілердің еңбектері назар аудартады.

Қазақ тілші ғалымдардың еңбектерінде қазақ сөзінің әлемнің тілдік бейнесін танытатындығы, қазақ сөзінің ұлттық мәдениетті түсінуден туындастыны туралы толымды пікірлер жетерлік. Академик Ә. Қайдардың «этностиң дүниеге келуіне ұйытқы болған да тіл» деген пікірі де осыны дәлелдейді [16, 11].

Қазақ ғылымындағы лингвомәдениеттану саласының негізгі түсініктері мен маңыздылығын нақты көрсеткен пікір барышылық. Қазақ тілін оқытуудың лингвомәдени ыңғайын жүзеге асыру барысында лингвомәдени құзыреттілік ұғымы маңыздылыққа ие. Аталған ұғымды алғаш рет қазақ ғылымында А. Алдаш қолданды [31]. Зерттеуші Ж. Манкеева лингвомәдениеттануға – «сөздік құрамдағы заттық және рухани мәдениет атауларының халыққа тән ерекшелігі мен ұлттық өзгешеліктерін, лингвокультуралардың қарапайым ауызекі тілде қолданылуын, фразеологизм бойында тұрақталуын өзге тілдердегі ұқсас баламаларымен салғастыра отырып, синхронды және диахронды зерттеу» деп анықтама береді [32, 503].

«Тіл мен мәдениет» арақатынасы негізінде пайда болған лингвомәдениеттану ғылымының зерттеу нысанын, мақсаты мен міндеттерін, бұл бағыттың этнолингвистикадан айырмашылығын зерделеген А. Сейсенова мен А. Сейілханның еңбектерін атайды. А. Сейсенованаң зерттеуінде сөйлеу этикетінің сәлемдесу, қаратпа мен қоштасу формалары ұлттық мәдениетке қатысты деп анықтайды. Зерттеуші лингвомәдениеттану «ұлттық тілге мәдениет пен менталитеттің әсер етуін қарастыратын тіл білімінің жаңа саласы. Лингвистикалық мәдениеттану этностиң мәдениеті мен тілдің өзара байланысын ұлттың сан ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, ырым-жоралғылары мен сана-сезімі, тұрмыс-тіршілігі және ұлттық болмысы, жөн-жоралғылары мен ұлттық өлшемдер негізінде зерттейді» деп тұжырым жасайды [87].

А. Ислам «Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті» еңбегінде қазақ тіл біліміндегі лингвомәдениеттаным ғылымы тіл мәдениет арақатынасы мәселесін, ұлттық мәдениеттің тілде (тілдік белгілерде) көрініс тапқан тұстарын айқындастырын антропоцентристік парадигмаға негізделген ғылым ретінде анықтайды [33, 204]. Автор қандай да болмасын ұлттық мәдениет өкілдерінің танымдық негізі болар концептілер жиынтығы болатынын айтады. Түркі халықтарының дүниетанымдық концептілерінің дінгегі – «тағдыр» мен «бақ» деп, қазақтың дүниетанымдық концептілері және олардың тілдегі көрінісі зерттелген.

Зерттеуші Қ. Есенова лингвомәдениеттанудың міндеті – «тіл мен мәдениеттің, тіл мен этностиң, тіл мен ұлттық менталитеттің арақатынасын сипаттап, зерделеу» [88, 7] десе, Ә. Хазимова лингвомәдениеттану – «ХХ ғасыр сонында тілдік фактіге негізделген рухани мәдениет ұлгілері көрінетін жанды дискурс тұрларіндегі (ауызекі сөйлеу тілі, көркем әдебиет т.б.) мәдени

коннотациясының әлеуметтік орта менталитетінен хабардар ететін жаңа бағыттағы пән» [89, 6] деген қорытындыға келеді.

Тілдік бірліктердің қазақ халқының дүниетанымындағы орнын зерттеген еңбектер бар. «Көз» концептісінің лингвомәдени сипаты (М. Абрахманова); концептіге негіз болған сөздің денотат, сигнifikat, коннотат мағыналары (М. Күштаева); паремия құрамындағы тілдік бірліктердің халықтың рухы мен тілін танытып, этностиң әлемді игеруінің мәдени-тарихи тәжірибесі және дүниедегі заттар мен құбылыстар арасындағы қарым-қатынасқа берген бағасын бейнелі тұрақты оралымдар түрінде бекітілуі (Ж. Исаева) қарастырылған.

Сонымен қатар қазақ тіліндегі антропонимдердің лингвомәдени аспектісі (Ф. Әшімханова); көркем шығармалардағы лингвомәдени бірліктерді ұлттық дүние бейнесімен байланыстыру (Г. Снасапова); ою-өрнек атауларының таңбалық сипатын ұлттық мәдениетпен сабактастыру (Ж. Акимшева); ғаламның тілдік бейнесіндегі символдық жүйе (К. Қайырбаева) жайында көзқарастар бар.

Тіл мен мәдениеттің байланысы, антропоөзектік лингвистиканың барлық тармақтары орыс тіл білімінде жан-жақты зерттелуде, маңызды пікірлер айтылған көптеген еңбектер жарық көрді және бұл бағытты зерделеу орыс тіл білімінде қарқынды түрде жалғасуда. Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипатын анықтауға мүмкіндік беретін бірнеше анықтама-түсініктерді келтіреміз. Бұл анықтамалар арқылы қазіргі қолданыстағы әдеби тілдің құрамындағы көріктеуіш тілдік құралдардың ұлт пен мәдениеттің ұштастығына барып тірелетіндігін анық көруге болады.

Орыс тіл білімінде ғылымның аталған саласы қазіргі уақытта қалыптасу үстінде, сондықтан берілген анықтама да әркилы: лингвомәдениеттану – «тіл мен мәдениеттің корреспонденциясын олардың синхронды өзара байланысы негізінде зерттейтін этнолингвистиканың саласы» [82, 217]; «мәдениет пен филологияны зерттейтін ғылымдармен шектесетін синтезделген ғылыми пән» [90, 32]; «мәдениеттің тіл мен дискурстегі көрінісін, тіркелуін зерттейтін пән. Ол ұлттық әлем бейнесін, тілдік сананы, менталды-лингвалды кешеннің ерекшеліктерін зерттеумен тікелей байланысты» [91, 12]; «лингвистика мен мәдениеттанудың шегінде пайда болып, халықтың тілінде көрінген және бекітілген мәдениеттің зерттейтін лингвистика саласы» [92, 35]. В.Н. Телияның лингвомәдениеттануды этнолингвистиканың саласы деп атағандығына қарамастан, В.А. Маслованың анықтамасында ол лингвистиканың саласы ретінде беріледі, дегенмен екі анықтамада да лингвомәдениеттанудың синтетикалық сипаты, оның пәні ретінде өзара байланыстығы, диалогтегі тіл мен мәдениетті алуға болатындығы айтылды. В.В. Красных лингвомәдениеттанудың «ұлттық әлем бейнесін, тілдік сананы, менталды-лингвалдық кешеннің ерекшеліктерін зерттеуге» бағытталғандығын айтады [91, 12].

Жоғарыда айтқанымыздай, әлемдік лингвистикада да, қазақ тіл білімінде де лингвомәдениеттанудың өз алдына ғылыми бағыт ретінде қарқынды дамуының бірнеше себептері бар, оларды былайша топтастыруға болады:

1) Әлемде жаһандану үдерісінің қарқынды дамуы, әрқылы мәселелерді шешу кезіндегі түрлі халықтардың әрекеті мен қатынасында өмбебап сипаттардың белен алуы және осы орайдағы әркімнің (тайпа, ұлт, халық) өзіне тән ерекшеліктердің ескерілу қажеттігі;

2) Білімнің шектес салаларының (психология, әлеуметтану, этнография, мәдениеттану, саясаттану және т.б.) өкілдері қол жеткізген жетістіктерді лингвистердің менгеру қажеттілігі;

3) Лингвистикалық білімнің қолданбалы жағы, яғни сөздің, фразеологиялық бірліктердің, жалпыға белгілі мәтіндердің, формулды этикалық жағдаяттардың және т.б. мағыналарында бекітілген ұжымдық тәжірибелің шоғырланған тұжырымының құралы ретінде тілді ұғыну қажеттілігі.

Дамуы барысында қазірге дейін лингвомәдениеттанудың өз ішінен бірнеше бағыт айқындалып отыр:

- тарихи тегі әртүрлі, бірақ бір-бірімен байланыста болған этностардың лингвомәдени ерекшеліктерін зерттеу – салыстырмалы лингвомәдениеттану;

- тілде көрініс берген және сақталған әртүрлі мәдениеттің ерекшеліктерін зерттеу – салғастырмалы лингвомәдениеттану.

- белгілі уақыт мерзіміндегі бір этностиң лингвомәдени жағдайының өзгеруін зерттеу – диахрондық лингвомәдениеттану;

- нақты лингвомәдени жағдаятты зерттеу – жеке әлеуметтік топтың, этностиң мәдени тұрғыдан алғанда ерекше кезеңдегі лингвомәдениеттану;

- лингвоелтанымдық сөздік құрастыру – лингвомәдени лексикография [93, 94].

Осы аталғандардың ішінде белгілі уақыт мерзіміндегі бір этностиң лингвомәдени жағдайының өзгеруін зерттеуде – диахрондық лингвомәдениеттану бағыты маңызды деп санаймыз. Бұған төмендегі бірнеше жайттарды дәлел етуге болады.

Қазіргі кезеңде қазақ тілінің табиғилығында өзгерістер бар. Оның басты себептерінің бірі – елдің экономикалық, әлеуметтік-саяси және мәдени байланыстарының кең өріс алуы. Осының нәтижесінде қазақ тілінің табиғилығына мәдениетаралық коммуникация, басқа тілдердің ықпалы айтартылғанда стандарттылық басым, бұдан бұрын белгілі зерттеушілер анықтап берген тілдің байлығы мен образдылығы коммуникативтік актіде бәсекең байқалуда. Тілдің ұлттық, этноөзектік, прототиптік белгілері функционалдық стильдердің қатарында – көркем әдебиетте ғана көрініс тауып отыр. Басқа стильдерде стандарт құрылымдар орын алады. Қазіргі кезеңдегі коммуникативтік актіде қазақ тілін пайдаланушы үшін ақпаратты қабылдаудың негізгі құралы масс-медиа және жаңа технология тілі болғандықтан, әсіресе жас үрпақтың сөздік қоры да стандарттылыққа бейімделген. Эксперименттік

зерттеу нәтижесінде жоғары сынып оқушыларының тілдің көріктеуіш құралдарымен жеткілікті дәрежеде таныс емес екендігі дәлелденді (бұл мәселе 3.4 тармақта талданады).

Сонымен қатар білім беру жүйесінде қазақ әдеби тілінің табиғи зандылықтары мен образды байлығын оқыту-менгерту ісі одан әрі жетілдіруді талап етеді. Осы себепті қазіргі жаһандану заманында, елдің кеңістігінде бірнеше тіл қатар өмір сүріп отырған жағдайда қазақ тілінің одан әрі сақталуы, мемлекеттік тіл дәрежесінде лайықты орында болуы үшін білім беру жүйесінде ресми-іскери стандарт құрылымдарды ғана емес, сонымен қатар тіл байлығын танытатын барша құрылымдарды менгерту, оқыту маңызды. Осы қатарда қазіргі кеңістіктері лингвомәдени сипатқа ие тілдік құрылымдарды лингвомәдениеттану аспектісінде ұдайы талдап отыру, зерттеулер жасау аса қажет.

Лингвомәдениеттану мен лингвоелтаным салаларына қатысты маңызды жайттарды атап өтеміз. Біріншіден, лингвомәдениеттану мен линговелтаным салаларының бағыттарында ұқсастық бар. Олардың теориялық арналары ортақ және бағдары – лингводидактикалық. Сондықтан В.В. Воробьев лингвомәдениеттанды «спектр лингводидактики, рассматривающий проблемы взаимодействия культуры и языка в процессе его функционирования, а также описания и преподавания» деп бағалайды [90]. Шындығында да, қазіргі кезеңде білім беру саласында тіл мен мәдениеттің байланысын ұштастыру бағыты айрықша маңызға ие болып отыр, өйткені тіл мен мәдениеттің, халықтың рухының, тарихы мен мәдениетінің тіл арқылы белгіленуін лингводидактикаға негіз ету тілдік тұлғаның лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру бағытында барынша өзекті. Бұл ретте тілдің көріктеуіш құралдары маңызды орынды иеленуі тиіс. Осыған байланысты көріктеуіш тілдік құралдарды республикадағы қазақ тілді мектептерде оқыту мен менгертудің жаңаша әдістәсілдерін енгізуіндегі қажеттілігі айқын екендігін атап өтеміз.

Екіншіден, өзара ұштасатын пәндердің мәдени ақпаратты ұсынуы мен түсіндіруіндегі әдіс-тәсілдер әртүрлі болады. Лингвоелтаным бағытындағы сөздіктер мен осыған бағытталған зерттеу еңбектерде негізінен мәдениеттің фактілеріне сәйкес келетін, тілдік кеңістік бойынша фондық білім беретін тұрақты сөз тіркестері, фразеологизмдер, түрмисқа, тарихқа, өнерге, салт-дәстүрге қатысы бар мәдени реалийлер қамтылады. Ал лингвомәдениеттану саласында тіл мен мәдениеттің құбылыстарына шоғырландырылған түрде, сөз семантикасының тереніне бойлау тірек болады. Тілдік фактілерде мәдениеттің белгілері концепт түрінде талданады. Бұл ретте көбіне-көп бірнеше тілдерді салыстыру онтайлы болып отыр, бұған әлемдік лингвистикадағы көптеген зерттеулер дәлел.

Лингвомәдениеттандың негізгі ұғымдары: әлемнің ұлттық тілдік бейнесі, мәдени концепт, лингвомәдени бірлік (лингвокультуре), ұлттық тілдік тұлға.

Әлемнің ұлттық тілдік бейнесі – белгілі мәдениетке тән дүниетанымның ерекше ұлттық тәсілінің, әлем бейнесі элементтерінің тілде (барлық деңгейінде) көрінуі. Ұлттық тілдердің және ұлттық сананың ерекшелігі тілдің әртүрлі деңгейінде тіркелген материалдық және рухани мәдениетпен, табиғи және әлеуметтік ортаның шарттарымен, өмір салтымен, ерекше мазмұнмен және қызмет тәсілдерімен шарттасады. Әлемнің ұлттық тілдік бейнесі әр халыққа (этнос), әр лингвомәдени қоғамға тән. Ол адамның әлемге, табиғатқа, өзге адамдарға, осы қоғамның мүшесі ретіндегі өзіне қарым-қатынасының типін қалыптастырады, әрекет нормаларын, соның ішінде адамның қоғамдағы сөйлеу әрекетін анықтайды. Әлемнің ұлттық бейнесі аталмыш этнос әлемінің ұлттық тілдік бейнесін қалыптастырады, яғни бұл ұлт танымының тілдегі көрінісі.

Атап өтетін жайт – концепт мәселесі. Зерттеулерде бұған қатысты пікірлер бірнеше болып келеді, бірақ осы проблеманы терең талдап жүрген ғалымдардың пікірінше, концепт – халық мәдениетінің өрісінен пайда болатын абстрактілі ұғымдар, мысалы, «экзистенциалды мағына», «еңшеткі мағына», «мәдени концепт» деген түсініктердің бар екендігін көрсете отырып, зерттеуші В.А. Маслова мәдени ақпарат сөздің негізгі өзегіне бекітіліп, орнығып және коммуникация барысында адресат пен адресантқа айқын ұғынылатын абстрактілі түсініктерді (совесть, судьба, воля, доля, грех, закон, свобода, интеллигенция, родина) лингвомәдени концепт деп есептейді [92, 48]. Ғалым Н. Үәлидің пікірі бойынша, концепт – «мазмұн межесі жағынан объект туралы барлық білімнің жиынтығы, ал тұрпат меже тұрғысынан тілдік бірліктердің (лексикалық, фразеологиялық, паремеологиялық т.б.), құралдардың жиынтығы болып табылатын ментальды, ұлттық ерекшеліктерді танытатын құрылым» [94, 13]. Зерттеуші З. Ахметжанова казак мәдениетіндегі «намыс» сөзін лингвомәдени концепт ретінде жан-жақты қарастырады [36].

Концепт лингвомәдениеттанудың негізгі бірліктерінің бірі ретінде мейлінше зерттелген, дегенмен әртүрлі бағыттарда аталмыш термин өзгеше сипатқа және мазмұнға ие болады. Бұл терминге қазіргі кезде танымдық, адамның білім тәжірибесі мен санасының қатынасын білдіретін ақпараттық қызметі, ұлттың психикалық немесе ментальділік ресурстарын түсіндіру бірліктері және басқа қырларынан анықтамалар беріліп жүргені белгілі.

Ұлттық тілдік тұлға дегеніміз – тілдік сананың иесі, яғни тілдік кеңістікте – коммуникативтік қатынаста өмір сүретін адам. Тілдік тұлға көпқырлы құрылымды білдіреді. Тілдік тұлғаның типтері зерттеу пәніне қатысты анықталады, ол тұлға – этномәдени, әлеуметтік, психологиялық; тіл сөйлеу мәдениетінің, тілдік норманың және т.б. типтері тұрғысынан зерттелуі мүмкін. Бұл белгілер бойынша тіл болмысы тілдік тұлға арқылы анықталады. Жалпы ұлттық тілдік тұлға тілдік сана (ұжымдық және индивидуалды) мен сөйлеу әрекеті (адамның өмір салты мен мінезін көрсететін коммуникативтік әрекеттердің саналы және бейсаналы жүйесі) арасындағы байланыстыруышы дәнекер болып табылады. Лингвомәдениеттану үшін тілдік тұлға тілдік санадағы, мәдени құрамдас бөліктің сөйлеу қызметіндегі көрінісімен қызықты,

яғни зерттеу барысында адамның сөйлеу қызметі қалай болғанда да белгілі бір ұлттық мәдениетке тиесілі екені анықталады. Осы аталған негізгі ұғымдардың аясында лингвомәдениеттану терминінің жалпы болмысы сомдалады.

Лингвомәдени бірлік таңбалар арқылы көрінетін тілдің (тілдік мағынаның) ғана емес, мәдениеттің (тілден тыс мәдени мағынаның) сегменттерін қамтиды, лингвистикалық және экстралингвистикалық мазмұнды тоғыстырады. Қазіргі тіл білімінде тіл мен мәдениеттің элементтерін шоғырландырып, яғни жинақтап, синтездейтін «лингвокультуре мағына» (лингвомәдени бірлік)» және соның аясында «лингвомәдени өріс», «лингвомәдени компетенция» деген түсініктер қалыптасып, түрлі объектілермен жұмыс істеуде жиі қолданылып жүр. Соның ішінде лингвокультуре мағына – В.В. Воробьевтың пікірінше, лингвокультуре мағына – лингвистикалық және экстралингвистикалық ұғымдардың диалектикалық байланысы болып табылатын кешенді деңгейаралық бірлік [90, 45].

Біздің зерттеу жұмысымызда көріктеуіш құралдар лингвомәдени бірліктер ретінде талданды. Лингвомәдени бірліктер таңба-функция бола отырып, коннотативтік мағынаға ие; бірнеше коннотативтік таңбалаушыны көрсетеді; қабылдаушылардың санасында өзектіленеді немесе өзектіленбейді; оларды туыннатқан идеологиялық мәнмәтін белсенді өмір сүріп тұрған кезде, олар да белсенді қолданылады.

Тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметін қүшету, оның әлеуетін көтеру үшін сол тілде сөйлеушілердің дүниетанымын, ұлттық болмысын анықтау қажет. Қазіргі таңдағы «тіл мен ұлт біртұтас» деген қағидаға сәйкес ұлтты, мәдениетті тіл арқылы тану – тіл біліміндегі жаңа салалардың бірі. Ұлт пен мәдениетті ықпалдасқан (интеграциялық) сипатта қарастыру – лингвомәдениеттану бағытының еншісіндегі мәселе. Лингвомәдениеттану лингвистиканың өз алдына қалыптасқан дербес саласы екенін мойындағанымызben, әлі де болса негізгі ұстанымдары мен межелері, тұжырымдамалары нақтылана қоймаған ғылым. Екіұдай түсінік тудыратын пікірлер әлі де тереңірек ізденістерді қажет ететінін жоққа шығара алмаймыз.

Көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени ерекшеліктері және олардың қолданыстағы көрінісі. Мәдениет пен тіл ерте замандардан бері өзара үздіксіз қарым-қатынаста дамып келеді. Адамның тұрмысындағы, салты мен дәстүріндегі барша мәдени құндылықтар үнемі тілінен көрініс беріп отырды. Өмірлік білімінің негізінде қалыптасқан озық ой үлгілері, ұшталып, қырланған ұғым-түсінігінің барлығы белгілі бір дыбыстық тұлғалармен, яғни сөздермен таңбаланды. Тілдік құралдардың халық мәдениеті дамыған сайын соған лайықталып, ақпарат жеткізу қабілеті жетіліп, қолданыстағы икемділігі артып, тұрақты тілдік формалары қалыптасады. Ол формаларының қатарына дәстүрлі көріктеуіш құралдарды жатқызуға болады. Бұл, бір жағынан, тілдің икемділігі мен мәдениетінің әрі мәдени дәрежесінің көрсеткіші болып табылады. Мысалы, еліктің лағындаі, екі көзі ботадай, нұрлы жсанар, қарақат көз, талишыбықтай майысқан т.б. тұрақты теңеулер сүйкімділікті, нәзіктікіті

білдіретін эмоциялық реңкке ие сөздер. Тілдік тұрғыдан олардың мағыналары мен сол мағынадағы түрлі эмотивті ақпараттардың сипатын танысада, мәдени тұрғыдан сол сөздердің шығу тегіне, яғни сол сөзben аталып тұрған зат пен құбылыстың ұлттық танымдағы орнына мән береміз. *Еліктің лағын, ботаның көзін, қарақаттың түсін, талдың шыбығын* өзге ұлттың көзімен қарау бар да, қазақтың көзімен қарау бар. Қазақтың көзімен біз жай ғана қарай алмаймыз, осы сөздердің мазмұнына байланысты таным кеңістігіндегі ертеден орнықкан ұғым-түсініктеріміз оған мүмкіндік бермейді. Ботаның көзін басқа ұлт өкілінің, ғасырлар бойы малмен етene өмір кешіп келе жатқан қазақ секілді сезінуі екіталаі. Сезінгеннің өзінде де, кездесоқтық болмаса, дәлме-дәл қайталауы қын. Сол секілді қазақ халқының тұрмысы мен тіршілігінің негізінде ұлттық мәдениетінің негізгі тұғырлары орнықты, олардың қатарына халықтың жануартану, өсімдіктану, табиғаттану әлемі арқылы қалыптасқан көріктеуіш тілдік құралдардың кешенін жатқызуға болады.

Тілдегі әрбір сөз сол тілді қалыптастыруышы әрі тұтынушы халықтың дүниетанымынан хабар береді. Яғни белгілі бір тілдік тұлға (индивиду) заттың немесе құбылыстың сырларын тани келе, оны белгілі бір сөзben атайды, ол атауды қоғамның барлық мүшелері пайдаланғанда, тану процесі кеңейіп әрі терендей түседі. Біршама уақыт өткенде жинақталған ұғымдар арқылы әлгі сөздің мағынасы толығып, ол атап тұрған зат не құбылыстың көпшілік түсінігіндегі болмысы сомдалады. Атауга ие болған зат немесе құбылыстың айналасында баршаға ортақ тұрақты көзкарас қалыптасады – бұл сөздің нормалануының көрсеткіші. Тіл мәдениетінің бір көрсеткіші – тілдік норма. Ғасырлар бойы тәжірибеде сыналып, ұлттық болмысы сомдалып, біртұтас кешенді жүйесі қалыптасқан ұлы мұраның қалыбы мәдени сапасының басты белгісі болып табылады. Біртұтас кешен аясына, түрлі салаларға бөлінетін фонетикалық, лексикалық, грамматикалық нормалар шоғырланған. Тілдің сапасына қойылатын шарттар негізінен осы нормаға сәйкес айқындалады.

Бірақ әрбір жеке адамның сөйлеу актісінде объективті, субъективті элементтер қатар орын алғып отырады. Мәселен, Абай шығармаларында кездесетін «Гүл мен ағаш майысын қарағанда, Сылдыр қазын, бұраңдан ағады су» немесе «нұрлы ақыл» деген тіркестердегі майысын қарау, нұрлы ақыл дегендер жоғарыда аталған нұрлы жсанар, талишыбықтай майысқан деген тұрақты тіркестерді салыстыра қарағанда, субъективті, жеке қолданыстың көрінісі. Бірақ бұл тіркестер – халық пайымындағы образдылықтың прототиптері, сондықтан оларды танып-білу қажет. Бұл ретте концептілік талдау, лингвомәдени сипаттарды анықтау қажет болады. Өйткені мәтін көлеміне түскен сөз де, жалпы мәдениетте интерпретацияны талап етеді. Интерпретация жүргізілгенде, адам санасындағы үдерістерге, яғни сөзді танып-білуге әсер етуге болады. Жалпы мәдениетте де, тілде де консервативтілік пен жаңашылдық қарама-қайши келіп, өзара құресін отырады. Ұлт мәдениетін сақтау жолында қазақтың ежелгі салт-дәстүрлерін енгізе отырып, олардың қатарына қазақ тарихы мен тұрмысында болмаған жаңашыл дәстүрлер де

енгізілуде. Олар жайындағы көзқарастарда консервативтілік және жаңашылдықта бейтарап тұрғыдан қарау, сондай-ақ қолдау жағдайы да бар (бұған үйлену тойының салтына енгізілген және орныға бастаған шырақ жағылған торт ұсыну жайын атап өтуге болады). Сол сияқты тіл қолданысында да бұрыннан бар сөздерді, әсіресе тұрақты тіркестерді бұзбай қолдануды талап ету жағдайы бар. Бірақ жоғарыда атап өткеніміздей, тілдің стандарттылықта бет бұруы, ең бастысы – тіл байлығын менгертудің бәсек дамуы салдарынан тілдік бірліктердің тұрақты құрылымы өзгерген бірқатар фактілер орын алада. Мысалы, *Біреудің жсөғын біреу ыскырып жүріп іздейді* (салыстырыңыз: *біреудің жсөғын біреу өлең айтып жүріп іздейді*) немесе *Мына іш пыстыратын сылбарлық реніш шақыргандай алденеге ұқсай ма?*; *Қарауытып бүие аяқтанып алған қалың қас үрпi-түрпi; соғымның етiне тояттап бусану* (тілдік фактілер қазақ баспасөзінен алынған) дегендер тіл қорындағы байлыққа консерватив көзқараспен қарағанда, сөз мәдениетіне нұқсан келтіретін нормадан ауытқушылық болып табылады.

Лингвомәдениеттану ғылымы бойынша мәдени маркерленген тілдік бірліктерді анықтау және олардың қандай дереккөздерде орын алатынын белгілеу маңызды болып табылады. Осыған байланысты ғылымда лингвомәдени бірлік (лингвокультуре) термині ұсынылған. Әзірше зерттеулерде аталып жүрген лингвомәдени бірліктер төмендегілер:

1. Халық пайымында орнықкан символдар, стереотиптер. Мәдени символдар мен мәдени стереотиптер тіл қолданысқа түскенде жалпы мәдениетті танытады, олар халықтың қабылдауы мен түсінуін көрсетеді. Қазақ ұғымында «қоңыр» немесе «сары» сөздері символ қатарларын құрайды. «Сары күз», «қоңыр күз», «қара күз» т.б. секілді тарихы тереңнен бастау алатын дәстүрлі тіркестер тілімізде – қазақ ұғым атаяу. Құрамындағы сын есімдердің сындық мағынасынан гөрі сапалық бояуы қою, яғни ауа райының сипатынан да хабар береді. Көркем шығармаларда көбіне күз суреттерін беруде көріктеуіш құрал ретінде де қолданылады. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» «Сары күз. *Күн салқындалап, дала сары ала тартқан күйге енген кез; нағыз күз*», «Қоңыр күз. Күздің ауа райы жылы және құрғақ кезі», «Қара күз. Күздің ортасынан асқан шеніндегі сұық мезгіл, нағыз күз, сұық күз» (ҚӘТС). Қазақтың дәстүрлі ұғымындағы бұл сөздердің тура мағынасы осындай. Бұл орайда қазақ даласының табиғаты мен ұлттық таным аясындағы күз туралы ұғымдардың сипаты тура мағынасында беріліп отыр. Енді мынандай бір мысалдар арқылы күз сөзінің көріктеуіш құрал ретіндегі қызметіне тоқталып көрелік. Күзгі табиғат бояуы мен суреттері ақын танымында қорытылып, көркем сезімдерді жеткізудің құралына айналады: «Тырау да тырау тырналар ұшқан қоңыр күз, Сұрауда жүр-ау қайда екен біздің қоңыр қызы» (Ә. Ботпанов). «Күз жетсе қоңыр самал боп» (Е. Раушанов). Қоңыр күздің суреттері мен қоңырқай көніл-күй бірін-бірі толықтырып, өлеңнің көркем болмысы оқырман сезіміне әсер етеді. «Қоңыр күз» тіркесінің ақын қиялды арқылы мағыналық кеңістігі осылайша

құлашын кеңге жайып отыр. Осы секілді «сары күз» тіркесінің де көріктеуіш құрал ретінде қолданылғанда мағыналық аясының кең екенін көруге болады:

Сары дала, қайың да сары, қайым да,

Сары уайыммен сандалып сабылмаймын ба?

Сары күз кетсе жыл салып қайта қауышар,

Сары алтын уақыт осылай оралмайды ма? (A. Сейдәзім)

Ал «қара күз» тіркесінің қолданысынан күз мезгіліндегі ауа райының болмысы кейіптеу арқылы көрінеді. Сол мезгілдегі табиғаттың мінезі адам кейпінде беріледі:

«Қаһарға мінген қара күз

Тұратын тыста ысқырып» (E. Раушанов) немесе «Қалжырап жатыр қара күз» (E. Жақынбеков) – деген жолдардан кейіптеу түріндегі көріктеуіш құралдарының тамаша үлгілерін көреміз. Осы өлең жолдарындағы қолданыстар тек қазақы таным үлгісінің негізінде дамып жетіліп, жаңа сапалық деңгейге көтерілген. Табиғат суреттерін кейіптеу Абай өлеңдерінде шеберлікпен сомдалатынын «Сұр бұлт тұсі суық, қаптайды аспан» (Абай) т.б. секілді жолдардан жақсы білеміз. Осы ақындардың тіліндегі «қаһарға міну, тыста ысқырып тұру», «қалжырау» немесе Абайдың күзді кейіптеуіндегі «тұсі суық» тек адамға ғана тән әрекеттер мен сындық белгілер.

2. Екінші тілдік бірлік ретінде фразеологизмдерді атауға болады. Орыс тіл білімінде бұл жайт В. Телияның және оның мектебі өкілдерінің зерттеулерінде терең қарастырылған. Лингвомәдени сипаты бар орыс тілі фразалық тіркестері бойынша ауқымды эмпирикалық материалдар жинақталған, сөздіктер жасалған. Қазақ тіл білімінде фразеологизмдер көптеген зерттеулердің негізгі тірегі болып келеді. Қажетті мәлімет беретін ауқымды лексикографиялық еңбектен (І. Кенесбаев) басқа да фразалық тіркестердің сан салалы қырлары талданған және талдану үстінде. Лингвомәдениеттану аясынан қарастырғанда, фразалық тіркестердің талданатын тұстары да жеткілікті, қазіргі кезеңде әртүрлі типтегі дискурстарда фразалық тіркестердің қолданысы, мәдени коннотацияға ие фразеологизмдерді жеке адамның тілдік құзыретінің көлемінде қаншалықты екендігі анықталып, талдауды қажет етеді. Қазақ тілі фразеологизмдерінің қазіргі тіл қолданысындағы сипатын актуалды фразалық тіркестер және бәсек қолданыстағы тіркестер деп екі топқа шартты турде ажыратуға болады. Өйткені қазіргі қазақ тілінде сөйлейтіндердің қабылдауында активті орнықкан фразалық тіркестер бар да, көркем шығармаларда ғана ұшырасатын, жалпы қолданысқа аз қатысатын тіркестер бар.

Мысалы, «Елең-алаң» романында қолданылған *ит арқасы қиянда, козбен көріп, қолмен ұстапқандай; қолымен от көсей; көз сүзу; көңілі су сепкендей басылды; ит етінен жек көрү; қол ұшын беру; қызыл шеке болу; тәбесін көкке жеткізу; екі езуі екі құлагына жету; айы оңынан туып, тасы өрге домалау; тәбесі көкке жеткендей; көз майын аямай сарқу, қалтасын қағу; зарығып көрген; көздеріне шоқтай басылады; көздің жасауын алады* (Елең-алаң) типтес тұрақты тіркестердің немесе «Ақ боз үй» шығармасындағы Пахраддин сал

ығысып, бұган көз қызын тастады. Бірақ тіс жармады, Кабагы қарс жасылып түн өлкесіне бұ да қарады. Ақыры шыдамады, талазы тарс айырылды. Ойы осы жерге келгенде зығырданы қайнады деген мәнмәтіндегі фразеологизмдер функционалдық стильдерде таңдалып, негізінен көркем әдебиет тармағында жұмсалады. Олардың лингвомәдени мазмұны жоғары. Сондықтан қазіргі тілдік тұлғаның лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруды қазак тілі фразеологизмдерінің актуалды қолданыска тұсу жолдарын қарастыру қажет болады.

3. Лингвомәдениеттану саласының тілдік бірліктері ретінде паремиологиялық қор аталады. Паремия – халық мәдениетінің негізгі қоры, олардың құрамындағы тілдік бірліктердің семантикасында халық түсінігі мен ой-санасының, қабылдауының дәрежесі барынша имплицитті. Мақалмәтелдердің де жұмсалу өрісі, коммуникативтік актідегі көрінісі фразеологиялық тіркестердің сипаттымен қарайлас.

4. Лингвомәдениеттану саласында сонымен қатар сөз әдебі (тіл этикеті) қарастырылады. Сөз әдебі – коммуникацияның аса маңызды компоненті. Әлеуметтік рөл туындаған жағдайда, тұрақты жағдаяттарда, нақты дискурста өз мәдениетінің белгілерін ескере отырып, сөз әдебін сақтау – қазіргі жаһандану жағдайында қазақ тілін қаншалықты менгергендігін таныта алады. Дегенмен тілдер араластығы мен тілдер ұштастығы қатар өмір сүріп отырған қоғамда жеке тұлғаның сөз әдебінде мәдениетаралық коммуникацияның белгілері де көбірек ұшырасып отырады. Сондықтан белгілі бір зонада адамның ой-санасындағы сөз әдебінің белгілері лингвомәдени мазмұнды қандай дәрежеде билетіндігін көрсетеді.

5. Сөз болып отырған саланың лексемадан бастап тұтас мәтінге дейін нысан мен мазмұнды қамтитын кешенді тілдік бірліктері де бар. Бұл қатарда ұлт мәдениетінен ассоциация тудыратын *көріктеуіш құралдарды* атап көрсетеміз. Зерттеу еңбектерде тілдің көріктеуіш құралдары лингвомәдени бірлік ретінде арнайы аталмағанымен, этнореалий сөз, халық түсінігіндегі образдың тіректері ретінде қарастырылып өтіледі. Нақты айтқанда, көріктеуіш құралдардың лингвомәдени мазмұны жеке-дара талданбай келеді.

Кейбір еңбектерде мәдениеттің «картинкасын» беретін образдылық айтылады [95]. В.Н. Телия лингвомәдени мазмұны айқын байқалатын тілдік фактілерді одан әрі жинақтау арқылы лингвомәдениеттану саласының объектілерін одан әрі кенейте тұсу қажет екендігін айтады [82, 26]. Осы тұрғыдан қарағанда, көріктеуіш тілдік құралдардың қатарындағы мәдениеттен хабар беретін, мәдениет пен халықтың қабылдауынан ассоциация арқылы жасалған көріктеуіш тілдік құралдар да лингвомәдени бірлік ретінде танылуы әбден занды.

Жоғарыда айтылғанындей, ғалымдар концепт ретінде абстрактілі ұғымдарды алады. Ал қазақ пайымында жеке сөз арқылы ассоциация көбірек туындаиды да, осы жеке сөз көбіне-көп абстрактілі ұғымға айналып кетеді. Қазақ лексикасының қорындағы *ай, күн, ағайын, мойыл, қарақат, бота, елік,*

көз, қарлығаш типтес нақты лексикадан басқа *абырой*, *нұр*, *тіл*, *намыс*, *күй*, *арман*, *қоңыр*, *сары*, *жасыл*, *қара*, *ел*, *тыныштық*, *қайрат*, *тәуекел*, *батырлық*, *дүние*, *пенде* тәрізді көптеген сөздердің тірек болуы арқылы жасалатын **тенеу**, **метафора**, **метонимия**, **синекдоха**, **эпифора**, **эпитет** сияқты сан түрдегі көріктеуіш құралдарда лингвомазмұн терең. Оларды оқыту-менгерту, коммуникативтік актіде белсенді қолданысқа айналдыру маңызды. Осы арқылы казақ тілінің өміршөндігін тұрақтандыра түсуге болады.

Көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипатына қатысты нақтылай түсетін жайттар бар. Оның ең бастысы – образдылық жасау кеңістігінің барынша өрісті екендігі. Қазақ тіліндегі тұрақты көріктеуіш құралдармен қатар, әсіресе көркем әдебиетте сан түрлі жаңа / авторлық қолданыстың образ / субъективті образ / стильдік қолданыс түріндегі бірнеше параметрлермен бағалауға болатын, тұрақты көріктеуіш құралдардан тыс тілдік бірліктер кездеседі. Олардың прагматикалық мәні аса жоғары.

Бірнеше мысал келтіреміз:

Өнсіз да от басқандай болып отырган түрік сұлтанының бір күні оң құлағынан, бір күні сол құлағынан сыйырлап, қолтығына шоқ басты; бірі шыңының басынан, екіншісі етегінен тіл қатқан; Шошаңдаган қамишылары бірсесе қалың шерудің ортасындағы көп күймені, бірсесе айналадағы жаңғызың сырғауыл жақты нұсқайды; атан жіліктей жігіт келді; Кешегі жер көкіректердің кеудесі бүгінде қалай-қалай өр бол кеткен, кешегі өр көкіректердің кеудесі бүгінде қалай-қалай жер бол қалған! (Ә. Кекілбаев);

Өзінің түрі мынау жаман торының арқасында суыриша сопайып отырган. Шоқпұт үйден шыққанын былай қойғанның өзінде, **қара басынан** да бір көз қонақтар ерекше қасиет табылмайды-ау; Қысық көз, **арық** **пышақтың** қырындаидай сопайған қара бозбала (С. Елубай); Қайыс белбеулі, **қайыс** қара жігіт; **ашамай сүйекті ірі жігіт**; жел ұрган құрақтай; **ай сүттей**; қоян тобығындаидай; **қарлығаш** қанатындаидай (Д. Досжсан) мәнмәтіндері мен сөз тіркестерінде көріктеуіш құралдардың сан түрі – тенеу, эпитет, эпифора, синекдоха, қайталамалар бар. Бұлардың лингвомәдени мазмұнын танытып және дәлелдеп тұрған лексемалар – **шоқ**, **етек**, **тіл**, **қамиши**, **көкірек**, **кеуде**, **қара**, **пышақ**, **қайыс**, **құрақ**, **ай**, **сүт**, **тобық**, **қарлығаш**, **атан жілік**, **сүйек** сияқты лингвомәдени мазмұндағы, халық пайымында ассоциация тудыратын тілдік бірліктер – константтар және олар автор тарапынан жасалғандар болғанымен, лингвомәдени бірлік ретінде танылады. Оларды қазақ тілін жетік білетін субъект бірден ұғынады. Берілген лексемаларды лингвомәдени бірлік деп танудың басты тірегі – олар ұлттық құндылықтардың құрамдас бөліктері; менталдылықтың ұлғілері, сондықтан осы сөздер арқылы жасалғандар тың / жаңа / стильдік қолданыс / авторлық қолданыс болғанымен, тіл байлығының бір көрінісі болып табылады. Міне, сондықтан оларды ресімдеу (тіркеу) маңызды. Эрине, тың сипаттағы көріктеуіш құралдар нормативті сөздіктерге енгізу міндетті емес екендігі мәлім. Бірақ тілдің ұлттық корпусы жасалатын жағдайда лингвомәдени бірліктердің арнаулы сөздігі жасалуы тиіс және олар

семантикалық, логикалық, философиялық тұрғыдағы анықтамалармен берілуі тиіс.

Бұдан бұрын көрсетілген, лингвомәдени бірлік ретінде аталған тілдік бірліктердің лингвомәдени мазмұнын, сөз жоқ, белгілі бір әдістерді қолдануға тұра келеді. Нәкты айтқанда, белгілі бір тілдік бірліктің, мысалы, көріктеуіш құралдың құрамындағы жеке сөздің ұлттың мәдениеті мен тарихына, қоршаған ортаны қабылдау пайымына байланысы бар екендігін дәлелдеу үшін белгілі бір әдісті қолдану кажет болады. Бірақ осы сала бойынша ғылыми еңбектерде лингвомәдени (лингвокультуре ма) айқындалап беретін нәкты бір әдіс аталмайды.

В. Воробьевтің пікірі бойынша, лингвомәдени бірлік тілдік және тілден тыс мазмұнның бірлігі болып саналатын кешендей тілдік бірлік болғандықтан, көптеген еңбектерде бұл бірліктерге семантикалық талдау жүргізіледі [90].

Лингвомәдени бірлікті ажырату үшін танымдық-мәдени интерпретация әдісін қолдануға болады. Мысалы, қазақ ұғымында *қарлығаш* сөзі фразеологизмдердің, тұрақты тіркестердің, паремияның, түрлі образдардың құрамында кездесіп, белгілі бір ұлттық танымды білдіреді. Ұлттық таным тұрғысынан қарағанда, «*қарлығаш* – тіршілікке, тіршілік иесіне, адамзат баласына әрқашан қамқорлық жасауға тырысатын, мейірімді, қайырымды құс. *Қарлығаш* – жақсылықты әкелуші, жақсылықтың нышаны. *Қарлығаш* – сұлулықтың белгісі» осылай тарату танымдық-мәдени интерпретацияның үлгісі болып табылады. Бұған *қарлығаштың қанатындаи*, *қарлығаштың қанатымен су сепкендей*, *қарлығаш* қас, алғашқы *қарлығаштар* сияқты тіркестер қалыптасқан.

Лингвомәдени бірлікті ажыратуда сөздің негізгі мағынасын сүйеніш етуге болады (бұл мәселе жеке тармақшада қарастырылған).

Қазақ лингвомәдениеттану саласында кезек күттірмейтін міндеттердің бірі – саланың әдіснамалық алғышарттарын, терминдік аппаратын, лингвомәдени талдау үшін метатілді қалыптастыру. Әзірше қазақ ғылымында айтылып келе жатқан концепт, констант, лингвомәдени бірлік дегендеге әлемдік лингвистикадағы көзқарастар жинақталып келеді. Қазақ лингвомәдениеттану саласын одан әрі жетілдіру үшін маңыздысы – лингвомәдени бірліктердің сөздігін құрастыру. Сөздік көлемінде жинақталған тілдік фактілер тілтанымның сан салалы тармақтары бойынша бірнеше лингвистикалық және пәнаралық әдістер арқылы талданғанда, мәселе айқындала түседі. Бұл зерттеу жұмысының басты мақсаты – сөз болып отырган салаға қатысты кейбір мәселелерді талдай отырып, лингвомәдени мазмұндағы көріктеуіш құралдарды білім беру жүйесіне енгізуінде жолдарын қарастыру, сол арқылы білікті лингвомәдени құзыреттілігі қалыптасқан тілдік тұлғаны қалыптастырудың әдіс-тәсілдерін ұсыну. Білім беру бағдарламаларында фразеология, мақал-мәтелдер жайындағы мағлұматтар халықтың ой-санасындағы, қабылдауы мен түсінігіндегі индивидуалды-психикалық, логикалық-философиялық, әлеуметтік-мәдени мазмұнды тілдік бірліктермен – көріктеуіш құралдардың негізгі тұрлерімен және оларды оқыту мен менгертудің жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерімен

толықтырылуы жөн деп есептейміз. Актілердің констатациясы мен түсініктемесі болуы қажет, бір жағынан бұл жеткіліксіз, лингвомәдениет саласының ілгері дамуы үшін мәдениеттің белгісі болып табылатын тілдік бірліктердің терең семантикалық құрылымын және функционалды тұрғыдан сан түрлілігін анықтау өзекті болып саналады.

Көріктеуіш тілдік құралдар *mass-media тілінде* ерекше орын алады. Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың басты сипатына ғылыми енбектерде негізінен көркем әдеби шығармалардың тілдік-жанрлық ерекшеліктері тірек болып келгейн белгілі. Сөйтіп, көріктеуіш тілдік құралдардың функционалдық стильдердің басты түрлері бұқаралық ақпарат құралдарында қолданысы жекедара талдана қоймаған. Шын мәнінде, бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде, олардың жазба нұсқалары – мерзімді басылымдар қазақ тіліндегі көріктеуіш құралдардың барлық ерекшеліктерін дамыта алады.

Масс-медиа – бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) дегенмен, тең мағынада қолданылып келе жатқан жана ұғымдардың бірі. БАҚ түсінігіне қарағанда, масс-медиа ұғымының ауқымы кеңдігі байқалады; бұл баспасөз, телевизия-радио, кино, интернет-технология салалары арқылы сөзбен, дыбыспен және визуалды түрдегі ақпараттың орталықтандырылған таратылуы болып табылады. Қазіргі кезеңде масс-медиа ресми түрдегі ақпарат жеткізуі ғана емес, сонымен қатар көңіл-күйге әсер ететін, қоғамдық пікір қалыптастыратын кең арнаға айналуда. Бұғынгі бұқаралық ақпарат құралдарында кері байланыс та бар, яғни бұқаралық ақпарат құралдарындағы материалдардың берілуінде оқырмандар, көрермендер мен тыңдаушылар пікірі де тікелей араласуда.

Қазақ тілтанымында бұқаралық ақпарат құралдары кең дәрежеде зерттелген. Функционалдық стильдердің бұл тармағы қазақ әдеби тілінің тарихы мен қолданбалы мәселелері тұрғысында диахронды және синхронды жақтарынан үнемі талданып келді және бұл жұмыстар жалғастырылуда. Оның бірнеше себептері бар; оның ең бастысын белгілі ғалым, академик Р. Сыздық атап көрсетті, ол БАҚ қатарында, әсіресе баспасөз тілінің (кеңінен алғанда публицистикалық стильдің) әдеби тіл қаттауларының барлық динамикасын, әдеби тілдің нормаларын танытуы мен қалыптастыруы, сөз мәдениетінің қазіргілік сипаттарына қалың жүртшылықты мойыннатуы (сөйлеу мәдениетіне үлгі болуы) жақтарынан доминант стильге айналғандығын айтқан болатын [89].

Әрине, БАҚ тілі мен стилі сөз болғанда, бұл саланы зерттеген ғалымдардың елеулі үлесі бар екендігін айрықша атауға тиіспіз. Қазақ әдеби тілінің негізгі ғылыми бағыттарын қалыптастырып, орнықтыруда көшбасшы ғалымдар А. Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбанов баспасөз материалдарын негіз етті. Кейінгі кезеңдерде тілтанымдағы негізгі бағыттарға сәйкес тілші-ғалымдар И. Кенесбаев, М. Балақаев, Р. Сыздық, Б. Әбілқасымов, Ш. Сарыбаев, Ә. Айтбаев, Е. Жанпейісов, О. Бұркітов, А. Алдашева, Ш. Мәжітаева, Б. Момынова мерзімді баспасөз тілінің тілдік-стильдік жан-жақты қырларын зерделеді. Соңғы жылдары БАҚ тілін тұтас медиа-мәтін ретінде алып, оны тыңнан қарастырған ізденіс жемістері, ғылымға соны бағыт әкелген зерттеулер де пайда бола

бастауда. Бұның алдыңғы қатарында ғалым Қ. Есенованаң жұмысын атауға болады. Біздің жұмысымыздың нысанасына қарай ғалым Қ. Есенованаң ғылыми тұжырымдарындағы маңыздысы және осы жұмыс үшін сілтеу-тірек боларлық пікірлер аса құнды; олардың қатарында төмендегілерді көрсетеміз:

- ғалым медиа-мәтінді ақықат болмысты бейнелейтін күрделі модель ретінде қарастырады;

- қазіргі баспасөздің тілінде шығармашылық, коммуникативтік және прагматикалық еркіндіктің бар екендігін айтады;

- баспасөз мәтінінде қарқындандырығыш тілдік құралдардың бар екендігін көрсетеді;

- медиа-мәтін ғаламның ақпараттық бейнесін жеткіzetін негізгі құрал екендігін дәлелдейді [35].

Осыған байланысты ғалым Қ. Есенова қазіргі газет мәтіндерін негіз ете отырып, олардағы коммуникативтік мақсаттан туындастырын коммуникативтік стратегияны атап өтеді. Ғалымның тұжырымдауынша, коммуникативтік стратегия – сөйлеушінің «ойға алғанын жеткізу үшін қолданатын сөйлеудің формасы мен мәнін тандаудың жоспары. Өйткені стратегия белгілі бір мақсатқа жету degі әрекеттің барысын ұйымдастырады» [35, 21].

Мерзімді баспасөз құрылымы жанры мен тақырыбы жағынан сан түрлі болатындығы белгілі. Жалпы, ғалымдар газет мәтінінде «стильдердің араласуы» жоғары екендігін, фактілік, талдамалық ақпаратты жеткізуде тіл қорының барлық дерлік бірліктері қолданылатындығын көрсетеді. Оның үстіне қазіргі қазақ баспасөзі ақпарат беруші функциядан гөрі қабылдаушыға әсер ету функциясын үstem етеді. Сондықтан қазақ баспасөзінің қазіргі тілінде еркіндік, ақпаратты жеткізуде тілдің образды нұсқаларын, оның ішінде көріктеуіш құралдарды пайдалануы басымырақ көзге түседі. Әсіресе ғалым Қ. Есенова атап өтетін ғаламның ақпараттық бейнесін жеткіzetін көріктеуіш тілдік құралдардың қолданысы қөлемі мен сапасы жағынан аса жоғары. Көріктеуіш тілдік құралдардың тілдік (язық) және сөйленіске (речь) тән, авторлық, индивидуалды қолданыстары фактілік ақпаратты коммуникативтік стратегияны атқару мақсатында жиі пайдаланылады. Бұрынғы кезендерде осындай авторлық, индивидуалды қолданыстар сөз мәдениеті тұрғысынан көбіне-көп стильді ауытқушылық тұрғысында бағаланып келген еді. Қазіргі тұстағы тілдік бірліктерді пайдаланудағы еркіндік мәселеге жаңа бағыттардың аспектісінен қарауды қажет етеді. Адресанттың (газет мәтінін жазушының) тілдік бірліктерді пайдаланудағы еркіндігі қазіргі кезенде антропоөзектік бағыт тұрғысынан да талдануы қажет.

Орта есеппен 290 тілдік бірліктен тұратын «Ұлт рухына дем берген. Белгілі қаламгер, киносценарист, аудармашы Жұмабай Тәшенов биыл 90 жасқа толар еді» деп аталатын газет мәтіні («Түркістан» газеті, 2015 жыл, 5 қараша) негізінен фактологиялық ақпарат беруді мүдде еткен. Онда публицистикалық стильтеге тән стиЛЬДІК байлаулы лексикамен қатар нақты фактілерді дәлелдейтін жер-су атаулары (Алматы, Қарақалпақстан, Бесқала – шамамен 5%),

номенклатуралық атаулар (жарияланған еңбек, кітаптар, кинофильмдер атаулары – шамамен 10%), кісі есімдері (Әлия Молдағұлова, Әмина Өмірзакова, Шәмшет, Құнжан, Қадір Мырза-Әлі, Иран-ғайып, А.Фадеев, Н.Некрасов және т.б. – шамамен 10%) қолданылған. Сонымен қатар автордың коммуникативтік стратегиясы оқырманға әсер ету, пікірге қозғау салу болғандықтан, көріктеуіш тілдік құралдардың сан түрі кездеседі. Олар шамамен мәтіннің 30%-ын құрайды. Талданып отырған мәтінде пайдаланылған көріктеуіш тілдік құралдарды тіл (язык) және сөйленіс (речь) түрғысынан шартты түрде екі топқа бөлуге болады (Кесте 2). Олардың бірқатары тәмендегі кестеде берілген.

Кесте 2 – Газет мәтініндегі көріктеуіш құралдардың қолданысы

Тіл қорындағы тұрақты көріктеуіш құралдар	Авторлық қолданыстар	Авторлық көріктеуіш құралдардың түрлері
еңбек торысы	дарындарды бағалау	<i>синекдоха</i>
	төзімділердің катарында	<i>синекдоха</i>
ләзатт алу	Бұл жер қазақ қолынан мәңгілікке сусып кетті	<i>кейіптеу</i>
сөзін сатпау		
білкке шығу	белгісіз мұн	<i>метонимия</i>
ес жиып, етек жабу		
сөз сиқыры	көкірегіне қонған сөз өнері	<i>метонимия</i>
қолғанат болу	соғыста шыныққандар	<i>синекдоха</i>
көнілге түю	алмас сынды сан қырлы	<i>тенеу</i>
тер төгу	өмірдің тауқыметі	<i>метафора</i>
алдын орау	әдебиеттің есігі	<i>перифраза</i>
жолын кесу	көрерменнің көзайымы	<i>перифраза</i>
жігері жасу	мәреден сүріну	<i>метафора</i>
көнілі толмау	айдың жарығын етекпен көлегейлеу	<i>синекдоха</i>
еңбек сіңіру	кездескен кіrbіндер	<i>метонимия</i>
күдер ұзу	театрды дүрілдету	<i>кейіптеу</i>
	дарқан талант	<i>метафора</i>
	атажүрт	<i>перифраза</i>
	сәбижүрек	<i>метафора</i>
	алтын әрінпен	<i>эпитет</i>

Мерзімді баспасөз тілі (кең көлемде атағанда публицистикалық стиль) – казақ әдеби тілінің барлық мүмкіндігін көрсететін әрі сақтайтын маңызды сала. Оқырмандарды сауаттылыққа, сөздерді, тіркестерді дұрыс айтуға, жазуға үйрететін тәрбие құралы болып табылады. Публицистикалық стилде жазылатын шығармалардың басты белгілері – әсер ету, иландыру, императивтік (ұstemдік), көпшіліктің назарын аудару, сендіру, саяси бағыттың айқын болуы. Бұл барша тілдердегі публицистикалық стилге қойылатын талап. Ал осы талаптардың орындалуы жеке тілдердің өзіндік ұлттық ерекшеліктерімен тікелей байланысты жүзеге асады. Жоғарыда келтірілген мысалдарда тілдік көріктеуіш құралдардың прагматикалық қуаты аса күшті. Сонымен қатар автор тарапынан қолданылған екі құбылыстың қарым-қатынасының ұқсастығынан немесе контраст болуынан пайда болғандар (метафора); мағынасы тығыз байланыстағы сөздермен қайтадан атау (метонимия); тұтастық пен жекелікті сәйкестендіру (синекдоха); ұғымның, құбылыстың аса маңызды жағын айрықшалап сипаттау (перифраза) және басқалар тәрізді мағыналарды мазмұндалап тұрған сан алуан тілдік бірліктер – қазіргі казақ масс-медиа тілінде кездесетін көріктеуіш құралдардың басты белгілері. Атап өтетін жайт – тілдік көріктеуіш құралдардың лингвомәдени мазмұны жоғары екендігі, олар адресат үшін жоғары деңгейде түсінікті екендігі дау тудырмайды. Авторлық қолданыстарға келетін болсақ, олар алдымен ғалым К. Есенова көрсететіндей, жоғары прагматикалық әлеуетке ие, «олардың прагматикалық әлеуеті семантикалық аясының кеңдігіне, ... қолданыстардың түрленуге, трансформациялануға бейімділігіне және экспрессивтілік мәнінің жоғарылығына тікелей тәуелді болады» [35, 10]. Бұл арада ғалым семантикалық аясының кеңдігі дегенде, ұлттық мәдени мазмұнға ие сөздердің маңыздылығын айтып отыр деген ойдамыз. Осы тұрғыдан қарасақ, мысалы, қазақ қолы, төзімді, көкірек, тауқымет, көзайым, ай, жарық, етек, дарқан, атажұрт, сәбижүрек типтестердің қазақ тілін ана тілі ретінде ұстанушының – тілдің төлиесінің санасында белгілі бір ассоциация тудырады, әсер қалдырады, өйткені олар ұлттық тіл мен ұлт мәдениетінің өзара қарым-қатынасынан пайда болып, тілдің төлиесінің санасында орныққандар.

Көркем публицистика авторлары өмірдің өзекті мәселелерін оқырманға әсерлі жеткізу үшін бейнелеуіш сөз орамдарын таңдаланады. Бұл ретте ауызекі сөйлеу тілінің құрылымдары маңызды рөл атқарады, өйткені әсерлі сезімді көпшілік жүргегіне өз тілімен жеткізгенде ғана түсінікті болады.

Көркем публицистикалық шығармаларда функционалдық стильдің заңдылықтарына орай тілдік нормалар берік сақталады, сондықтан эмоция мен экспрессивтілікті жеткізу мүмкіндігі шектеулі. Дегенмен шебер публицист тілдік құралдарды ұтымды пайдалана отырып, кейіпкердің немесе өзінің нақты адами қалпын, адамгершілігі мен азаматтық позициясын, қоғамдық-әлеуметтік, саяси өмір шындығын және, ең бастысы, өзінің көніл күйін накты суреттей алады. Демек, көркем публицистикалық туындыда да шынайы көркем образ жасау мүмкіндігі бар. Р. Сыздықтың: «Көркемдік пен образзылық (бейнелілік)

тек көркем әдебиетке ғана тән емес, публицистикадан да, тінті ғылыми әдебиеттен де табылады» – деген пікірі осы ойымызды растай түседі [97,173].

Қазақ әдеби тілі функционалдық стильдерінің қатарында деректі шығармалар да бар. Бірақ бұл тармақ арнайы зерттеу нысанасы бола қоймаған. Бұған себеп, шамасы, өткен ғасырда қазақ тіліндегі деректі шығармалардың аз көлемде көрінуінде болса керек. Ал қазіргі кезде жекелеген қоғам қайраткерлерінің, атақты адамдардың, тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі арқау болатын, бір жағынан, деректі, екіншіден, көркем-публицистикалық шығармалар молайды. Олар құрылымы мен стилі, атқаратын функциясы жағынан публицистикалық және көркем әдебиет стильдеріне жақын келеді. Деректі шығармалар қай жағынан да болса, осы екеуіне ұқсас түсіп жатады. Егер белгілі бір жанрлық ішкі тармақ деп тану қажеттілігі болса, онда деректі шығармаларды осы аталғандардың біріне қосылатын көркем-публицистикалық шығарма немесе көркем очерк деп атауға болады. Бұлай бөлуді деректі шығармалардың негізгі мақсаты, тілі мен стилі дәлелдей алады.

Көркем-публицистикалық шығармалардың немесе көркем очерк деп аталағын туындының бірі К. Оразалиннің «Абай ауылына саяхат» атты очерктер жинағынан алынған тілдік фактілер осы ойымызды бекіте түсуге негіз болады. Ең алдымен, экстралингвистикалық сипатына келетін болсақ, бұл кітапта халқымыздың ұлы перзенті Абай ауылының өткені мен бүгіні, Шәкәрім, Мұхтар есімдерімен байланысты тарихи орындар әңгімеленеді. Шынғыс өнірінің тіршілік-тынысы, әсем табиғаты көркем суреттеледі. Абай мен Мұхтар есімдеріне байланысты жерлер тарихы баяндалады, екі алыптың туындыларында суреттелетін кейіпкерлер жайында нақты деректер келтіріледі.

Көркем-публицистикалық шығарма немесе көркем очерк – басқа да публицистикалық шығармалар секілді ұлттық дүниетанымның көрінісі, ұлken мәні бар жанр. Образ көркем шығармаларға ғана тән, очеркке тек нақтылық керек деген пікірде біржақтылық бар. Очеркшіге өмірдің қайнаған ортасында жүрген, сол ортаның елеулі де қалаулы тұлғасы ретінде танылған, болмыс-бітімі үлгі-өнеге боларлық кез келген адам кейіпкер бола алады. Қаламгер үшін очерк кейіпкерінің мінезін, рухани жан-дүниесін, мақсат-мұддесін, ой-сезімін шыншылдықпен суреттеу – образ жасаудағы, характер ашуудағы басты мұрат болса керек. Жазушының міндеті – өмірді көркем нақышпен бейнелеу. Очеркте оқиғалар мен фактілер жаңа мазмұнға ие болады, көркем образға кенеледі. Егер очеркте образдылық болмаса, хабар мен корреспонденциядан айырмашылығы болмас еді. Очеркті образды публицистикадан бөлін қарауға келмейді. Оның әңгіме, повесть, романнан басты айырмашылығы – публицистикалық элементтерінің басымдығында. Очерк өмір шындығын көркем құралдардың көмегімен (образдылық, портрет, сюжет, композиция, пейзаж т.б.), сонымен катар публицистикалық элементтердің (публицистикалық жинақтау, тарихи параллель, аналогиялық қитата, қифр, құжат, қаулы-карап, өлең-жыр т.б.) көмегімен жеткіzetіні мәлім [31].

Осыған сәйкес талап публицист-очеркшілер алдына шығарманың лексикалық сипатын қоюландырып, экспрессивті реңін әсерлендіре түсү міндегі қойылады. Жоғарыда аталған деректі шығармада жиі кездесетін сөздің бірі – «шенгел». Әдетте, «шенгел» сөзі тұра мағынасынан гөрі коннотатты мәнде көбірек жұмсалады, негізінен бірнеше сөзben ғана тіркесіп (мысалы, қанды шенгел), эмоционалды реңк құрайды. Ал автор бұл сөзге ерекше мән берін, экспрессивтілігін күшайте түскен. Деректі шығармадан мәтін ұсынамыз: «Тұтас халыққа түскен ашаршылықтың ауыртпалығын Абай жерлестері көтере алмай, туған жерлерінен қоныс аударып, өлімнің қанды шенгелінен аман қалу үшін шет жерлерге тентіреп кетті». Мұндағы шенгел сөзінің түсіндірмелі сөздіктегі мағынасы: 1. Аңшы құс аяғындағы төрт саусағының сыртқы жағындағы шынашағының атауы. 2. Саусақтарының тарбыи тарбияның көзінде ашаршылықтың қындығын, ауыр кезеңді суреттеген. Сонымен қатар шенгел сөзін *ашаршылықтың қанды шенгелі, аштықтың қанды шенгелі* тіркестерінің құрамында кездестіреміз. Осы бір ғана факт, яғни бір сөздің бірнеше жаңа тіркестер жасауы және оның деректі шығармаларда қолданысы сөз болып отырған тармақтың бір белгісін танытады.

Шығармада *әсем астана, жарқын бейне, әсем дауыс, терең ой, күміс көмей, дүлдүл әниші, көрікті жер* секілді тіркестерден автордың қазақ әдеби тіліне тән сөз орамдарын, тұрақты элементтерді, қалыптасқан, көсемсөз иесіне тән тіркестерді көнінен пайдаланған. Қазақтың сан ғасырлық тарихында ерекше орын алатын ұлы ақын даралығын таныту мақсатында экспрессиясы мол сөздер өз орнын тапқан. Мысалы, қанатты ой иесі, қыранның көзі тіркестері көпшілік қаламынан табылмайтын жеке авторлық, яғни окказионал тіркестер болып табылады.

Автор заттың, құбылыстың ерекше бейнесін көрсету үшін эпитеттерді молынан жұмсаған. *Айдыны шалқар арналы Ертіс, лоблыған көңіл, салалы сақалы, тік жағалы қамзол, жалынды большевик, беделді жасас, жылы жүрек, озық қауым, жылы сөз, кең пейіл сияқты тұрақты* эпитеттермен адам портретін жасау кезінде кейіпкерлердің келбетін көз алдымызға әкеледі. Мысал ретінде мына бір үзіндіні алайық: «*Оң жақтан санағанда ортадағы қатардың алдыңғы қатарында 18 жас шамасындағы бойшаң әрі сұлу қазақ жігіті отырды. Сыртынан қараганда, ерекше ұқыпты күнген, өзіне жарасымды, қою қара шашы бар, бет бейнесі сәл сарғыштау келген, қалың ерінді, қыр мұрынды, ойлы қара көзді және биік маңдайлы жігіт – Мұхтар Әуезов еді*». Осы үзіндінің өзінен-ақ оның қандай адам екенін, автор қай қырынан көрсетпек болғаны байқалады. Сыртқы келбеті М. Әуезовтің өте мейірімді, келбетті, айрықша саналы, жауапты адам екенін айтып тұрғандай. Автор оны оқырманы сүйсінгендей етіп суреттейді. Сондай-ақ зор денелі, сұйық мұртты, шоқша сақалды, қоңырқай өңді адамның бет-әлпетін суреттейтін эпитеттер кездеседі.

Шығармада арнайы тілдік құралдардың ішінде көп қолданылатыны – теңеу. Теңеу – қазақ көркемсөз өнерінде ертеден қолданылып келе жатқан бейнелеуіш тәсіл. Сөз болып отырған еңбекте теңеу қарапайым түрде ғана жұмсалады. Яғни -дай, -дей, -тай, -тей қосымшалары арқылы және ұқсас сөзінің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы, ордалы жыланга ұқсас, суліктей саудагерлер, құландаі жүйрік, жыландаі шұбар, арыстай азамат, түйедей палуан, бұтақтай шымыр.

Байқалып отырғанындай, деректі шығармалардың тілі мен стилінде көсемсөз стиліне тән ортактықтар бар. Бір ғана шығарманың тілінен келтірілген фактілер деректі туындыларда стандарт тілдік орамдармен қатар бағалауыш лексика үлгілерінің, көріктеу құралдарының, жалпыхалықтық тілдік қор элементтерінің (жергілікті тіл ерекшеліктері мен сирек қолданыстағы сөздердің, тарихи сөздердің) жан-жақты пайдаланылатынын көрсетеді. Осы түрғыдан қарағанда, деректі шығармалар тілі мен стилі жағынан көркем әдебиет стиліне жақын түрады. Алайда жанрдың осы түрі, бір жағынан, насиҳаттау, екіншіден, нақты ақиқат шындыққа негізделген мәліметті жеткізу, оқырманға әсер ету жағынан публицистикалық стильге орайласып, ақпараттық-әсер ету қызметтерін де атқарады. Демек «деректі шығармалар тілі мен стилі жағынан қазақ әдеби тілінің функционалдық стильдерінің қай тармағының қатарына ішкі жанрлық түр ретінде ене алады?» деген сұрақ туындаиды. Оның себебі ішкі саланың жеке-дара зерттелмегендігіне, қазірге дейінгі еңбектерде оның функционалдық стильдердің қайсысының қатарына енетіндігінің анықталмағандығына байланысты болып отыр. Академик Р. Сыздық қазақ функционалдық стильдерінің ішкі жанрларға бөлінуінде, жалпы функционалдық стильдердің анықтамасының қалыптасуында қазақ тіл білімінде шетел лингвистикасында орнықкан тұжырымдар «сөзбе-сөз аударылып», қолданылып келе жатқандығын көрсетеді [97]. Бұны айтып отырған себебіміз – функционалдық стильдер қаншалықты зерттелді десек те, қазақ тілінің қазіргі дамуы мен қоғамдағы жаңғырған өзгерістер және оның тіл құрылымына тигізін отырған зор ықпалы бірқатар мәселелерге жаңаша қарауды қажет етіп отыр. Қазіргі публицистикалық стильдің ішкі тармақтарының қай-қайсысында болсын, нақты стильдік белгілер байқалмайды. Бұл сала, соның ішінде деректі әңгімелер де тілі мен стилі жағынан бұрыннан қалыптасып қалған бөліністерден басқаша сипатта. Өйткені функционалдық стильдердің тарамдалуы, бірінің қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде баяу немесе қарқынды дамуы тіл қозғалысының өз зандалықтарынан тыс тұратын жағдайларға, яғни экстралингвистикалық факторларға байланысты. Мысалы, казақ ресми іс-қағаздарының тілі мен стилі соңғы онжылдықтарда қоғамның әлеуметтік-мәдени талаптарына қарай маңызды салаға айналды, стильдік белгілері айқындалып, дербес стиль ретінде таныла бастады. Сондай-ақ «діни әдебиет стилінің, әзіл-оспақ стилінің және салтанатты стильдің» белгілері де қалыптаса бастады. Көсемсөз стилінің жанрлық-құрылымдық сипатында да бірқатар ерекшеліктер байқалады. Осы себепті көсемсөз стилінің жалпыға

түсінікті, кең адресатқа арналған, ақпарат беруден гөрі әсер ету қызметі басым болып отырған қазіргі жағдайында ішкі құрылымдық лингвистикалық талдау жасайтын тұстары анық байқалады. Дегенмен тіл дамуының қазіргі кезеңінде тілдің әлеуметтік мұддені көздел қолданылу жағдайы басым. Накты айтқанда, барлық тілдік құралдар, оның ішінде стандартты тілдік құралдармен қатар тілдің көріктеу құралдары – теңеулер мен эпитеттер, тұрақты тіркестер мен канатты сөздер, автор тарарапынан жасалатын бірқолданысты тілдік бірліктер – қазіргі қоғам мүшелерінің әлеуметтік жағдайы, жас мөлшері, білімі мен қоршаған ортасына қарай топтастырылады. Осыған байланысты публицистикалық стильдің негізгі саласы болып табылатын мерзімді баспасөздің өзі әлеуметтік ерекшеліктерге қарай тілі мен стилі жағынан тарамдалып кетеді.

1.4 Коріктеуіш құралдар компоненттері: семантикалық және компонентті талдау

Қазақ тіліндегі көріктеуіш құралдардың жалпы табиғатын, көркем туындыда (мәтінде, мәнмәтінде) қолданылу ерекшеліктерін және қолданылуының себептерін анықтау барысында олардың құрамындағы әрбір тілдік бірліктің мағыналық құрылымын, семантикасын, тіркесімділік қабілетін, тіркескен сөздің семантикалық интерпретациясын, тіркесім құрамындағы мазмұндық семантикалық қатынастарды зерделеу маңызды және қажетті. Бұл арқылы мәтін авторының лингвистикалық және лингвомәдени құзыреттілігінің деңгейін бағамдауға болады. Нактылай түсер болсақ:

- бұл, бір жағынан, әдебиеттану ғылымы тұрғысынан қарағанда, мәтін (көркем туынды) авторының жазушылық шеберлігін белгілейді, өйткені адам аса күрделі ақпараттық жүйеге ие; оның образдарды танып-білу қабілеті де аса күрделі;

- өйткені көріктеуіш құралдар танымның әмбебаптығының белгісі, психолингвистика аспектілерінен қарағанда, адамның қоршаған ортанды образды бейнелеуі, яғни көріктеуіш құралдардың пайда болуы адамның шығу тарихымен, оның мәдениетті қалыптастыра бастауымен байланысты, бұл көріктеуіш құралдардың лингвомәдени сипатының да күрделі екендігін көрсетеді;

- екіншіден, осы зерттеудің нысанасына орай мәтін авторының лингвистикалық және лингвомәдени құзыреттілігінің көлемінің, деңгейінің қаншалықты екендігі көріктеуіш құралдардың қолданылу себептерінің объективті немесе субъективті себептерін танып-білуге, олар бойынша тілтаным тұрғысынан ғылыми-практикалық қорытындылар жасауға мүмкіндік ашады;

- қорытындылар негізінде қазақ тілінің жалпы қорындағы көріктеуіш тілдік құралдардың диахронды-синхронды сипаттарын, тұрақты ұлттық сипатқа ие көріктеуіш құралдардың қазіргі пайдаланылу көрінісін, авторлық,

окказионалды көріктеуіш құралдардың пайда болу себептерін объективті түрде бағалауға болады.

- және осы нәтижелерді білім беру жүйесінің оку-әдістемелік базасында біліктілікпен пайдалануға, оқушылардың білімін терендетуге және орнықтыруға жол ашылады.

Сөз мағынасын зерделеуде теренірек қарастырылған, көптеген еңбек арналған тұстардың бірі – сөздің көп мағыналылығы (полисемия). Шын мәнінде, полисемияны танып-білу нақты бір сөздің басқа да сан түрлі сипаттарын – стильтік және авторлық (бірқолданымдық) қолданыстарын, сигнификативті, денотатты, прагматикалық компоненттерінің пайда болуын дәлелдеуге, зерттеуге мүмкіндік береді. Өйткені полисемия ұғымы нақты бір сөздің бірнеше мағынаны (семема) иеленуі дегенді білдіретіні белгілі, яғни сөздің әртүрлі заттарды, құбылыстарды, үдерістерді, қасиет-сапаларды және қарым-қатынастарды белгілей алатын қасиеті бар. Лексикалық категория ретінде полисемия – бір сөздің нысаны (формасы немесе лексема) арқылы берілетін іштей өзара байланыстағы (үәждемелік сипаттағы) мағыналардың семантикалық қарым-қатынасы. Егер сөздің туынды мағынасы пайда болғанда, онда бастапқы мағына сақталып, байқалып тұратын болса, онда бұл сөз көп мағыналы деп бағаланады. Көп мағыналы сөздің формалды белгісі оның басқа семантикалық топтарға жататын сөздермен тіркесімге түсу қабілеті, грамматикалық түрленісі семантикалық барабарлығы болып табылады.

Ал бұл жайттар мәтін көлеміндегі позицияда одан әрі өзгере түсүі де мүмкін. Дәл осы арада, яғни сөздің мәтін позициясындағы өзгерісінде сөздің лингвомәдени сипаттың біліп қолданудың маңыздылығы басталады.

Сөздің семантикасы жайында елеулі зерттеулер бар болғанымен, сөздің мағынасына үңіліп, оны тану қазіргі кезде бірқатар күрделі сипатқа ие болып отыр. Семасиология саласының алғашқы даму кезеңінде тұра және ауыспалы мағына, сөздің көп мағыналылығы жайттары анықталғаны белгілі; кейінгі еңбектерде сөздің референциалды, сигнификативті, остенсивті мағыналары талдана түсті. Ал бүгінгі танда сөз семантикасының күрделі сипатқа ие болуының басты себебі – тілді зерттеуге антропоөзектік, когнитивтік, лингвомәденитанымдық аспектілердің, мәтінтану салаларының әдістәсілдерінің беделді түрде негіз бола бастауы. Жеке тұлға (мәтін авторы) қоршаған ортаны әрдайым тану үстінде болады; осы тану қабілетінен образ пайда болады; ал образдар әр жеке тұлғаның интеллектісіне байланысты әртүрлі; интеллект деңгейі әр басқа адамның коммуникативтік актіге қатысуы кезінде әр басқа образдар қолданыска түседі. Осы себепті сөздің семантикасы талданған кезде қазіргі кезеңде жеке адамның когнициясына мән беріле бастады, ал бұл үшін жоғарыда аталған жаңа ғылым салаларының әдістері мен талдау жолдары көмекке келеді. Дәлірек айтсақ, белгілі бір тілдегі белгілі бір сөздің барша табиғатын танып-білуде құрылымдық нысаннан гөрі *mil* – ұлт – мәдениет тұстасығы арқылы талдау маңызды болып отыр.

Сөз семантикасы қарастырылған іргелі еңбектердің қатарында Д.Н. Шмелев («Проблемы семантического анализа лексики»), Л.А. Новиков («Семантика русского языка»), А.А. Уфимцева («Лексическое значение. Принципы семасиологического описания»), Л.М. Васильев («Современная лингвистическая семантика»), Ю.Д. Апресян («Исследования по семантике и лексикографии»), Е.Г. Беляевская («Семантика слова») сияқты белгілі ғалымдардың зерттеулері бар. Зерттеудерде негізінен семантикалық талдау және синхронды лингвистикалық баяндау әдістері басшылықта алынған. Сонымен қатар маңызды қазақ лексикографиялық еңбектер де мол мәлімет бере алады.

Зерттеудегі көзқарастарды жалпылай қорытындылағанда, семасиология бойынша бір мағыналы сөз және көп мағыналы сөз деген терминдер аталады. Әдетте, бір мағыналы сөздің басты белгісі оның семантикалық құрылымында денотативті және коннотативті компоненттердің болуы деп саналады. Дегенмен коннотат компоненттің болуы бір мағыналы сөздің мәтін позициясында түрлене беретіндігіне дәлел бола алады.

Мысалы, *тоқым* – этнотермин; оның анықтамасы «ер-тұрман жабдығының бірі» [59, Т.9, 176]. Осы сөздің этномәдени ұғымы этно- және лингвомәдени белгісі бар «тоқымқағар» сөзінің пайда болуына негіз болған. Лексикографиялық еңбектерде «тоқым» лексемасының коннотатив мағынасы көрсетілмеген.

Сонымен қатар көркем туындыда *Құдайдың қара жері құрығандай қалқыған телегей теңіздің қақ ортасындағы тоқымдай көп аралды қуалай салынған, қайда барсаң да сыз исі, қарагай исі аңқып, қайда барсаң да-жасаңқа шашылып жатқан жаңа шаһарда бұлар бұрыннан да білетін бірдеңе кезіксеши, сіра!* (Ә. Кекілбаев) деген мәннәтін кездеседі, онда «тоқым» сөзі ұқастыру негізінде «кішкентай, шағын» коннотациясы жасалған; мәтіндегі «құдайдың қара жері құрығандай» тіркесі тоқым сөзінің қолданысын «елеуге, пайдалануға тұрмайтын» деген мағынамен толықтыра түседі. Тағы бір мысал келтіреміз. «Кең дала табаныңың астына тығылын, апшысы қуырылып, тоқымдай болады-ау! (С. Елубай).

Бұл ең алдымен мәтін позициясында сөз мағынасының түрлене беретіндігінің бір дәлелі болса, екіншіден, бір мағыналы сөз деген терминнің салыстырмалы анықтама екендігін анықтайты. Сөз ретінде айта кетелік, қазақ тілін бай, образды тіл деп бағалаудың бір негізі осылайша тіпті термин ұғымындағы қазақ сөзінің pragmatикалық, стильдік мүмкіндіктерінің көндігіне байланысты.

Көптеген еңбектерде көп мағыналы сөздің құрылымындағы уәждемелік байланыстың екі негізі анықталады; олар – аралық байланыс (метонимия) және ұқастық бойынша байланыс (метафора).

Бұз кезде тұн етегі түріліп, шығыс тұстан қауын тіліктей сарғайып имек ай туып келе жатқан. Қараңғылық сейіліп, сол сирек жүлдышды аспан, астында мұлгіген үйлер томпиып көзге анық көріне бастады (С. Елубай) деген

мәнмәтінде имек ай (метафора), қауын тіліктей (теңеу), мұлгіген үйлер (метонимия) типтес көп мағыналы сөздердің өзгерістерін көруге болады. Тілдік бірліктердің мағыналық құрылымын сипаттаудың тиімді жолдарының бірі – оларға тікелей семантикалық талдау жасау. Семантикалық талдау арқылы лексикалық мағынаны зерттеудің әдістерін және мағынаның құрылымын белгілеуге болады.

Семантикалық талдаудың басты мақсаты – тілдік бірліктердің мағыналық құрылымының жалпы, айқын көзге түсептін және өзіндік ауыспалы жіктемелік белгілерін анықтау. Сөздің лексикалық мағынасының жіктемелері оның парадигматикалық, синтагматикалық байланыстары, мәтіндегі қолданылу көрінісі (демек, стильдік қолданысы, эмоциялық-экспрессивтік реңктері) арқылы айқындалады. Ал қазіргі кезде осы аталғандармен қатар сөздің мағынасының ұлттың мәдениеті мен ойлау-пайымдау өрісіне қашалықты қатысты екендігін ескеру семантикалық талдаудың маңызды бөліктеріне айналуда.

Бұл ретте зерттеушілердің пікірінше, көріктеуіш құралдардың құрамындағы компоненттердің семантикалық талдауы қызығушылық тудырады. Өйткені меншіктік авторы жоқ халықтық қазына, оны кез келген қаламгер сөзінен табуға болады, олар бірте-бірте бейнелілік қасиеті солғында, омонимге айналуы мүмкін, тінті тұрақты сөйлеу штампына айналуы мүмкін дәстүрлі көріктеуіш құралдар, өзіндік тұжырым жасалған, авторы болатын индивидуалдық көріктеуіш құралдар болады. Мысалы, көзben көріп, қолмен ұстаптаңадай, қолымен от көсеп; көңілі су сепкендей басылу; қол ұшын беру; төбесі көкке жету, екі езуі екі құлагына жету; айы оңынан туып, тасы өрге домалап; қос қолын бірдей көтереді; көз майын аямай сарқып, қалтасын әбден қаққан, зарығып көрген; көздеріне шоқтай басылады; көздің жасуын алады (Ә. Кекілбаев) дегендер дәстүрлі көріктеуіш құралдардың үлгілері.

Ал осы көрсетілген шығармада қолданылған қалың қиял, тоқым-тоқым аралдар, шен-шекпенсіз бүгежек күннен де құтылды, терең дерт, тылсым шер, лып-лып лұпілден, дір-дір сілкініп көзінен ыстық моншақтар секіріп-секіріп кетті тәрізділер – индивидуалды көріктеуіш құралдардың нұсқалары. Дәстүрлі немесе тұрақты көріктеуіш құралдардың құрамындағы компоненттердің уәждемелігі айқын болады, ал авторлық тұрғыдан жасалғандарға семантикалық талдау қажеттігі туынрайды, бұл арқылы лексикалық тілдік бірліктердің тіркесімділік мағынасы ашылады да, осы жайт одан әрі әрбір сөздің мағыналық, лингвомәдени ерекшеліктерін дәлелдеуге жол сілтейді.

Сөздің семантикалық құрылымы күрделі. Лексикалық семантика сөздің білдіретін мағынасын зерделейтіндігі белгілі. Ал мағына дегеніміз орыс тіл білімінде былайша анықталады: «Значение – то, чем данный объект является для людей, находящихся в процессе житейской, эстетической, научной, производственной, общественно-политической и другой деятельности» [98].

Бұдан көрініп отырганындағы, сөз мағынасы түрмистық, эстетикалық, қызметтік немесе ресми-іскери, саяси-әлеуметтік мақсаттарда қолданысқа түскенінде түрлене береді. Түрленістер сөздің ішкі мағынасына байланысты.

Сөздің ішкі мағыналық құрылымы туралы көзқарастар әртүрлі мазмұнда. Дегенмен қазіргі кезде сөздің мағыналық құрылымын анықтау екі бағытқа негізделген: бірі – сөздің лексикалық-семантикалық варианттарының болатындығы; екіншісі – тілдік бірліктің мазмұндық жағын компонентті талдау арқылы бөлшектеу-ажырату; ең қарапайым мазмұндық бөлшектердің жиынтығы екендігін дәлелдеу; талдау кезінде пайда болған ең қарапайым бөлшек *сема* деген, ал лексикалық мағына *семема* немесе *семантема* деген атауға ие болғаны белгілі.

Сема – лексикалық мағынаның (семеманың немесе семантеманың) әрі қарай бөлшектеуге келмейтін бөлігі. Сөз мағынасындағы семаны анықтау компоненттік талдау және бинарлық оппозицияларды қатар орналастыру арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, қалың – жұқа қатарлары қарама-қарсы қою семасы арқылы белгіленеді.

Лексикалық-семантикалық варианттар арқылы мағына құрылымын анықтау сөздің денотатты немесе коннотатты мағыналарын нақтылауда тиімді болып табылады. Компонентті талдау немесе семаларға назар аудару

- әсіресе образды тілдік құралдардың – метафора, теңеу, синекдоха, метонимия типтердің индивидуалды, авторлық түрлерінің құрамындағы лексикалық бірліктің неліктен екінші сөзben тіркеске түскен;

- тіркесім арқылы оның мағынасы қалай өзгерген;
- жаңа туынды мағына пайда болды ма;
- ол мағынаның образдылық, эстетикалық қуаты қандай;
- тіл динамикасындағы өзгерістерге позитивті үлесі бар ма (көрітеуіш құрал бірқолданыс болып дәлелденсе де ол тіл динамикасындағы өзгерістерді таныта алады) деген мәселелерді нақтылауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты сөздің образдылығы теориясында образды құралдардың семалық құрылымын зерттеуге баса назар аударылған. Олардың ішінде көбірек талданғаны – метафора (Ш. Балли, В.А. Звегинцев, Д.Н. Шмелев, Н. Г. Комлев, В.Г. Гак, Н.Д. Арутюнова, М.В. Никитин және т.б.). Бір этнотермин көлемінде сөздің коннотативті, прагматикалық, образдылық және лингвомәдени сипатын талдауға болады.

Жебе – «1. Садақ оғы, 2. Бірдененің сүйір ұшы» [59, Т.4, 44]. Бұл анықтама – белгілі бір заттың сөз арқылы вербалданғандағы денотаттық мағынасы. Лексикографиялық еңбек бұл сөздің *садақ* жебе салу деген синтагмалық белгісін ғана көрсеткен. Қазақ көркем жазба нұсқалары талқыланып отырған лексеманың басқа да қолданыстарын көрсетеді: *Спидометрдің қылт-қылт еткен жебесі шұзыл ойысын, еліге тақап барады* (Б. Соқпақбаев). Спидометр жебесі – метонимия. Басындағы дұлыға, шалқайтып оны киіпсің, Қолыңа ұстап найзаңды, Жебелі садақ іліпсің (Батырлар жыры). Жебесіне ширатады қара мұрттың (Х. Ерғалиев). Әркімнің жасауынгерлік айбаты мен намысқой

қайратын ду-ду қоздыратын жалғыз сөз екі жақтан да сүйлдаган жебедей борап, өршікен үндерін түү-түү қиянга алып кетіп жатыр (С. Сматаев). Талай жүрек жебе жұтып, талай боздақ боздаң қалды (Д. Досжанов) деген мәннәтіндердегі спидометр жебесі – метонимия; жебелі садақ – метафора; қара мұрттың – метонимия; жебе жұту – метонимия; жебедей борау – теңеу сияқты көріктеуіш құралдарда дәстүрлі емес, яғни тұрақты емес, индивидуалды көріктеуіш құралдардың қолданылу себептерін дәлелдеуде мағына компоненттерін ажырату қажет болады.

Жебе – негізгі (тура) мағынасы оқтың түрі. Сыртқы формасына қарай (ұшкір, сүйір болғандықтан) ауыспалы мағына кездеседі: спидометрдің жебесі дегенде «сағаттың тілі» тәріздес форманың жебенің формасына сәйкес келетіндігі негіз болған. Көркем шығармадағы шуылдаган жебедей борау тіркесінде жебе сөзінің ядролық синонимінің (оқ) денотат мағынасы тірек етілген. Ал жебе жұтып тіркесіне келетін болсақ, бұл «қан жұту» фразасының образды-авторлық синонимі. Бұл жайттың барлығы түсінікті деуге болады. Енді осындағы көріктеуіш тілдік құралдардың образдылық функциясының жеткілікті екендігін немесе сәйкес келмейтіндігін дәлелдеу үшін бірнеше лексеманың семалық құрылымын қаруа қажет (Сурет 1).

Жебе сөзінің семалық құрылымын көрсетуге болады:



Сурет 1 – «Жебе» сөзінің семалық құрылымы

Осындай талдаудың қорытындысында жебе сөзі арқылы туындаған индивидуалды көріктеуіш тілдік құралдардың коммуникативтік актіге қатысуын танып білуге болады. Семалық талдау арқылы қол жеткізуге болатын нәтижені былайша қорытындылауға болады:

- «жебе» сөзімен жасалған тұрақты тіркестердің жоқ екендігін ескергенде, көркем әдебиеттегі жаңа нұсқалар (мұрттың жебесіндей, жебедей борау, жебедей суылдау, жебе жүту) казақ тілінің образдылық қатарын толықтыруда позитивті қасиет сапаға ие;

- тыңдан пайда болған көріктеуіш тілдік құралдар казақ тілінің образдылық-эстетикалық кең мүмкіндігін таныта отырып, тіл динамикасындағы жаңалықтарды танытады;

- осындай тың формалар білім беру үдерісінің бағдарламаларына енгізілген жағдайда, әсіресе, білім беру барысында мәнмәтін және тұтас мәтін көлемінде қамтылған жағдайында (мәтін арқылы кеңінен талданатын болса) мектеп оқушысының ана тіліне деген қызығушылығын арттырып, тіл байлығын көтереді және лингвомәдени құзыреттілігін одан әрі дамытады.

Көркем туындыларда «қалың» сөзімен байланысты бірқатар көріктеуіш тілдік құралдар кездеседі. Олардың ішіндегі дәстүрлілері қалтасы қалың; беті қалың; қалың ел; қалың қабақ; қалың бұқара. Лексикографиялық еңбек бұл сөздің анықтамасын былайша көрсетеді: «жұқа емес, қабат-қабат» [59, Т.5, 601]. Сонымен қатар лексикалық-семантикалық варианттары ретінде – көп / мол / тығыз / қою / жіңі мағыналары ұсынылған (қалың көрпе, қалың бұлт, қалың шаш, қалың орман). Осы көрсетілгендердің негізінде «қалың дүрмек», «қалың қиял», «қалың байлықта ие» (Ә. Кекілбаев) деген тіркестердегі көріктеуіш қызметіне негіз болған «қалың» сөзінің қолданылуы объективті.

Көрсетілген ЛСВ-ға негізделе қалың шаш, қалың қас, қалың орман, қалың қол (*көп сарбаз мағынасында*), қалың қабақ, қалтасы қалың тәрізді денотат мағына сақталған тұрақты тіркестер мен дәстүрлі метафора қалыптасқан. Сонымен қатар қалың ой тіркесін де кездестіруге болады, бұл – индивидуалды қолданыстың бір көрінісі: *Менің уәжімнен кейін атам қалың ойға беріліп, біраз уақыт үндеңей отырды* (Қазақ әдебиеті, 2016, 12 мамыр). Қайтадан қалың қиял қолданысына келетін болсақ, онда осы тіркесте лексикалық-семантикалық варианттан гөрі қабат-қабат семасы негіз болғанын байқаймыз.

Сөздің тіркесімділігі кеңейгенде (қараңыз: қалың қиял, тылсым дерт), әсіресе көркем әдебиеттегі еркін қолданыстарда бұл жайттар кей жағдайда стильтік ауытқулар немесе «тіл бұзарлық» тұрғысынан бағаланады. Дегенмен бірқатар лексикалық тілдік бірліктердің осылайша еркін тіркесімдер құрауының себептерін дәлірек анықтау және дәйектеу мақсаттарында сөздің лексикалық мағынасына теренірек талдау жасау қажеттігі туындаиды.

Сөз номинацияны білдіруде ақиқат шындыққа қарым-қатысы жағынан тұра – ауыспалы; уәждемелігі тұрғысынан түбір – туынды; лексикалық тіркесімділігінің тәсілдері бойынша еркін – тұрақты; атқаратын

функцияларының сипатына қарай номинативті – экспрессивті-сионимдік деген түрлерге ажыратылады.

Лексикалық мағынаның әр басқа түрлерін ажырату сөздің семантикалық күрылымын тануға, яғни сөз ішіндегі жүйелі байланыстардың сипатын танып-білуге көмектеседі. Тағы да бір мысал келтірелік. *Соғымның сур етіне тояттап*, *бусанған соңда мейман аман-түгелден артық әңгіме қозғамады* (Қазақ әдебиеті, 2016, 10 маусым). *Тояттау* – «тоя жем жеу», «тоят алу» [59, Т.9, 223]. Тұсіндірме сөздік бұл лексеманың алғыр құсқа байланысты форма екендігін анық көрсетеді: *Қанды етті жесе, бұркіт тояттап, аңға түсе қоймайды* (С. Мұқанов). Рас, сөздік бұл лексеманың ауыспалы мағынасын да белгілейді: «қөңілі толу», «қанағаттану», «риза болу». Осы лексикалық-семантикалық варианттарға қарағанда, жоғарыдағы мәнмәтіндегі «адамның етке тояттауы» ұғымының образдылығы төмен. Сөз мәдениеті аспектісінде бұл «тіл бұзарлық» ретінде бағаланады. Демек, мұндай тіркестердің тіл динамикасындағы позитивтік өзгерістерге сәйкес келмейтіндігін ашық айтуда тиіспіз.

Тіл қоршаған ортада бар заттар немесе құбылыстар туралы жалаң хабар беріп қана қоймайды, сонымен қатар адамның танымдық қызметінің нәтижесі ретіндегі абстракциялық тұсініктерді де репрезентациялайды. Сөздің жалпы белгілері абстракцияланады да, сөзде рационалды танымның – жеке адамның өз қабілеті мен ой-өрісіне, сөздің тұра мағынасынан туындастындарды қалайша өрістете алатынына байланысты нәтижелер бекітіледі.

Объектінің сөз арқылы білдірілетін маңызды белгілерінің жиынтығы сөздің сигнifikаты деп аталады. Сөздің сигнifikаты – сөздің лексикалық мағынасының негізгі өзегі. Тұсіндірме сөздіктерде ең алдымен сөз мағынасының сигнifikативтік қабаттары беріледі, сөз білдіретін маңызды белгілердің жиынтығы шоғырландырылады. Мысалы, Тұсіндірме сөздікте «қалың» сөзінің екі сигнifikатив мағынасы көрсетілген: *жұқа емес және қабат-қабат*. Барлық басқа мағыналар осы сигнifikаттан туындаған. Сигнifikат мағына нақты бір сөздің тұра мағынасымен қатар оны коммуникативтік актінің жағдаяттарына қарай дамыта колданудың мүмкіндіктерін көрсетеді.

Сөз мағынасының сигнifikативтік компоненті ақиқат шындыққа байланысты емес, керінше жеке адамның санасындағы бейнеге байланысты пайда болады. Мысалы, талданып отырған қалың қиял тіркесінде бірнеше сигнifikat айқын көрінеді: қиял лексемасының синонимдік шеткергі қатарларында *арман*, *ой*, *мақсат* лексемалары орналасады. Көркем шығармадағы қолданысының себептерін іздестіре бастасақ, улken *арман*, зор *мақсат*, улken *мақсат*, *терең ой* сияқты қатарлардың семантикалық мүмкіндіктерін анықтауымыз қажет. Осы тіркестердің негізінде *улken* – *зор* – *терең* сөздерінің экспрессивті-сионимдік мүмкіндіктеріне қалың сөзі сәйкес синонимдік-экспрессивтік қатар түзген.

Лексикалық семантика аспектісінде, сөз құрылымына компонентті талдау жүргізілуде сөздің денотат компоненті туралы жиі айтылады. Бұл, бір жағынан, біршама анықталған тұстардың бірі. Бірнеше көзқарастар бар, солардың ішінде ғылыми тұрғыдан мойындалған тұжырым нақтырақ, оны былайша қорытындылауға болады:

- денотат – сөздің сигнификат мағынасына тәуелді; басқаша айтқанда, нақты анықталған мағынаның (мысалы, сөздікте көрсетілген) санада орнығуы; осы сөзге байланысты және осы сөздің мәніне сәйкес келетін тұтас образдың тілді пайдалануышының санасында орнығуы. Айтальық, құс деген лексема арқылы қазақ тілін жетік билетін адам жалпы құс ұғымының көптік мағынасын, жеке құстың түрін (қарлығаш, бозторғай), одан туындастырып еркін және тұрақты тіркестерді (құстай ұшты, құстар қонып отыр) біледі және қолдана алады. «Құс» лексемасы аталғанда қазақ мәдениетінің өкілі, әдетте, *аққу*, *бозторғай*, *қарлығаш*, *қарға* сөздерімен байланыстырады. 1990 жылдарға қарай қазақ мәдениетінде қасқалдақ атауы актуалданды. Когнитивті лингвистикада жалпы атаудың (құс) осындай әртүрлі көріністері мәннің прототипі деп аталады. Мәннің прототипі көріктеуіш құралдарды танып-білуде және олардың құрамындағы сөздерге компонентті талдау жасауда маңызды.

Сөздің сигнификат және денотат мағыналары арқылы жеткізілетін заттың, құбылыстың, түсініктің атаулары, олардың қасиет-сапалары мен кейір ерекшеліктері адам санасында алуан түрде бейнеленетіндіктен, прагматикалық мағына пайда болады. Лексикалық мағынаның прагматикалық қабаты адресат пен қабылдаушы, коммуникативтік акт жағдаяттарында сан түрлі акпаратқа ие болады.

Лексикалық семантика бойынша еңбектерде сөздің образдылығы арқылы берілетін акпарат прагматикалық акпарат (В.Апресян, 1974), сөздің коннотативті белгісі (Телия, 1986), экспрессивті акпарат (Городецкий, 1969), стильдік қолданыс (Винокуров, 1990) деп түсіндірілетінін атап өтеміз. Кейінгі зерттеулерде прагматикалық сипат көбірек қарастырылатындықтан, көріктеуіш құралдардың лингвомәдени табиғатына қатысты осы термин негізге алынып отыр.

Талай жүрек жебе жұтып, талай боздақ боздап қалды (Д. Досжанов) мәнмәтінде көріктеуіш құралдың бір түрі – метонимия, яғни бір-бірімен өзара, іштей байланысты екі түсініктің (қан жұту – дәстүрлі метафора; ол қаза табу ұғымында) орын алмастыруы жүзеге асырылған. Бұл жерде жоғары образдылығы, сөздің коннотациясы, экспрессивтік сипаты, тіпті стильдік қолданыс та бар. Прагматика термині осы аталғандардың барлығын ұжымдастырып көрсетеді.

Лексикалық мағынаның прагматикалық аспектісі сөздің заттық мазмұнына, негізгі денотат түсінігіне қосымша акпарат қосады.

Қазақ көркем әдебиетінде дәстүрліліктен басқа (тұрақты тенеу, фразеологизм, мақалдар мен мәтелдер, метафора мен метонимия және т.б.) жаңадан туындаған көріктеуіш құралдардың сан түрлі ұлгілері кездеседі. Бұл

жайтың объективті себептерінің бірі – адам санасы жетіліп және ол қоғам өзгерістерімен ұндысken сайын әралуан жаңа құбылыстарды сипаттау, жаңаша бейнелеу жайының туындауы. Тілді білетін адамның қоршаған ортаны қабылдау стандарттары бар, олар өзгерін отырады, бұл өзгерістер концептуалды жүйесіне қатысты, оның концептілік өрісінен жаңа көріктеуіш құралдар вербалданады. Бұған қазақ тілінің сөз байлығы мен сөз астары мол. Тың көріктеуіш құралдар осыдан туындейды және жазушының шеберлігі қазақ сөзінің ең алдымен лингвомәдени астарын жетік білуіне байланысты.

2 ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ ПАРАДИГМАСЫНДА КӨРІКТЕУІШ ТІЛДІК ҚҰРАЛДАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1 Көріктеуіш құралдарды танытудың философиялық және әлеуметтік алғышарттары

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында казақ тілінің лексикалық қорын жетілдіру мен жүйелеуге, қазақстандықтардың тіл мәдениетін жетілдіруге басымдылық беріліп, оны аталған бағдарламаның міндеттері ретінде көрсетеді [99]. Соңғы жылдары білім беру парадигмасы басқа арнаға бұрылды. Осыған сәйкес білім берудің мақсаты да өзгерді. Өйткені қазіргі білім беру құндылық, ойлау, сана, таным, дүниетаным секілді ұғымдармен байланыстырып оқытуды басшылыққа алады.

Философия – дүниетанымдық ғылыми жүйе. Дүниетанымның тірек ұғымдары «дүние» және «адам». Қазіргі тоғыспалы ғылымдардың негізгі мәселелері осы екеуінің арақатынасынан туынрайтыны. Екеуінің табиғаты екі түрлі болғанмен, екеуі де бір-біріне тәуелді. Тілдік құралдар адамның дүниетанымына байланысты туынрайтыны. Ендеше, көріктеуіш құралдар да, дүниетаным да философияның компоненттері. Яғни философияның негізгі мәселесі адамның сыртқы дүниеге қатынасы болғандықтан, көріктеуіш құралдардың философиялық құбылыс болуының объективті негізі болып табылады.

Ойлау дегеніміз – білім беруге ұмтылу (Гегель), демек философия білім беру мәселелеріне көніл аударады. Білім берудегі шешімін табатын мәселелерді философия тұрғысынан талдау қажет. Себебі тарихи өзгерістер (социализмнің құлдырауы, демократияның келуі, нарықтық экономика, техниканың дамуы, ақпарат тасқыны) салдарынан білім берудің дамуы қынрайтын түсті. Бұның бәрін «антропологиялық катастрофа» деп атады. Енді білім беру антропологиялық философия тұрғысынан қарастырыла бастады. Антропологиялық философияда адам ерекше болмыс ретінде, адамның мәні, табиғаты және рухани дүниесі, адамның өмір сүруі мен мәні, дүниедегі адам өмірінің мәні дегендер енеді. Сонымен, білім беру философиясы – «адамның мәдениеті мен рухани байлығын арттыру мақсатына қызмет етеді» [100, 9].

Әлемдік және отандық философтар білім беру философиясына түшымды тұжырымдар қалдырған. Гегельдің философиялық ойларынан білім беру идеяларын көре аламыз. Өзінің «Рух феноменологиясында» білім беру тұжырымдамасын рухани-философиялық етіп жасады. Рухты сананың қозғалысы мен қалыптасу үдерісі деп пайымдайды. Гегель даралықты адам дамуының бастанқы нүктесі десе, ал адамның қалыптасуын рухани жұмыс дегенге саяды. Нактылай түссек, білім беру тек адамға білім мен тәрбиені беріп кана қоймай, рухани өсуінің тетігі болады. Гегельдің ойынша, «педагогика – адамдарды инабаттылыққа апаратын өнер: ол адамды табиғи тіршілік иесі

ретінде қарастырып, оның бірінші тіршілігін екінші тіршілігіне – руханилыққа жеткізе алатын жолын көрсетеді. Осылайша руханилық оның әдетіне айналады» [101]. Яғни, білім беру оқушыларды руханилыққа, адамгершілікке апаратын жол, қоғамда индивид ретінде толық қалыптасуының негізі болып табылады.

Білім беру үнемі құндылық ретінде қарастырылып келеді. Жаһандану дәуірінде оның білім беруге тиғізетін әсерінен «құндылықтарға» бағдарлай оқыту маңызды рөл атқарады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндепті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шындауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және құш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» – деп атап көрсетілген [102]. Сол себепті ХХІ ғасыр – «Адам ғасыры, биік интеллект, үлкен мәдениет, адамгершілік, ұлттық құндылықтар дәуірі болуға тиісті» [103].


Білім берудің аксиологиялық бағдарының әдістемелік негізінде құндылықтар теориясы жатыр. Аксиологиялық (гр. *axios* – құнды) немесе құндылықтар, мәдениет парадигмасында құндылықтарды табиғатпен, әлеуметпен қатар қоятын «үшінші ақиқат» ретінде қарастырады. «Құндылықтар – дүниедегі әртүрлі құбылыстар мен деректердің жеке тұлғалық, қоғамдық және өркениеттік деңгейдегі маңыздылығын білдіретін ұғымдар. Олар – әлеуметтік практикадағы субъектіаралық, адамаралық қатынастарды реттеуіш рухани мәнділік. Құндылықтар – адам өмірінің мәнділігін, бағыт-бағдарын анықтауши рухани құш» [104, 14]. Аксиологияда құндылықтар қоршаган ортаның әлеуметтік маңызы бар нысандары мен құбылыстары адам мен қоғам үшін рухани тетік болып анықталады. Бұлар жеке және қоғамдық мәнге ие болады. Мән – «құндылық» түсінігінің негізгі сипаттамасы. Құндылық адам руханилығының бастауы болып табылады.

Қазіргі философтар құндылықтар иерархиясында мақсатты бағдар ретінде бірінші орынға «тұлғаны» қояды. Аксиологиялық құрылымда орталық құндылыққа «адам өмірінің мәні» түсінігі маңызды.

Мәдениеттің ядросы – рухани құндылықтар. «Рухани құндылықтар – адамның шынайы болмысының нығаюына әсер ететін, тұлғалық дамуына өзек болатын, еркіндігін шығармашылықпен, жасампаздықпен көрсетуге мүмкіндік беретін Ақиқаттың нұрлы құбылыстары дейміз» [51, 84]. Ал ұлттық мәдени құндылықтарға белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар кіреді.

Адамдардың бойында қалыптасқан имандылық қадір-қасиеттер рухани құндылықтарға, ал адамдардың қолымен жасалған тұтыну заттары мен кәсібі материалды құндылықтарға жатады. Көріктеуіш құралдарды ғасырлар бойы ұлт

санасында жинақталған, дүниетанымды айқындайтын ұлттың рухани құндылығы деп білеміз (Сурет 2). Тілдік құралдарды ұлттық құндылықтар ретінде менгерпіп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындастып, отбасында да, мектепте де ұлтжандылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындағы қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығара аламыз.



Сурет 2 – Тіл-Құндылық бағдары

Білім заңында әрбір азаматтың білім алуға құқықтығын негізге ала отырып, жоғары сынып оқушысының бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар, яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту үрдісін жан-жақты камту қажеттілігі туындаиды. Өйткені бүгінгі өркениет ағымы «Мені» жоғары азаматқа зәру болып отыр. Осындай азаматтарды тәрбиелеу көзі біздің ұлттық рухани дүниемізде, құндылықтарымызда жатыр. Көріктеуіш тілдік құралдар – оқушының дүниетанымын қалыптастыратын сөз мәдениеті мен шешендік өнердің ажырамас бөлігі. Тілдік құралдарды мектепте менгерту оқушылардың ішкі «Менінің» жетілудіне, рухани дүниесінің артуына азық болады. Көріктеуіш құралдар айтылар ойды тұспалдап, әсірелеп, аз сөзбен тұжырымдап, нақты әрі әсерлі жеткізеді. Олай болса, тілдік құралдар шешендік өнердің шығармашылық әдісі деп те айтуға болады. Шешендік сөз шынайылықты жанамалап, тындаушыға ерекше көркемдікпен көрсетеді.

Тіл – адамның, ұлттың болмысын айқындайтын құндылық. Өйткені тіл – таным құралы. Таным – «ақиқат болмыстың ойдағы көрінісі болып табылады, сол арқылы білім қоры жинақталып, ақпарат қабылданады» [105, 288]. Ақиқат адам санасында көрініс берін, таным нәтижесінде әлем туралы білімі жинақталады. Оқушыға *тарыдай* деген теңеуді айтатын болсақ, ең алдымен оның санасында орныққан көлемі кіп-кішкентай зат бейнесі көз алдына келеді. Ал қолагаштай дейтін болсақ, бірден оның санасында үлкен зат пайда болады. Сөйтіп оның ойы тіл арқылы көрініс тауып, тіл арқылы қалыптасады. Тілдің философиялық мәнін ашуға негіз болатын принциптердің бірі – *тіл мен сананың бірлігі*. Ақиқат дүниені тануда дүниетанымдық білім арқылы жалпыадамзаттық сана қалыптасып, ол жер бетіндегі барлық ұлтқа ортақ

болады. Ал ұлт ретінде ерекшеленуі ұлттық сананы қалыптастырады. Демек тілден жалпыадамзаттық құндылықтармен бірге ұлттық дүниетаным да көрініс табады. Тіл ұлттың танымын, салт-дәстүрін, ділін, ұлттық ерекшеліктерін сипаттайтын. Сөйтіп сөйлеушіні қалыптастырады. Оқушылар көркем мәтінді түсінбей жатады. Бұл олардың мәдени кодты аша алмауының, білмеуінің салдарынан болады. З. Ахметжанова: «Қазақ тілінің концептуалы жүйесін білмегендіктен, жастар қазақ халқының салт-дәстүрін ескіліктің сарқыншағы ретінде қабылдап, теріс бағалайды. Жалпыадамзаттық, әлемдік мәдениеттің бөлшегі болып табылатын ұлттық мәдениеттің терең, философиялық мәнін жас буын өкілдері түсіне алмай жүр», – дейді [106, 175].

Философтар адамның санасын қарапайым сана және философиялық сана деп бөлін қарастырады да, адамның қарапайым түсініктерін жоғары бағалайды. Н. Нұрышева «қарапайым сана тәжірибелі нақты сезімдік бейнелерде белгілей отырып, философиялық сананың негізін» қалыптастырытынын дәлелдей отырып, мынандай тұжырым жасайды: «Қарапайым сананың нақты көрінісі – халық ауыз әдебиеті болғандықтан, қазақ халқының философиялық дүниетанымын зерттеу ісін қазақтың ауыз әдебиетін тереңдеп тексеруден бастаған жөн» [107, 160]. Олай болса, қазақтың халық ауыз әдебиеті ең шүрайлы, ең бай тіл болып саналатынын ескерсек, қазақ халқының қаншалықты мықты, ой-өрісі терең халық екендігін бағамдай берсек болады. Біздің бұл ойымызды Э. Коныратбаевтың пікірі де бекіте түседі: «Қазақ фольклорының образдары жанды әрі шынайы болып келеді. Олар адамға терең ой салып, ғибрат береді. Фольклор туындылары адам тәрбиесі, қоғам мәселелерінен шет жырланған емес. Оның басты айтар ойы – халықты, адам баласын сүйе біл, енбек пен ерлікті қастерле, досқа жылы, қамқор, дүшпанға берік бол, жас та болсан елге ағалық көрсете біл, өмірден үйрен де, өрге, өнерге ұмтыл деген ғибрат » [108, 13]. Қазақ фольклорын көріктеуіш тілдік құралдардың отаны десек де болады. Мәселен, «Қобыланды батыр» жырындағы гипербола: *Астындағы бурылдың, Жоғары ерні көк тіреп, Төменгі ерні жер тіреп;* лексикалық қайталамалардың қолданылуы.

Мұндай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Бұл қазақ халқының сана-сезімінің жоғары болғанын танытады. Философия адамға өз өмірінің терең мағынасы мен мақсатын, тілдің мәнін түсіндіретін бірден-бір ғылым саласы болып табылады. Қоғамдағы өзгерістердің шешуші факторы болып табылатын адам тілді қолдану арқылы оның әлеуметтік қызметін арттыра түседі. Адам экономикалық, әлеуметтік, саяси немесе рухани салаларда белгілі бір жетістіктерге тек тіл арқылы ғана қол жеткізе алады. Себебі тіл – қарым-қатынас құралы. Адам басқа адамдармен тіл арқылы қарым-қатынаска түседі, өз ойын білдіреді, алға қойған мақсаттарын дәлелдейді. Сол арқылы ол өмірден өз орнын табуға ұмтылады. Қазіргі таңда өмір күрделенген сайын адамға өмірден өз орнын табу, өз мүмкіндіктерін толыққанды жүзеге асыру киындық тудыруды. Ақпараттар ағымы көбейген жаһандану заманында бәсекеге қабілетті болу үшін оқушыларға көп жүк жүктейді. Өйткені ол өз ұлтын дәрінтеуге,

мәдениетін асқақтатуға, тарихын сактауға, тілін қадірлеуге тиісті тұлға болуы қажет. Сонда ғана тіл деген қасиетті нәрсені болашақ үрпаққа аманат қылып табыстай алады. Ол өмірдің мәнін қазақ халқының рухани мәдениетінен таба алады.

Қазақ философиясы қазақ ауыз әдебиетінен, оның ақындық, жыраулық, шешендік өнерінен бастау алады. З. Қабдолов айтқандай, «... тіл жоқ жерде көркем әдебиет те жоқ, ... тіл жоқ жерде философия да жоқ...» [109, 27]. Олай болса, көріктеуіш тілдік құралдардың мәдени сипатын айқындау, жоғары сынып оқушысының сөйлеу мәдениетін жетілдіру философияның да өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Қазақ тілінің таусылмас қазынасы – оның көріктеуіш құралдары. Қазақтың ауыз әдебиеті, ақын-жыраулары мен шешендерінің сөз саптауы қазақтың тіл өнерін жетік менгергенін танытады.

Қазақтың шешендік сөздерінен *ғылым мен білімнің адам өміріндегі орнын*, қоғамның дамуында маңыздылығын билер мен шешендер өздерінің философиялық пайымдауларында халыққа үндеген. Өған дәлел ретінде «*Даналық негізі – білім*», «*Оқығанның бәрі жарық, оқымағанның беті шарық*», «*Судан терең – оқу, ғылым*» (Досбол би), «*Керуен басы білікті болса, түйе азбайды. Қолбасы білікті болса, сарбазы азбайды*» (Бәйдібек би), «*Билер жақсы болса, білім иесі батырдағы*» (Төле би), «*Таудан биқ көңіл бар, теңізден терең ғылым бар*» (Сырым шешен), «*Білім – таусылмайтын кен*» (Сақкулақ шешен).

Өнердің ең асылы – сөз. Көріктеуіш құралдар – бейнелі тіл, ал бейнелі тіл – саналы ойдың жемісі. Қазақ философиясының ерекшелігі – *ана тілін, сөз өнерін ерекше бағалағаны*. Халық ұғымында шешендік пен көсемдік – өнердің ең сапалы түрлері. Ол «*Сөйлей-сөйлей шешен боларсың, көре-көре көсем боларсың*» деген мақалдан-ақ анық байқалады. «*Қазақ халқы сөз қадірін біліп, қасиетті сөзді қастерлеп, аузынан тастамай, өнеге ретінде данышпандығын өлең өрнектерімен өрнектеп, терең мағыналы сөздермен зерделеп келе жатқан халық*» [110, 21]. «*Сөз тапқанға қолқа жоқ*», «*Аталы сөзге арсыз таласады*», «*Сөз тас жарады, тас жармаса, бас жарады*», «*Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді*» деп, сөз қадірін білген қазақ халқы қашан да сөздің жұмсалуына, қай жерде қалай сөйлеу керектігіне баса назар аударған.

Бөлтірік шешен: «*Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден аңы нәрсе тазы жоқ. Сөзден жеңіл нәрсе жоқ. Сөзді тіліңе билепте, ақылыңа билет. Ақылды сөзіңді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт. Не сөйлейтінің біл. Кімге сөйлейтініңді біл. Қай жерде сөйлейтініңді біл. Қай кезде сөйлейтініңді біл. Қайда сөйлейтініңді біл. Оны білмесең, сара сөзің шала болады, арты жала болады ...*» [111] деген өсінет сөзі сөз мәдениетінің мәні мен маңызын айқындалап тұр.

Бұхар жырау болса сөз өнерінің қындығы мен күрделілігіне мән беріп:
Ел бастау қын емес –
Қонағын жерден қол табылады.
Қол бастау қын емес –
Шабатын жерден ел табылады.

Шарың топта сөз бастаудан

Қыныңды көргенім жоқ, – дейді [111, 55]. Бұдан Бұхар жыраудың сөз өнерін жақсы менгергендігін көре аламыз. Асан қайғы, Жиренше шешен, Қаз дауысты Қазыбек би, Төле би, Әйтеке би, Сырым шешен секілді шешендік өнердің ірі тұлғалары сөз өнерінің қадірін түсініп, ақыл мен парасаттың өлшемін айғақтайды.

Көркем сөзден түйін түйген суреткер F. Мұсірепов: «Сөз сөзге жарығын да түсіріп тұрады, көлеңкесін де түсіріп тұрады» дей отырып, ең басты талапты сөзге, сөздің шебер әрі дұрыс қолданылуына қояды. Әрі қаламгер бұл жерде сөздің мән-мағынасын дұрыс түсіну, дұрыс қолдану қажеттігіне баса назар аударатындығын білдірген [112, 9].

Білім беру философиясында адам үшін ең басты нәрсе өмірдің мәнін түсіну деп санайды. Философиялық еңбектерде өмірдің мәні «адам болмысының сырьы қоғамдық дамудың толғағы жеткен міндеттерін шешуге жәрдемдесуде, жеке адамның жан-жақты дамуы үшін алғы шарттар қалыптасатын жасампаздық еңбекте тұжырымдалған» [113]. Олай болса, жоғары сынып оқушыларына өмір сүру мен оның мәнін, мағынасын, болмысын түсендіре алсақ, онда ол қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді шеше алатын, кез келген жағдайға сынни көзben қарай алатын тұлға болып қалыптасады. Қазіргі білім беру философиясының негізін қалаушылардың бірі – Джон Дьюидің «Психология и педагогика мышления» еңбегінде негізгі ойы – білім берудің басты мақсаты пәнді оқыту емес, осы білімдер арқылы өмірді, оның мәнін білу [114]. Кез келген білім беретін оку орны білім берудің негізгі тәжірибесі – өмірлік тәжірибе үдерісінде ғана идеяларды жүзеге асыру мен осы үдерісте біліммен қордалану қажеттігін есепке алу қажет.

Қазақ философиясындағы өмірдің мәні – оның бауыр еті баласы. Бала – қазақтың ең басты байлығы, өйткені ұрпақ жалғастыры бар жерде ұлт та, тіл де, халық та, жер де сақталады. Қазақ өмір ұрпақ арқылы ғана жалғасатынын жақсы түсінген. Сондықтан бесік жырында баласын әлемдегі ең асыл, қол жетпес нәрсelerге теңеген. Мысалы, *Қөзімнің ағы-қарасы*, *Жүргегімнің парасы*, *Уайым*, *қайғы ойлатпас*, *Қоңілімнің санасы* деп, баласын айналып толғанады. Осы мысалда халық көріктеуіш құралдарды ұтымды пайдалана отырып, баланың ана үшін ең қымбат, ең бағалы қазына екенін танытқан. Қазақ халқындағы баласын еркелеткен, оны әлемдегі ең жақсы нәрсеге теңеген халық сирек.

Адамның дүниеге келуінен бастап, о дүниеге дейінгі өмірінің барлығы халық ауыз әдебиетінде түгел қамтылған. «Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денен», – деп, ұлы Абай айтқандай, қазақтың жоқтауында да сөз құбылып, төгіліп тұрады [115]. Мәселен, халық аузында сақталып қалған Әйтекені жоқтауда тілдің көркемдігі, образдылығы айқын байқалады: *Айналайын*, *әкежсан*, *Қараның болдың ханындаі*. *Қарайғанды ықтаттың*, *Қамысқа түскен жасалындаі*.

Ал Абай өмірдің алдамшы дүние екенін, адам азғана өмірде өзіне қажеттінің барлығын алып қалу керектігін шебер суреттейді.

Өмір, дүние дегенің

Ағып жатқан су екен.

Жақсы-жасаман көргенің

Ойлай білсең, у екен, – десе, енді бірде Сан, сап, көңілім, сап, көңілім! Сан қылма бекерге, Сан қылғанмен пайда жоқ. Дүние даяр өтерге, Ажсал таяр жетерге [115, 123], – деп антоним, синоним, эпифораны шебер қолданып, философиялық тұжырым жасайды.

Ал ақын-жыраулардың дүниетанымы мен философиялық ой-толғамдары олардың толғауларында көрініс тапқан. Ә. Тәжібаев: «Асан қайғы, Қазтуған, Шалқиіз, Бұқарлар айтқан толғаулардың бізге жеткен бөліктеріне қарап отырсақ, тыңдаушысын теңіздей шайқайтын терең ойлардың толқынында жүзгендей сезінеміз. Кейде жақыннан, кейде ишаратпен алысқа меңзеулер, әлдекайда біз біле бермейтін арнаулы сөздерден жарапады да, өмір, тарих, қоғам, адам, тағдыр жайлы ғажайып топшылаулар, толғау-түйіндер айтады», – деп, ақын-жыраулар тілінің шұрайлығына тамсанады [116].

Дүние, өмір, заман, уақыт, қарттық немесе жастық шақ туралы объективтік дүниенің адам санасынан тыс өмір сүретіндігі қазақ философиясындағы тың тақырыптар. «Дүние – бір теңіз, оңай өтем деменіз», «Дүние бір қисық жол бұрандаған» және т.б. мақал-мәтелдерде халық дүниенің шексіздігін бейнелеумен бірге бірде тынық, бірде көкжал толқындары жағамен арпалысқан асау теңіз бейнесі арқылы өмір занының әркімнің ырқына көне бермейтінін «онай өтем деменіз» деген бір тұжырымға сыйғызыған. Халық дүниенің тақтайдай тұзу жол емес, бұраланы мен бұрылышы көп, соқтықпалы, соқпақсыз жол екенін түсінген. Қазақ халқының объективті дүние туралы тұжырымы дұрыс диалектикалық түсінігі қалыптасқандығын танытады. Көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипаты халықтың философиялық ойлауының шарықтау шегін білдіреді.

Адамның ойлау жүйесі оның *танымымен* тығыз байланысты. Тілдік ойлаудың ең жоғарғы көрсеткіші – автордың психологиялық танымын, санадағы ойдың сөзге айналу процесін айқындастын танымдық құбылыш болып табылады (Кесте 4). Адамның танымы оның айналадағы дүниенің бейнесін қалай тануымен айқындалады. «Бала – бауыр етің», «Бала табылады, бауыр табылмайды», «бауыры елжіреу» деген мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерде теңеулер мал шаруашылығымен айналысқан халықтың бауырдың адам организміндегі рөлін жете танығандығымен байланысты. Халық бауырдың жалқы орган екенін, оның адамның қанын айналдырудадағы жұмысын жақсы білген. Өлген адамға «бауырымдап» дауыс айтып келу де халықтың айналадағы дүниенің ақиқат бейнесін терең қабылдағанынан туындаған. Өйткені адамның дүниені түсінуі, оның зандалықтарын игеруі оның тілінде көрініс табады. Бейнелі сөздер туралы Т. Қоңыров қазақ теңеулерінің ұлттық таным жүйесімен тығыз байланысты екенін көрсете отырып, ол жайында мынадай тұжырымды

ой айтады: «Әдебиеттегі образдар жүйесі және сөз бейнелеу тәсілдері – ұлттық харakterдің ең басты көрсеткіштері. ...Тенеу категориясы – бүкіл бейнелеу, көркемдеу тәсілдері ішіндегі ең басты, ең пәрмендісі. Бейнелеу тәсілдерінің барлығы да өз бастаудың осы тенеуден алады. ...Тенеу – көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктерінің жиынтығы, дүниетанымның ұлттық өзгешеліктері бас қосқан категориялардың бірі» [13, 4].

Адамның дүниетанымдық қабілеті оның тілдік тұлғасын анықтауға ықпал етеді. В.А. Маслова тілдік тұлғаның компоненттеріне мыналарды жатқызады: 1) құндылық, дүниетанымдық, тәрбие мазмұны компоненті, яғни құндылықтар жүйесі және өмірдің мәндері; 2) мәдениеттану компоненті, яғни тілге деген қызығушылықтың тиімді құралы ретінде мәдениетті игеру деңгейі; 3) жеке тұлғалық компонент, яғни әр адамда бар терең жекелік қасиеттер [92, 119].

Дүниетаным – дүниеге көзқарас, адам қоғамымен бірге пайда болған қоғамдық тарихи құбылыш. Адам құнделікті өмірде өзіне қажет көптеген мәселелерді шешуі қажет болғандықтан, оған ерекше білімдер жүйесі қалыптасуы керек. Айнала қоршаған орта, бүкіл әлем, тұтас дүние туралы, ондағы адамдардың орны, тіршіліктің мән-мағынасы туралы білімдердің, көзқарастардың жүйеленген жиынтығы дүниеге көзқарас немесе дүниетаным деген ұғымды білдіреді. Дүниетаным – адам санасының, танымының қажетті құрамдас бөлігі. Ол адам танымының бір элементі емес, оның күрделі өзара әрекеттесуі. Түрлі білімдер, адамның сезімі, көңіл-күйі, үміті, ұмтылышы, мақсаты – бәрі дүниеге көзқарасқа бірігіп, адамның өзін және дүниені толығымен түсіндіреді. Философтар «дүниетаным – дүниені түсінудің, ондағы адамның алар орны және өмірлік позициясы туралы көзқарастардың, принциптердің жиынтығы» деп түсіндіреді. Дүниетаным шығуының қайнар көзі – өмірдің өзі, адамның тіршілік болмысы. Дүниенің пайда болуы, ондағы адамның орны, оның тіршілік мәні, қоғам дамуының бағыты секілді мәселелер қай дәүірде де адамдарды толғандырып, ізденіске салып келді. Сөйтіп, дүние құбылыштарын түсіндіруге талпынған әрекеттер үнемі дамып отырады. Осыдан келіп, жалпы адамзаттың дүниетанымы, дүниеге көзқарасы кеңейеді және терендей береді [117].

Дүниетанымның бірлігін құрастыратын негіз – білім. Білім бірнеше түрге бөлінеді: қунделікті тіршіліктен қалыптасқан білім, кесіби білім, сондай-ақ, ғылыми білім болып бөлінеді. Ертедегі ойшылдар білімді қараңғылықты, надандықты жоятын, халықтарды жақындастыратын күш деп үққан.

Философия ғылымдарының докторы, профессор Г. Нурышева жыраулардың туындылары «келістілігі мен әдемілігі жағынан да ақындардың өлендерінен бір саты биік» тұратынын, жыраулар поэзиясында «ерлік, өрлік, нағыс ең басты мақсаттар ретінде» бейнеленетінін, «философиялық санаға тән болашақты болжау қасиетіне ие жыраулар... өз жырларында ерлікті өмірмәндік мәселе дәрежесіне дейін» көтергенін айтады. Ғалым: «Адам өзін-өзі тану жолына түспей, өзінің ішкі дүниесін түсінбей, өмірде тыныштық таба алмайды. Нағыз өмірге мәнгілік құндылықтарды игеру, эгоистік «Меннен» мәнгілік

«Менге» көшу арқылы ғана қол жеткізуге болады, ал бұл өзгеріс рухани даму жеке адам өмірінің негізгі мазмұнына айналғанда ғана мүмкін» – деген тұжырым жасайды. «Таза өмір сүру философиясы» қазақ ақын-жырауларының жырларынан айқын сезілетінін сөз етеді. «Шалқиіз жыраудың толғаулары «Өмір деген не? Адам не? Жақсы мен жаман не?» төңірегіндегі философиялық-экзистенциялық ойларға толы. ...Оның толғауларындағы «кісі» ұғымы – жақсы мен жаманның диалектикасының нәтижесі» деп, жыраулардың шығармаларына философиялық тұрғыдан талдау жасайды [107, 214-215].

Қазақтың мақал-мәтелдерінен халықтың қоғамдық құбылыстың әлеуметтік мәнін де жете түсінгенін, қоғамдағы адамның рөлін жете бағалағанын көре аламыз. «Адамды заманы билейді», «Жасы бір құрдас емес, заманы бір құрдас», «Заманына қарай адам өзгереді, заңына қарай амал өзгереді», «Заманына қарай – заңы, тозайына қарай – аңы» және т.б. мақал-мәтелдер – халықтың соңғы буынға қалдырған жалан дидактикасы емес, өткір тәжірибесінен қорытып шығарған дана тұжырымы.

Қазақ халқының өмір туралы талғамдары – терең философия. «Өмір өлмейді», «Өкінішсіз өмір болмайды», «Адам – өмірдің ойыншиғы: ойнаттаймын десең – алысып көр, жеткізбеймін десең – жұлысып көр», «Адамды өмір үйретеді, жетекке жеңіл үйретеді» және т.б. мақалдары – объективті шындықты айнайтпай бейнелеген әлеуметтік пікірлері. Философиялық тұжырымдар қазақтың мақал-мәтелдерінен де байқалады. Халықтық дуниетаным жүйелі философиялық құрылымға емес, қоғамдықтарихи тәжірибеге негізделеді. Қазақ халқы өзінің күнделікті практикалық қызметін, табиғатпен қоян-қолтық арқасында білген тәжірибесін ой елегінен өткізіп, оны өмірдің зандалықтарымен байланыстырып отырған. Халық ойы оның мақал-мәтелдерінде көрініс тапқан.

Қос сөздерді қисынды қолдану арқылы шешендік пен көсемдікке жету бір күннің ісі еместігін, ол уақыт пен әрекетке, күнделікті өмірдің тәжірибесі арқылы қалыптасатынын айтады. Б. Адамбаев «қазақтың шешендік сөздері бата-тілекten бастап өнегелі өситет сөздерді, өмірде кездесетін жер дауы, ер құны секілді дау-талап, келіс сөздерді» қамтитынын айта келіп, «Шешендік сөздерді атадан бала қайталап басынан кешірген алуан түрлі оқиғалардың нәтижесінде туған келелі ойдың қорытындысы, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні мен түйір дәні», – деп тұжырымдайды. Ғалым «шешендік сөздерді көркемдеу әдісінің бірі – салыстыру, шенdestіру тәсілі. «Бір оқты ұлан көтереді, екі оқты ұлан көтереді» деп қазалы-қаралы жанды жаралы жануарға теңеп-демеп сөйлеу шешендік сөздерге сұлу сипат, сүйкімді мазмұн» беретінін айтады. «Шабытты шешен, шалымды жүйрік алқалаған топты аузына қаратып, айтысқан жақты бастырмалатып, пысын қашыру үшін белгілі бір мақал-мәтелдерді көп пайдаланады. Сан ғасыр халық тандайында малтадай жұмырланған сөз маржаны – мақал-мәтелдер шешендік сөздердің қатығы сияқты», – деп, мақал-мәтелдердің шешендік сөздегі атқаратын қызметін айқындайды [118, 10].

Н. Уәли сөйлеу тілі мен сөз мәдениетінің тығыз байланысын дәйектейді де, «Сөйлеу тілі – күллі тілдік идиоматиканың бастау көзі, оккоционализм фразеологизмдердің шындалып шығар дүкені. Сөйлеу тілі дүкенінде әртүрлі деңгейдегі тілдік бірліктердің екінші мәрте аталымдарға айналу үрдісі үздіксіз болып жатады. *Жазғыштар*, осындағы мықтылар, жоғарыдағылар, атустіндегілер, көкқағаз (доллар), желтоқсан ызгары, қаралдар т.б. газет бағаналарындағы қолданыстар алдымен сөйлеу тілінде пайда болған екінші реттегі аталымдар. Сөйлеу тілінде екінші реттегі аталымға жататын перифраз, аллюзия, гипербола, литота, градация, параллелизм, риторикалық сұрақ, элипсис, анафора, антитета сияқты риторикалық фигуралар жиі кездеседі. Сөзге өң беретін, бедер беретін тілдік құралдарға анафора, антитета, гипербола, литота, синонимдер тізбегі, градация, қайталау, эпитет, риторикалық сұрақ, метафора, метонимия, астарлы сөз, аллюзия, перифраза, субъективті модальдылық, қыстырма сөздер мен сөйлемдер т.б. жатады. Бұлар сөйлеу тіліне эстетикалық рең берудің стильдік құралдары. Ондай құралдар арқылы сөйлеуші белгілі бір ақпарат беруде өзінің тіл дербестігін таныта білуі, тілдесудің ойдағыдай өтуіне әсерін тигізетін эстетикалық факторлардың бірі болып табылады», – деп тұжырымдайды [94, 44].

Ж.Т. Дәулетбекова: «Сөз – адам әрекетінің бір түрі. Ендеше, оны қалай айту, көппен қалай тіл табыса білу адамның өз тандауына, өзін-өзі басқаруына байланысты. Адамның өзгелер айтқан сөздердің қадірін білуі ғана емес, өз сөзін де қадірлі ете білуі оның өзінің ішкі мәдениетіне, тәлімі мен тәрбиесіне тікелей тәуелді. Сөз мәдениетінің кез келген қоғамда атқаратын қызметін, адамдар қоғамында шешуші фактор деңгейіне көтеріле алуының сырын тереңірек ашуға септесетін бұл қағида ұлттық философияда тілдің дүниетанымды қалыптастыруда қаншалықты мәнге ие болғандығын да таныта» түсетінін сөз етіп, «Бар асыл тілегін, асқақ арманың ұрпағына ұлағатты сөз өнерімен сініріп отырған қазақ ұлты үшін философия – өмір салты, рухани азық, ал философиялық жүйелердің басты арқауы – ізгілік. Оның өміртаным өзегінде қауымдастық, ұжымдық идея кеңінен орын алған, сондықтан әлеуметтік мәселе әр адамның негізгі мәніне айналған. Бұл желі осы күнгі педагогика ғылымында кең тарала бастаған тұлғаның топта жұмыс істей білу құзыреттілігін қалыптастырумен табиғи байланысады. Яғни қазақ баласына кіші жастан көпшілікпен тіл табысу, ортада өзіндік орын ала білу секілді мәселелер қынға түспейді. Тек сол бағыттағы білім мен тәрбие дұрыс берілсе болғаны», – деп, халықтың бай қазынасын білім беру үрдісінде тиімді қолдануға назар аудартады [51, 90-91].

Қазақ тіліндегі сан компонентті мақал-мәтелдердің ұлттық-мәдени негізін зерттеген С. Қасымова: «Қай тілде болмасын антонимдес мақал-мәтелдер жиі кездеседі. Құбылыстың, ұғымның, заттың кейіп-кескіндерін, қасиет-белгілерін карама-карсы қою – тілдік тәжірибеде адам дүниетанымдағы тану мен бағалау тәсілдерінің бірі ретінде үлкен орын алады. Антонимдес мақал-мәтелдерде заттар мен құбылыстар «жақсы-жаман», «ақылды-ақылсыз», «басы-

аяғы» т.б. ұғымдар бір-біріне қарсы қойылады. Қос тағанды антонимдес мақалмәтелдер құрамында сандар тірек компоненттің айқындауыш мүшесі арқылы сипатталатын бағаның өлшеміне алынады», – дей келіп, оның маңызын былайша түйіндейді: «Мәдениет пен дәстүрде, дүниетанымдық ұстанымдар мен көзқарастарда біртұтас феномендік деңгейде көрініс беретін даналық қазақ тілінің паремиологиялық қорының ділдік арқауын құрайды. Мақал-мәтелдерде даналық адам мен табиғат, қоғам мен адам, адам мен адам арасындағы қатынастарда көрініс беретін білім мен іс-тәжірибелін, адамгершілік (гуманизм) пен парасаттың, ақыл мен ойдың, қайрат пен сезімнің бірлігі, іштесуі мен астарласуы, біртұтастануы түрінде сипатталады. Мәселен, адам мен табиғат арасындағы қатынаста даналық өзін табиғаттың «бел баласы» санаған қазақтың философиялық толғанысы түрінде көрініс береді: *Адамгершілікке арналған үш саяп бар: шөлге құдық қазған бір саяп, өзенге көпір салған бір саяп, жолға агаши еккен бір саяп. Жаңбыр бір жауса, терек екі жауады* [119, 17-18].

Қазіргі танда сөйлеу мәдениетіне мән бермейтініміз жасырын емес. Сондықтан білім алушының ана тілін дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру әлеуметтік фактор болып табылады. Б. Хасанов «Ана тілі – жалпыадамзаттық құндылық әрі ол ұлттық өмірдің күллі саласын» қамтитынын, «сондықтан да оны бір тілдің не бір ғана лингвистика ғылымының шенберінде алмай, дүниежүзілік лингвистикалық процеспен тұтастықта қарай отырып, қоғаммен тығыз байланыста, демек, қоғамдық ғылымдардың ортақ өрісінен өрбіте отырып» қарастырудың қажеттілігіне тоқталады. Ғалым «ана тілі жеке адамның ойдан шығарған туындысы емес, ұлттың төл перзенті» болып табылатынын, «ана тілінің өзін былай қойғанда, оның әрбір дыбысы мен жүрнағына шейін бүкіл ел үшін әлеуметтік белгі болып» қалыптасатынын, «ана тілін жеке адамның қарақан басы үшін жасалған дүние деуге» болмайтынын, ана тілінің «тайпадан ұлысқа, ұлыстан халыққа, халықтан ұлтқа ұласу процесінде этноспен бірге жасап, біте қайнасып, құллі қауымдастықтың басын біріктіре қызмет» атқаратынын дәлелдеп, ана тілін білу мен игерудің лингвистикалық өлшемі мен айырым белгілерін айқындаپ берді [120, 50].

Олай болса, көріктеуіш тілдік құралдардың қазақ философиясында алатын рөлі мен әлеуметтік қызметі оның лингвомәдени сипатын анықтау арқылы айқындалатыны сөзсіз.

2.2 Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдарды менгертудің психологиялық негіздері

Көріктеуіш тілдік құралдарды оқыту әдістемесін жасау барысында тек философиялық, педагогикалық негіздеріне ғана емес, сонымен қатар оқушының психологиялық ерекшеліктеріне де тоқталдық. Өйткені жоғары сыйнап оқушысының тілдік құралдарды түсінуі, қабылдауы, оны интерпретациялауы, ойлауы, сөйлеуі өзгеше. Белгілі орыс ғалымы В.В. Виноградов: «Наука о речи

(или лингвистика речи) открывает возможность приблизиться к психическим действиям личности, занятой воплощением своей мысли в слове...» [121, 29] – деп, тілді зерттеу арқылы жеткіншек психологиясына үңіле алу мүмкіндігін сөз етеді. Психологтар үнемі сөйлеу әрекеті мен оқушының жалпы психологиялық дамуы арасындағы байланысты зерттеуді тыс қалдырмаған, бұл ойлау мен сөйлеуге қатысты көптеген мәселелерді шешуге көмектесетіні сөзсіз. Адамның жеткіншек жастағы даму мәселесін сипаттайтын негізгі еңбектер ХХ ғасырдың басынан бастап жарық көре бастады. Бұл бізге шетелдік және отандық ғалымдардың біршама еңбектерін қарауға мүмкіндік берді. Ғалымдардың еңбектерінің нәтижесінде жылдар бойы жеткіншек жасты зерттеуді жалғастыруға ықпал ететін болжамдар, феномендер, ғылыми тұжырымдамалар мен әдістемелер дүниеге келді.

11-сынып оқушысы бұл кезде бастапқы әлеуметтену кезеңінен етеді, басқа сыныптарға қарағанда бұл сыныптағы оқушылардың мәртебесі өзшеге болып келеді. Өйткені осы кезеңдегі дамудың негізгі нәтижелері барлық даму сатыларының жетістіктері болып көрінеді. Өз индивидуалдығын ұғыну, өмірлік жоспарларының пайда болуы, өзін-өзі билеуге деген дайындық, өз өмірін саналы түрде құру, өмірдің әртүрлі салаларына кіру деген сияқты құрылымдардан тұрады. «Әлеуметтендіру – индивидтің қоғамның толық мүшесі ретінде қызмет етуіне мүмкіндік беретін білім, нормалар мен құндылықтар жүйесін менгеруге жол аштын барлық әлеуметтік және психологиялық процестердің жиынтығы» [51, 108]. Э. Эриксон еңбегінде әлеуметтік-мәдени детерминанта тұлғаның дамуына биологиялық детерминантаға қарағанда көбірек әсер етеді. Ғалымның зерттеулерінің арқасында «ұқсастық сезімі», «Мен»-ді ұқсастыру», «психологиялық мораторий» түсініктері енгізілді. Яғни осы түсініктер жеткіншек кезеңдегі тұлға дамуына ерекше рөл атқарады [122]. Көрітеуіш құралдарды молынан қолдануға баулу тек сөз орамдарын ғана қолдануды көздемейді, оқушының мәдениеттің бір бөлшегіне айналуын мақсат етеді. Оқушының ержетуі, әлеуметтік өзін-өзі билеу үдерісі, яғни өмірлік болашағының құрылуы, еңбекке деген қатынасының қалыптасуы, осының бәрі – өзіндік сананың үдерістері. Ұсынылатын мәтін, жаттығулар жүйесі оқушыға ұлттық мәдениеттен ақпарат берін қана қоймай, адамның әлеуметтік мәнін де танытады.

Ж. Аймауытов өзінің «Психология» атты еңбегінде тарих, әлеуметтік құбылыстар, өмір шындығы оқушының қалыптасуына, рухани дамуына әсер ететіндігін көрсеткен. Адамның ішкі әлемі оның сыртқы әлеммен тығыз қарым-қатынаста болады. Көптеген туындал жатқан әлеуметтік өзгерістер оқушының рухани дамуына әсер етін, осыдан ішкі және сыртқы қайшылықтар туындал жатады. Ол: «Қоғам әрбір адамға сүрен береді, ал жеке адам өз жұмысынан қоғамға да ықпал бере алмайды, біреудікі аз, біреудікі көп, әлеуметтің жетілу ағымына жаға бет беруге ешбір адам жарамайды, ол бет зат қатынасына, шаруға байлаулы» [123]. Яғни ойлап қарағанда, адам бойындағы қасиеттердің бәрі қоғам дамуына ықпал етеді.

Көріктеуіш тілдік құралдарды оқыту жеткіншектің ұлттық санасының қалыптасуына ықпал ететіні сөзсіз. Өйткені қазақ тілінің көріктеуіш құралдары – қазақ халқының ой-санасының жемісі. Мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер халықтың дүниетанымдық тәжірибесінің баға жетпес туындысы. Тіл сол тілде сөйлеушінің санасында сақталады, дамиды және өмір сүреді. Н. Уәли адам санасының тілді сақтаудағы рөлін былайша дәйектейді: «Ақиқат дүниедегі заттар, құбылыстар, уақыфалар т.б. адамға қалай әсер етсе, тіл де солай әсер етеді. Адамның ішкі әлемі (эмоционалдық, интеллектуалдық әлемі) мен сыртқы әлемнің аралығында тіл әлемі бар. Индивид, субъект белгілі бір тіл әлемінде өмір сүреді. Сондай-ақ тіл индивидтің, субъектінің ішкі әлемінде (санада да) орын тепкен. Тіл тек қоғамда ғана өмір сүрмейді, ол индивидтің санасында өмір сүреді. Э. Сәпир, Б. Уорф т.б. неогумбольдтшылдар мектебінің теориясы осы ұстанымды негізге алады. Адамдар ақиқат дүниенің өзінің ана тілі арқылы ғана тани алады, біле алады және көре алады. Ақиқат өмірді тілде бейнеленгендейдіктен ғана көре аламыз, тани аламыз. Тілде бейнеленбеген нәрсе ақиқатта да жоқ. Ербір тіл ақиқат дүниені өзіне тән ерекше тәсіл арқылы бейнелейді» [94, 15].

Адам сыртқы ортаның тигізген әсерін өзінің шамасына қарай санасында бейнелейді. Ол адамның жасына, өмірлік тәжірибесіне орай түрленіп отырады. Ғалымдардың пікірінше, сана – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының мидағы бейнесі. Басқаша айтқанда, сана – шындықтың курделі бейнесі. Қазақ халқының ұлттық санасының кеңдігі оның тіліндегі көріктеуіш құралдардың табиғатынан айқын байқалады. Мәселен, В.В. Розанов адамның өмірлік мақсаты оның санасымен тікелей байланыста болатынын айтады. Ғалымның пікірінше, адам екі түрлі өмір кешуі мүмкін. Яғни бейсана немесе санасыз өмір және саналы өмір. Сыртқы себептер санасыз өмір сүрген адамды басқарады, ал саналы өмірдің қожайыны мақсат деп пайымдайды: «Мақсат басқаратын өмірді саналы десек, әділ болар еді, себебі бұл жерде сана билеуші, анықтаушы бастау» [124, 21]. Өмірін мақсатты түрде жоспарлаған адамның өмірі саналы болады. Себебі ол адам алдыңғы тармақта айтылған өмірдің мәнін жете түсінген. Бірақ адам өмірдің мәні мен мақсатты сөз жүзінде айтып қоймай, іс жүзінде жүзеге асырғанда ғана оны саналы өмір сүрді деп айта аламыз. Олай болса, адамның санасы ең негізгі психологиялық фактор болып табылады.

Адам өмірден түйгендерін тіл арқылы рухани мұра ретінде қалдырып отырады. Сана адамның өзіне, табиғатка, басқа адамдарға қарым-қатынасын сезінуге, алдына мақсат қоя білуге, оны жүзеге асыра білуге мүмкіндік туғызады. Сана – әрбір жеке адамға тән дара қасиет. Адам санасының дамуына оның өскен ортасы, қоғамдық болмыс әсер етеді. Адам санасы бүкіл жан-куаттары (түйсік, ес, ойлау, қиял т.б.) арқылы айналадағы дүниенің сырларын біртінде ашып, танып-біліп отырады да, оның тілдегі көрінісі көркем мәтіндегі тілдік көріктеуіш құралдар арқылы танылады. Ол адамның ойлауымен тығыз байланысты. Осы жерден келін, ойлау туралы мәселе келіп шығады. М. Жұмабаевтың пікірінше, адам тек тіл арқылы ғана өз ойын толық жеткізе алады: «Жанның жайын жарыққа шығару үшін, жанның сырын сыртқа шығару

үшін адамның екі құралы бар – біреуі ым – мимика, біреуі сөз. Мимика дегеніміз жанның сырнының дене арқылы сыртқа білінуі (бас изеу, кулу, жылау сықылды). Ым сынын әркім ұғады. Бірақ ыммен бар нәрсені ұқтырып болмайды. Ым – ішкі сезім «тілі». Ым арқылы ойды жарыққа шығару мүмкін емес. Ойдың тілі – сөз. Біз сөз арқылы неше түрлі ойымызды сыртқа білдіре аламыз, һәм басқа адамдардың ойларын біле аламыз» [125, 114].

Психологтар ойлаудың үш түрін атайды: заттық-әрекеттік, сөзді-логикалық, көрнекі-бейнелі (образды) [126]. Тілдік құралдарды оқыту барысында окушының тілі дамып қоймай, ойлау қабілеті де біршама дамиды. Әйткені көрнекі-бейнелі ойлау заттар мен құбылыстарды тікелей емес, екінші затпен, құбылыспен салыстыру арқылы көркемдеп, бейнелеп, болжап, көз алдына елестетіп жеткізеді. Окушы тілінде көріктеуіш құралдардың болуы – оның ойлау дәрежесінің жоғары сатысын көрсетеді. Көріктеуіш құралдар – ойлаудың жемісі. Ал образды ойлаудың белсенділігі шығармашылық әрекетке жетелейді. Образды ойлау – бұл «елестету (представление) арқылы ойлау». Ірі философтардың бірі Р. Декарт «Мен ойланамын, яғни мен тіршілік етемін» деген формуланы ұсынды.

Образды ойлау деңгейіне кез келген тұлға қол жеткізе алмайды, ол өсімді талап етеді, жасырын мағынаны түсіну үшін білімге ие болу аздық етеді, дамыған қиял, белгілі ой батылдығы қажет. С.Л. Рубинштейннің пікірінше, «баланы тәрбиелеу барысында сөйлеу мәнеріне мән берілмей, оны дамыту үшін жағдай жасалмаса, бала дүрыс сөйлемеуді әдетке айналдырады» [127, 116].

Образды ойлау арқылы қалыптасатын кеңістік, уақыт, заман туралы қағидалар негізінде, бір жағынан, болмыс шындығы дәйектелсе, екінші жағынан, жеке тұлғалардың өз бағыт-бағдарлары, қалаулары сұрыпталады. Адамзат санасының қызметі қоршаған әлемнің жалпы занылықтары, өзара байланыстары туралы мәліметтерді, білім негіздерін жүйелеуге мүмкіндік беретіндіктен, кез келген адам оның көмегімен алдына мақсат қоя білуге, жоспарлы әрекет етуге, табиғи және әлеуметтік орталарда өзін-өзі ұстауға дағыланады. Олай болса, дүниетанымның негізгі бағыттары да уақыт өте келе өзгеріп, жаңа құндылықтармен толығып отырады [38, 264].

А.А. Потебня поэзия мен прозаны ойлау мен танымның тәсілдері деген болатын. Эстетикалық түрғыдан дамыған оқырман ақпаратты қабылдау барысында мазмұндық форма ретінде көркем форманы менгеруге ұмтылады. Ол автордың түпкі ойын түсіне отырып, өзге мән үстейді, осылайша суретшімен ішкі диалог орнатады.

Окушылардың экспрессивті сөйлеу дағдысын дамыту барысында *есте сақтау* қабілеті ерекше маңызға ие. Тікелей (сенсорлық) және қысқа мерзімді есте сақтау қабілеті көріктеуіш құралмен алғаш танысу барысында маңызды болғанымен, күрделі ойлау үдерісінде қажетсіз. Ұзак мерзімді есте сақтау қабілеті ұзақ әрі күрделі ойлау операцияларын қажет етеді, бұл кезде ақыл әртүрлі байланыстар орнатуға тырысады. Өсіресе, ассоциативті және әйдепикалық есте сақтау қабілеті маңыздылыққа ие. Көріктеуіш құралдарды

түсінуде психологиялық үдерістің *ассоциация* техникасы үлкен рөл атқарады, атальмыш үдерістің нәтижесінде белгілі түсініктер мен ұғымдар өзгелерін туындатады. Мысалы, әпитетті түсіну кезінде санада *ассоциациялар* үздіксіз ағынмен ауысады.

Сонымен, ойлаудың ассоциациялық сипаты тілдік құралдардың ауыспалы мағынасын түсінуге мүмкіндік береді. Психологияда ойлаудың эмпирикалық және *теориялық* типтері ажыратылады: эмпирикалық тәсіл бақыланатын нысандарды салыстыруға негізделеді, мысалы, теңеулер, кейіптеулер, метафоралар, ал әпитеттер теориялық тәсілі сырттай әртүрлі нысандардың жасырын бірлігін анықтаумен байланысты (күтырынған жел, сиқырлы қыс).

Зерттеліп отырған мәселеге қатысты әдебиеттер негізінде көркем ойлаудың нақты дифинициясының жоқ екендігін айтуда болады. Көркем ойлау ұғымын анықтай отырып, зерттеушілер көркем ойлау барысында эмоционалды және зияткерлік, бейне және ұғымның өзара байланысқа түсетіндігін айтады. Бұл кезде екі фактор маңыздылыққа ие: 1) бейнелік ойлаудың құрылымы және 2) бейнелік ойлаудың мақсаты.

Зерттеушілердің көбі көркем ойлауды «танымның логикалық және сезімдік бейнелік тараптарынан тұратын, шығармашылық құрамдас бөліктердің (шығармашылық қиял, метафоралық және ассоциациялық ойлау, қабылдаудың эмоционалдылығы, көркем қырағылық) диалектикалық бірлігіне негізделген, көркем бейнелерді дұрыс түсінуге және түсіндіруге мүмкіндік беретін... (толыққанды, тұтас қабылдауға...) және тұлғаның шығармашылық қызметін туындататын ойлау түрі» ретінде анықтайды [128, 7]. Көркем сойлеу барысында сөздер түсініктерді ғана емес, көркем бейнелерді білдіреді деп есептеледі. Ұғымдық қабылдау бейненің пайда болуына қарағанда 2,5 есе тез жүреді дейді. Ұғымдық деңгейді бейнелік деңгейге ауыстыру барлық тілдік деңгейде жүзеге асады: сөз – ұғым – сөз – көркем бейне, троп. Психологтердің көбі шындықты қабылдаудың екі ерекшелігін атап өтеді: мәнерлілік және бағалауыштық сипаты. Сөздің экспрессивті-эмоционалды және экспрессивті-бағалау мағынасын ажыратамыз. Бағалау бөлігі құрделі мағыналық құрылымға ие. Осы ұстанымға сүйене отырып, оқушыларға бірінші эмоционалды, кейін ғана бағалау құралдарын оқыту қажет.

Мағыналық тұрғыдан көркем мәтін екіге ажыратылады: эксплицитті – айқын бейнелеуіштік, бейнелік (бейнелеуіштік тілдік құралдарды айтуда), имплицитті – құнғырт көркемдеуіштік, бағалауыштық (көріктеуіш әпитеттер жатады). Осы тұрғыдан оқушылар мәтіннің бағалауыштық және бейнелеуіштік жақтарын тани алады.

Тілдің көріктеуіш құралдарын жоғары сынып оқушыларына менгертуде оқушылардың эстетикалық дамуы артады. М. Фридман эстетикалық дамудың келесі деңгейлерін көрсетеді:

- констатациялық деңгей, бақылаудың кездейсоқтығы, көріктеуіш құралдардың түрін бөліп көрсете алмау сипаты тән. Көбіне саналы қатынас

болмайды немесе «жақсы», «жаман», «ұнайды», «ұнамайды» көрсеткіштерімен сипатталады.

- талдау жүргізу деңгейі. Саналы ойлап, өзіндік ойлау жүйесін көрсетеді, бірақ эмоция болмайды.

- гармониялық деңгей – а) тұлғалық қатынасты көрсететін эмоциялармен толықкан қабылдаудың бүтіндігімен; ә) анализ бен синтездің, тікелей қабылдау мен ой талқысынан өткізудің, рационалды және эмоционалды бастаулардың үйлесімімен; б) бейнеліліктің табиғатын сезіне білу білігімен сипатталады [129, 111]. Көрітеуіш құралдармен жұмыс жасаудың шығармашылық сатысына сай келеді. Бұлар оқушылардың эстетикалық дамуының критерийлері бола алады.

Жоғары сынып оқушыларына тілдік құралдарды оқыту олардың дүниетанымын жетілдіреді. Мысалы, М. Дулатұлының шығармаларын зерттеген F. Имашева: «Міржақыптың тіліндегі теңеу, эпитет, метафоралар қолданысы қазақ тіліндегі дәстүрлі қолданыспен сабактас. Көрнекті тілдік тұлғалардың тілінде қалыптасатын мұндай жүйе – занды құбылыс. Міржақып тіліндегі бейнелі теңеулер эпитеттік сипатта қазақ дәстүрлі үлгісінен туындаған, сондай-ақ, бұрын қолданылмаған тың теңеулер тобы да молынан ұшырасатынын» айтады. Оны мысалдар арқылы дәлелдеп көрсетеді: Міржақыпта дәстүрлі *-дай*, *-дей*, *-тай*, *-тей* жүрнақтары арқылы жасалған теңеулер көптеп кездеседі. Мысалы: *қаныққандай* көңіл жүдеу; *кісідей арақ ішкен дуреленіп*; келді мұжық көшкен *бұлттай*; простой біздің қазақ қара *тастай*; пайдасыз жемісі жоқ қу *агаштай*; біздің жүрттың *зәрредей* жоқ намысы; *шортандай* шабақ жүтқан жасалмауыздар; тал *жібектей*; жақсы емес *тікенектей*; құрт жайлазан тамырын қу *агаштай*; зиһінім (зерде) қайырышының *дорбасындей*; жер алу үшін хохолдар *селдей азып* келеді т.б. [130, 7]. Фалым келтірген бұл теңеулер – ақынның дүниетанымдық білімінің тілдегі көрінісі.

Ақын-жазушылар тілдік көрітеуіш құралдарды сырттан, бөтен елден алмайды. Ол халықтың мәдениетімен, тарихымен сабактастықта өріліп отырады.

«Біржан мен Сара айтысындағы» Біржанның «Ақын мұз балақтын жерге түспес, Қанды көз май жеп алғыш ақындынын», Сараның «Қамысты терең көлдің сұңқарымын, Қаңғырған ілдірмеймін қарышығаға» деген сөз бедерлері еki ақынның дүниені терең танығандығын байқатады. С. Мұқанов бұл өлең жолдарын шебер талдап берген: «Аңға саларда бүркітті ашықтыру үшін, аңшы оған «ақжем» береді, «ақжем» деген суға салып қанын кетірген ет. Қанды, майлы ет жесе, бүркіт тоқ болып, аңға түсе қоймайды, жалқау ұшады, не аңды кумай отырып қалады. Қанды, майлы етті жеп алатын құсты аңшылар өте сирек кездестіреді де, және аса бағалайды. Біржанның «қанды көз, май жеп алғыш ақынпен» деуі осыдан. Бұл оның «бап талғамайтын, женбей қоймайтын» ақынның дегені. Біржанның образына Сараның қарсы қоятын образы – үйрек. Үйрек былай қарағанда, ақынға олқы сияқты, ал шынында, бұл өте табылған образ. Эрине, әр теңеудің келісімі болу керек, оқушы нанатын теңеу болу керек.

Сұқсыр үйрек дегені кішкене және өте ұшқыр үйрек, оны қаршыға мен лашынның ұшқыры ғана ала алады. Сұқсыр үйрек – өте сақ үйрек. Ол көбіне күндіз көлдің тереңінде жүзіп, тұнде, інірде ғана ұшады. Көлдің тереңінен үйрек еш уақытта қыран құсқа алдыrmайды, ол суға сұңғіп кетеді» [131, 8-9].

Тілдік көріктеуіш құралдардың танымдық табиғатын таныту жоғары сынып оқушысының аялық білімін толықтырады. Поэзиялық, прозалық шығармалардағы лингвомәдени бірліктер бойынша кластер түзу білім алушылардың танымдық қабілеттерін дамытады, олардың түрлі ақпарат көздерінен өздеріне қажетті тілдік деректерді сұрыптаپ ала білуге дағыландырады. Тәжірибелік сабак барысында Құләш Ахметова, Д. Исабеков және тарихи шығармалардағы лингвомәдени бірліктер бойынша көптеген кластерлері түзілді.

Танымдық қызығушылықты арттыру үшін білім алушылардың белсенді танымдық қызметін ұйымдастыруды әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы іске асыру қажет.

Жоғары сыныптарда көріктеуіш тілдік құралдарды менгерту оқушылардың қабілетімен тығыз байланысты. Қабілеттіліктің өлшемі – белгілі бір істің нәтижелі болып орындалуында. Қабілет адамның іс-әрекетінің белгілі бір түріне, өнер саласының біріне жарамдылығын жақсы көрсете алады. Белгілі бір істі үздік орындауға мүмкіндік беретін адамның әртүрлі жеке қасиеттерінің (музыкалық саңылау, түстерді жақсы ажырата алу, қолдың икемділігі т.б.) қысып келуін, яғни адам қасиеттерінің синтезін қабілет деп атайды [132].

Тума қабілет теориясына сүйенетін болсақ, бала әуел бастан дүниеге келгенде «семантикалық, синтаксистік, лексикалық, фонетикалық және т.б. тілдік әмбебап құрылымдарға ие» болып туылады. Сөйлеу баланың тума қасиеті болса, қоғам және сыртқы орта осы тума механизмнің «іске қосылуына» түрткі береді де, баланың сыртқы ортаға қатысты түсініктері қалыптаса бастайды. Әлеуметтік-биологиялық теория бойынша бала тілді менгеруге деген тума қабілетпен туылады да, өзі өмір сүріп отырған ортадағы тіл туралы материалдарды үлкендер арқылы алады. Оны жай қабылдап ала бермейді, даму сатысы жоғарылаған сайын «өндеп», «бала» тілін «ересектер» тілінің жүйесіне ауыстыра отырып, көп жағдайда өз бетінше менгереді. Тілді менгеру қарқыны оның өмірлік қажеттіліктерінің артуына қарай өсе түседі.

... Баланың миы – тамаша тілші, оның ана тілді қалай игеретіндігі ғылым үшін әлі құпия нәрсе. Егер бала тілді диктофонға жазып, фразалар мен ережелерді жаттап үйренетін болса, біз сияқты еркін сөйлеу үшін оған ең аз дегенде 100 жыл керек болатын еді. Бірақ бала магнитофон емес, оның миында тілдік алгоритмдерді жасайтын тұмысынан берілген құрылым бар. Баланың миындағы бұл құрылым тамаша жазылған виртуалды әмбебап кітап, «чип» сияқты (ал кейбір ғалымдардың айтудынша, ол биологиялық компьютер), оның сырын түсінген күні әмбебап оқулық жазудың тәсілін үйренуге болады. Сайып келгенде, мидың қалай жасалғанын білген кезде дүниенің қалай жасалғанын түсіне аламыз [133].

Шын мәнінде, сәбидің дүниеге келген күннен бастап өз ортасын тани бастауы жеке сөздерден, фразалардан, ағаштың сыйдыры, иттің үруі, күннің күркіреуі және т.б. осы сияқты табиғаттағы сан алуан дыбыстардан адамзаттың тілін ажыратып, одан қажетті сөйлеу механизмін жасауы, сосын пайдалана бастауы – барлығы өте курделі үдеріс. Аталмыш «құрылымның», «әмбебап кітаптың», «чиптің» міда дұрыс құрылуы, жазылуы баланың одан кейінгі даму, қалыптасу механиздеріне түрткі болатыны сөзсіз. Қазак халқы балалар фольклорында бұл мәселені қатаң сақтаған. Дүниедегі жанды-жансыз заттардың барлығын көрсем, білсем, сырын анғарсам деген құштарлықтың балалардың бойында айрықша болатынын сезініп, түрлі өлөндер, тақпактар, ойындар арқылы оны дамытуға мән берген. Жансыз затты жандыдай, болмайтынды болатындай етіп суреттеуді, кейіптеуді ұтымды қолданған. Ойындарды баланың жан сұлулығын, тән сұлулығын жетілдіруге бағыттаған. Мәселен, жан-жануарлар қалай дыбыстайды, оларды тілімізде қалай айтады дейтін танымдық, тілдік маңызы зор мәселелерді «қалай айтуды білемін» деген ойын арқылы-ақ балалардың санасына сінірген. Ал іс-әрекеттерді дұрыс сипаттай білу тіл мәдениетінің бірінші баспалдағы екенін бәріміз де білеміз.

Адамның миы соншалықты керемет тілші болса, адамдардың барлығы не себепті данышпан, шешен болмасқа деген сұрақ туатыны белгілі. Т. Черниговскаяның пікірінше, уақыт өткен сайын миды жаттықтырып отырмаса, оның жұмысы да тежеледі. Сондықтан оқушыларға тілдік көріктеуіш құралдардың этномәдени сипатын танытуда «Топтастыру» стратегиясы немесе «кластер» әдісін қолданудың пайдасы зор. Бұл – идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Негізгі тақырып немесе тірек сөз параптың ортасына жазылады да, одан туындастын тақырыпшалар оның жан-жағына жазылады. Білім алушылар оларды бір-біріне сзықтармен қосып, өзара байланыстары туралы әңгімелейді. Тақырыпшалардың байланыстары туралы сұрақтар құрастырылып, оларға жауап іздеген де тиімді. Әдетте, кластер білім алушының жеке орындауынан басталып, одан кейін жұмыс жұпта немесе шағын топта (4-6 адам) жалғасады.

Адамның жоғарыда айтылған дүниені саналы қабылдауы, ойының ұшқырлығы, танымының терендігі оның жеке тұлғасымен тығыз байланысты. Жеке тұлғаның дамуына деген көзқарас қоғамның даму кезеңінде әртүрлі мәнге ие болып отырған. Платон мен Аристотель адамның дамуы алдын ала табиғи тумысынан белгілі, даму оның нәсіліне байланысты деген пікірді ұстанған.

Америкалық прагматикалық педагогиканың негізін салушылардың бірі Джон Дьюи жеке тұлғаның дамуы жөніндегі теорияны туғаннан пайда болатын инстинктер мен қабілеттер арқылы негіздел, тәрбиені де соларға тәуелді етеді [114]. Ол жеке тұлғаның дамуын оның өзі өмір сүріп отырған қоғамға икемделуі деп түсіндіреді. Демек, жеке тұлға мәселесін шешуде аталмыш ғалымдардың барлығы да адамның дамуын өз еркінше, ішкі әрекеттен, қоршаған жағдайлардың әсерінсіз, адамдардың қатынасынсыз болады деп түсіндіреді. Сондықтан жеке тұлға туралы мәселе осы күнге дейін зерттеліп,

зерделенін келеді. Психологиялық сөздікте тұлға: «Жеке тұлға – әлеуметтік ортада қалыптасып, өзіндік ерекшеліктерімен (талғам, мұрат, мінез-құлық, қабілет, т.б.) сипатталатын адам», – деген анықтама берілген [134]. Бұл қағидаға сүйенсек, жеке тұлғаға қоғамдық өмірдегі өзгерістер әсер етін отырады. Қоғамнан тыс адам жеке тұлға ретінде қалыптаса алмайды. Адамның жеке тұлға болып қалыптасуына оның әлеуметтік өмірі, өмірден алған білімі, айналаны тануы, қоршаған ортасы және т.б. әсер етеді. Осы сыртқы әсерлер арқылы ол үздіксіз даму үстінде болады. Оқуға енді түсетін 11-сынып оқушысының жеке тұлғалық қасиетінде айырмашылық болады. Ол оның осы аралықта алған білімімен, ізденісімен, айналасындағы болып жатқан өзгерістермен, қоршаған ортасымен байланысты дамып, жетіліп отырады. Психолог В.Г. Крыско тұлғаға мынандай анықтама береді: «Личность – это конкретный человек, являющийся представителем определенного государства, общества и группы (социальной, этнической, религиозной, политической, половозрастной и т.д.), осознающий свое отношение к окружающим его людям и социальной действительности, включенный во все отношения последний и занимающийся своеобразным видом деятельности и неделенный специфическими индивидуальными и социально-психологическими особенностями» [135, 111].

Тұлғаның дамуы түрлі факторларға тәуелді. Ол адамның жүйке қызметімен, анатомия-физиологиялық ерекшелігімен, қоршаған ортасымен, қоғамдық-әлеуметтік қызметімен байланысты. Психологтер тұлғаның дамуына макро орта (қоғам, әлеуметтік факторлар) және микро ортаның (отбасы, айналысында араласатын адамдары) қатты әсер ететінін айтады. Мәселен, қазақ халқының сөзге шешен, ұтымды, дәлелді сөйлеуі оның ортасына байланысты. Жас бала туғаннан ананың бесік жырын, әже-аталарының батырлық, лиро-эпостық жырларын тыңдалап өскен. Қарапайым бесік жырларының өзінде риторикалық қайталаулар, аллитерация, анафора, эпифора және т.б. көріктеуіш құралдар ұтымды қолданалады.

Заманауи білім берудің түпкі мақсаты – оқушыларды теориялық мәліметпен қамтамасыз ету емес, өзінің өмірінде кездесетін түрлі проблемаларды шеше алу, жинаған білімін шынайы өмірде қолдана алу құзыреттілігін қалыптастыру, «өйткені 12 жылдық білім жүйесін енгізуде және дәстүрлі педагогикалық жүйенің өзінде мемлекеттік мектепке беріп отырған тапсыры немесе сұранымы – ойлауы жан-жақты дамыған, тілге шебер және мемлекеттік тілдегі ісқағаздарына жауап берін, бейресми және ресми жағдаяттардан жол тауып шыға алатын, өзінің өмірдегі мәнін түсінетін, өз ісіне жауап беретін азамат тәрбиелеу» [136, 91].

Жеткіншек кезеңде гипотетикалық-дедуктивті ойлауды және шындықтан ұғымды абстракциялау қабілетін қалыптастыру, баламалы ғылыми болжам тандау және қалыптастыру, өз ойын талдай алу (жоғары сынып оқушысы нысадар мен оларға негізделетін логикалық іс-әрекеттерді ажыратуға,

мазмұнына қарамай, логикалық бейнесіне байланысты сөйленістерді топтастыруға қабілетті) аяқталады.

Осы сатыдағы интеллектінің сапалы дамуы мәселелерді табу және шешуге ұмтылу қабілетімен сипатталады. Интеллект дамуының соңғы кезеңінің ерекшеліктеріне, белгілі мәселелерге стандартты емес түрғыдан келу, жеке мәселелерді анағұрлым жалпы мәселелерге енгізе білу қабілеті, нашар қалыптасқан міндеттер негізінде жалпы сұрақтарды нәтижелі қоя білу және т.б. жатады. Дегенмен ақиқаттың түрлі аспектілеріне мұндай қабілетті қолдануды жоғары сынып оқушысы таңдаулы түрде (тек оған анағұрлым маңызды және қызықтысы) жүзеге асырады.

Жеткіншек кезенде мүмкіндік және шынайылық санаттарының арақатынасында өзгеріс болып, мүмкіндік басымдық алады, бұл сөзсіз интеллектуалды тәжірибе жасауды тудырады. Накты осы кезенде оқушы сөздің мағынасына қатысты ойынға жоғары қызығушылық танытады.

Жоғары сынып оқушысының ой-өрісінің дамуы жай ғана ақпаратты менгеруді ғана емес, зияткерлік бастама танытуды және жаңа нәрсе жасау болжайтын шығармашылық қабілеттерінің дамуымен байланысты: етпелі кезең тұлғаны көптеген жаңа, қарама-қайшы өмірлік жағдайлармен бетпе-бет келтіріп, оның шығармашылыққа ынталандырып, белсенділігін арттырады. Шығармашылықтың маңызды зияткерлік құрамдас бөлшегі – *дивергентті ойлаудың* басымдылығы, ол бір сұраққа бірнеше бірдей дұрыс және тең дәрежелі жауаптың болу мүмкіндігін болжайды (осында мәселені шешетін бір мағыналы шешімге бағытталған *конвергентті ойлаудан* айырмашылығы) [137, 371].

Л.С. Выготский жеткіншек кезде оқушы өмірінде елеулі екі өзгеріс болатындығын айтады: «бірінші – өзінің «мен»-ін ашу, тұлғасын бекіту жасы, екінші жағынан, дүниетанымын, дүниеге көзқарасын бекіту жасы» [138]. Яғни бұл жаста оқушы өзін-өзі дамыту, өзін-өзі басқару қабілеттерінің пайда болып, дараышылдық түрғыда жеке, кәсіби және рухани бағдарланған қабілеттері тұрақты дамиды. Жоғары сынып оқушылары алдына мақсат қойып, өз өмірін жоспарладап, болашақ мамандығын саналы түрде таңдай алады. Алайда өмірлік жоспарларында қарама-қайшылықтар кездесіп жатады. Әсіресе, болашақ мамандық таңдауда өз еркімен іске аспайтынын білеміз, мектеп бітіруші көп жағдайда ата-анасының ырқынан шыға алмай, солар ұсынған маман иесі болып кете берді. Міне, осыдан соңғы уақытта өз кәсібіне, ісіне аса бір қызығушылықпен қарамайтын, аса бір жауапкершілік танытпайтын қызметкерлер көбейіп барады. Жеткіншектердің психикасын дамытуды талдауда когнитивтік орта маңызды рөл атқарады. Л.С.Выготскийдің ойынша, ойлау оқу әрекеттері барысындағы баланың саналы іс-қимылдарының орталығын айғақтайды. Рефлексивті ойлауды дамыту теориялық танымдық психикалық үрдістерді интеллектуалдандырып, жеткіншек санасын қайта құруға итермелейді [138].

Оку үдерісінде шығармашылық белсенділік, бір жағынан, күнделікті түсініктер мен тыйымдардан арылуды (көбіне бейсаналы), жаңа ассоциациялар мен жаңа жолдар іздеуді, екінші жағынан, өзін-өзі бақылауды, үйимдасқандықты, өзін тәртінке сала білуді болжайды. Нақты осы қайшылықты ерекшеліктер жоғары сынып оқушысының тұлғасында көрініс табады. Жеткіншек жас эмоционалды реакциялармен және эмоционалды қалыптарды жеткізу тәсілдерінің үлкен жіктелгендігімен, сонымен бірге, өзін-өзі басқару мен өзін-өзі реттеудің жоғарылауымен сипатталады [139].

Жоғары сынып оқушысының ақыл-ойының дамуы *ақыл-ой әрекетінің индивидуалды стилінің қалыптасуымен сипатталады*. Әрекеттің индивидуалды стилі, психолог Е.А. Климоўтың анықтамасы бойынша, «*психологиялық құралдардың дарашилдық-өзіндік жүйесі, адам оған қызметтің сыртқы, заттық жағдайларымен өзінің дарашилдығын мейлінше жақсы сәйкестендіру мақсатында саналы немесе стихиялы түрде жүгінеді*» [140, 49]. Танымдық үдерістерде ол ойлау стилі ретінде көрініс береді, яғни ақпараттарды алу, жинау, өндеу және қолданудың түрлі жолдарын қамтитын қабылдау, есте сақтау және ойлау тәсілдеріндегі жеке вариациялардың тұрақты жиынтығы. Бұл оқушылардың дербестігі мен шығармашылығын ынталандыратын білім берудегі индивидуалды тәсілдің қажеттігін көрсетеді. *Білім беру үдерісінде оқушының дербестігі оның жетістіктерін тікелей жақсартып қана қоймайды, сонымен бірге тұлғаның ақыл-ой қабілеттері мен ерекшеліктеріне пайдалы әсер етеді*.

Жеткіншек кезеңде өзіндік сана-сезімнің қайта құрылуы жүреді – «Мені» анықталады. Мұндағы орталық психологиялық үрдіс – жеке сәйкестілікті, өзіндік терең-тендік сезімін, сабактастық пен бірлікті қалыптастыру. Жасөспірім өзіне, өзінің уайымын, ойын ешкімге жарияламауға қалыптасып, жаңа сезімнің, табиғат сұлулығының, музыка дыбысының бүтін әлемін басқаша түсінеді. 14-15 жастағы адам өзінің сезімін сыртқы оқиғалардың әсері емес, өзіндік «МЕН» жағдайы ретінде қабылдайды және қорытады. Бұл кезеңде жасөспірімде сөз, сөйлеу формасын таңдау сезімталдылығы артады. Осы шығармашылық әрекет – бастауыш мектеп жасындағы бейнелі-көркем сөйлеуден жасөспірім жасындағы көркем-эстетикалық сөйлеуге ауысуымен түсіндіріледі. Л.С. Выготскийдің айтуы бойынша, қалыптасқан елестету әрекеттің бұқаралық формасы ретінде әдеби шығармашылық алынады, ол жасөспірімнің субъективті терең ойларын, сыр бөлісу қабілетінің дамуы мен тереңдеуінің шырқау шегі болып табылады. Жоғары сынып оқушыларының өз ойларын жеткізу қажеттіліктері, жарқын эстетикалық қүйініштерді бастан кешіру қабілеттері тілдің эстетикалық ерекшеліктерін түсінудің маңызды психологиялық негізіне айналады [138].

Жоғары сынып оқушыларының психикалық даму ерекшеліктері оқушының тек зияткерлік қана емес, сонымен бірге, рухани, эстетикалық дамуының қажетті алғышарттарын құрайды, сабактағы жаттығуларды орындау

барысында окушыға мәтіндегі тілдік бірліктердің қызмет ету заңдылықтарын өз бетімен түсінуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер туындаиды.

Тұрлі стильдердегі мәтіндердегі көріктеуіш тілдік құралдарды қолдану ерекшеліктерін талдау, В.Г. Костомаровтың «отграничивать эстетический момент от художественности и видеть его присутствие в той или иной мере (...) во всех текстах» [141] – деп ескертуі келесі әдістемелік қорытынды жасауға мүмкіндік береді: қазақ тілі сабағында көріктеуіш тілдік құралдарын оқыту тек көркем мәтін негізінде емес, сонымен қатар публицистикалық және де ғылыми-танымдық (мысалы, өнертанымдық) мәтіндер негізінде де жүзеге асырылуы қажет.

Біз жоғары сынып оқушыларының коммуникативтік икемділігі, әдеттегідей, көркем мәтін, публицистикалық стильдегі мәтіндерді құрастыруды жүзеге асады деген пікірдеміз. Осыған қоса, көріктеуіш құралдарды менгертуге арналған жаттығу жұмыстарының заманауи формалары негізінде оқушының коммуникативтік, лингвомәдени құзыреттіліктерін қалыптастыра алатынымызды дәлелдейді.

2.3 Лингвомәдени құзыреттілік және оны қалыптастырудың педагогикалық негіздері

XX-XXI ғасырларда қоғамдық санадағы өзгерістер мектептегі білім беру стратегиясын қайта қарастыруды қажет етті. Білім философиясында антропонентрлік парадигмаға ауысу нақтыланды, яғни мұның негізінде субъект принципі жатыр. Гуманитарлық білім берудің мәні – адамды, оның әлемге деген дүниетанымын, көзқарасын, танымын тану. Гуманитарлық білім беру – «адамның әлеуметтік-мәдени тұрпатын сомдау тәсілі ретінде көрінеді, өйткені ол жеке тұлғаның дамуындағы сыңаржақтылық пен толымсыздықты еңсеруге жәрдемдеседі, сол арқылы оның ішкі әлеуетін ашуына деген мүмкіндігін көнектеді» [2, 5].

Болашақ – білім мен ғылымға тәуелді болатыны айдан анық нәрсе. Қазіргі жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесі қандай дәрежеде болса, еліміздің өртені де сондай дәрежеде болмақ. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру – бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени дамуының жоғары деңгейі және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз процесі», – деп, айқын көрсетілген [142]. Сондықтан қоғам талабына сай, қоғамды қөркейтетін, дамытатын, Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы істер байланысында мемлекеттің өркениеті үшін еңбек ететін, шетелдермен еркін ғылыми және мәдени қарым-қатынас жасай алатын, оқығанын өмірде қолдана алатын, ана тілін жетік білетін, ұлтжанды азамат дайындау қажет.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі тарихын сараптай келе, алғашқы кезден-ак казақ тілінің жай-күйі мен мәртебесін көтеруді аңсан, оның қоғамдық және әлеуметтік орнына көп көңіл бөлген. Қазақ тілін оқыту дидактикасы

А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Дулатов секілді қазақ халқының мәндайына біткен ұлтжанды азаматтардың еңбектерінен бастау алғандығын көруге болады.

А. Байтұрсынов өзінің «Әліппе - астар», «Баяншы», «Қай әдіс жақсы?» атты еңбектерінде оқытуудың түрлі әдіс-тәсілдерін ұсынады. Ғалым: «Өзіміздің елімізді сактау үшін бізге мәдениетке, окуға ұмтылу керек. Ол үшін, ең алдымен, әдебиетті өркендешту керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халық онды емес. Осы күні орыс школы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз қылып, хат жазса да, өзге тілде жазып, қазақ тілінен алыстап барады. Бұл, әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзben қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлттымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істемегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендештеп тін уақытымыз жетті. Түсініп отырғанымыздай, қанша уақыт өтсе де, бұл пікір әлі күнге дейін өз маңыздылығын жоғалтпаған [143, 9].

Қазақ тілін оқыту әдістемесіне отандық ғалымдар біраз еңбек сінірді. Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту әдістемесінде Н. Оралбаеваның, З. Бейсенбаеваның, Ф. Оразбаеваның, Р. Шаханованың, А. Қыдыршаевтың, Н. Құрманованың, Ж. Балтабаеваның, Қ. Қадашеваның, К. Жақсылықованың модульдік оқыту әдістемесі, А. Сатбекованың жобалай оқыту технологиясы, Р. Рахметованың синтаксисті катысымдық-тәнімдық түрғыдан оқыту әдістемесі және т.б. ғылыми жұмыстар әдістемелік жүйеге өз улесін қосады.

Қазақ тілін орта мектепте оқыту әдістемесіне С. Рахметованың оқушылардың тілін дамыту әдістемесі, А. Жапбаровтың тіл дамыту әдістемесі, Н. Оразахынованың сатылай кешенді талдау технологиясымен оқыту әдістемесі, Ж. Дәuletбекованың сөз мәдениетіне арналған зерттеу жұмыстары құндылығымен бағалануда.

Жоғары сыныптарда қазақ тілін оқыту бағдарламасының мазмұны бүгінгі таңда бұрынғыдан әлдеқайда өзгеше. Мұның басты себебі қазақ тілінің қазіргі қоғамдық мәнімен байланысты. Қай қоғамда да тіл проблемасы болатыны белгілі шындық десек, қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін иеленуіне орай, шешімін табуға тиісті курделі мәселелер әлі де барышылық. Бұл жағынан білім беру саласында да атқарылуға тиісті ауқымды істер жетерлік.

Көріктеуіш тілдік құралдарды жоғары сыныпта оқытуудың маңызы біріншіден, оқушыларды сөз мәдениетіне төсөлдіру. Қазіргі уақыт – ақпараттың тасқындалап келу уақыты. Ал осы ақпаратты оқушылардың жөнді-жөнсіз пайдаланып, адамдар арасындағы тілдесімнің күрт төмендеп, оның орнына «техникалық тілдесім» етегін кең жаюда. Оқушылар тілінің жұтандығы, проблемаларын шеше алмауы, сөз қадірін білмеу – бәрі тілдесімнің, әрекеттің жоқтығы. Сөз мәдениетін сан қырынан зерттеп жүрген ғалым Ж. Дәuletбекова сөз мәдениетінің аса маңызды бөлігі катысымдық сапасы екендігін айта келіп, сөздің катысымдық сапасы мен мазмұнына әсер етенін факторларға сөз

шыншылдығы, тіл көркемдігі, өзіндік тіл ерекшелігі, сөз байлығы, сөз тазалығы жататындығын аныктайды. «Сөз қордың молдығы – білімділіктің көрінісі» деп тұжырымдал, сөз байлығының көрсеткіштеріне синонимдер, антонимдер, мақал-мәтелдер, сөз зергерлерінің афоризмге айналған сөздері, тұрақты тіркестер, ауыпалы мағыналы сөздер, троптар, фигуralар, қайтalamалардың атқаратын рөлі зор екендігін дәлелдейді [51, 43-53]. Олай болса, көріктеуіш құралдар сөйлеуші адамның сөздік қорының молдығын, көп білетіндігін, көп оқитындығын, бір сөзben айтқанда, оның интеллектісінің жоғары екендігін көрсетсе, ал тындаушы адамның қызығушылығын арттырып, құлақ құрышын қандырып, сезімін оятады.

Екіншіден, қазіргі қоғамда «сауаттылық» ұғымы мазмұнының айтарлықтай тез қарқынмен дамып жатуы. Адамның оқи алу, жаза білу және арифметикалық есептер шығара алу қабілетін сипаттайтын сауаттылықтың дәстүрлі түсінігімен қатар «функционалдық сауаттылық» ұғымы белсенді пайдаланыла бастады. Қазіргі білім беру жүйесінде барлық пәндердің міндеттері оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталуы тиіс. Өйткені функционалдық сауаттылық – «оқушының сейлеу жағдаятына қарай қазақ тілінің құралдарын таңдап қолдана алуы, түрлі әлеуметтік өмір жағдаяттарында өз проблемасын шешеуде қазақ тілін тілдік нормаларды сақтай отырып, қатысымға тусе алу біліктілігі» [144, 29]. Яғни бұл бағыт жоғары сынып оқушысының әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы тұлғаның үнемі жетіліп отыруына септігін тигізеді. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дene және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады, яғни оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету.

Үшіншіден, орта білім беру жүйесінде білім алатын ұрпаққа жалпы білім беру жеткіліксіз болып табылады, әсіресе тіл және әдебиет сабактарында тілді «грамматикалық схема» түрінде, ал әдебиет нұсқаларын жалпы танысу, мәлімет алу түрінде емес, тіл де, әдебиет те ұлт мәдениетінің жемісі, ұлт мәдениетінің түйіні ретінде қарастырылуы аса маңызды болып отыр. Тіл мен тарихтың, тіл мен мәдениеттің байланысы қазақ тілі сабактарының негізгі өзегі болуы керек. Сондықтан да тіл мен әдебиет пәні өзара сабактастықта қарастырылып, осы пәндерді оқытуда мәдениеттанымдық тұрғыдағы әдістерді енгізу, бұрыннан қолданылып келе жатқан тәсілдерді жетілдіру маңызды болып есептеледі. Әсіресе тіл мен әдебиет пәндері бойынша сабактарда фондық білімге нақты көңіл бөлу арқылы оқушыда ұлт пен мәдениет байланысынан туындастын білімді жан-жақты қалыптастыруға болады.

Қазіргі нарық заманы білім беру жүйесіне елеулі өзгерістерді кіргізуі талап етіп отыр. Сонымен бірге кез келген өмірлік жағдаяттарда шешім қабылдай алатын, белсенді, интеллектуалды әлеуеті жоғары, креативті ойлай біletін ұрпақ тәрбиелеуге басымдылық беруді қажет етуде. Осыламен

байланысты мектептегі білім беру жүйесін жандандыруға, оқу сапасын арттыруға мән беріліп, білім беруді құзыреттілік тұрғысынан ұйымдастыру жолға қойылды. Білім беру жүйесінде окушының білім, білік, дағдысын оның құзыреттілігімен сабактастыру мәселесі алға шыкты. Құзыреттілік, құзыретті тұлға мәселесі жан-жақты зерделене бастады. Жалпы «құзыреттілік» терминің ғалымдар мен әдіскерлер әртүрлі түсіндіріп жүр. «Құзыреттілік», «құзырет» ұғымдары бір-бірімен тығыз байланыста айтылып, педагогикада «құзырет» және «құзыреттілік» терминдерімен қатар «түйінді құзыреттіліктер», «кәсіби құзырет», «кәсіби негізгі жеке қасиеттер» және т.б. терминдер синоним ретінде қолданылып келеді. Пікір әр түрлі болғанмен олардың барлығы түпкі нәтижені құзыреттілік тұрғысынан айқындау деген тұжырымға келіп тіреледі.

«Құзыреттілік» термині ең алғаш өндірістік мекемелерде қолданылып, ол менеджерлік ұғыммен байланыста қаралды. Себебі көптеген ғалымдар құзыреттілікті білімге, тәжірибеге, негізделген оқу барысында жинақталған қабілеттердің жиынтығы ретінде қарастырады.

С.Е. Шишов: «...умения представляются как компетенция в действии. Компетенция – это то, что порождает умение, действие. Компетенцию можно рассматривать как возможность установления связи между знанием и ситуацией или, в более широком смысле, как способность найти, обнаружить процедуру (знание и действие), подходящую для проблемы», – деп, құзыреттілікті қабілетпен байланыстырады [145, 54].

Р.С. Рахметова: ««Құзырет» және «құзыреттілік» термині көбінесе бір-біріне синоним ретінде қолданылып жүр. Ал «біліктілік» термині белгілі адамның бір мамандықты игеруінің деңгейін байқатады», – дей келіп, оған мынандай анықтама береді:

Сонымен, «құзырет» және «құзыреттілік» терминдері өзара сабактас, мағыналас. «Құзырет» кең мағынадағы ұғым да, «құзыреттілік» – осы құзыретті қолдана білуі, іске асыруы, білімі, білігі, дағдысы:

- білім жүйесінің іске асуы;
- тұлғаның өзіндік ерекшелігі мен тұлғалық сапасы;
- кез келген қызметке даяр болу критерийі;
- қажетті міндеттерді шешу мен белгілі нәтижеге жету жолындағы қабілеттілігі;
- кәсіби қызметті қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылар жүйесінің бірлігі;
- адамның практика жүзінде өзінің құзыреттін жүзеге асыратын қабілеттілігі;
- міндеттерді шешудегі білімі мен тәжірибесінің көрсеткіші;
- кез келген практикалық жағдаятты шешуі мен іске асырудағы өзіндік әлеуеті;
- әлеуметтік және кәсіби ортада кез келген қызметтің әлеуметтік мәнін түсініп, өзінің жауапкершілігін сезініп, шығармашылықпен жүзеге асыруы [53, 73-74].

Психологтер құзыреттілікті индивидтің басқа адаммен тілдесімге түсүі кезінде қалыптасатын қызметі тұрғысынан қарастырады. Қалай десек те, құзыреттілік адамның өміріне қажетті білім, білік, дағдыларды игеруі болып табылады. М.В. Кондуар білім беру жүйесіндегі «құзырет» және «құзыреттілік» терминдеріне талдау жасай келін, оның көбінесе төмендегідей түсінілетінін айтады:

- образовательного результата, выражющегося в подготовленности, в реальном владении методами, средствами деятельности, в возможности справиться с поставленными задачами;
- такой формы сочетания знаний, умений и навыков, которая позволяет ставить и достигать цели по преобразованию окружающей среды;
- совокупность характеристик (мотивы, убеждения, ценности), обеспечивающая выполнение профессиональной деятельности и достижение определенного результата;
- соответствие специалиста предъявляемым требованиям компетенции [146, 189-191]. Ягни құзыреттілік жеке тұлғаның өзіндік ерекшелігін, индивидтің алдында кездескен мәселелерді шешу қабілетін, кәсіби қызметіне қажетті білім, білім, дағдысын қамтиды.

Қазіргі таңда ғалым-әдіскерлер құзыреттіліктің бірнеше түрлерін айтып жүр. Құзыреттілік білімнің түпкі нәтижесі ретінде түсініледі. Жаһандану заманына деңдеп енген қазіргі қоғамда оқушыға ұлттың мәдениетін тілдің көріктеуіш құралдарын менгерте отырып оқыту және оның лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері өзекті болып отыр. Бұл мәселенің екі қыры бар, бірінші – тілдік мәдениетті білу, екінші – тілдік-мәдени немесе лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру. Тілдік мәдениетті жетік білмей лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру мүмкін емес. Сондықтан бұл екі мәселе бір-бірімен сабактасып, астарласып жатады. Себебі тілдік мәдениеттің түпкі тамырында сол тілдің дамуы мен қалыптасуына әсер ететін, тілдің өзіндік ерекшеліктері мен әдеби тіл нормасын танытатын тілдік, мәдени бірліктер жатады. Ғалым Г. Қосымова айтқандай, «халықтың тіршілігі мен тұрмысында сөз өнері шешуші рөл атқарады. Атысқандарды да бітістірген, жауласқандарды да татуластырған, қиуы кеткен істі бүтіндеген, бұра тартқандарды тұзу жолға салған, тентекті телі еткен, қалғығандарды оятқан, тұралағандардың еңсесін көтерген – ақылды сөздің арыны, қуатты сөздің құдыреті» [29, 17]. Тіл мәдениаралық қарым-қатынаста ерекше рөл атқарады. Қоғамның тілі мен жеке адамның тілі кез келген ұлттың мәдениеті мен деңгейін танытады. Тілдік мәдениет қоғамның мәдениетін, жеке адамның сол қоғамның мәдениетін дамытудағы рөлін байқатып тұрады.

Қазіргі таңда адамның қоғамдағы қызметіне қатысты болмаса да, оның кәсіби біліктілігіне, лингвомәдени құзыреттілігіне баса мән беріліп отыр. Өйткені адам өзі өмір сүріп отырған қоғамның мәдениетін дамытуы тиіс. Адам тілдік бірліктер мен құралдарды еркін менгерумен бірге оны қалай, қайтіп, қандай жағдайда қолдануы керектігін де білу арқылы өзінің тілдік

құзыреттілігін жетілдіріп отыруы керек. «Тілдік құзыреттілік» ұғымын ең алғаш рет 50-жылдардың соңында америкалық лингвист-ғалым Н. Хомскийдің енгізгені мәлім. Тілдік құзыреттілік сол тілді тұтынушы адамның тіл туралы білімімен түсіндірілді. Сол тілдің грамматикалық жүйесі туралы білімімен сабактастықта бағамдалды. Екінші бір ғалымдар тілдік құзыреттілікті «тілдік қабілет», «тілдік белсенділік» ұғымдарымен байланыстырыды. Адам өзі менгерген теориялық материалды қалай қолдану қажеттігін білсе, оның тілдік құзыреттілігі анықталады деген тұжырымыды ұсынды. Ал «мәдени сауаттылық» деген терминді америкалық ғалым Э. Хиршем енгізді.

Ғалымдар мәдени сауаттылыққа адамның қазіргі заманға қажетті барлық білімдерінің жүйесін жатқызады. Яғни адам өзінің өмір сүруіне көмектесетін барлық ақпараттармен, білім қорымен қарулануы тиіс деп есептейді. Бұл пікір адамның «лингвомәдени құзыреттілігі», «тілдік-мәдени құзыреттілігі» туралы тұжырымдардың тууына ықпал етті.

В.А. Маслова «существует ли в реальности культурно-языковая компетентность носителя языка, на основании которой воплощаются в текстах и распознаются носителями языка культурные смыслы. В качестве рабочего определения культурно-языковой компетенции мы принимаем следующее: это естественное владение языковой личностью процессами речепорождения и речевосприятия и, что особенно важно, владение установками культуры», – деп, мәдени-тілдік құзыреттілікте мәдени бірліктердің рөлін айрықша бағалайды [92, 31].

Тілдік-мәдени құзыреттілікті қарастырган ғалымдар оған әр қырынан баға береді. Бірақ барлығы бір тұжырымға келін тоқтайды. Ол – қазіргі жаһандану заманында адамға керегі білім қоры емес, өмірдегі түрлі жағдаяттарды шешуге көмектесетін, басқа адамдармен қарым-қатынасқа тұсуге қажетті қабілет пен құзыреттілікті дамыту деген тұжырым. Сондықтан қазіргі таңда адамның әлеуметтік және қоғамдық өміріне қажетті іскерліктер мен дағдысын қалыптастыру мен құзыреттілігін жетілдіруге басымдылық беріліп отыр. Қазіргі білім беруді құзыреттілік тұрғысынан ұйымдастыруға мән берілудің себебі де осында. З.К. Ахметжанова бұл туралы былай дейді: «Актуализация проблемы взаимодействия языков и культур, теория и практики лингвокультурологии связана с рядом факторов, среди которых особо значимыми представляются фактор витальности языков и культур, необходимость сохранения самобытности этносов, повышения национального сознания, чтобы человек мог ответить на вопросы: Кто я? Каково мое место в этом мире? Что мне досталось в наследство от моих предков и что я передам детям и внукам?» [147, 24].

Ғалым атап айтқандай, бүгінгі жас үрпақ өз елінің мәдениеті туралы жан-жақты біліп, оны өзінің үрпағына табысталп кетуі тиіс. Ол үшін оның лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру керек. Өйткені окушының лингвомәдени құзыреттілігі түрлі әлеуметтік мәдени мәселелер мен коммуникативтік міндеттерді шешуге ықпал етеді. Л.А. Шкатова лингвомәдени

кұзыреттіліктің мынандай бірліктерді қамтитынын айтады: «Овнешненные языком (выраженные в ключевых словах, словосочетаниях, фразеологических единицах и прецедентных текстах) базовые знания во всех сферах человеческой деятельности, позволяющие адекватно понять неспециальную информацию, чтобы ориентироваться в современном мире» [148]. Мәселен, мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқы онымен байланысты көптеген ақпараттарды терең менгерген. Оны күнделікті өмірде ұтымды пайдаланған. Мал халықтың өмірінде ерекше рөл атқарғандықтан, онымен байланысты жерсу атаулары, адам есімдері көптең кездеседі. Мәселен, түйенің ботасының сүйкімділігіне байланысты *Бота*, *Ақбота*, *Ботакөз* деген қыз баланың аттары көптең қойылған. Балаларын құлыншағым, ботам, балапаным, құлыным және т.б. еркелету де қазақ халықтың өмірінде малдың ерекше орын алғанын байқатады. Оны ақындардың өлеңдерінен де көре аламыз. Абай Құнанбаевтың атты суреттеуіндегі тың теңеулер оқырманның көз алдына сұлу да сымбатты жылқы малын елестетеді:

*Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жсалды,
Ой желке, уңірейген болса сағақ ...* [115].

Қазақ халықтың мәдениетінен хабары жоқ адамға бұл мәлімет ерсі көрінуі мүмкін. Ал осы халықтың өкіліне ол үлкен мәнді ақпарат болып табылады.

М. Атабаева лингвомәдени концептілер туралы айта келіп, «қазақ халқы жылқы жануарының қадір-қасиетін терең білгендіктен, адамның мінез-құлқын, тіршіліктің әр алуан сәттерін жылқы жануарының табиғатымен үйлестірген, сондықтан қашықтық өлишемі, ең алдымен, **ат шаптырым, құнан шаптырым, тай шаптырым жер, ат жетпес, атан жетпес, жер / ат тұяғы жетер жер** тәрізді фразеологизмдер арқылы таңбалаған» деп, қашықтық ұғымын таңбалаудағы қазақ халықтың танымына жан-жақты талдау жасайды [149, 97]. Мысалы, орыс халқы құшті, мықты ер адамды аюға теңейді, себебі аю олар үшін мықтылықтың, құштіліктің символы болып табылады, ал қазақ үлкен, ебедейсіз адамды аюға теңеп, «аю сияқты қорбандаған» деген тіркесті қолданады. Бұл әр халықтың ұлттық мәдениетінің сол халық өмірінде ерекше рөл атқаратынын танытады. Олай болса, окушының өмірінде лингвомәдени кұзыреттілік айрықша орын алады.

Лингвомәдени құзыреттілік ұлттық мәдениеттің параметрлерімен (құндылықтар, ұстанымдар, ұлттық болмыс, ұлттық діл) сәйкес келуі қажет. Бұлай болмаған жағдайда тұлға мен қоршаған ортандың арасында қақтығыс, түсінбеушілік орын алады. Тұлға өзінің лингвомәдени құзыреттілігін өмірдің барлық саласында, саясатта, ғылымда, окуда, әдебиетте, тарихта, түрлі шығармашылық ортада және т.б. қолдана алуы қажет. Лингвомәдени құзыреттіліктің басым бөлігін тұлға басқа адамдармен тілдік қатынасқа түскен кезде қолданады. Тұлғаның лингвомәдени құзыреттілігі оның білімі мен қабілетін, ой-өрісі мен таным деңгейін байқатады. Сондықтан да ғалымдар

коммуникативтік құзыреттілік пен мәдени құзыреттілікті, осы екеуімен байланысты тілдік құзыреттілікті бір-бірімен сабактастырып, лингвомәдени құзыреттілік деп атап жүр [150].

Оқушыға линвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру үшін әлеуметтік-мәдени білім, коммуникативтік дағды, тілдік білім және психологиялық қабілет керек.

Әлеуметтік-мәдени білім тұлғаның әлеуметтік және жеке тұлғалық тәжірибесі арқылы қалыптасады да, әлем туралы білімдер жиынтығын құрайды. Окушының тілдесімге түсіп отырған серіктесі, әріптесінің ұлттық-мәдени ерекшелігі туралы білімінің болмауы оны диалогте кедергіге ұшыратады. Тіпті тілдесімге түсіп отырған серіктесінің ұлттындағы бейвербалды амалдарды (сәлемдесу, қоштасу және т.б.) білмеуінің өзі тілдік қатынастың сәтсіз өтуіне ықпал етеді.

Коммуникативтік дағды қашан? қалай? деген сұрақтарға ұтымды жауап беру үшін қажет. Оқушы қатысымға түскен кезде өзінің идеясын, ой-пікірін, тұжырымын, ойын түрлі әдістерді пайдалану арқылы жеткізеді. Оның өз ойын дұрыс жеткізе алуы сөйлеу мәнеріне, өзін ұстаудың тікелей байланысты. Сондықтан оқушы өз бойына коммуникативтік дағдыларды қалыптастырығанды жөн. Ол үшін М. Балақаев ұсынған сөйлеу мәдениетіне қатысты бірнеше қағиданы назарда ұстаған жөн:

1. ... Сенің өзгеге айтқаның кісіге білім беретіндей, кісінің жүргегін қозғайтындағы нәрлі болуы керек. Нәрсіз, дәмсіз сөзді сөйлемеген жақсы. Нәрсіз сөз көбінесе өзі жақсы білмеген жайды баяндаудан анық байқалады. ... Білмегенінді біліп барып жүрт алдында сөйлейтін бол....

2. Өз сөзін қадірлейтін кісі тыңдаушысын да қадірлейді. Тыңдаушыларын қадір тұта сөйлеген адамның сөзі де тартымды болады. Өзін өзгеден артық санап, дандайсып мактана сөйлеген жанның айтқаны далаға кетеді, отырғандар ондайды жөнді тыңдамайды, сөзіне қуле қарайды. ...

3. Сөйлеген сөзің анық, дәл, айқын естілетін болсын. Дауысың булығып шығып, бір сыйырғы әуенмен, жігерсіз, баяу сөйлейтін болсаң, айтқаның қаншама қызықты болғанымен, тыңдаушыларды тез жалықтырады, олардың көңілі басқаға ауып кетеді. Сөйлеушінің даусы құбылмалы әрі жайдары болуға тиіс. Сенің әуеніңнен байсалдылық, сенім, табандылық, қайрат сезілетін болсын. ...

4. Сөзің тартымды болсын десен, оған аздап болса да бет-аузыңың, қолыңың қимылын қатыстыр. Сөзіңнің мағынасына, сөйлемнің мазмұнына үйлесімді ырғақ тауып, қол қимылдатудың, бас шүлғудың мәні зор. ...

5. Айтайын деген ойынды әбден ығыр болған, үйреншікті сөздерден бастама. Онда сөзің тартымды болмайды, өзгелер ықыласпен тыңдамайды. Өз ойынды өз сөзіңмен әдеби тілге тән сөздермен, әсерлі, қызықты етіп жеткізуға тырыс. Сөз арасында мақал-мәтелді, кейбір өлең жолдарын, нақыл сөздер мен тұрақты тіркестерді келтіріп отырсан, оларың нысанага дәл тиіп жатса, мазмұнды сөзінді өзгелер тамсана құптайды. ...

6. Айтқан сөзің қысқа әрі тұжырымды болсын. ...

7. ... Жүрт сөзінді бағалап, өзінді қадір тұтып тындау үшін ойынды белгілі логикалық байланыста, сөйлемдерің бірін-бірі тудырып тұргандай сөйле. ... [151, 50-51].

М. Балақаев айтқандай, тілдесімде бейвербалды амалдар да ерекше мәнге ие. «Адамды сөйлеуге жас кезінен, бала шағынан бастап үйретеді. Ал ым мен қимылға ешкім үйретпейді. Оның мағынасын ешкім ашып түсіндірмесе де, әрбір адам оны дұрыс түсінеді және өз сөзінде ретімен пайдалана алады. Мұның мәнісі – ым, қимыл, ишаралардың адамдардың сұхбаттаса тілдесімі барысында елеулі орны бар көмекші құралдар екендігі. Олар сөзben жасалған қарым-қатынасты демеп отырады, кейде тінті оны нақтылайды да» [151, 71]. Эрине әлемде барлық халықтар бірден түсінетін жестер де бар. Мысалы, адамның басын шүлғуы (иә), иығын көтеруі (білмеймін), жылау немесе құлу. Бірақ әр халықтың қолданысындағы мимикалар мен жесттер әртүрлі мағына беруі де мүмкін. Тінті киімінің түсі де басқа мағынаны білдіруі ықтимал. Эр халықта түстің түрлері әрқиылды мағына береді. Мысалы, ак түс қазақ халқы үшін айрықша рөл атқарады. Осымен байланысты сыйлы қонаққа «ақ шаңқан үй» тіккен, батырлары мен қызы-бозбалары «ақ боз атқа» мінген. «Ақ киізге» көтерін хан сайлаған, үрім-бұтағының алдында, еліне, жеріне сыйлы болып, жасына жетін өмірден озса, «ақ өлім» деп қастерлеген.

Мәселен, Англия мен Америкада адамның бас бармағын жоғары көтеруі оның такси тоқтатқысы келгенін не «бәрі жақсы» дегенді білдірсе, Грекияда ол «аузынды жап» деген мағынаны білдіреді. Сол сияқты европалық өзі туралы айтқанда кеудесін көрсетсе, жапондық мұрның көрсетеді. Міне, мұндай ақпараттар оқушыға тілдесімде қажет. Сондықтан да оның өмірінде лингвомәдени құзыреттілік ерекше мәнге ие болады. Ол басқа елдің өкілімен емес, өз халқының өкілімен тілдесімге түссе де, белгілі бір дәрежеде лингвомәдени бірліктер туралы білімі болуы шарт.

Тілдік білім қалай? деген сұраққа нақты, ұтымды, дәлелді жауап беруге көмектеседі. Тілдік білім баяншының қатысында өзінің және тілдік қатынасқа түсуші адамның ұлты, мәдениеті, тарихы, әдебиеті және т.б. туралы білімді қамтиды. Себебі әр ұлттың өзіндік ерекшелігі оның тілінде көрініс табады. Сонымен қатар бұл сол қатысынға түсуші адамның тілінде сөйлеумен де байланысты болып келеді. М. Балақаевтың пайымдауынша, «кісі білімді, тәлім-тәрбиені тіл арқылы алады, мәдениеті, өнерді, ғылымды, техниканы тіл арқылы үйренеді. Тіл – ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлт мәдениетінің бір формасы. Сондықтан онда әрбір халықтың ұлттық сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының нысаналары сақталады. Халықтың сондай ерекшеліктері, мәдениеті, әдет-ғұрпы, әдеби мұралары, оның психикалық қалпы тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады» [151, 14]. Олай болса, окушының тілдік білімі қатысында айрықша мәнге ие болады.

Психологиялық қабілет те қалай? сұрағына жауап іздейді. Тілдік қатынасты сәтті құруға баяншы мен қабылдаушының арасындағы қарым-

қатынас, бірін-бірі түсіне білу, өзара ынтымақтастық септігін тигізеді. Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынаска түсуі олардың психологиялық қабілетіне тәуелді. Себебі адамдар арасындағы тілдесім олардың бір-біріне деген психологиялық тұрғыдан байланыс жасауымен астасып жатады. Сонымен бірге тілдесімде адамның жас ерекшелігі де рөл атқарады. Адамның өмірден түйген тәжірибесі, білім қоры терең болған сайын оның адамдармен қарым-қатынас жасауы да оңай іске асады. Сондықтан да оқушының лингвомәдени білімін үнемі жетілдіріп, құнделікті жаңа ақпаратпен толықтырып отыру керек. «Демек, білім мәдениеттің құрамды бөлігі бола тұра, этномәдени қалыптасудың басты құралы болып та қызмет атқара алады, себебі білім арқылы халықтың құндылықтар жадыда сақталып қана қоймайды, заман талабына сай жаңғырып, ұрпақтан-ұрпаққа сарқылмас қазына ретінде жеткізіліп отырылады. Нәтижесінде таным негізін айқындастын, жаңа құбылыстарды салыстыра қабылдауға мүмкіндік беретін когнитивтік қор қалыптасып, тілдік құзырет аясында сомдалатын мәдени бірліктер сұрыпталады [152, 75].

Көркем мәтіндегі этномәдени бірліктер халықтың өмірінен, тұрмыс-тіршілігінен хабар, мәлімет береді. Оқырман әдебиетті оку арқылы өзінің танымдық білімін жетілдіріп отырады. Мысалы, Ш. Құдайбердіұлының «Бай мен қонақ» өлеңін оку арқылы сол кездегі қазақ аулының тұрмыс-тіршілігі, хал-жағдай сұрасу туралы мәлімет ала алады. Ақын өлеңінің осы екі шумағында қазақ халқының үйіне келген кез келген адамды «құдайы қонақ» деп қабылдап, төрінен орын беріп, сыйлап күтетіні әдемі суреттеледі.

Ж. Манкеева дәйектегендей, «... әрбір этностың мәдениеті – оның тілі арқылы сақталған, таңбаланған ішкі мазмұнында. Сол мазмұнды ашу арқылы ұлт мәдениетінің мәні айқындалады десек, мәдениетті тану «кілті» тіл арқылы сақталған мәдени ұғымдардың мәдени фонында астарланған» [153, 299].

Яғни оқушы мәтінмен жұмыс істеген кезде ондағы тілдік көріктеуіш құралдарды талдаумен бірге мәтіндегі этномәдени бірліктерді тауып, оның халық өмірінде атқаратын рөлін де таразылай білуі шарт. Г. Әзімжанова айтқандай, «Көркем мәтін – коммуникация формасы, оған байланыс, белгі (код), менгеру, тезаурус, дүниетаным, коммуниканттардың әлеуметтік, тарихи, ұлттық ерекшеліктері, интенцияның (мақсат, дәлел, себеп) коммуникативті-прагматикалық қарым-қатынас талаптарына сәйкес келуі жатады. Көркем мәтіннің ақпараттық-мазмұндық және прагматикалық деңгейдегі экстралингвистикалық (когнитивті) аспектісі коммуниканттардың тілдік және әлеуметтік тәжірибесіне негізделеді, ақпараттық дүниетанымына және қатынасушылардың мақсатына сәйкес болады. Сөздің эстетикалық мәні оның сапасы ретінде сипатталады, ол мәтін жүйесінде лексикалық бірліктердің коммуникативті әлеует негізінде, тұтас бүтіннің бейнелі перспективасында, оның басқа элементтермен жан-жақты байланысында қалыптасады» [154, 28]. Көркем мәтінмен жұмыс оқушының лингвомәдени құзыреттілігін жетілдіруге ықпал етеді, оның аялық білімін толықтырады.

Окушының лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруда академик Ә. Қайдардың мына пікірін негізге аламыз: «Кез келген тілдің қоғамда өзара байланысты үш түрлі қызметі бар. Оның басты қызметі: коммуникативтік, яғни қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірін түсінуі, пікір алысусы үшін қажетті қызметі. Оның екінші қызметі – көркем шығарма тіліне тән, адам баласына тән образ арқылы ерекше өсер ететін, ләzzat сыйлайтын, эстетикалық қызметі. Тілдің бұл қызметі, әрине, қаламгердің шеберлігіне, сөз саптау мәдениетіне байланысты. Ал тілдің үшінші бір қызметі, ғылыми терминмен айтқанда, аккумулятивтік қызметі деп аталады. Яғни ол – тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сактап, оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын игілікті қасиеті. ... Тіл фактілері мен деректері – тұла бойы тұнып тұрған тарих. Сондықтан этностың өткенде тарихы мен этнографиялық байлығын біз, ең алдымен, содан іздеуіміз керек» [16, 192].

Сонымен лингвомәдени құзыреттілік бірнеше құзыреттіліктердің жиынтығын қамтиды: коммуникативтік (қатысымдық), тілдік, танымдық, мәдени. Лингвомәдени құзыреттілік лингвоелтанушылық және лингвомәдениеттанымдық ақпараттар қорын тілдесімде дұрыс қолданудан байқалады.

Ә. Әлметова аталған құзыреттіліктің тіл мен мәдениеттің бірлігінен туындастынын дәлелдей келіп: «...лингвомәдениеттану құзыреттілігі дегеніміз – рухани мәдениет пен көркем мәдениетті біріктіре оқыту арқылы студенттің жеке тұлға ретінде қалыптасуына, мәдени білімінің кенеюіне, интеллектісінің дамуына, қазақ мәдениетінің әлемдік мәдениеттен алатын орнын түсінуге және өз мәдениеті мен қазақ мәдениетін салыстырып көруге, қазақ тілінде сөйлейтін адамдармен, ұлты қазақ азаматтармен тілдесу арқылы қазақ халқына тән сөйлеу ерекшеліктерін, сол тілдегі қалыптасқан стереотиптерді түсініп қабылдауға көмектесу», – деген анықтама береді [155, 189-190].

Қазіргі таңда жеке тұлғаның, индивидтің өмірін интеграциясыз елестету мүмкін емес. Адам өмірдің кез келген саласында тәжірибесін жетілдіреді, біліктілігін көтереді. Өйткені ол қазіргі нарық заманында бәсекеге қабілетті тұлға болуы тиіс. Интеллектуалды әлеуеті жоғары тұлға болу үшін білім керек. Себебі бүгінгі ұрпақ жаһандану заманында өз мәдениетінен алшақтап бара жатқаны жасырын емес. Түрлі ақпараттар ағымы мен қоршаған орта оған кері ықпалын тигізуде. Сондықтан окушыға өз тіліндегі мәдени құндылықтарды символдық, эталондық, бейнелі-метафоралық мағынада түсіндіретін этномәдени, лингвоелтанымдық, лингвомәденитанымдық бірліктерді менгертудің маңызы зор.

Осы уақытқа дейін әдіскер-ғалымдар ғылымилық, жүйелілік, теория мен практиканың байланысы, көрнекілік, саналылық пен белсенделік ұстанымдарын дидактикадағы ең негізгі ұстанымдар ретінде көрсетіп келеді. Өйткені оқыту ұстанымдарының негізінде тарихи және педагогикалық тәжірибе жатады.

Ғылымылық ұстанымы бойынша оқушыға тіл ғылымында нақтыланған, дәлелденген материалдар ғана ұсынылуы шарт. Ғылым адам өмірінде басты рөл атқарады. Сондықтан оқушыға ғылыми дәлелденген материал ғана ұсынылуы шарт. Тілдің көріктеуіш құралдары оқушының сөйлеу мәдениетін жетілдіруге тікелей ықпал ететіндіктен, үнемі Мәулен Балақаевтың пікірін назарға алған жөн: «Тіл мәдениетіне жетік болу үшін сөзді көп білу жеткіліксіз, ол сөздерді жұмсай білу де керек. Сөзді жұмсай білу үшін олардың мағыналарын, мәндестік ерекшеліктерін, әдеби, әдеби еместік қасиетін, еркін және тұрақты тіркестер құрамына ену мүмкіншіліктерін жақсы білу керек» [151, 67]. Яғни оқушыға берілетін білім мазмұны ғылыми тұрғыдан негізделуі қажет. Сонда ғана оқушы терең әрі сапалы біліммен қарулана алады. «Қазақ тілінің көріктеуіш құралдары» деп аталатын таңдау пәннің білім мазмұны мен жұмыс барысындағы теориялық материалдар осы ұстанымға негізделді.

Жүйелілік ұстанымы ғылыми қағидаларға сүйенеді. Психологтардың айтуынша, оқушы айналадағы ұғым мен түсініктерді бір-бірімен байланыстыра алғанда ғана оның қоршаған орта туралы түсінігі қалыптасады. Сондықтан тілдің көріктеуіш құралдарын оқытуда аталған ұстаным айрықша рөл атқарады. Оқу материалы мен оқушының танымдық мүмкіндігі арасындағы жүйелілік сақталғанда ғана оның білімі толығады. Сондықтан оқу материалын менгерту кезінде жүйелілік қатаң сақталуы шарт. Қ. Жұбанұлы айтқандай, «жүйелі білім беру үшін мұғалімнің өзінде жүйеге салынған білім болу керек» [7, 14].

Оқу материалын беру кезінде оны мағыналық бөліктерге бөліп менгерту кеңінше практикалық тәсілдерде кеңінше қолданылады. Сонымен бірге сабак үрдісінде пәнаралық байланысты іске асыруға мән беріп отыру қажет. Теориялық материалды менгерту кезінде оның нысанын, қолданылу аясын нақты көрсетіп отыру білімнің сапалы болуына әсер етеді. Өткен тақырып пен жаңа тақырыпты логикалық тұрғыдан сабактастыра отырып түсіндіру де ұтымды болады. Жүйелі түрде берілген білім ғана оқушы санасында ұзақ сақталатынын естен шығармаған азбал.

Теория мен практиканың байланысы ұстанымының нәтижелігі пәннің білім мазмұнына, оқу үрдісін ұйымдастыруды қолданылатын әдіс-тәсілдер мен құралдарға байланысты. Оқудың сапасы практика жүзінде дәлелденіп, қолданылып отырылуы шарт. Себебі практика шындықтың критерийі болып саналады. Әйткені оқушы пән бойынша алған теориялық білімін практика жүзінде қолдануға дағыданады. Оқушы теориялық білімін практикада жүйелі, үнемі әрі ұтымды қолданған сайын оның білімнің сапасы да арта түседі. Сондықтан да аталған ұстаным тілдің көріктеуіш құралдары арқылы оқушының лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруды ерекше рөлге ие.

Саналылық пән белсенділік ұстанымы ғылыми тұрғыдан қалыптасқан занылықтарға негізделеді. Себебі адамның білім қоры оның ақыл-ой қызметі арқылы саналы түрде игерген білімінен тұрады. Оқушының білімді саналы түрде игеруі бірнеше факторларды, атап айтқанда, оқушының танымдық белсенділігін, оқытудың мотивациясын, оқу үдерісін ұйымдастыру мен оқушының танымдық қызметін басқаруды, мұғалім қолданатын оқытудың

құралдары мен әдістерін қамтиды. Оқушының өзіндік танымдық белсенділігі оның оқу материалын саналы әрі терең игеруіне әсер етеді. Тілдің көріктеуіш құралдарын оқыту барысында аталған ұстанымды басшылыққа алған кезде төмендегідей ережелерді назарда ұстаған абзal:

- жұмыстың мақсаты мен міндетін нақты қою. Яғни оқушыға ұсынылып отырылған оқу материалының мәні мен маңызын ашып түсіндіру (көріктеуіш тілдік құралдарды білу оның сөйлеу мәдениетін арттыратыны, шешен сөйлеуге көмектесетіні және т.б.);
- оқушы тапсырманы механикалық түрде орындау үшін, оны орындаудың жолдарын үйрету, саналы түрде қабылдауына мән беру (түрлі әдістәсілдерді қолдану);
- оқушыға түсініксіз мәселелерді жан-жақты түсіндіру. Менгерген білімі мен менгеретін білімі арасындағы логикалық байланысты игерту;
- оқушыларға түрлі жағдаяттық тапсырмалар беру арқылы игерген білімінің жеткіліксіздігін саналы түрде қабылдауына мүмкіндік туғызу (мәтіндерден тілдік көріктеуіш құралдарды табу, көріктеуіш тілдік құралдарды оның синоним, антонимімен ауыстыру, ондағы мағынаның өзгергендігіне талдау жасату және т.б.);
- әр материалды түсіндіру кезінде нақты фактілер мен дәлелдерді келтірін отыру (акын-жазушылар тілдеріндегі ұтымды тілдің көріктеуіш құралдарын көрсету, БАҚ-ғы жөнсіз қолданыстармен таныстыру, оның қазақ тіліне тигізетін әсерін дәлелдеу және т.б.);
- сабактағы ең негізгі мәселені оқушының өзі анықтауына жағдай тудыру (окушының өз бетімен істейтін жұмыстарын жүйелі үйымдастыру, оқытудың жаңа технологияларын ұтымды пайдалану және т.б.);
- сабак үрдісінде оқушының белсенділігі мен саналы қабылдауын қалыптастыру үшін «неге?», «не себепті?» және т.б. сұрақтарды жиі қолдануға дағдылану (проблемалық сұрақтар қою, кластер құрғызу, диаграммалар сыздыру және т.б.);
- оқу материалын үнемі практикамен байланыстырып отыру, іс жүзінде жүзеге асыру (тілдің көріктеуіш құралдарын нақты мысалдар арқылы көрсетін отыру және т.б.);
- оқушыны өз бетімен ойлауға, жұмыс істеуге дағдыландыру, тапсырманы бірнеше жолдар арқылы орыннатуға үйрету (өзіндік жұмыстың түрлерін түрлендіріп қолдану және т.б.).

Көрнекілік ұстанымы оқушыға материалды жеңіл әрі түсінікті менгертуде ерекше рөл аткарады. Психологтар адамның есту мүшелеріне қарағанда көру мүшелерінің ақпаратты 5 есе артық миға жеткізетінін дәлелдеді. Оқушы көрнекілік арқылы материалды тез әрі ұзақ уақыт есінде сақтайды. Таңдау пәні бойынша оқушылар көптеген көрнекі құралдармен жұмыс жасады. Өздері де түрлі көрнекі құралдар дайындағы. Мысалы, К. Ахметова, М. Дулатов шығармаларындағы лингвомәдени бірліктер, балалар фольклорындағы тілдің

көріктеуіш құралдары бойынша түзілген кластерлер, С. Елубаевтың «Ақ боз үй», С. Сматаевтың «Елім-ай» шығармаларының желісі бойынша дайындалған диаграммалар оқушылардың қызығушылықтарын туғызып, материалды берік есте сақтауларына көмектесті.

Аталған негізгі ұстанымдармен бірге қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипатын оқушыларға менгертуде төмендегідей арнайы ұстанымдар іріктеліп алынды:

Антропоөзектілік ұстанымы. XX ғасырдың екінші жартысында адам тұлғасын тану мәселесі алға шыкты. Соның ішінде тіл білімі адамның танымы, психологиясы, мәдениеті және т.б. сабактастықта зерделене бастады. Антропоөзектілік парадигмасының негізін лингвомәдениеттану мен когнитивтік лингвистика құрайды. Тілдегі көріктеуіш құралдардың табиғаты аталған екі ғылыммен тығыз байланысты. Өйткені ол адам баласының айнала қоршаған ортаны тануы мен пайымдауынан туып отырады. Сондықтан олардың жасалу жолы мен қолданысын оқушыға түсіндіруде антропоөзектілік ұстанымына сүйенеміз. Өйткені тіл мен ойлау, тіл мен сана, тіл мен қарым-қатынас, тіл мен қоғам, тіл мен мәдениет және т.б. мәселелер адам мен тілдің бір-біріне деген ықпалын зерделеуден тұрады. Сол себепті адамның осы қасиеттерімен байланысты туған көріктеуіш тілдік құралдардың қолданысы мен жасалу тәсілдерін оқушыға менгертуде аталған ұстаным маңызды рөл атқарады. Мәселен, оқушы Мағжан Жұмабаевтың «Сарғайдым» атты өлеңіне талдау жасау арқылы ақынның психологиясын, күйін түсінеді:

Сарғайдым күннен-күнге қуат кеміп,

Қалың ой – қара жылан жүректі еміп... – деген өлең жолдарындағы ақынның ойды қара жыланға тенеуі арқылы оның ішкі күйзелісін, жан айқайын, тұрмеде жатып әділетсіздіктің құрбаны болғандығын түйсінеді. Ой – тек қара жылан емес, ол ақынның жүргегін солқылдатып сорып жатқан аждаға. Окушы әрбір көріктеуіш құралдың ішкі мәнін тану арқылы тілдің құдіретін сезінеді.

Лингвомәдени ұстаным. Тіл туралы ғылымда адам мен тіл тақырыбы қай кезеңде болмасын өзекті мәселе болып келеді. Аталған мәселенің өзекті болып саналатыны біріншіден, тіл мен адам әруақытта бір-бірімен тығыз байланысты, екіншіден, тарихтың әрбір кезеңіндегі өзгерістер мен дамулар тілде сақталып отырады. Өйткені адам тіл арқылы өзінің сезімі мен қуанышын, ойы мен пікірін білдіреді. Тіл мен халық бір-бірімен диалектикалық бірлікте дамып, өсіп отырғандықтан, аталған мәселе қай дәүірде болмасын өзінің мәнін жоғалтқан емес.

Қазіргі уақытта тілді оқытудың лингвомәдени бағыты жандануда. Ол дегеніміз – орта білім беру жүйесінде гуманитарлық пәндерден білім берудің лингводидактикалық базасында мәдениеттаннымдық ақпаратты, нақта айтатын болсақ, прецендентті атаулар мен фактілерді, қазақ халқының мәдениеті мен тарихынан, тұрмысы мен салттарынан, қоршаған ортаны пайымдауынан имплицитті және эксплицитті түрде ақпарат жинақтаған фактілерді толыққанды

және жеткілікті түрде енгізілу арқылы жүргізілетін білім беру бағыты [156, 599].

Тілді мәдени тұрғыдан қаразтыруда, ең алдымен, тілдің кумулятивтік қызметіне мән беріледі. «В самом существе языка заключен путь к его речи. Путь к языку в смысле речи есть язык как сказ. Самобытность языка таится поэтому в пути, в качестве которого сказ дает слышащим его прийти к языку» [157, 259]. М. Хайдеггердің пікірінше, адамның тұлғалық қасиеті оның тілі арқылы көрінеді. М.М. Маковский айтқандай, тіл «барометр, точно отражает все колебания и особенности нравов, обычаев, верований, способов мышления, в нем как в зеркале, непосредственно отражаются различные модели «видения мира», характерные для отдельных человеческих коллективов на протяжении их истории, а тем самым и различные возможности формирования и развития, языковых значений и форм» [158, 16]. Тіл – Мәдениет – Тарих ұштағаны бірбірімен тығыз байланысты ұғымдар. Тіл – мәдениетті сақтаушы құрал. Тілде сол халықтың ұлттың мәдениеті, болмысы, салт-дәстүрі, діні, ділі көрініс тапқандықтан, тіл – баға жетпес қазына. Аталған ұстаным тілдегі көріктеуіштік тілдік құралдарды окушыға менгертуде басты рел атқарады.

Ж. Манкеева тіл мен мәдениеттің байланысы туралы жан-жақты талдау жасай келіп, «тіл арқылы ұлттың рухани дүниесінің, сонымен сабактас қалыптасатын материалдық өндіріс пен тұрмыс күйін бейнелейтін мәдени жүйе әркімнің жеке басының жағдайына байланысты емес. Ол белгілі бір халықтың әлеуметтік-психологиялық, мәдени-тұрмыстық, дүниетанымдық жағдайына байланысты қалыптасатын жалпыхалықтық құбылыс» деп тұжырымдайды. Фалым тілде әр халықтың мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі туралы ақпарат қамтылатынын айтып, Шернияз ақынның өлеңінде қазактың киіз үйі туралы ақпараттың мол қамтылғанын мысал келтіре отырып дәлелдейді [153, 260]. Олай болса, ақын-жазушылар тіліндегі көріктеуіш құралдар окушыға қазак тілінің бай қорымен қоса, оның мәдениетінен да ақпарат беріп отырады. Сол себепті де лингвомәдени ұстаным тақырыпты менгертуде басшылыққа алынды.

Танымдық ұстаным. Адам өзінің танымында бейнеленген, сақталған ақпаратты тіл арқылы сыртқа шығарады. Адамның танымы – үнемі даму үстінде болатын құбылыс. Окушы өзінің білімдер қорында бар, санада қалыптасқан ақпаратты ғана қолдана алады. Таным адам әрекеті мен тұрмысының барлық кезеңдерімен тікелей байланысты. «Санада сыртқы әсердің көмегімен пайда болған ақпараттар адамның эмприкалық тәжірибесімен толықтырылады. Онымен қоса, дүниенің онтологиялық үзіктері тілде көрініс табатын дүниенің қарапайым бейнесінде туындаиды. Мысалы, ойдың метафоралануы – негізгі ментальді әрекет, дүниені тану және таныту тәсілі. Және ол жаңа білімді ескінің көзімен бейнелеп түсіндіруге бейім тұрады. Ойдағы нәтижені тіл арқылы тани аламыз» [159, 77]. Мәселен, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Өмір» атты өлеңіне талдау жасау арқылы окушы өмірдің мәнін түсінеді. Өлеңді талдау окушыны өмір туралы ойлануға жетелейді. 11-сынып окушысы – ертеңгі үлкен өмірге қадам басқалы отырған тұлға. «Өмір

күнделікті қарбаластардан, қас-қағым сәттердегі жағдайлардан тұрады. Мәдениетті адам күнделікті өмірді қарапайым тұтынады. Сондықтан адамның тілдік базасын ең негізгі *күнделікті, қарапайым жұмыс, тұрмыс, салуатты өмір салты, күнкөріс*, т.б. ядролық концептілер құрайды. Осы күнделікті әрекеттер адамның өмірлік шығармашылығы мен қызметтің қамтиды. Осыдан келін тіл мен мәдениетті тұтынушы тұлғаның «Өмір» атты тұтас образды түйсінуіне алып келеді» [160, 121]. Ақын танымындағы өмір туралы соны тұжырымдар (бала – орта жас – кәрілік) оған алдағы уақытын бос өткізбеуге шақырады. Яғни оның танымын көңейтуге ықпал етеді.

Аталған ұстанымдарды басшылыққа ала отырып, оқушыға лингвомәдени бірліктерді менгерту ұтымды болып табылды. Оқушыға тілдің көріктеуіш құралдарын оқыту мен оны күнделікті қарым-қатынаста тиімді қолдануға үйрету үшін әдіс-тәсілдерге сүйену қажет. Сабак үрдісінде әдіс-тәсілдерді ұтымды әрі жүйелі қолдана білу сабактың сапасын арттырып, тілдік материалды терең игертуге септігін тигізді. Сондықтан лингвомәдени бірліктердің сипатын менгертуде ұтымды болып табылған *әдіс-тәсілдер* жанжақты пайдаланылды.

Білім беру үдерісіндегі инновациялар көптеген жаңа оқыту технологияларын дамытудың жаңа құрылымдарын қамтиды. Бұл оқыту әдістәсілдерінің мазмұнын жаңаша қарауды және құруды талап етін отыр [161, 133]. Оқытудағы әдіс-тәсілдердің түрлерін қарастыра келе, «бүгінгі күнге дейін педагогикалық әдебиеттерде 100-ден аса оқыту әдістерін табуға болады. Әлемдік білім беру үдерісінің даму тенденцияларына оқыту үдерісіндегі жаңа білім беру технологиялары кіреді. Заманауи білім беру концепцияларын әзірлеу, оқушылардың өмір бойы үзіліссіз өздігінен білім алу талпынысын дамыту қажеттілігін мойындауы тәмендегі талаптарға сай қазақ тілін оқытуда интерактивтік технологияларды қолдануға әкеледі:

- білім беру сапасы мен тиімділігін арттыру;
- өздігінен танымдық әрекетке ынталандыруды қамтамасыз ету;
- пәнаралық байланыстарды дамыту.

Соңғы уақытта педагогика пәнаралық байланыстарды көңейте отырып, шектес ғылымдармен әрекеттесе бастады және осы өзгерістер «интерактивтік оқыту» ұғымының пайда болуына әкелді. «*Интеракция*» ұғымы (ағл. interaction – әрекеттесу) ең алғаш рет әлеуметтану мен әлеуметтік психологияда пайда болды. Психологияда интеракция әрекеттесу, үзіліссіз диалогтегі адамдардың өзара ықпалы немесе топтардың бір-біріне ықпалы дегенді білдіреді. Дж. Мидтің әлеуметтік психологиясында айтылғандай, тұлғааралық тікелей коммуникация («таңбалармен алмасу»), оның ең маңызды ерекшелігі адамның қарым-қатынас серіктесінің (немесе топтың) қабылдағанындей, «басқаның рөлін қабылдау», өзіне елестету «сезіну» қабілеттің мойындау дегенді білдіреді [162].

Кейбір авторлар өзара әрекеттестіктің үш нысанын былайша ажыратады: тұлғааралық интерактивтік (interpersonal interactivity); ақпараттық

интерактивтік (informational interactivity) және ақпараттық-коммуникативтік ортадағы адами-компьютерлік әрекеттестік (human-computer interaction).

«Тұлғааралық интерактивтік» ұғымына адамдар арасындағы екі жақта бағытталған әрекеттестік мағынасы енеді, оның барысында хабарламаны алушы мен жіберуші орындарын ауыстыруы мүмкін. Белсенді бағдар мен қызығушылықты ұстана отырып, коммуникацияның сәтті әрекетін жасай алады.

«Ақпараттық интерактивтік» ақпарат алу мен қандай да бір мағлұматты жариялауға бағытталған, өзіне ғаламтор дереккөздерін қолдануды, мәліметтерді кіlt сөздер мен өзге де әрекеттесу нысандары арқылы іздеуді кіргізеді. «Адам-компьютер интерактивтілігі» немесе адамның компьютермен әрекеттесуі бұл пайдаланушы мен компьютердің құрылғылық-бағдарламалық қамтылуының арасындағы, мысалы, әрекеттесудің мынандай құралдары мен құрылғылары тышқан, пернетақта, графикалық интерфейс, дауыс пәрменін танып-білу және басқалары арқылы әрекеттестікке жататын сала. *Тұлғааралық интерактивтілікке «Адам - адам» технологиясының типін жатқызуға болады, ол оқытудың келесі нысандары мен әдістерін қамтиды: әвристикалық әңгімелесу, пікірталас, «ойза шабуыл», рөлдік ойындар, тренингтер, презентациялар, кейс-әдіс, шеберлік сабактар және басқалары.*

Осы жағдайда білім беру үдерісінің нәтижелілігі келесі қағидаларды жүзеге асырумен байланысты: коммуникативтік-жағдаяттық оқыту, интерактивтік, окушының ана тілінде сөйлеуіне бағытталған жұмыс кестесінің көптүрлілігі. Интерактивтік қағидасы оқыту барысында окушы тек кәсіби маңызы бар білім алып қана қоймай, сонымен бірге «олардың өздері пәндік іс-әрекетті орындау нәтижесінде өзгереді» [163, 46].

Арнайы іріктелген проблемалық тапсырмаларды өз бетімен шешу нәтижесінде, білмеушіліктен білімге қарай өту динамикасында окушылардың өздерінің белсенді қатысуымен беріледі. Өмірлік маңызы бар ақпаратпен топтық және индивидуалды деңгейде алмасуды, сонымен бірге заманауи байланыс құралдарын қолдану арқылы үйлестіруді көздейді. Окушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеру қағидасын үйлестіре отырып, мұғалім білім берудің барлық кезеңінде окушылардың ынтасы мен ойлау белсенділігін сақтауға қабілетті, әдістемелік амалдар мен әртүрлі ынталандыру тәсілдерін тандау барысында анағұрлым еркін болады.

Интерактивтік оқыту тұлғаның шығармашылық қырын дамытуға мүмкіндік береді. Интерактивтік әдістердің мәні окушылардың танымдық күшін және талпынысын жұмылдыруға бағыттаудан, өз бетінше білімге деген құлышынысын оятуға, қызмет етудегі өзіндік амалдарды қалыптастыруда шығармашылық үдеріске назар салып, одан ләzzат алу қабілетін дамытудан тұрады. Интерактивтік әдістер окушылардың субъектілік тәжірибесіне жүгінеді және де оларға оқыту барысында өздерінің әлеуметтік тәжірибелі ашу тәсілдерін игеруге көмектеседі. Интерактивтік оқытуды ұйымдастырудың міндетті шарттарына:

- мұғалім мен оқушы арасындағы сенімге негізделген қарым-қатынас;
- мұғалім мен оқушының, оқушылардың өздерінің арасындағы қарым-қатынас үрдісіндегі әріптестік;
- оқушылардың өз тәжірибесіне сүйенуі;
- ақпаратты ұсыну нысаны мен әдістерінің көптүрлілігі, оқушылардың қызметінің нысаны мен олардың ұтқырлығы;
- қызмет етудегі ішкі және сыртқы ынталандыруды іске қосу, сонымен қатар оқушылардың өзара ынталануы жатқызылады [164].

Қазіргі таңда педагогикада «интерактивтік оқыту» ұғымы – оқушылардың бірлескен қызметінің, білім алу үрдісінің барлық қатысуышылары бір-бірімен әрекеттесу, ақпаратпен алмасу, бірлесіп мәселелерді шешу, әрінтестерінің қызметін және өздерінің жүріс-тұрысын бағалау, мәселелерді шешу бойынша шынайы іскерлік әріптестік ахуалына ену нысандарында жүзеге асырылатын таным тәсіл. Осылайша интерактивтік оқыту әдістерін қолдану барысында қатысуышылардың көбінің әрекеттестігімен олардың аргументтерінің тенденциялары, сонымен қатар, өзара бағалау мен бақылау мүмкіндігімен сипаттауға болатын білім беру ортасы пайда болады [165].

Интерактивтік әдістің мынадай ерекшеліктері атап көрсетіледі:

- оқыту процесінде барлық оқушының белсенділігін арттырады;
- жалпы оқу процесін әртүрлі формада етіп құрастырады;
- мұғалімге топты/жұпты, ондағы әрбір оқушыны бір уақытта бақылай алуға мүмкіндік береді;
- оқушыларды топпен, жұппен жұмыс істеуде өзбетінше әрекет етуге үйретеді;
- әрбір оқушының жауапкершілігін арттырады;
- оқушылардың коммуникативтік іскерлігі мен дағдысын арттырады [166, 61].

Интерактивтік оқыту әдісінің маңаты ретінде тәмендегілер белгіленеді:

- білім беру үрдісінің тиімділігін арттыру;
- жоғары нәтижелерге жету;
- пәнді игеруге деген ынтаны қүшету;
- оқушылардың кәсіби қабілеттерін қалыптастыру мен дамыту;
- сараптау мен сананың өзіне назар аудару қабілетін дамыту;
- заманауи техникалық құрылғылар мен қабылдау технологияларын игеру мен ақпаратты өндіру қабілеттерін дамыту;
- өз бетінше ақпаратты табу мен оның сенімділігін анықтау икемділігін қалыптастыру мен дамыту;
- оқушылардың сыныптағы жұмыс үлесін азайту мен өзіндік жұмыс көлемін арттыру.

Интерактивтік оқытудың қағидалары: диалогтік әрекеттестік, қауымдастық мен әріптестіктің негізіндегі кішігірім топтардағы жұмыс, белсенді-рөлдік (онын) қызмет, оқытудың тренинг түрінде ұйымдастырылуы болып табылады.

Қазақ тілін оқытудың интерактивтік әдісінің негізгі әдістемелік қағидаларының ішінде төмендегілер ажыратылады:

- барлық қатысушыларға тең дәрежеде қызықты, барлығына маңызды жағдайдағы бірдей ақпаратты қабылдау мен өндіру мақсатында өзара тілдесу;
- үш обьектінің: ақпаратты өндіруші, ақпаратты қабылдаушы мен ситуациялық мәтіннің өзара байланысымен сипатталатын бірлескен қызмет;
- мұғалімнің білім беру үдерісіндегі дәстүрлі рөлінің өзгеруі, демократиялық тілдесу стиліне көшу;
- оқытудың рефлексивтілігі, бұл мұғалімнің және оқушылардың тарапынан саналы және сынни көзқараспен іс-кимылдың мағынасын, оның сапасын және нәтижесін ұғыну.

Корытындылай келе айтарымыз, көріктеуіш тілдік құралдарды менгертуде интерактивтік әдістер тиімді болып саналады. Өйткені жоғарыда атап өткендей «интерактивтік» термині әрекеттесу дегенді білдіреді, яғни әлдекіммен әңгімелесу немесе диалог тәртібінде (режимінде) болу. Басқаша айтқанда, белсенді әдіске қарағанда интерактивтік әдіс оқушылардың мұғаліммен ғана емес, білім беру үрдісінде оқушылардың бір-бірімен кең әрекеттестігіне және олардың белсенділігінің басымдылығына бағытталған. Интерактивтік сабактардағы мұғалімнің орны оқушылардың қызметін сабактың мақсатына бағыттауға саяды. Мұғалім осыған сәйкес сабак жоспарын әзірлейді.

Қалыптасатын лингвомәдени құзыреттілік тіл мен мәдениеттің, тіл мен әдебиеттің, тіл мен тарихтың, тіл мен этнолингвистиканың және т.б. сабактастығынан тұратынын байқаймыз. Оқушылардың аялық білімімен бірге түрлі қатысымда кездесетін тілдік-мәдени мәселелерді шеше білу қабілеті де болуы тиіс. Лингвомәдени құзыреттілік арқылы оқушы жылдар бойы қалыптасып, жетіліп, толығып отыратын үрдіс.

3 КӨРІКТЕУІШ ТІЛДІК ҚҰРАЛДАРДЫ МЕНГЕРТУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ

3.1 Көріктеуіш тілдік құралдардың мектеп оқулықтарында қамтылуы және білім мазмұны

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шындауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» міндет ретінде алғынған [142]. Аталған міндеттерді шешуде қазіргі білім беру жүйесі ұлттық құндылықтарды алдыңғы орынға шығара отырып дамтуды қолға алып отыр. Осы ретте көріктеуіш тілдік құралдарды оқытудың әдістемелік жүйесін жасау – осы қойылған міндеттерді шешудің бір тетігі. Өйткені біздің мақсатымыз – көріктеуіш құралдарды оқыту арқылы сауатты да интеллектуалды тұлға қалыптастыру, өз ойын дұрыс, көркемдеп жеткізіп, ана тілінде өз пікірін, көзқарасын шебер жеткізе алу.

Қазіргі қоғамда білім берудің жаңа бағыттарына сәйкес мектептер мен жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту мен менгертудің әдістемесін жетілдіру мәселесі де өзекті сипатқа айналуда. Білім беру стандарттарындағы, нормативтік-заңнамалық бағдарламалардағы қазақ тілін дамытуға қатысты жаңа нұсқаулар, қазақ лингвистикасында тың бағыттардың зерттеле бастауы, жаңа әдістемелік концепциялар, оның ішінде пәндер және пәнаралық әдістер арқылы оқу-тәрбие беру үдерісін жетілдіру мәселелері қазақ тілін оқыту әдіснамасына да тың көзқарастар мен шығармашылық идеялардың болуына көніл аудартады. Бұл факторларға байланысты білім берушінің – педагогтің өз кәсіби-біліктілік келбетінің және тілді үйренушінің (окушының) тілді тек жазусызу көлемінде ғана емес, оны жан-жақты менгерген тілдік тұлға ретінде қалыптастыруының маңыздылығын көрсетуге болады.

Оқулықтарды талдауда келесі міндеттер басшылыққа алынды:

- қазақ тілі мен әдебиет оқулықтарындағы көріктеуіш тілдік құралдар туралы берілетін теориялық мәліметтің көлемі;
- қазақ тілін оқытуда функционалдық бағытты жүзеге асыратын тапсырмалардың көлемі мен деңгейін анықтау;
- көріктеуіш тілдік құралдарды практикалық түрғыдан менгертуге арналған тапсырмалардың көлемі мен деңгейін анықтау;
- оқытудың интеграцияланған әдісін жүзеге асырылып жатқандығын анықтау (қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің байланысы).

ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған орта және жоғары сыйыптарға арналған мектеп оқулықтары талданды: **қазақ әдебиеті пәні бойынша:** 5-сынып, Алматы: Атамұра, 2005 (авторлары: Ә. Дайыр, Қ. Айтқалиев, Ш. Беркімбаева, Г. Құрманбай); 8-сынып (авторлары: С. Мақпышұлы, А. Қыраубайқызы, К. Құрманбай); **қазақ тілі пәні бойынша:** 5-сынып, Алматы: Атамұра, 2010 (авторлары: Г. Қосымова, Ж. Дәүлетбекова); 6-сынып,

Алматы: Атамұра, 2011 (авторлары: С. Исаев, К. Назарғалиева, Ж. Дәүлетбекова); 7-сынып, Алматы: Атамұра, 2007 (авторлары: С. Исаев, Г. Қосымова); 8-сынып, Алматы: Мектеп, 2008 (авторлары: С. Аманжолов, А. Аманжолов, Г. Қосымова); 9-сынып, Алматы: Мектеп, 2005 (авторлары: Р. Әмір, М. Атабаева); 10-сынып (қоғамдық-гуманитарлық бағыт), Алматы: Мектеп, 2006 (авторлары: Н. Уәли, Ә. Қыдырбаев); 11-сынып (қоғамдық-гуманитарлық бағыт), Алматы: Мектеп, 2011 (авторлары: Ж. Дәүлетбекова т.б.,); 11-сынып, Алматы, Арман-ПВ, 2009 (авторлары: Г.Т. Тұрсынова, А.А. Қасымбек).

Қазіргі таңда пәндер интеграциясы қолға алынып жатыр. Сол себепті мектеп оқулықтарын талдаған кезде, тіл мен әдебиет оқулықтарындағы көріктеуіш құралдардың қамтылуына назар аудардық. Көріктеуіш құралдар қазақ тілінің ғана емес, қазақ әдебиеті пәндерінің бағдарламаларында да қамтылған (Кесте 5). Мысалы, 5-сыныптың қазақ әдебиеті бағдарламасында әдебиет теориясынан астарлау, метафора, ұлғайту, эпитет, тенеу туралы түсінік берілу керектігі айтылған. Осыған сәйкес пысықтауға тапсырмалар жүйесі ұсынылған («Мақал-мәтелдер» тақырыбы. *Тура мағынасында емес, тұспалдалап айту, ұқсата бейнелеп айту мәнінде қолданылатын сөздерге, сөз тіркестеріне мысал келтіріп көріңдер.* Жұмбақ болған нараселерді екінші бір затқа теңеп ұқсатып, қарама-қарсы қойып айтқан сөздерге мысал келтіріңдер. Жұмбақтардың өлең түрінде құралатынын, өлең жолдарының аяғы ұйқасты болатынын ескеріңдер. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың қайталануын көрсетіп, мысал келтіріңдер. Қайталау арқылы үндесіп тұрған дыбыстарды, сөздерді оқып, атап көрсетіңдер).

Кесте 5 – Қазақ әдебиеті оқулықтарында көріктеуіш құралдардың қамтылуы

Бағдарламада көрсетілген міндеттер	Мәтін атауы	Мәтінге тапсырмалар мазмұны	байланысты түрлері мен	Дереккөз
1	2	3		4
Әдебиет теориясынан астарлау, метафора туралы түсінік берілу керек.	Мақал- мәтелдер	1. Тура мағынасында емес, тұспалдалап айту, ұқсата бейнелеп айту мәнінде қолданылатын сөздерге, сөз тіркестеріне мысал келтіріп көріңдер.		Әдебиет. 5-сынып. «Атамұра » баспасы, 2005.

5-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Өлеңдегі Исатай образы. Өлеңнің бейнелілік сипаты. «Қызғыш құс» өлеңі. Ақын поэзиясындағы сары уайымшылдық (пессимизм) сарын. Өлеңдегі психологиялық параллелизм, онын ойды көріктеудегі мәні. Әдебиет теориясы: өлең құрылышы.	Махамбет Өтемісұлы. «Соғыс», «Қызғыш құс» өлеңдері	<p>1. Өлеңнен Исатайдың сырт тұлғасын, астына мінген атын, жаумен айқасындағы ерлік бейнесін суреттеген жолдарды тауып оқындар.</p> <p>2. Өлең сөзіне зер салындар: зығырданы қайнау, түнімен түйіну, таң атқанша тарану, он екі тұтам жай тартқан, қабыргасын қақыратқан, тебінгісін тесе атқан, тізгінінен кесе атқан деген сөздердің мәнін түсініп алындар. 3. Өлеңде «жүрегін ояты» деп, кімді айтып тұр? «Ояту» деген сөз осы жерде қандай мағынада қолданылған?</p>	Әдебиет. 5-сынып. «Атамұра » баспасы, 2005.
Табиғат суреттері. Ақынның табиғатты жаңдандыра бейнелеуінің Абай өлеңдеріне ұқсастығы. Әдебиет теориясы: суретті сөз туралы түсінік.	С.Торайғыров «Шілде».	<p>1. Өлеңді оқып шығып, ондағы суретtelген шілде таңының келбетін көз алдарыңа елестетіп көріндер.</p> <p>2. Өлеңдегі әрбір көріністі жеке алып қарап, оның суреттеп тұрған бейнелі сөздерін талдаңдар: түскендей әуе жерге, түн қымқырылды, қысқа түн, шайқалып таң жесіне тербетілді, көк майса, асыл шөп, жасық шық, батқандай нұрга қалқып, жаунардаі күн, көлбендең, айнадай т.б.</p> <p>3. Өлеңдегі кейіптеулерді тауып, оқындар.</p> <p>4. Суретті пайдаланып, «Тұған жер» тақырыбына шыгарма, өлең жазындар.</p>	Әдебиет. 5-сынып. «Атамұра » баспасы, 2005.

5-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Поэмалың көркемдік ерекшелігі және поэма жанры туралы түсінік.	М. Жұмабаев в «Батыр Баян».	Поэмалың тіл көркемдігін, ақынның суреттеу шеберлігіне назар аударып, нақтылы мысалдармен тырысындар.	Казак әдебиеті. 8-сынып, Атамұра баспасы, 2005.

Бұндай тапсырмаларды мәтінді талдаудың таза лингвистикалық (тілдік), лингвостилистикалық түрлері және кешенді жұмыс (бұны түр деп атамай отырмыз, өйткені бұл нақты жұмыс) жүргізу деп қарастырамыз.

Тілдік талдау арқылы автор пайдаланған сөздер мен грамматикалық құрылымның мағынасы ашылады. Мәтінді талдауға арналған тапсырмаларда мәтіннің идеясы мен көркемдігінің жүгін арқалап тұратын сөздер мен сөз тіркестерін түсінуге мүмкіндік жасайды. Лингвостилистикалық талдауға арналған тапсырмалар кезінде оқушының көркемдеуіш құралдардың стильдік айырмашылықтарын үйренуіне жағдай жасалады. Мәтінді жасауға арналған сыртқы факторлар мен автордың өз шеберлігі мен идеясын баяндаудың анықтауда бұл тапсырмалар жеке-жеке болып танылады. Сондықтан мәтінді кешенді талдау формасы ұсынылады. Жоғарыда келтірілген тапсырма үлгілері мазмұны жағынан кешенді талдау қатарына жатады.

Әдебиет пәні бойынша қазіргі оқулықтардағы көріктеуіш құралдарды менгертудің тәсілдерін бүгінгі заманың талабына сай толықтыру және жетілдіру маңызды болып табылады. Мысалы, 5-сыныпқа арналған тапсырмадағы зығырдан, түйіну, тұтам, жай, қақыратқан, тебінгі деген сөздердің мағынасын, этимологиясын синонимдері, анықтамалық-түсіндірме сөздіктердің көмегі арқылы түсіндіріп беретін жаттығулар керек болады, сондағанда осы сөздермен жасалған көріктеуіш құрылымдардың образзылық міндеті мен тілдік сипаттың танып-білуге болады. Осы орайда қазіргі заман оқушысының ана тілі туралы білімінің терең болуына урбанизация, көптілділік, ақпараттық технологиялар шектеу қойып отырғандығын, дәл айтсақ, қала оқушысының да, дала оқушысының да ұлттық құндылықтарды білдіретін сөздер мен тіркестерді колданбайтындығын (зығырдан, тұтам, тебінгі), оларды қолдануға зәрулік жоқ екендігін атап айту керек. Бірақ қазақ тілін ертенге аппаратын ұрпақ ресми тілмен қатар осындей ұлт құндылығы бар тілдік құралдарды білуі қажет.

Әдебиеттен келтірілген мысалдар бойынша бірнеше жайттар анықталды:

- көркем мәтіннің жанрлық ерекшеліктерін, сюжеттің образзылығын танытуда көріктеуіш құралдардың басты рөл атқаратындығына назар аударылған;

- тапсырмаларда көріктеуіш құралдардың түрлері аталады, кейде олар жайында қысқаша түсініктемелер беріледі:

- зығырданы қайнау, түнімен түйіну, таң атқанша тарану, он еki тұтам жай тартқан, қабырғасын қақыратқан, тебінгісін тесе атқан, тізгінінен кесе атқан тәрізді көріктеуіш құралдардың мәнін түсінін алу ұсынылады;

- теңеулер үндестігі және түскендей әде жерге, түн қымқырылды, қысқа түн, шайқалып таң жесіне тербетілді, көк майса, асыл шөп, жасық шық, батқандай нұрга қалқып сияқтыларды талдау мен түсіну жайлы тапсырма беріледі.

- көріктеуіш құралдарды өздігінен құрауға, окушы ойын, пікірін, көзқарасын білдіру кезінде тілдік құралдарды қолданылуына қатысты тапсырмалар өте аз көлемде кездеседі.

Мектептің негізгі сатысында «оқушыға тілдің ғылыми негіздері жөнінде толық, аяқталған сипаттағы тұтас білім беру, әдеби тіл нормасын менгерту... білім жалаң ережелер туралы ұғым емес, теориялық ойлау мен лингвистикалық дүниетанымның қауыштары ажыратылып көрсетілуі тиіс. Оның қатарына «тіл – жүйелі құбылыс», «тіл – дамушы құбылыс», «тіл – қоғамдық құбылыс», «тіл – құндылық», «тіл – халық танымының айнасы», «тіл – ата-бабалар мұрасы», «тіл – жалпыадамзаттық рухани қазына», «тіл – ұлттың жаны», «тіл – мемлекет қауінсіздігінің кепілі», «тіл – мәдениеттің тірекі» [49, 142]. Міне, осы сатыдан бастап көріктеуіш тілдік құрал, оның мәдениетпен байланысы туралы алғашқы түсінік қалыптаса бастайды.

5-сыныптың қазақ тілі оқулығында тіл білімінің «Лексика» саласына енетін көріктеуіш құралдар туралы алғашқы ұғымдардың берілуімен байланысты. Оқулық «Лексика», «Фонетика», «Сөзжасам», «Тіл мәдениеті» бөлімдерінен тұрады. Сөздің сыртқы формасы мен ішкі мағынасының бірлігі, айтылуы мен мағынасына қарай іштей бірнеше топқа бөлінетіндігі, бір мағынаны бірнеше сөз тіркестерімен бейнелеп айтуға болатындығы, сөздің негізгі мағынасы мен қосымша мағынасы түсіндіріледі. Бұл оқулықтың 1-жаттығуы А. Байтұрсыновтың «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі...» деп басталады. Бұл мәтін арқылы оқушыға «тіл – ұлттық құндылық» екендігі, тіл жоғалса, ұлттың да жоғалатыны түсіндіріледі.

Бірінші бөлімдегі сөз және мағына, сөздің тұра және ауыспалы мағынасы, көп мағыналы сөздер, омоним, синоним, антоним, тұрақты тіркестер, эвфемизм және дисфемизм, мақал-мәтеддер тақырыптары көріктеуіш құралдармен тікелей байланысты. Мәтін бойынша жұмыстар кешенді жүргізіліп, окушының өзіндік пікірін қалыптастыруға, сөйлеу дағдысын машиқтауға бағытталған. Өйткені көріктеуіш тілдік құралдардың негізгі қызметі – сөздерді тұра мағынасында емес, ауыстырып, бейнелеп, өзгертін қолдану. Осы мақсаттағы жаттығу түрлері де молынан кездеседі.

Жалпы оқулықтағы жаттығулары саны 418 болса, оның ішінде «Лексика» бөлімін пысықтауға арналған 232.

Қазіргі білім философиясының антропоөзектілік парадигмаға ауысуына байланысты білімді адамның өмірімен, реалды құбылыстармен сабактастықта карау өзекті. Мұндай бағыттағы тапсырмалар оқулықта жетерлік. «Көп мағыналы сөздер» тақырыбындағы 55-жаттығуда Жиренше шешенниң не тәтті, не жұмсақ, не қатты деген сұрағына баланың жауабы тек сөздердің көп мағыналығын ғана көрсетумен шектелмейді. Қазақ халқының шешендері мен билері, олардың көрегендігі мен сөз майталмандары екендігін біледі. Сонымен қатар айтар ойынды ұтымды етіп, адамның көңіліне әсер етіп, бейнелі жеткізуде ауыспалы сөздердің қызметін окушы сезінеді.

Жалпы білім беретін мектептердегі оқулықтарды саралай келе, тіл салаларында оқытылатын көріктеуіш тілдік құралдарды келесі кестеге орналастырдық (Кесте 6).

Кесте 6 – Мектепте оқытылатын тіл білімі салаларындағы көріктеуіш тілдік құралдар

Мектепте оқытылатын тіл білімі салалары	Тіл бірліктері	Көріктеуіш құралдармен жұмыс
Фонетика (5-сынып)	Дыбыс	Тілдің дыбыстық құрылымымен жұмыс. Ассонанс, аллитерация.
Сөзжасам (5- сынып)	Сөз тұлғасы	Туынды сөздермен жұмыс.
Лексика және фразеология (5-сынып)	Сөз	Сөз, сөз тіркестерімен жұмыс (көріктеуіш құралдармен жұмыс). Сөздің ауыспалы мағынасы. Синоним, антоним, омоним.
Морфология (6-7сынып)	Сөз құрамы	Морфологиялық көріктеуіш құралдармен жұмыс. Сөз таптары.
Синтаксис (8-сынып)	Сөз тіркесі Сөйлем	Синтаксистік көріктеуіш құралдармен жұмыс. Хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдер. Риторикалық сөйлемдер.
Стилистика (9-сынып)	Мәтін	Публицистикалық стиль, көркем әдебиет стилі
Сөз мәдениеті (5-11)	Тілдің барлық бірліктері	Сөз мәдениеті. Сөз сапасы. Сөз дұрыстығы. Сөз байлығы. Сөз тазалығы. Сөз дәлдігі.

Мектептің негізгі сатысында оқытылатын оқулықтарды қорытындыласақ, тақырыптар оқу бағдарламасына сай жасалған; мәтіндер оқушының тілдік және мәдениетанымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған; жаттығулар жүйесі оқушылардың сөйлеу қабілеттері мен дағдысын машиқтандырады; тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі әр сынып оқушыларының жас ерекшеліктері мен психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жасалынған; сөз мәдениетін жетілдіруге қатысты тапсырмалар біршама қамтылған.

10-11-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен типтік оқу бағдарламасында пәнді оқытудың тәмендегі міндеттері аталады:

1) қазақ тілінің байырғы тіл екендігін тіл дамуындағы кезеңдерді оқыту арқылы менгерту; 2) қазақ тілінің байлығын мәдени мұралар тілін талдату арқылы игерту; 3) сөз байлығы ұғымына енетін лексика-фразеологиялық, морфологиялық, синтаксистік жүйелерді менгерту; 4) жазудың тарихын оқыту арқылы қазақ халқының ежелгі мәдениетін таныту; 5) қоғам дамуындағы тілдің қызметін негіздеу; 6) тілдің табиғи қасиеттері мен функционалды қасиеттерін ажыратса білгізу; 7) тілдік құзыреттілікті қалыптастыратын тәсілдерді менгерту; 8) сөз сапасына әсер ететін тілдік шарттарды менгерту; 9) заттар мен құбылыстарды бейнелеп айту тәсілдерін игерту және т.б. [167].

Осы міндеттер жоғары сыныпқа арналған оқулықтарда өз шешімін тауып отыр. Мектептің соңғы сатысы – бейіндік мектеп. Бейіндік мектеп екі бағытта оқытылады: жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық. Жоғары сыныптың қазақ тілі оқулығы «Сөз мәдениеті», «Шешендік өнер» салаларына арналған. Жоғарыда оқушылар мектептің бастауыш және орта сатыларында қазақ тілінің дыбыстық, морфема, сөз, сөз тіркесі және сөйлем деп аталатын құрылымымен, яғни тіл «анатомиясымен» танысады десек, ал соңғы сатыда осы алған тілдік білімдерінің құнделікті тіл қолданысында қалай жұмсалатынын, түрлі жағдаяттарда тілдік бірліктердің қалай жұмсалатынын, тілдік бірліктердің қандай қызмет атқаратынын, оларды қалайша тиімді жұмсауға болатынын біледі.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-сынып оқулығы «Сөз мәдениеті» аясында әдеби тілдің стильдік тармақтары, әдеби тіл нормалары (тілдік жүйе және норма, қатаң, босаң норма, тілдік норма), сөз сапасы (сөз дұрыстығы, байлығы, тазалығы, дұрыстығы), тілдік қарым-қатынас (әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы сөз әдебі, амандасу, қоштасу, құттықтау, көңіл айту және т.б.) тақырыптары қамтылып, оқушының тілдік құзыреттілігін дамыту көзделген. Осы тақырыптарды пысықтауға арналған тапсырмалар жүйесінде көріктеуіш құралдарға едәуір тапсырмалар берілген (Кесте 7).

Кесте 7 – 10-сынып оқулығында тілдік құралдардың қамтылуы

Көріктеуіш құралдар	Тапсырмалар сипаттамасы
1	2
Синонимдер	<p>12-тапсырма. Ақын қолданған жағымды және жағымсыз мәндегі сөзді теріп жазыңыз. Олардың синонимдерін көрсетіңіз.</p> <p>15-тапсырма. Қарамен жазылған сөзге түсінік беріп, кепе сөзінің синонимін көрсетіңіз.</p> <p>16-тапсырма. Қарамен жазылған сөздің синонимдік қатарын көрсетіңіз.</p> <p>42-тапсырма. Мына тәмендегі сөздің синонимдік қатарын түзіңіз: шешен, қазына, тәнті, мәртебелі.</p> <p>89-тапсырма. Әдеби тілдік нормада қолданылатындарының астын сыйыңыз. Ол сөздердің синонимін табыңыз.</p> <p>97-тапсырма. Сұхбаттасу сөзінің синонимдік қатарын түзіңіз.</p> <p>98-тапсырма. Өз ойыңыздан бірнеше сөздің синонимдік қатарын түзіп, олардың рең мәніне қарай сөйлем құраныз.</p> <p>106-тапсырма. Қарамен жазылған сөз тіркестерінің синонимін жазыңыз.</p> <p>110-тапсырма. Қарамен жазылған сөз тіркестерінің синоним қатарын түзіңіз. Синоним сөздерді мағынасына, рең мәніне қарай сөйлемде орынды қолдана білудің «сөз дұрыстығы» ұғымына қандай қатысы бар?</p> <p>127, 128-тапсырмалар. Мына сөздердің синонимдік қатарын түзіңіз.</p>
Омонимдер	<p>79-тапсырма. Үлгі бойынша берілген сөздерге омонимдік талдау жасаңыз.</p> <p>82-тапсырма. Қарамен жазылған сөздердің омонимін сөйлем арқылы талдап көрсетіңіз.</p>

7-кестенің жалғасы

1	2
Фрэзологияздар	<p>33-тапсырма. Сөйлемдерден фразеологиялық тіркестердің көшіріп жазыныз, оған мағыналық түсінік беріңіз. Тұрақты сөз тіркестерінің тіліміздің көркемдік құрал ретінде қызыметіне талдау жасаңыз.</p> <p>78-тапсырма. Мына тұрақты тіркестердің бірін тақырып етіп алып, үлгілдегідей мағынасына түсініктеме беріңіз.</p> <p>82-тапсырма. Тұрақты тіркестерді табыңыз.</p> <p>84-тапсырма. Мағынасы берілген сұрақтарға тұрақты тіркесті табыңыз. Оны қатыстырып сөйлем құраныз.</p> <p>109-тапсырма. Тұрақты тіркестердің бұрыс нұсқасы мен дұрыс нұсқасын салыстырып, жазбаша талдау жасаңыз.</p> <p>114-тапсырма. Жеке сөз арқылы және тұрақты тіркес арқылы жасалған шақ атауларын бөлек-бөлек жазыңыз.</p> <p>123-тапсырма. Тұрақты сөз тіркестерін қолдану арқылы ойды қысқа, сапалы, әсерлі етіп жеткізуге бола ма? Бірнеше мысалдар жазып, ойынызды жазған сөйлемдеріңіз арқылы дәлелденіз.</p> <p>128-тапсырма. Мына тұрақты тіркестердің тұсына мағыналық түсініктеме беретін баламасын жазыңыз.</p> <p>149-тапсырма. Көшіріп жазып, сөйлемдегі тұрақты сөз тіркестерін табыңыз. Сөйлемде қандай мағынада қолданылып тұрғанына түсінік беріңіз.</p>
Мақал-мәтелдер	<p>10-тапсырма. М. Қашқаридың ел аралап жинаған мақал-мәтелдеріне қандай мақал-мәтелдері сәйкес келеді. Мақал-мәтелдердің бесеуін таңдап алып, мағынасын түсіндіріңіз. Төрт түлікпен байланысты мақал-мәтелдерді теріп жазыныз.</p> <p>38-тапсырма. Мына етістіктермен мақал-мәтелдер құрастырыныз.</p> <p>40-тапсырма. Сөз жарыс. Тіл, сөз туралы кім көп мақал-мәтел біледі?</p> <p>169-тапсырма. Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді оқып, бір қанатты сөзді тақырып етіп шағын шығарма жазыңыз.</p>
Тенеу	11-тапсырма. Қолданған көркем тенеулер мен нақыл сөздерді теріп жазыңыз.

7-кестенің жалғасы

1	2
Метафора, эпитет	<p>143-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, ақиқат өмірдегі зат, құбылыс бейнесін білдіретін сөз-образдарды бір бөлек; зат-құбылыстардың ақын қиялынан туған бейнесін білдіретін сөз-образдарды бір бөлек жазыңыз.</p> <p>145-тапсырма. Тенеу, метафора, эпитеттерді тауып көрсетіңіз.</p> <p>177-тапсырма. Бата-тілек сөздердің көркемдігіне тілдік талдау жасаңыз.</p>
Ауыспалы мағынаға байланысты	<p>34-тапсырма. Төменде берліген үлгіні негізге алып, ауыспалы мағыналы сөзге байланысты тест сұрақтарын әзірлеңіз.</p> <p>67-тапсырма. Ауыспалы мағынада қолданылған сөздердің астын сыйыңыз.</p> <p>115-тапсырма. Тест сұрақтарын шешіп, ауыспалы мағынада тұрған сөздерге мағыналық түсініктеме беріңіз.</p> <p>150-тапсырма. Берілген сөйлемдерден ауыспалы мағынада қолданылып тұрған сөзді табыңыз. Оның мағынасын, рен мәнін түсіндіріңіз.</p> <p>168-тапсырма. Сөйлемді оқи отырып, ауыспалы мағынада қолданылған сөз, сөз тіркесін түсіндіріңіз.</p>

Осы оқулықта лингвомәдени сипатындағы тапсырмалар: 10-сынып: 20-тапсырма (*Қазақ энциклопедиясын пайдаланып, көбе, кіреуке, сауыт, берен сөзіне түсінік беріңіз*), 31-тапсырма (*Шекер сөзінің төркіні туралы әңгімелеп беріңіз. Шекер сөзінің халық тіліндегі, әдеби тілдегі синонимдерін көрсетіңіз*). Бұл тапсырмалар сөздің этимологиясына үніліп, сөздікпен жұмыс жасауға берілген.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 11-сыныпқа арналған қазақ тілі оқулығы (Ж. Дәулетбекова, Қ. Рай, Ш. Есмағанбетова) «**Сөз мәдениеті және шешендік**» саласын оқытуға арналған. Оқулық 4 тараудан тұрады: шешендік өнердің тарихы (Ежелгі Грекия және Рим, Ресей, казактың ұлттық шешендік өнерінің қалыптасуы мен дамуы), шешендік сөздердің түрлері (әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-саяси, сottағы, академиялық және діни), шешендікке машықтану жолдары, пікірталас мәдениеті. Мұндағы пысықтау тапсырмалары жоғары сынып оқушыларын тілдік тұлға деңгейіне көтеруге, тілдік және қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағыттылған. Дәстүрлі оқытуда тек теорияға қарай бейімдеп, жаттанды (әлі күнге дейін естін жірген «*анықтаманы жасатап кел*», «*ережсені есіңе сақтап ал*») оқыту болса, бұл оқулықта оқушының сөзге деген қызығушылығын оятатын, әр бала өз ойын еркін жеткізе алатын, пікірталасқа қатыса алатын, естігенінен, көрегенінен

түйін шығара алатын тапсырмалар кешінін ұсынады. Сондықтан «мектептің жоғары сатысына ұсынылып отырған шешендік – сөз мәдениетіне үйретудің ең жоғары сатысындағы қол жеткізетін меже» [168, 51]. Оқулықтың алғашқы тақырыбы «Сөз мәдениеті және шешендік». Бұл мәтінде оқушыларға іскер адам өзіндік пікірін, көзқарасын еркін білдіруі, оны қорғай білуі, өз сөзін өтімді жеткізе білуі үшін сөз мәдениеті талаптарын жоғары деңгейде менгеру керектігі айтылады. Шешендік өнер мен шешендік сөздің айырмашылықтары, сондай-ақ оқушылар шешендік сөздің көркем де әсерлі болуы, көркемдеу тәсілдерінің орынды қолданылуы қажеттігін түсінеді. 19-тапсырманың мәтінінде Аристотельдің пікірі бойынша шебер сөйлеудің мәнді, мағыналы элементі – мақамдап, мәнерлеп, нақ-нағымен жеткізіп айту шеберлігі, оның бір белгісі ретінде метафораны қамту болып табылатыны жазылған. Осылайша оқушы метафоралы сөзқолданысының сөз мәдениетіндегі орнын біледі.

Аталмыш оқулықта 9-параграф «Шешендік сөздің көріктеуіш құралдарына» арналған. «Шешенің көркемдік-философиялық ойлау жүйесі неғұрлым қуатты болса, тілі де соғұрлым қуатты болады» деп басталып, көріктеуіш құралдар асқақ ойдан, сезімнен туады деп нақтылайды. Тақырыпта шешенің тыңдаушыны толқыту, толғандыру, әсерлілігін күшеттуде көріктеуіш құралдардың ерекше рөл атқаратындығы айтылады. Келесі тапсырмалар берілген: 22-тапсырма (*Асан қайзы, Жиремше шешен сөздерінен тұрақты тіркестер мен ақыл-нақыл сөздерді теріп жазыңыз*), 61-тапсырма (*Мәтінде қандай көріктеуіш шешендік құралдар қолданылған?*), 63-тапсырма (*Мәтіннің көркемдік сапасына жазбаша талдау жасаңыз*), 86-тапсырма (*Мәтінде қандай тілдік құралдар қолданылғанын айтыңыздар*), 90-тапсырма (*Мәтіннен өздеріңізге ұнаган бейнелі сөздердің үлгісін теріп жазыңыз*), 129-тапсырма (*шешен өзінің өйін білдіру үшін қандай көркемдік-тілдік құралдарды қолданған?*), 153-тапсырма (*Мәтінди өкүда қандай тілдік амалдар қолданылады? Сойлемдегі дауыс құбылысына назар аударыңыз*), 177-тапсырма (*Абай бөлмисын танытуда М.Әуезов қандай тілдік құралдарды пайдаланған?*). Оқулықтағы тапсырмалардың жалпы саны – 281.

10-11-сыныптардағы қазақ тілі оқулықтары өмірлік дағдыны жетілдіруге көніл аударған. Жаттығулардың басым көпшілігі оқушылардың өзіндік ой айтуына, өз бетінше проблеманы таба алу мен оны шешуді қалыптастыру. Жоғары сыныпта көріктеуіш құралдарды оқыту – сөз мәдениетіне дағылданырудың бір дінгегі. Айталық, кез келген тілдің басты қызметі – қарым-қатынас жасау. Қарым-қатынаста оқушы «құрғақ қасық ауыз жыртады» демекші, айттар ойын жалаң сөзben емес, сөзді бейнеге айналдырып, метафоралап сөйлесе, оның тек көп оқығандығын көрсетпейді, бұл – интеллектуалдық тұлға деңгейінің, ойлау өрісінің бірден-бір көрсеткіші. Бұл – казіргі уақыттың талабы.

Қорытындыласақ, бейіндік мектеп оқулықтары, біріншіден, оқушының коммуникативтік және мәдениеттанымдық құзыреттіліктерін қалыптастырады; екіншіден, оқушының әлеуметтенуі мен қоғамда тұлға ретінде орнығуын

жетілдіреді; үшіншіден, өз пікірін, ойын еркін жеткізуге машиқтандырады; төртіншіден, проблемаларды өздігінен шеше алуды қамтамасыз етеді.

Алайда негізгі және жоғары мектеп сатыларының оқулықтарында біздің нысанымызға қатысты мынадай жайттар анықталды:

- қазақ тілі оқулықтарында тілдің эмоционалдық-экспрессивтік құралдарын менгерту тапсырмалары аз қамтылған;
- көріктеуіш тілдік құралдарды өздігінен құрастыру, мәтіндегі орнын анықтай алу, оларды өз сөздерінде қолдануға бағытталған тапсырмалардың жеткіліксіздігі;
- көріктеуіш құралдарды менгерту дің жүйесіздігі және пәнаралық байланыстың өз деңгейінде еместігі.

Сондықтан мектеп оқулықтарын талдай келе, көріктеуіш тілдік құралдарды оқытуудың төмендегідей қажеттіліктері шыкты:

- тіл мен әдебиет сабактарында көріктеуіш құралдардың табиғатына, этимологиясына, астарлы мағыналарына қызығушылықтарының артуына тәрбиелеу;

- көріктеуіш құралдардың түрлерін жүйелеп көрсету;
- көріктеуіш құралдарды қолдана отырып, мәнерлі сөйлеуге үйрету;
- оқушының өз білімін танытуы үшін шығармашылық жағдайлар жасау; бұл үшін, мысалы, конкурстар, жарыстар үйимдастыру керек болады.

Жоғарыда аталған кешенді жұмысты іске асыру мәселесіне келетін болсақ, біздің ойымызша, мәтін арқылы көріктеуіш құралдарды оқыту әдістемесін толықтыруда тағы да бірнеше тәсілдерді пайдалану немесе оларды апробациядан өткізіп барып орта білім беру жүйесінің бағдарламаларына енгізу қажет деп ойлаймыз. Толықтыру, жетілдіру мақсатында жүргізілетін кешенді жұмыс үшін ұсынылатын тәсілдердің бір тобы мыналар:

- мәтінді оқу, жалпы мазмұнымен оқып-тәнису; мәтіннің мазмұнын жан-жақты түсінуге арналған сұрақ-жауап жаттығулары;
- мәтін құрамындағы таныс емес сөздер мен сөз тіркестеріне талдау; мұғалімнің көмегімен немесе өз бетінше таныс емес тілдік құрылымдарды іздестіру жұмысына дағдыландыру жаттығулары; сирек қолданыстағы сөздерді синонимі, активті қолданыстағы баламасы, түсініктемесі арқылы менгертуге болады;
- көріктеуіш құралдарды есте сактауға, бекітуге арналған жаттығу жұмыстарын үйимдастыру; бұған өз бетінше шығарма жазу, тестілеу кешенін үйимдастыру арқылы қол жеткізуге болады;
- мәнерлеп оқуға үйрету;
- көріктеуіш құралдардың негізгі көп қолданылатын түрлерінен (мысалы, тенеу, метафора) мәліметтер беру.

Осындаған кешенді жұмыс жүргізу мектеп оқулықтарына міндетті түрде енгізілген көркем мәтіннің құрамындағы көріктеуіш құралдардың лингвомәдени сипатын, қазақ ұлты мен қазақ мәдениетінің, қазақ тарихының

арасындағы байланысты белгілайтін концепт ретіндегі рөлін білуге көмектеседі, бұл тәсілдер оқушының тілге деген қызығушылығы мен саналы құрметтін арттырады, сейтін, қазақ тілінің қанат жаюына мүмкіндіктер жасайды.

Мектеп бағдарламасында көріктеуіш құралдарды оқыту тәсілдерін жаңарту мен жетілдіру үшін тіл біліміндегі көріктеуіш құралдар категориясына байланысты теориялық және танымдық білімді менгеру қажет, сонда ғана педагог пен оқушы арасында тығыз, саналы қарым-қатынас орнатылады.

Жоғарыда айтылған мектептің негізгі және жоғары алынған теориялық, практикалық дағдылардың қорытынды сатысы ретінде жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған көріктеуіш құралдарды менгертудің әдістемелік жүйесі жасалып (Сурет 3), «Қазақ тілінің көріктеуіш құралдары» атты таңдау пәнін ұсындық. Таңдау пәнінің білім мазмұны төмендегідей жүйеленді.

I. Тіл және мәдениет

Тіл және сөз мәдениеті. Тіл мен ұлттық мәдениеттің байланысы.

Сөз мәдениеті. Мәдениет туралы түсінік. Материалдық және рухани мәдениет. Тіл. Тілдің кумулятивтік қызметі. Тіл мен ұлттық мәдениеттің байланысы. Бүгінгі лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеті.

Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдар

Көріктеуіш құралдар туралы жалпы түсінік. Көріктеуіш тілдік құралдардың класификациясы. Фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік тілдік құралдар.

II. «Көрікті ойдан көрікті сөз» тарауы

Қазақ тіліндегі теңеулер табигаты. Теңеу туралы түсінік. Теңеудің басқа да тілдік құралдардан айырмашылығы (метафора мен теңеу, эпитет пен теңеу, метонимия мен теңеу және т.б.). Теңеуге тән негізгі үш элемент. Көркем шығармадағы қолданысы. Жасалу жолдары: -дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін; -ша, -ше жүрнағы арқылы; шығыс септігі жалғауы арқылы; - секілді, сияқты, тәрізді, іспетті; бейне сөзі арқылы: тең сөзімен; ұқсас сөзімен; параллелизм тәсілі арқылы; аралас тәсіл арқылы; қосалқы тәсілдер.

Фразеология және оның ұлттық-мәдени белгісі

Фразеологизмдер туралы түсінік. Фразеологизмдердің басты белгілері (құрылым тұрақтылығы; мағына тұтастылығы; даяр қалпында қолданылуы; бейнелілігі). Фразеологизмдік мағына. Фразеологизмдердің түрлері. Окказионал фразеологизмдердің ерекшелігі. Фразеологизмдердің ұлттық мәдени ерекшеліктері.

Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданысы

Метафора туралы жалпы түсінік. Метафораның басқа көріктеу құралдарынан ерекшелігі, айырмашылығы (метафора және теңеу: теңеуге тұра, ал метафораға ауыспалы мағына тән; метафора және метонимия, метафора және эпитет). Адамға қатысты, жануарларға, құс атауына, өсімдіктер, тұрмысқа

қажетті құралдар және т.б. қатысты метафоралар. Метафоралардың түрлі стильдегі қолданысы.

Перифраздық сөз орамы

Перифраз туралы түсінік. Перифраздардың бес түрлі қаситке ие болуы (1. Тұрақты сөз тіркесі мен немесе сөз орамы; 2. Жеке бір затты, ұғымды білдіретін тілдік бірлік: ол жеке сөзді алмастырады 3. Мағынасы жағынан тілдік перифраз бір бүтін, тұтас тұлға; ол аудыс мағынада қолданылады; 4. Перифраз тілде көркемдік, бейнелілік қызмет аткарады, яғни көріктеу құралдарының бірі; 5. Оның көбінесе көтерінкі стильде жұмсалуы). Перифраздың басқа көріктеуіш құралдардан айырмашылығы. Перифраз және метафора, перифраз және метонимия, перифраз және эпитет. Перифраздың түрлері: жалпыхалықтық және авторлық.

Эпитеттің образдылық мәні

Эпитет туралы түсінік. Эпитет пен анықтауыштың айырмашылығы. Эпитеттің басқа көріктеуіш тілдік құралдармен байланысы. Эпитет және метафора. Эпитет және теңеу. Эпитеттің түрлері. Дәстүрлі және авторлық эпитеттер. Образдылық мәні. Эпитеттің стильдік қолданысы.

III. «Сөз шеберлігі» тарауы

Метонимияның көріктеуіш сипаты (синекдоха)

Метонимияның өзіндік ерекшелігі, анықтамасы. Метонимияның басқа да көркемдеуіш құралдардан айырмашылығы, жасалу жолдары. Оның түрлі стильдердегі қолданысы. Метонимия мен синекдоха, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтары. Көркем шығармадағы метонимиялық қолданыс және жазушы шеберлігі. Метонимия мен синекдоханы екі басқа категория демей, синекдоханы метонимияның бір түрі екендігі. Қолдану мақсатына қарай метонимияның басты үш тәсілі: үнемдеу, нақтылау, эмоционалды-экспрессивті.

Стильдік қолданыстағы қайталамалар

Қайталама туралы түсінік. Қайталаманың түрлері. Дыбыстық қайталамалар: ассонанс, аллитерация. Морфологиялық қайталамалар: сөз таптарының қайталануы, шылау мен қосымшалардың қайталануы. Лексикалық қайталамалар: анафора мен эпифора, сақина. Синтаксистік қайталама: сөйлем мүшелерінің қайталануы, сөйлемдердің қайталануы. Қайталама және көркем мәтін композициясы. Көркем шығармалардағы қайталамалардың стильдік қолданысы.

Қазақ тілінің синонимдік қатары

Синоним анықтамасы (синоним – гр. тілінен «аталуы бірдей» деп аударылады). Синонимдердің сөз байлығын молайтудағы рөлі. Синонимия. Синоним және вариант сөздер (дублет сөздер).

Сөз орнегіндегі кейіптеулер

Кейіптеудің образдылық мәні. Халық аудыз әдебиетіндегі кейіптеулердің қолданысы. Жазба әдебиеттегі кейіптеу түрлері. Аллегория мен символдың кейіптеу тәсілімен ұштасуы.

Мақал-мәтелдердің көркемдік мәні


Мақал мен мәтелдің өзіндік ұқсастықтары мен ерекшеліктері. Құрылышындағы синтаксистік параллелизм. Тұжырымды ой берудегі көркемдік мәні. Мақал-мәтелдердің афоризмдермен арақатысы. Афоризмдердің мақал-мәтелдерден айырмашылығы.

Формативті және сумативті бағалау. Оқыту үдерісінде оқушылардың білім деңгейі дұрыс бағаланбағандықтан, оқушылардың ынталасы мен уәжі тәмен дәрежеде болады. Сондықтан оқушылармен кері байланыстың жүзеге асырылуы, өзін-өзі бағалауы мен бірін-бірі бағалау үшін формативті бағалау ете тиімді болып саналады.

Формативті бағалау әдістерінің басты ерекшелігі оқушылардың түсіну қабілетін бағалауда, сондай-ақ оқушылардың аналитикалық құралдар мен мысалдарды қолдануында танымдық прогресін анықтау. Мұндай бағалаудың қорытындыларын оқыту деңгейін жақсарту барысында қолдануға болады. Формативті бағалау әдістерін бірнеше шартты қатарлар мен түрге жіктеуге болады [169].

Сумативті бағалау тақырыпты қорытындылауда, не болмаса модуль аяқталғанда қолданылды. Формативті бағалау түрі мұғалімнің сабак түсіндіру және жаттығулар орындау барысында қолданылады.

Қорыта келе, жоғары сынып оқушыларының сөз мәдениетін қалыптастыруда көріктеуіш тілдік құралдардың алатын орны ерекше. Сондықтан мектеп оқулықтарының білім мазмұнына дұрыс сөйлеу мен жазуда, ауызша сөйлеу актісіне ақпараттың бағалауыштық, қарқындылық, образдылық, экспрессиялы-эмоционалдық тұрғыдан жеткізілуіне және қабылдаушының коммуникативтік актінің барысын жеткілікті дәрежеде түсінуіне ықпал ететін тілдік құралдарды жүйелілік пен бірізділікті сақтай отырып енгізу қажет.



Сурет 3 – Көріктеуіш тілдік құралдарды оқытудың әдістемелік жүйесінің моделі

3.2 Көріктеуіш тілдік құралдарды оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері

Оқыту біртұтас жүйе болып есептеледі де, оның құрамына бірнеше бір-бірімен байланысты элементтер кіреді: оқытудың мақсаты, оқу туралы ақпарат, мұғалім мен окушының коммуникациясы мен педагогикалық іс-әрекетті іске асыруға көмектесетін ұстанымдар мен әдіс-тәсілдер және құралдар. Оқытудың құрамына енетін мәселелердің барлығы бір ғана мақсатты көздейді. Ол – білімнің түпкі нәтижесі. Түпкі нәтиже сапалы әрі жоғары болғанда ғана оқыту жүзеге асырылды деп есептеуге болады. Яғни оқытудың теориясы төмендегідей ұғымдарды топтастырады:

- оқытудың ұстанымдары;
- оқытудың әдістері;
- оқытудың формалары;
- сабак құрылымы;
- оқыту құралдары;
- білімді бағалау әдістері.

Міне, осы педагогикалық категориялар оқытудың сапалы болуының негізі болып саналады.

Бізге белгілі болғандай, көріктеуіш тілдік құралдарды оқытудың интерактивтік әдістері оқушылардың бір-бірімен және мұғаліммен тікелей байланысына негізделеді. Осылайша әдісті неғұрлым мақсатына сай қолдану тәжірибелік немесе семинар сабактарында өткізу болып табылады. Осындай сабактарды өткізудің танымал нысандарына **пікірталастар**, **іскерлік және рөлдік ойындар**, **ойға шабуыл**, **тренингтер**, **кейс-әдіс**, **ойын түріндегі сабактар** жатады. Сабактардың интерактивтілігі теориялық сұраптардың тәжірибелік тапсырмаларға және проблемалық жағдайларды шешуге алмастырылуымен сипатталады. Мұғалімдердің алдында шынайымен шамалас нақты жағдайлар құрылады. Оқушылардың алдында айқындалған тапсырма тұрады, ол – осы немесе өзге мәселені шешу қажеттілігі. Осылайша оқушылар білім беру үдерісіне белсенді түрде атсалысады.

Топтық жұмыс жалпы білім беретін мектептің жоғары сыныптарында үйимдастырылатын оқыту формасы. Жоғары сынып оқушыларын шағын бірлескен топтағы жұмысқа тарту арқылы оқушылардың тілдік қатынасын дамытуға бағытталады. Таңдау пәнін тәжірибеден өткізу барсында топтық жұмыстарды үйимдастыру өз тиімділігі мен басымдылығын көрсетті. Қазіргі білім беру үдерісі мұғалімнен оқушылардың психологиялық жағдайын, бастамашылдығын, бір-бірімен қарым-қатынас жасауда қалыптасатын дағдыларын назарда ұстауын талап етіп отыр. Топтық жұмыста оқушылар қажет кезде бір-бірінен көмек сұрай алады, қойылған міндеттерді біріге отырып шешеді т.б. Сондай-ақ әрбір оқушы жеке идеясын айтып қана қоймай, оны жүзеге асыра алады. Шығармашылық ойлаудың жетілдіріп, ұжымда жұмыс істеу қабілетін дарытады.

Оқушыларды топқа бөлудің екі жолы бар. Бірінші, құрылымдалмай бөлінген топтардағы топтық жұмыс / Групповая работа с неструктурированным делением на группы / Unstructured group work - топтық жұмысты ұйымдастыру нысаны. Білім беруші білім алушылардың қабілеттерін, көшбасшылық қасиеттерін ескермей, кездейсок таңдау әдісімен топқа бөледі. Екіншісі, құрылымдалып бөлінген топтардағы топтық жұмыс /Групповая работа со структурированным делением на группы / Structured group work - топтық жұмысты ұйымдастыру нысаны. Білім беруші білім алушыларды шағын топтарға бөлуді бүкіл топтың, сондай-ақ жекелеген білім алушылардың ерекшеліктерін (мысалы, оку үлгерімі, аталған пәнді оқуға деген қабілеті, көшбасшылық қасиеттері, қарым-қатынас жасау қабілетінің деңгейі) ескере отырып, алдын ала жоспарлайды.

Оқушының қабілетін барынша көрсетіп, барлығын жұмылдырып, толық қамтитын жұмыс түрі – **топтық жұмыс**. Сонымен қатар нәтижеге, мақсатқа жетуге әсер етуге бағытталған өзара әрекеттестік жүзеге асады. Топтық жұмыстар мақсаттарға сәйкес немесе сабак тақырыбына сай түрлі формада өткізіледі. Топтық жұмыстың нәтижелі болуы – алдын ала белгілі бір мақсатты көздеуіне байланысты. Топпен жұмыс істеу барысында оқушылар өзара пікір алмасады, өзара қарым-қатынас жақсарады, бір-бірінен үлгі алып, дұрыс сөйлеу дағдысына машиқтанады. Сабакқа деген қызығушылығы артып, білімді өздігінен менгереді. Топтық жұмыста мұғалім ереже бар екендігін, ал оқушылар болса, сол ережеге бағыну керектігін түсінеді. Сонында оқушылар ережеге бағынуды, ұйымшыл болуды, мақсатқа қол жеткізуді үйренеді. Сөйтіп әр оқушы берілген жұмыстың нәтижелі болуына өзінше үлес қосқанын сезінін, алдағы жұмыска деген ынтасты артады. Үнемі шаршы топ алдында сөз сөйлеуге қорқатын оқушылар туындаған психологиялық және коммуникативтік кедергілерді женуге мүмкіндік алады. Мысалы, «*Мақал-мәтелдер*» тақырыбын тәжірибелік сабакта менгертуде топтық жұмыс жүргізілді. Алдымен топ жұмыстарын бағалайтын, сабак барысын бақылап отыратын 6 сарапшы тағайындалды.

Сарапшылар Бононың алты тақиясы әдісіне сүйене отырып, жұмыстарын жүргізді. Бононың алты тақиясы әдісіне сәйкес әр сарапшы бір түсті баскінмге ие болды. Оқушыларды топқа бөлу тәртібі де басқаша болды. Алдымен оқушыларға сөздер жазылған қағаздар таратылды. 23 оқушыға 23 сөз таратылып берілді. Ол қағаздарда төрт мақал-мәтел жасырынды. Оқушылар мақал-мәтел құрастыру үшін сынарларын іздестіре бастайды. Сөйтіп жасырынған мақал да табылып, әр мақал бір топ болып шықты. Әр топқа мақал-мәтелдерге байланысты төрт түрлі жұмыс берілді (1-топ мақал-мәтелдерді қолдана отырып, партияның сайлауалды сөзін; 2-топ мақал-мәтелдерді қолдана отырып, жарнама сөзін; 3-топ мақал-мәтелдерді қолдана отырып, блогер сөзін; 4-топ мектеппен қоштасу сәтіндегі бітіруші түлектің сөзін даярлау).

Тапсырмаларды орындауда оқушылар тарарапынан көптеген қындықтар кездесті: мақал-мәтелдердің мағынасын түсінбей, орынсыз қолдану; мақал-мәтелдерді тым асырып, шектен тыс қолдану және т.б. Мақал-мәтелдердің көркемдік мәнін, яғни аз сөзben көп мағына беруге болатындығын түсінбегендіктен, тәжірибелік сабак барысында осындай олқылықтарды болдырмау үшін көптеген жұмыстар жүргізілді.

Рөлдік ойындар – оқушы өзінің теориялық білімін «өмірде (практикада) кездесетін ситуациялар мен жағдаяттарда қолданады» [54, 292]. Рөлдік ойында оқушылар өздерін басқа бір адамның орнына қойып, мәселені өз қолымен шешуге тырысады. Мұғалім рөлдік ойынды ұйымдастыра尔да, мына жайттарды назардан тыс қалдырмауы тиіс:

- ойынды өткізуіндегі әдістемесі (ойын шарттары мен ережелері, мақсаттары, кезендері және т.б.)
- ойынның мүмкін болатын нәтижелерін болжау;
- ойынның нәтижелерін қорытындылау [54, 293].

Интерактивтік әдіс арқылы жүргізілетін ойын үдерісі құрылымы келесі кезендерден тұрады: *бағдарлау* – ойынға қатысушылар мен экспертердің дайындық кезеңі. Бұл кезенде мұғалім оқушылармен бірлесе отырып, жұмыстың мақсатын, міндетін жоспарлайды; *ойынға дайындық кезеңі* – жағдаяттармен танысу, өту тәртібін, шарттын және басқа да мәселелерді талқылайды. Мұғалім сценарийді оқып, ойын тәртібіне, рөлдерге, ұпай жинау тәртібіне тоқталады; *ойынның өту кезеңі* – бұл ойынның өту үдерісі. Ойын басталғаннан бастап, ойынға кедергі келтіруге, ойын тәртібін өзгертуге, рөлдерді ауыстыруға, ойыннан бас тартуға болмайды; *ойынды талқылау кезеңі* – қорытынды жасау, ұпайды санау кезеңі. Мұғалім экспертерге сөз бере отырып, ойынды қорытындылаپ, ұпай санын есептеп, нәтижесін шығарады. Ал қатысушылар болса, өз ұстанымдарын қорғап, ойынның қындығы мен қызығын айтып, пікір алмасады.

Білім мазмұнындағы «Эпитет» тақырыбын өткенде «**Көшбасшы**» рөлдік ойынын қолдандық. Мысалы, «Ұлттық бірыңғай тестілеу. Оны алып тастау керек пе?» тақырыбы ұсынылды. Сынып бес адамнан тұратын төрт топқа бөлінді. Топқа бөліну әрдайым дау туғызатындықтан, біз топқа бөлуді басқа етіп ұйымдастырық. Әр оқушы мұғалімге өзінің бір затын тапсырды. Мысалы, кітабын, қаламын, сөмкесін, телефонын, көзілдірігін және т.б. Кейін мұғалім бұл зарттарды дорбаға салып, араластырып, әр партаның үстіне бес заттан ретсіз қойып шығады. Оқушылар өз заттары қойылған үстелге барып отыруы тиіс. Міне, осылай еш даусыз топтар пайда болды.

Әр топтың мүшесіне жекелеген карточкалар берілді. Шарты: әр оқушы өз сөзінде міндетті түрде эпитет сөздерді қолдану қажет. Карточкаларда төмендегі рөлдер беріледі:

1. Сіз нағыз көшбасшысыз. Сіз әрқашан дұрыс шешім таба аласыз.
2. Сіз көпті көрген, өте тәжірибелі адамсыз. Өзіңіздің өмірлік тәжірибенізге сүйене отырып, сіз әрқашан жақсы шешім ұсыныңыз.

3. Сіз ылғи да күмәнданып, бәріне де сенімсіздікпен қарайтын адамсыз.
4. Сіз қандай да бір идеяны жоққа шығаратын адамсыз.
5. Сіз еш келісімге келе алмай жүргендерді татуластыра біletіп бітімгерсіз.
6. Сіз қорытындылауды жақсы билетін аналитиксіз.
7. Сіз өзініздің жұмысқа деген жеңілтектігінізben қандай да бір болмасын ұмтылысты жоққа шығарасыз [54, 295].

Оқушы алға қойған мәселені карточкада жазылған рөлдерге сай шешуге тырысуы керек. Олар өз карточкаларын басқаларға көрсетпей, әр оқушы өз рөлін дұрыс, тиянақты ойнау керек. Топтар шешімдерін шығару үшін уақыт берілуі тиіс. Бірақ бұл топтар үшін шешім шығару онай болмайды, өйткені әр топта өзін көшбасшы санайтындар аз болмайды. Ойын соңында мұғалім қорытынды сұрақтар беріп, ойын нәтижесін шығарады.

«Аквариум» ойыны. Оның шарты: бірнеше оқушы шеңбер ішінде бір жағдаятты жасырады. Ал қалған оқушылар олардың қимылдарын бақылап, тілдік құралдарды қолдана отырып, талдау жасайды. Мұндай оқытуудың белсенді әдісі оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытып, мұкияттылық, тез шешім шығаруға баулиды. **«Алтын балыққа арналған аквариум»** – бұл ойынның шарты бойынша оқушыларға жасырын суреттер таратылады. Бұл суреттердің ішіндегі алтын балық кімге түссе, сол оқушы ортаға шығады. Басқа оқушылар оған сұрақ қояды. Егер жауап бере алмаса, топ мүшелері көмектесе алады. Тәжірибе кезінде «Алтын балыққа арналған аквариум» әдісі арқылы көріктеуіш құралдарға тоқталу (алдын ала оқушылардың көркемдеуіш құралдар туралы түсініктеріп білу мақсатында) секілді тапсырмалар берілді.


«Қар кесегі» ойынның тәртібіне сәйкес бір оқушы тақырыпқа байланысты бір тұжырым айтады. Екінші оқушы оның айтқанын қайталап, өзінің тұжырымын айтады. Үшінші оқушы алдыңғы екі оқушының айтқанын қайталап, өзінің ойын айтады. Сөйтіп жалғаса береді. Оқушыларға «Эпитет» тақырыбын менгерту барысында «Қар кесегі» ойыны бойынша эпитеттер құрастырылды.

«Өрмекші» әдісін сабактың қорытынды кезеңінде немесе өткен тақырыпты еске тұсіру кезінде қолдану өте тиімді болды. Біз бұл әдісті «Перифраздар» тақырыбын қорытындылауда қолдандық. Алдымен оқушылар ортаға дәңгелек шеңбер құрып тұрып, ал мұғалім тоқыма жінті алып, кез келген оқушыға сұрақ қоя отырып лақтырды (Перифразға қандай мысал келтіре аласын?). Жішті қағып алған оқушы жауап беруі тиіс. Сөйтін жауап берген оқушы келесі бір оқушыға сұрақ қоя отырып лақтырды (Перифраз бен метафораның қандай айырмашылығы бар?). Осы әрекет дәл осылай бірнеше рет қайталанады. Ең соңында шеңберде өрмекшінің торы пайда болады. Оқушылар үшін бұл әдіс өте қызықты болды.

Ойлан, жұптас, бөліс – бұл оқушылардан аса жауапкершілікті талап етеді. Оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғышты орындауға бағытталған. Тақтада сұрақ, тапсырма жазылғаннан

кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалім 2-3 жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыйыпқа жариялауын сұрануына болады.

Топтастыру стратегиясы. Идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Негізгі тақырып немесе тірек тақтаның ортасындағы шенберге жазылады да, одан туындаған тақырыпшалар оның жан-жағына жазылып, шенберленеді, оқушылар оларды бір-біріне қосады да, өзара байланыстыру туралы әнгімелейді. Мысалы, сыйыптағы бір топ М. Дулатов шығармаларынан төмендегі лингвокультуремалар ұсынды (Сурет 4):



Сурет 4 – М. Дулатов шығармаларындағы лингвокультуремалар

«Гаухарлар иерархиясы» әдісі шағын топтарда орындалады. Ол ақпараттың артықшылығын айқындауға бағытталған. Оқушыларға белгілі бір сұраққа қатысты тоғыз идея беріледі немесе оқушылар өздері жазады. Олар өздері бірінші басымдық беретін идеясын жоғарығы қояды, содан кейін екінші солай барлық тоғыз идеяны қойып шығады. Топта ең маңызды деген идеяны анықтау үшін оқушылар арасында талқылау жүреді. Әрқайсысы идеяның маңыздылығына қатысты пікір білдіре отырып, бір-бірін тындау арқылы мол мәліметтер алады. Немесе оқулықта берілген пікірлерді оқып танысумен қатар, маңыздылық реттілігімен орналастыру арқылы оқушылардың топтық пікірін зерделеуге болады. Мысалы, ғалымдардың «Абай жолы» роман-эпопеясы туралы тоғыз пікір беріледі.

Пікірталас (discussion лат. тілінен – қарастыру, зерттеу) – бұл шаршы топ алдында белгілі бір сұрақ, мәселе төңірегінде вербалды түрде еркін білім алмасу, пікіралмасу, идеяларын ортаға салу. Оның ерекшелігі түрлі позиция,

пікірлердің қақтығысы, талқылау-тартыс. Кең таралған лекция, семинар формаларға қарағанда, пікірталастың төмендегі басымдықтары бар:

1. Пікірталас білімді тереңінен, белсенді түрде менгеруге септігін тигізеді. Егер дәстүрлі сабакта мұғалім біржақтылық танытып, тек өзі ғана сабакта сөйлеп шықса, оқушылардың есінде ештеңе қалмауы мүмкін. Ал пікірталас оқушылардың өзара әрекетімен, эмоционалдық пікірлесумен, қызығушылықпен жаңа білімді менгеру онайға түседі. Пікірлесу оқушыны ойлантуға, басқаның пікірін тындай алу қабілетінің қалыптасуына, алдына қойған мақсатын өзгертуге әсер ете алады.

2. Пікірталас кезінде оқушылар белсенді түрде өзара әрекеттеседі.
3. Оқушылармен кері байланыс.

Дискуссияның көмегімен оқушылардың талқыланып отырған мәселені қаншалықты түсініп отырғандығын білуге болады, сонымен қатар бағалаудың басқа да әдістерін қажет етпейді. Пікірталас әдісі төмендегі міндеттерді шешуге көмектеседі:

- реалды жағдаяттарды талдауға үйрету, түрлі мәселелерге сынни көзben қарау, өз пікірін білдіру, бағалау, қорғау.

Ғалым Ж. Дәuletбекова өз сабактарында пікірталас ұйымдастыратын мұғалімдерге төмендегі жайттарды ескеру қажеттігін көрсетеді:

- 1) Пікірталастың барысын қатысуышылардың диалог үстінде айтқан пікірлерінің даму бағытымен сәйкестендіріп отыру;
- 2) Теориялық тұжырымдарды практикалық жаттығулармен бекітіп отыру;
- 3) Қатысуышылардың өзара тілдесуіне қолдау көрсету;
- 4) Пікірталас барысында қатысуышылардың өзі айтқан сөздерінің, ұсыныстарының, идеяларының, сұрақтарының мәнін түсінуіне көмектесу;
- 5) Айтылып жатқан сөздерді дұрыс тындай білуі, пікірталасқа қатысуышылардың өзара тыңдау мәдениетін көтермелеп отыру;
- 6) Пікірталас үстінде өзіндік ой-пікірін, дәлелдемелерін ұтымды жеткізе біletін қатысуышыларды қолпаштау;
- 7) Қатысуышылардың әр сөзі өзгелерді ойландыратындай болуын қадағалау;
- 8) Қатысуышылардың ойлауына мол мүмкіндік беруге тырысу;
- 9) Әңгімеге, диалогқа, пікірталасқа өз билігін жүргізуға жол бермеуі;
- 10) Өз пікірін өтімді ету мақсатында пікірталасты бұрмалаудан бойды аулақ салу» [51, 232].

Мәселен, «Метафора» тақырыбын тәжірибелік сабакта менгертуде пікірталас ұйымдастырылған. Оқушыларға «Жарнаманың адам психологиясына әсер етуі» тақырыбы ұсынылды. Пікірталасқа қатысуышыларға түрлі теларналардан жүретін жарнамалар көрсетілді. Ол жарнамалардан оқушылар адамның назарын аударту үшін, сендіру, әсер ету үшін қолданылған метафораларды тапты. Кейін осы амал-тәсілдердің адам психологиясына он, не болмаса теріс әсер еткені жайлы дау-дамайға түсті. Пікірталас соңында жарнама және оның адам көңіл-күйіне тигізетін әсері туралы корытынды жасалып, метафораның жарнама жасаудағы рөлі анықталды.

«Тіл және мәдениет» тақырыбын өту барысында «Қазақстандағы қазіргі діни жағдай» мәселесі оқушыларға пікірталастыруға берілді. Пікірталасты бақылап отыратын үш сарапшы тағайындалды. Сынып 4 топқа бөлінін, топтар «Дін», «Мемлекет», «Мәдениет», «Тіл» деп аталды. Әр топ өзінің атына байланысты тезис-мәтіндерін ұсынып, осы тезисті қорғап қалуға барынша атсалысты. Интерактивтік әдістер арқылы өткен *сабак жоспарын* ұсынып отырмыз (Кесте 8).

Кесте 8 – Таңдау пәні бойынша сабак жоспарының үлгісі

Сабак тақырыбы:	Тенеу
Білімділік:	Тақырыптың аясында теңеудің анықтамасын, жасалу жолдары мен түрлерін менгереді.
Дамытушылық:	Тілдесім барысында мәтіндер, тапсырмалар арқылы сөйлеу мәдениетін дамытады.
Тәрбиелік:	Тілдік коммуникация барысында оқушыларды қазак халқының рухани құндылықтарын қадірлей білуге тәрбиелейді.
Сілтеме:	Оқу бағдарламасы, «Қазақ тілі» оқулығы.
Жетістік критерийлері:	Оқушының төменгі жетістігі (ОТЖ): теңеудің анықтамасын біледі, мысалдар құрастыра алады. Оқушының орташа жетістігі (ООЖ): теңеудің жасалу жолдарын біліп, мәтіннен таба алады. Оқушының жоғарғы жетістігі (ОЖЖ): теңеудің жасалу жолдарын, түрлерін біліп, оны өз жазбасында, өз сөзінде еркін қолдана алады.
Негізгі түсініктер:	Тенеу, тура мағына, ауыспалы мағына.
Сабакта қолданылатын материалдар:	Интерактивті тақта, слайдтар.
Оқыту әдістері:	Ұсіндіру, сұрап-жауап, пікірталас.
Дереккөздері:	Әдістемелік құрал, дидактикалық материалдар, сөздік.
Тапсырмалар:	
Сабак барысындағы мұғалім мен оқушының іс-әрекеті:	

8-кестенің жалғасы

Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
1	2	3
Оқушыларға психологиялық ахуал туғызыу	Мотивацияны ояту. «Қос шеңбер» Мұғалім ұйымдастыру кезеңінде оқушыларға екі шеңбер жасатып түрғызады. Бұл шеңберлер ішкі және сыртқы болады. Оқушылар бір-біріне қарап, кезекпен бір-біріне комплимент айтуды керек. Ескерту: әр оқушы өз комплиментіне -дай, -дей, -тай, -тей тұлғалы сөзді қолдану керек. Мысалы, Айгүл, сен айдай сұлусың.	Оқушылар бір-біріне қарап, кезекпен бір-біріне комплимент айтуды керек.
Өткен сабакты тексеру	Өткен сабактын тапсырмасын тексереді. Кемшіліктерді анықтайды, түзетеді, бағалайды.	Тапсырманы айтады, тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді.
I. Қызығушылықты ояту	Оқушыларды жаңа сабакқа кіргізу мақсатында интерактивті тақтадан ұқсас ортақ белгілердің негізінде екі затты салыстыру арқылы пайда болған сөздерді шығарады.	Слайдтарды көреді, сұрақтарға жауап береді.
II. Мағынаны тану	<p>1. «Ойға шабуыл».</p> <p>А) Мұғалім интерактивті тақтадан тақырыпқа қатысты теңеу сөздің анықтамасына қатысты сұрақтарды қояды.</p> <p>Ә) Сабактын тақырыбы мен мақсатын оқушылармен бірге болжап, жұмыс алгоритімі анықталады.</p> <p>2. Мәтіналды жұмыс.</p> <p>А) Мәтінді тыңдалап, автордың негізгі ойы мен идеясын ұғыну.</p> <p>3. Мәтінмен жұмыс.</p> <p>А) Тыңдалым. Оқылым. Ақын өлеңдерін мәнерлеп оқытып, мәтіндегі теңеу сөздерді табады.</p>	<p>Тыңдалым.</p> <p>Оқылым. Дұрыс айтылуымен ауызша жаттығу жүргізеді.</p> <p>Айтылым.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Айтылым.</p> <p>Тыңдалым.</p> <p>Оқылым.</p> <p>Жазылым.</p> <p>Тыңдайды, мәтінді дұрыс оқуға машиқтанады, мәтінге ат қояды.</p>

8-кестенің жалғасы

1	2	3
	<p>Ә) Жазылым. Өлендердегі теңеуді тауып, жасалуын схема түрінде береді. Теңеу жасауға негіз болып тұрған сөздер қазақ халқының өміріндегі алатын орнын анықтауды орындалады.</p> <p>Теңеу сөздердің лексикалық мағынасы мен этимологиясын талқылау.</p> <p>Мысалы, <i>Шаништып Алатаудың үршығындаій</i>, <i>Үршық+дай</i>, <i>көкпарша сүйреген</i> <i>көкпар + ша</i></p> <p>4. Мәтінсоны жұмыс. А) Айтылым. Топтық жұмыс. Пікірталас. «Қазіргі жастар көркем, образды сөйлеуден стандарт сөйлеуге бейім» тақырыбы бойынша пікірталас өткізеді.</p> <p>Жұмыс алгоритімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Топта тапсырманы талдау; 2. Топ мүшелерінің рөлдерін бөлу; 3. Пікірталасқа тұсу үшін аргументтер мен фактілер дайындау; <p>Ә) Жағымды және жағымсыз мәндегі концептілерді жазғызады.</p> <p>«Куаныш» концептісі / «Сұлулық» концептісі «Араздасу» концептісі / «Сүйкімсіздік» концептісі</p>	<p>Жазылым. Мәтіндегі теңеулерді теріп жазып, жасалу жолдарын түсіндіреді.</p> <p>Айтылым. Оқушылар 4 топка бөлінеді. Берілген тақырып бойынша өз позицияларын қорғайды, пікірталас соңына дейін позициясын өзгертпейді.</p> <p>Жазылым. Теңеу арқылы жасалған жағымды мәндегі, жағымсыз мәндегі концептілерді жазады.</p>
III. Ой толғаныс	<p>Теңеу сөздерді пайдалана отырып, шағын шығарма-этюд жаздыртады.</p> <p>Шығарма-этюд жазуда басшылыққа ал!</p>	<p>Шығарма-этюдтің жазылу тәртібін естеріне түсіреді, шағын шығарма-этюд жазады.</p>

8-кестенің жалғасы

1	2	3
IV.Бекіту	«Сұрақтар аллеясы» Оқушылар өздерін толғандырған сұрақтарды сұрақтар аллеясына іледі және өзгелердің сұрақтарының жауабын білсе, жауап береді. Жауап беруге қиналған сұраққа мұғалім көмектеседі.	Койылған сұрақтарға қысқа әрі нұсқа жауап береді.
V. Бағалау	Формативті бағалау/сабактың өн бойында жүреді. «Шағын шолу» бағалау параптерын толтырып мұғалімге тапсырады және мұғалім сабактағы оқушылардың ББД меңгеруін бағалайды.	Тақырып аясында өзінің есінде қалған сөздерін, сөйлемдерін парапқа жазады.
VI.Үйге тапсырма	Тенеу сөздерді қолданып, жақын досына мінездеме жаз. Ол үшін оқушыларға қажетті тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер мен бейнелі тіркестер жазылған ресурс таратылады.	Мінездемені жазу тәртібін қолдана отырып, мінездеме жазады.
VII. Рефлексия	«Инсерт». Сабактың басынан бастап толтырылады. Сабакты бастаған кезде «Білемін» бөлімі толтырылды; Ортасында «Мен үшін жаңа ақпарат» толтырылды; Сонында қалған екеуі толтырылады.	Инсерт кестесіндегі «Білемін. Мен үшін жаңа. Түсінбедім. Теренірек білгім келеді» деген жолдарды толтырады.

Ойға шабуыл – пікірталастың еркін формасы. Мұнда қарастырылып отырған сұраққа пікірталасқа қатысушылар өздерінің пікірлерін еркін айтып, жұмысқа топ мүшелері тез кірісіп кетеді. Пікірталас нақты жобаларды жасау барысында туындаған мәселелерді ұжыммен бірлесіп шешу үшін қолданылады. Мұнда оқушылардың түрлі идеялары тыңдалып, сынни тұрғыдан бағаланып, кейбірі таңдап алынды.

Брейнрайтинг – пікірталастың бір түрі. «Брейнрайтинг» термині Франкфурттегі Battel институтының ғалымдары енгізген. Бұл әдіс ойға шабуыл техникасының негізінде қалыптасқан. Ойға шабуылдан негізгі айырмашылығы: қатысушылар өз ұсыныстарын ауызша емес, жазбаша білдіреді. «Метонимия» тақырыбын қорытындылау кезінде қолдандық. Мысалы, сабак сонында оқушыларға «Метонимия мен синекдоханы

ажыратудың онай жолы» деген проблема ұсынылды. Олар бір парақ қағазға өз идеяларын жазып, кейін бір-бірімен алмасты. Көршісінің идеясы жаңа идеяға стимул болады, сөйтін парақта көптеген идея жазылып, қосыла береді. Бұл әрекет 15 минутқа созылды. Ойға шабуылдың негізгі қағидасы: оқушы өзінің ойына келген кез келген идеяны жаза алады; бірнеше идеяны жазуға тырысу жақет; сабак соңына дейін ешқандай идеяны сынауға рұқсат берілмейді; «еркін ассоциацияларды» жақсы бағалау жақет.

Тренинг – «қысқа мерзім ішінде практикалық қолданыста қажетті әрі тиімді біліктер мен дағдыларды игеруге бағытталған оқу сабактары» [51]. Тренинг – қарым-қатынастағы құзыреттілікті дамыту мақсатымен жүзеге асырылатын топтық жұмыс. Оқушының әлеуметтік-психологиялық дамуын жетілдіретін интерактивтік әдістің түрі. Тренинг шағын теориялық модульдер жүйесіне енгізілген түрлі ойындар мен жаттығулар кешенінен тұрады (5-15 минуттан). Олар қойылған мақсатқа (мысалы, оқыту, дамыту не болмаса, психотерапевтік мақсаттар болуы мүмкін), мазмұнына, формасына (тренинг, семинар-тренинг, тренинг-марафон және т.б.) және өткізу техникасына байланысты сәйкес түрлі болып келеді.

Тренинг көптеген міндеттерді шешуге бағытталған, атап айтқанда: топтағы қарым-қатынас пен тұлғаралық өзара әрекеттерді күшету; топты жақындастыру; оны танымдық әрекеттің ұжымдық субъектісіне айналдыру; топтың танымдық әрекетін басқару, өзара әрекеттестік дағдыларын дамытуп, білімін тереңдешту; топтың сабакта алған білімдерін күнделікті өмірде дұрыс қолдана білуіне бағыт беру [51, 227].

Оқыту ұдерісінде ұйымдастырылатын тренингтер төмендегі мақсаттар негізінде жүзеге асырылады:

- 1) тұлғаның психологиялық өзгеруіне ықпал жасау;
- 2) оқушылардың әлеуметтік-психологиялық құзыреттілгінің жоғарылауы;
- 3) сыныптастарымен қарым-қатынасқа тұсу қабілетін дамыту;
- 4) қатысушылардың әлеуметтік позициясын қалыптастыру;
- 5) өзінің немесе айналасындағылардың өмірін жақсы жаққа өзгерте алу қабілетін дамыту;
- 6) өз бетінше болашақ мамандығын таңдай алу қабілетін қалыптастыра алады.

Мектем мұзалимі келесі мақсаттарды көздей отыра, тренингті ұйымдастырады:

- жаңа ақпарат беру;
- түсініксіз материалды талқылау;
- туындаған сұрақтардың шешімін табу;
- жаңа сабакты бекіту;
- практикалық әрекетті қалыптастыру;
- оқытуда оқушылардың белсенділігін арттыру.

Тренинг принциптеріне мыналар жетады:

- тренинге қатысушылардың пікірін сыйлау;

- қатысушыларға сенімділікпен қарау;
- тренинг кезінде басқа қатысушыларға толеранттылық таныту;
- сөз сөйлегенде регламенттен аспау;
- өз пікірінді еркін білдіру;
- тренинг кезінде белсенділік таныту;
- әр тренинг соңында қорытынды жасау;
- тренинг құрылымын сақтау.

Оқыту үдерісіндеғі тренингтің құрылымы:

- тренингке қатысушылардың бір-бірімен танысуы немесе жағымды көңіл-күй сыйлауы;
- тренингтің негізгі ережесі;
- тренинг үдерісі;
- тренинг қорытындысы.

Жоғары сыныпта тренинг әдісі сыныптан тыс өткізілетін жұмыстарда, сынып сағаттарында, таңдау пәндерін ұйымдастырғанда қолданылады. Білім мазмұнындағы «Синонимдер» тақырыбын тәжірибелі сабакты менгертуде тренинг әдісі жүргізді. Оқушыларға публицистикалық стильде жазылған еki түрлі мәтін ұсынылды. Бірінші кезекте, екі мақаланың авторларының жазу стилін, оқырман қауымына әсер ету үшін қолданылған түрлі тілдік қуралдарды салыстыра отырып көрсету, ал екінші кезекте осы мақала тақырыбы аясында публицистикалық стильде шағын мәтін даярлайды. Ал үшінші кезекте, өз мақалаларын оқып, кемшілік тұстарын тақтанаң алдына шығып дәлелдейді. Әсіресе, бір сөзді қайталамау үшін синоним сөздерді көбірек қолдану керектігіне көз жеткізеді.

Жобалай оқыту әдісі – мұндай оқытуда оқушылар таңдалған жоба жоспарын құрып, жүйелі түрде қойылған міндеттерді өздігінен орындаі отырып, білім мен дағдыны менгереді. Жоба – зерттеу, талдау, есептеу, салыстыру, анықтау және графикалық жұмыстар кешені. Мұндай жұмыстарды оқушылар өздігінен орындаиды, алайда жоба жазу барысында туындаған теориялық және практикалық мәселелерді шешу үшін мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асырылады. Жобамен жұмыс барысында келесі негізгі кезендерді назарға алу керек (Кесте 9).

Жалпы жоба жұмысының құрылымы мен кезендері: проблема – жоспарлау (жобалау) – шешімді іздеу – нәтиже – презентация. Алтыншысы портфолио – папка, бұл папкаға жобаны жазу барысында жинақталған барлық жұмыс материалдары салынады (күнделікті жоспарлар, есептер және т.б.). Жобалай оқыту әдісінің негізінде «жоба» түсінігінің мәнін құрайтын идея жатыр. Идеяның прагматикалық бағыты практикалық және теориялық мәні бар мәселені шешу арқылы ғана қол жеткізуге болатын нәтижеге бағдарланған. Бұл нәтижені шынайы өмірде қолдануға болады. Мұндай нәтижеге қол жеткізу үшін оқушыларға проблеманы өздігінен табуға, өздігінен сол проблеманы шешуге және де нәтижені болжауға дағдыландыру қажет.

Кесте 9 – Жобамен жұмыс жасау кезеңдері

Жоба жұмысын орындау кезеңдері	Жұмыс мазмұны	Оқушылардың атқаратын жұмыстары	Мұғалімнің атқаратын жұмыстары
1	2	3	4
Дайындық	Жоба тақырыбын, мақсатын анықтау.	Мұғаліммен бірғе тақырыпты талқылап, косымша ақпарат алады. Мақсаты мен міндеттерін айқындауды.	Жобаның мәнін түсіндіріп, оқушының қызығушылығын арттырады.
Жоспар құру	a) тақырып бойынша әдебиеттермен танысу; ә) материал жинақтау; б) жинақталған материалды сұрыптау; в) нәтижені бағалау мен қорытындылау критерийін анықтау; г) әр топ мүшесінің міндеттерін айқындау.	Жұмыс жоспары мен міндеттерін нақтылайды.	Идеялар ұсынып, күтілетін нәтижені болжайды.
Зерттеу	Ақпарат жинау, міндеттерді орындау. Негізгі құралдар, сауалнамалар, интервью, бакылау, эксперимент жүргізу.	Қойылған міндеттерді жүйелі орындалап, зерттеу жұмысымен айналысады.	Бақылайды, ақыл-кеңес береді.
Корытынды жасау	Акпараттарды талдау, корытындылау.	Акпараттарды талдап, корытынды жасайды.	Бақылайды, кеңес береді
Есеп беру немесе жобаны корғау	Жобаны корғау немесе есеп беру формалары: презентация дайындалап ауызша корғау, жазбаша есеп беру.	Есеп береді, талқылайды, корытындылайды.	Оқушыларды тындайды, түрлі сұрақтар қояды.

9-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Жобаның жұмысын бағалау		Ұжыммен, топпен бірлесе отырып бағалайды.	Жұмыстың сапасын, креативтілігін, дереккөздерді ұтымды қолдануын, жобаны одан әрі жалғастыру өлеуетін бағалайды.

11-сыныпқа арналған «Қазақ тілінің көріктеуіш құралдары» таңдау пәнін тәжірибeden өткізу барысында төмендегі тақырыптар бойынша оқушылар жоба үлгілерін дайындады. Атап айтқанда:

- а) Көріктеуіш тілдік құралдардың түрлері;
- ә) Баспасөз бетіндегі метафоралардың қолданысы;
- б) Поэзиядағы лингвокультуремалар;
- в) К. Ахметова өлеңдеріндегі көріктеуіш құралдар;
- г) С. Елубайдың «Ақ боз үй» шығармасындағы тенеулер табиғаты;
- ғ) К. Оразалиннің «Абай ауылына саяхат» деректі шығармасындағы эпитет сөздердің қолданысы;
- д) С. Сматасевтың «Елім-ай» романындағы заттық лексика;
- ж) Ә. Кекілбаев шығармаларындағы қайталамалар;
- з) Көркем шығармаларда кездесетін мақал-мәтелдер;
- е) Перифраздың тілдік табиғаты.

Ассесмент-центр әдісі алғаш рет қызметкерлерді жұмысқа қабылдауда, адамдарды таңдалап, бағалау үшін қолданған болатын. Қазір білім беру әдістемесінде өрісін кеңінен жаюда. Оқуға және жұмыс істеуге ынтасы бар адамдарды іріктеу мақсатында имитациялық жаттығулар арқылы, арнайы сауалнама арқылы жасалған әдіс. Ассесмент-центр бұл құзыреттілікті кешенді бағалау әдісі, яғни нақты жағдаяттарға қатыса алатын, дұрыс шешімін таба алатын оқушыларды бағалайды.

Ассесмент-центр әдісін бірнеше тәсілдер арқылы өткізуге болады:

- интервью ұйымдастыру;
- нақты тақырып бойынша рөлдерге бөлмей дискуссия ұйымдастыру; жазбаша тапсырмалар;
- жүйелі түрде жасалған практикалық жаттығулар (мұнда проблеманы шешу үшін бір оқушы бәрін басқарып отырады).

Ассесмент-центр әдісінде кеңінен таралғаны – имитациялық жаттығулар. Мұндай жаттығу түрлері жағдаяттармен беріліп, ол жағдаяттар өздігінен, жүппен немесе топпен орындалады. Жағдаяттарға сәйкес:

- 1) оқушының жеке өзі орындастын тапсырмалар: презентация әзірлеу (оқушы берілген немесе өзі таңдаған тақырып бойынша презентация жасайды); In-Basket (жеке жазба жұмысы, түрлі және көптеген ақпаратты талдау);
- 2) жүппен орындалатын тапсырмалар (сценарийге сәйкес бір оқушы жағдаят ұсынып, ал екіншісі бұл жағдаятты шешу амалдарын іздестіреді);
- 3) топтық тапсырмалар: бөлінген рөлдермен жұмыс (әр катысуши оқушыға және топқа нұсқау беріледі. Топтық тапсырмаларда катысуышылар бір-біріне қарсы шығып, алдына қойған мақсатқа жетуді көздейді. Сонымен қатар жалпы мақсатты назардан тыс қалдырмайды); бөлінбеген рөлдер бойынша тапсырмалар (катысуышылар қойылған мәселені қарап, шешу үшін ортақ мәмілеге келу керек).

3.3 Көріктеуіш тілдік құралдарды оқытудың кешенді жұмыстар жүйесі

Әдістемелік жүйенің маңызды құрауши бөлімі көріктеуіш құралдарды менгертудің тапсырмалар мен жаттығулар жүйесін жасау болып табылады. Жаттығулар – «білім, дағды, іскерлікті қалыптастырудың, бекітудің жолы» [42, 192]. Әдіскер З. Бейсенбаева жаттығуға тәмендегідей талаптар қояды:

1. Жаттығудың негізгі мақсатын, оның нәтижесін білу;
2. Жаттығудың дұрыс қатесіз орындалуын қадағалау;
3. Жаттығудың саны білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай болуы;
4. Жаттығулардың негізінде бірізділік, жүйелілік ұстанымдарының сақталуы [42, 192].

Оқушылардың сөз мәдениетін дамытуға арналған әдістемелік жұмыстарға сүйенсек, жаттығулар мен тапсырмалардың көптеген түрін береді. Н. Құрманованаң енбегінде жаттығулар жіктелімі берілген. Олар жаттығулардың түріне, тәсіліне, типіне, мақсатына қарай жіктелген:

- Мақсатына қарай: тілдік, сөйлесім, репродуктивтік, аспектілік, кешенді, рецептивтік, табиғи-коммуникативті, бақылау және т.б;
- Оку материалы табиғатына қарай: диалогтық тілдегі және монологтық тілдегі жаттығулар;
- Сөйлеу қызметі түріне қарай: айтылым, оқылым, жазылым, тындау;
- Орындалу тәсіліне қарай: ауызаша, жазбаша, бір тілдік, екі тілдік, сыныптық, индивидуалдық, топтық және т.б.
- Сөйлеу формасына қарай: ауызекі сөйлеу тілі, жазбаша тіл жаттығулары;
- Тілдің аспектілеріне қарай: фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік [170, 271].

А. Эбілқаев жаттығудың тілді оқыту үдерісінде қажетті де құрамды бөлігі болып табылатынын айта келіп, жаттығулардың бірнеше түрін (құбылыстарды тану және оны ұқсас, сондай-ақ басқа өзгеше құбылыстардан бөліп алу; есте сақтау – бекіту; құбылыстарды топқа жіктеу; белгілерді бөлу және топтау; құбылыстарды салғастыру; ұғымдарды қалыптастыру, жинақтау; грамматикадан, орфография мен сөйлеу дағдыларынан алған алынған білімді практикада қолдану) береді [171, 48].

Н. Оралбаева, К. Жақсылыкова жаттығуларды тілдік және сөйлеу жаттығулары деп бөлсе [41], Р. Раҳметова жаттығуларды қатысымдық дағдыны қалыптастыру жаттығулары, танымдық дағдыны қалыптастыру жаттығулары, шығармашылық қабілетті жетілдіру жаттығулары деп бөледі [53, 262].

Біз көріктеуіш тілдік құралдарды менгертуге арналған тандау курсын тәжірибеден өту барысында *аналитикалық жаттығулар*, *аналитика-синтетикалық жаттығулар*, *синтетикалық жаттығулар* деп бөліп қарастырық. *Аналитикалық жаттығулар* – тілдік көріктеуіш құралдарды табу, оларды талдау, құрау, кестелер мен сызбалар дайындау және т.б. болса, ал *аналитика-синтетикалық жаттығулар* – тілдік көріктеуіш құралдарды қажетті жерге қою, оларды басқа синонимдермен ауыстыру, *синтетикалық жаттығулар* – мәтінді талдау, қате берілген мәтінді өндеу, көріктеуіш тілдік құралдарды пайдаланып, сөйлем, мәтін құрау және т.б. қолданылды. Бұл жаттығу түрлері қалыптастыруши эксперимент бөлімінде кеңінен айтылады (3.4).

Жоғары сынып оқушыларының ойын көркем жеткізуді, образды сөйлеуді қалыптастыру, сонымен қатар образды ойлауды дамытуға арналған 4 *әдістемелік деңгейлік тапсырмаларға* бөлдік. Профессор Е.П. Суворованаң «пошаговое продвижение... от восприятия образных средств и оценки их роли к сознательному использованию в собственной речи» [172, 23] – деген тұжырымын негізге ала отырып, оңайдан құрделіге, бірізділік пен жүйелілікті сақтай отыра, тілдік құралдарды «сөзден мәтінге және мәтіннен сөзге»; «дайын мәтіннен өз мәтінін құру» модельдері арқылы менгертуді тиімді деп таптық.

Тапсырмалардың *бірінші әдістемелік деңгейінде оқушылар* мағына мен форма бірлігінде тілдік бірліктерді менгереді. Нақтырақ айтсақ, көріктеуіш құралдың ерекшелігін, анықтамасын, жасалу жолдарын, оның грамматикалық құрылымын менгертуге арналған тапсырмалар жатады. Бұл деңгейде оқушылардың рецептивті және рецептивті-репродуктивті әрекеттері жүзеге асырылады.

Екінші әдістемелік деңгейде оқушылардың тілдік құралдарды түсіну мен оларды талдау дағдылары қалыптасып, тілдік құралдарды талдаудағы мағына мен форма бірлігін, қызметін және формаларын игереді. Мұнда ең маңыздысы – өз тарарапынан тілдік құралдарды құрап, өз сезінде, пікірінде, көзқарасында, жазбаша жұмыстарда қолдануға дағыландыру.

Үшінші әдістемелік деңгейде оқушылардың дайын үлгі бойынша түрлі тапсырмаларды орындау дағдысы қалыптасады. Сонымен қатар мәтінді түзеу,

мәтіннің мазмұндық бөліктерін табу, мәтінді жалғастыру, мәтінді көріктеуіш құралдармен толықтыру және т.б. тапсырмалар қатары жатады.

Тапсырмалардың *төртінші әдістемелік деңгейі* – шығармашылық деңгей. Окушылар оқыған-білгендерін, игерген білімдерін ауызша және жазбаша жұмыстарда қолданады. Мұндай тапсырмаларға шығарма, мазмұндама, шығарма-этюд, шығарма-миниатюра және т.б. жатады.

Әдістемелік жүйенің компоненттерінің бірі ретінде көріктеуіш тілдік құралдарды менгеру барысында окушылар төмендегі дағдыларды игеруі қажет:

1. Мәтіннен көріктеуіш құралдарды табу;
2. Көріктеуіш құралдың түрлерін анықтап, дәлелдей алу;
3. Көріктеуіш тілдік құралдардың бір-бірінен ерекшеленетін белгілерін білу;
4. Мәтіндегі тілдік құралдардың орынды пайдалануына талдау жасау;
5. Түрлі жанрдағы өз мәтіндерінде көріктеуіш құралдарды қолдану;
6. Өз пікірін, сезін дұрыстау, түзеу;
7. Көріктеуіш құралдар қолдану арқылы көпшілік алдында сөйлеу.

Бірінші әдістемелік деңгейдің тапсырмалары

Бұл тапсырмалардың мақсаты – сөйлемдегі, көркем мәтіндегі образды сөздерді тауып, олардың қолданысына мән бергізу, сонымен катар оларды менгеру үшін жағымды мотивация құру.

Тәжірибеден өту барысында төмендегі тапсырмалар ең тиімділері болды:

- ✓ Образды сөзді табыңыз. Оларды қалай түсінесіз?
- ✓ Бірнеше заттарды ұқсастырыңыз? Оларды қай белгілеріне (түрі, түсі, көлемі) қарай салыстырдыңыз?

1-тапсырма. Өлең жөлдарын өқыңыз. Өлеңде қандай көріктеуіш құралдар барын анықтаңыз.

Ақыл – шырақ, қара тұнді ашатын,

Білім – жарық, нұрын саған шашатын.

Ақыл болса, асыл болар – болса ер,

Білім болса, бектік қылар – қалса ер.

Ақыл кімде болса – болар асыл ол,

Білім кімде болса – бек hәм басың ол.

Кісі ұланы қара жерге қол салды,

Көтерді бәрін, білімін ол қолданды.

... Білім – байлық, азаймас hәм жоғалмас,

Еш қарақшы, ұрыға да тоналмас... (Құтты білік).

2-тапсырма. Мәтіндегі көріктеуіш тілдік құралдарды тауып жазыңыз. Мағынасын түсіндіріңіз.

Мәтіндегі тілдік құралдар: қан жұтқызы

торғауытты тоздыру

қоныстың пұшпағы

кебін тұсіру
 тізгінін ұста
 іріткі салу
 сүйк қолын созу
 шашбауын көтеру
 бейпіл ауызға – қақпақ, ақылы азға – тоқпақ.

3-тапсырма. Түсіндірмелі сөздікті қолдана отырып, көріктеуіш құралдың құрамындағы тәмендегі сөздердің мағынасын түсіндіріңіз.

Торғауыт – ертедегі батырлар киетін сауыт;

Пұшпақ – малдың, аңның сирақ терісі. Белгілі бір кеністіктің, мекеннің, көшениң бір шеті, бөлігі;

Малдас – екі аяқты айқастыра отыру;

Кебін – өлген адамның денесін орайтын ақ матада; ақырет. Жанын жаһаннамға жіберу;

Тізгін – аттың басын тежеу үшін жүгеннің ауыздық шығыршығына байланған шыжым қайыс. Билік, басшылық;

Ошақ – үстіне қазан қойып, тамақ пісірге арналған үш аяқты қоршау темір. Үй іші, бала-шаға;

Тоқпақ – бір басы жуан әрі жұмыр келген қазық қағатын құрал.

4-тапсырма. Схеманы түсіндіріңіз. Кестені схема бойынша сөйлемдермен толықтыры.



Эвфемизм – перифраздың бір түрі. Мағынасы түрпайы сөздерді басқа атаумен ауыстырып, сыпайылап жеткізу.

Синекдоха – метонимияның түрі: бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны қолдану.

Екінші әдістемелік деңгейдің тапсырмалары

1-тапсырма. Сөйлемдерді оқып, лексикалық қателерді тауып, түзету енгізіңіз.

1. Бәрінен де шиеттей баланы далаға тастамай өсіріп, адам қылғанын айтсаңшы. 2. Қырық құлаш қыл шылбырдан аттың мойнына тұзак салды. 3. Жазушылар сұракты қардай жаудырды. 4. Әрине, әр адамның біртуар, қайта келмес даналары болады.

2-тапсырма. Төмөндеңгі сөйлемдердегі көп нұктенің орнына тиісті әпитетті тауып қойыңыз.

Қыздың ... көз, ... кірпік, сәл түрік, ерніп елестетіп Шеге құрсінді (С.Е.) 2. – ... бала, анаң қара! Ары жағына қара! – деді (С.Е.) 3. ... қара кемпір қолында таяғы, жұлым үйінің алдында сорайып түр екен (С.Е.) 4. Керісінше, жұрттан бойын аулақ салған, осы «тәкаппар» ... бет, ... кірпік, түрік ерін қызға деген ынтығы бұрынғыдан да арта түсті. (С.Е.) 5. Қарсы беттен ысылдалап соқкан жел ... жүзі әдемі ... өнді, көз қызының құйыршығы қайқылау сұлу қыздың көзінен жас парлатты (С.Е.) 6. Әкесі Пахраддин ... иықты, ... денелі, сақал-шашы көкбурыл тарта бастаған ... жақты, сұлу көзді, келбетті кісі (С.Е.) 7. Сол оттың тілдей жалыны ерші сәл түрліген Хансұлудың ... көзінде де жылтырайды (С.Е.) 8. ... мойның бұрды (С.Е.)

Қажет сөздер: мойыл, қайқы, қасқа, қапсағай, сопақша, ашаң, бидай, кен, мол, ат, қарақат, шеге.

3-тапсырма. Төмөндеңгі сөйлемдердегі көп нұктенің орнына тиісті теңеулерді тауып қойыңыз.

1. – Пай, сен де ... есесің-ау. Біреудің қызын тартып ал деген заң жоқ қой, – дейді Шеге (С.Е.) 2. Көзі жабайы мысықтың ... тап-таза жайнап түр (С.Е.) 3. Бармақ ... саршекерді алышп, дастанғанға таставды (С.Е.) 4. Жауар ... түсі түнеріңкі. 5. Ауыл іші бүгін кішігірім ... көңілді (С.Е.) 6. Пахраддин еңсесін ... ауыр ой басып, мұлгін тыңдалап отыр (С.Е.) 7. «Опасыз жалған дүние» кімдерден кейін қалмаған» деп әлсін-әлсін қайталап, сонау Адам атадан басталған адам ұрпағының небір асылдары, әлемді тітіреткен ..., патшалары, ... ерлері, ... ғұлама, ... хандары, ... шерлері, билері бермеген осы елден шыққан ... сынды батырлары байыз таба алмаған бұл жалғаннан ешкім опа таппаған» деп айтады (С.Е.) 8. ... тегеуінді қолдар Ждақай мен Қозбағарды бір-біріне ... соқтырды (С.Е.) Ждақай шыбын ұстайтын ... сақ басып бүкшеңдеп алға жылжыды (С.Е.)

Қажет сөздер: желдей, көзіндей, басындей, бұлттай, мерекедей, Сүлеймендей, Ескендірдей, Лұқпандайын, әз Жәнібектей, Асандайын, Қазыбек Сырымдайын, Барақ, Темірдей, қошқарша, кісіше, қорғасындей.

4-тапсырма. Өлең үзінділерін оқып, кейінтеу сөздерді табыңыз. Өлардың кейінтеу сөздер екендігін дәлелдеңіз.

а) Толқын мен толқын сырласып,
Сырларын еппен ұрласып.
Толқынға толқын еркелеп,
Меруерт көбікке оранып.
Жыландай жүзге бұралып,
Жарға жетер ентелеп (М. Жұмабаев).

ә) Ей, жігітім, тұра түр, дірілдеме,
Тұсірген бе жағаға жүріп кеме,
Шыңғыстау да бір түрлі үндемейді,

Үндемейді дала да бүгін неге? (Т. Молдағалиев).

б) Ызгарлы жел долданып,
Екі иінінен дем алып,
Андай ұлып бір мезгіл,
Біресе сақ-сақ күледі (М. Жұмабаев).


5-тапсырма. Берілген тіркестерді метонимияга ауыстырыңыз.

Ауыл ұйқыда (адамдары дегеннің орнына), қаламы жүйрік (қолы шапшаң дегеннің орнына), тілі ұзын (сөзуар дегеннің орнына), Абайдан оқы (кітабы дегеннің орнына).

6-тапсырма. Лиро-эпостық жырларды еске түсіріңіз. Көп нүктенің орнына қажет көріктеуіш сөзді қойыңыз.

Қызы Жібектің ақтығы
Наурыздың ақша ...
Ақ бетінің қызылы,
Ақ тауықтың

7-тапсырма. Берілген СХЕМАНЫ түсіндіріңіз. Схема бойынша мысалдар келтіріңіз.



8-тапсырма. Төмендегі сөздерді пайдаланып, көріктеуіш құралдар құрастырыңыз. Сөйлемдер құрастырыңыз.

Құлан, киік, аю, тұлқі, ит.
Тай, түйе, қой, қозы, сиыр.

Үшінші әдістемелік деңгей тапсырмалары

Бұл деңгейде оқушылар мәтінмен жұмыс жасау арқылы тілдік құралдарды менгереді. Тілді қатысымдық түрғыдан, лингвомәдени түрғыдан оқытуда МӘТІН дидактикалық материал ретінде қолданылады. Біріншіден, оқушылар мәтінде тілдік фактілерді бақылай алады, яғни өз мәтіндерін құрастыруда тілдік фактілерді орынды қолдану дағдысын игереді.

Екіншіден, тұлғаның интеллектуалдық, эстетикалық және мәдени дамуының негізгі қайнар көзі болып табылады. Қатысымдық ұстаным мұғалімнің де, оқушының да әрекетін өзгертеді: оқу әрекетінде мұғалім мен

окушының арасында өзара әрекет орнап, мәтін сөйлеу актісімен байланысты болғандықтан, әр сабакта әр окушының сөйлеу деңгейі артады.

Біз қолданған мәтіндер – лингвомәдени сипатқа ие мәтіндер. Лингвомәдениеттану тілдегі мәдени факторға, ал адамдағы тілдік факторға бағдарланған. Қатысым кезіндегі ұлттық менталитет ерекшеліктерін зерттейді. Лингвомәдени түрғыдан оқыту окушылардың әлемнің тілдік бейнесін қалыптастырады, тілдік бірліктердегі *ассоциативтік-бейнелі* кодты интерпретациялауды үйретеді. Біз ұсынып отырған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесінде окушылардың тілін дамыту мен шешен сөйлеуге дағдыландыратын тапсырмалармен қоса, аялық білімдерін көнектіп, ұлт тарихы мен мәдениетінен ақпарат беретін тапсырмалармен қамтылған.

Осы типтегі тапсырмаларға мысал келтірелік:

1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Өншейіндегі көл-көсір жазық маңдайы бір уыс болып тырысып тыржиды да қалды. Осынау ұлан-ғайыр даланың *кіжінеген өшпендейліктен* басқа ештеңесі жоқтай. **Сол көк жұлын өшпендейлік** тиғен жерін түйреп кетер тікен болып өсіп, бошаған болып балағына жармасып жатқандай. **Сол көк жұлын өшпендейлік** біресе бас сүйегін тірідей қуартып жібергісі келгендей ап-ацы күн көзі болып қадалып, біресе сап-салқын терістіктің ызғары болып сүйегінді шағып, кері кеткендей **сол көк жұлын өшпендейлік...** Жымынып жатқан мына жымпос дала... Сондықтан олардың қылмындаған көзіне де, жылпылдаған сөзіне де илануға болмайды. Шат-шадыман қуаныш, кеп-келте рахат, *жсаң-жұң* үн, жары көңіл күнде, мың сан төтеншіл назар түсінкі кірпік, қаймығынқы қабактар, өң бітім, үн бітімдірің мұт тағы да шаңқ ете қалды. Көмескі кескін көлбен ете түсендей (Ә. Кекілбаев).

Мәтіннен этимет сөздерді табыңыз.

Мәтіннің көркемдік күши қандай көріктеуіш құралдар арқылы беріліп тұр?

Мәтіннің мазмұнын ашатын кілт сөздерді табыңыз.

Автор даланы суреттеуде қандай окказионал тілдік құралдарды қолданған?

Қарамен жазылған сөз тіркестері қандай көріктеуіш тілдік құралдар екендігін анықтаңыз.

2-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

... Әңгіме қыза келе, кейбіреулер жас сұлтанға тосын сауалдар беріп, әртүрлі кенестер айта бастады. Түркістан тарабына жорық келер жылы ма, одан арғы жылы ма? Егер ұзап кетсе, ондағы қонырат пен қыпшақ, қатаған мен қанлының өзі-ақ көтеріледі. **Қан жұтқызып** алмау керек. Ноғайлымен бітім қаншага созылады? Бабалардың сүйегі де, **қоныстың** кең пұшпағы да Жайық бойында емес пе еді. Хан неге солқылдайды. Олжа! Мал-мұлік! **Шаш етектен батамыз.** **Торғауытты тоздырып** жіберуіміз керек! **Жағатты қақ жару** керек! Жоқ, бәрін қойып, ел-жүрті ырын-жырың болып жатқан Көшімге қарсы аттанайық. Бұдан отыз жыл бұрынғы **кебіне түсіреміз.** Бұл жолы Есіл мен

Тобылдың Ертіске құйылысына дейін түре қуамыз! **Желкедегі жау жаман** деген. Кеше Бұқармен бірігіп алған жаман деген. Төбемізден аса, түстікке емінген, **ішімізге іріткі салған, жерімізге сұық қолын созған** сазайын біржолата тартсын. Біздің міндегі – осы. Ноғайды әлім мен байұлының өзі-ақ аттатпайды. Жағатты үйсін мен дулаттың өзі-ақ талқандайды. Содан сон Бұқардың да жөнін табамыз. Ойбой, бұл қазақ ашуға мінбесін де. Басы бірігіп, атқа қонбасын де. Онда бар той. Онда...

Мәтінге ат қойыңыз.

Мәтіндегі қарамен жазылған сөздердің қандай көріктеуіш құралдарға жаратынын анықтаңыз.

Фразеологизмдердің қолдана отырып, мәтінді аяқтаңыз.

3-тапсырма. Төмендегі тілдік құралдардың синонимдерін жазыңыз.

Шаш етектен бату, іріткі салу, шашбауын көтеру, дауыс көтеру.

4-тапсырма. Төмендегі тілдік құралдардың антонимдерін беріңіз.

Нәзік үн, қызу әңгіме, жұмсақтық көрсету, екі жаман, іріткі салу.

5- тапсырма. Төмендегі сөздерден аудиоспалы мағыналы сөз жасаңыз.

Істық, сұық, ащы, тәтті, ауыр, терең, қайрат, жігер, уыз, аққу.

6- тапсырма. Сәйкес синоним сөзді табыңыз.

иғі жақсы – жақсы адам / зиялды адам / білтімді адам / **ел ішіндегі беделді адам.**

тоқпақтай – тоқымдай / түймедей / **қолағаштай** / оймақтай / тебінгідей

8-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұнына сәйкес көріктеуіш тілдік құралдармен толықтырыңыз.

Қазақтың қара ... (*шаңырағында*) кастерлі, ... (*қара*) касиетті қара елеңінде:

Бұл дүние жеткізбейтін арман дүние,

Бұрынғы бабалардан қалған дүние.

Барында оралыңың ойна да құл,

Бізден де өте шығар ... (*жалған*) дүние, – деп айтылатында, ... (*сынаптай*) сырғыған уақыт кімнің ұсынына тұрақтар дейсің! Ұлттық сезім, ұлттық рух тапталған кезде сезімің де сен ұрғандай селкілдейді. Әлихан Бекейханның ана тіліндегі шығармаларында орыс тілінің ықпалы (*тайга таңба басқандай*) көрінеді. Оның тіл ерекшелігін сол дәуірдегі басқа бірде-бір ақын-жазушының немесе көркемсөз өкілінің тілімен шатастырмайсыз (Казак әдебиеті).

Мәтінді түпнұсқамен салыстырыңыз. Өз мысалыңызды дәлелдеңіз.

Мәтіндегі көріктеуіш құралдармен мынадай тапсырмаларды орындауда болады: *Мәтінде қандай ұлттық шешенідікке тән көріктеуіш тілдік құралдар қолданылған?*

- ✓ *Мәтіннен метафораны (эпитет, оксюмарон, кейіптеу) көширіп алыңыз. Өнүң мәтіндегі рөлі қандай?*
- ✓ *Атамыш мәтінде тілдік көріктіліктің қандай құралдары қолданылған?*
- ✓ *Салыстырудың қандай тәсілдермен берілгендігін анықтаңыз.*

- ✓ Мәтіннен көркем бейнеліліктің тілдік және фонетикалық құралдарын табыңыз.
- ✓ Мәтін мазмұнының эмоционалды-экспрессивті жағын үйымдастыруда фонетикалық бірліктердің рөлі қандай?
- ✓ Аталмыш мәтіндегі қайталаудардың функциясын анықтаңыз.
- ✓ Автор инверсияны не үшін қолданған?
- ✓ Алғашқы мәтінді мазмұнда масымен (жазбаша баяндау) салыстырыңыз. Қайсысының эмоционалдылығы, көріктілігі басым, себебін анықтаңыз.
- ✓ Бидің шешен сөйлейтіндігін автор қандай көрікеудің құралдар арқылы жеткізеді?
- ✓ Қандай (фонетикалық, интонациялық, лексикалық, грамматикалық) көріктеуіш құралдар авторға негізгі идеяны көрсетіп тұр?
- ✓ Поэтикалық мәтіннің көркемділігін қандай синтаксистік көріктеуіш құрал арттырып тұрганын анықтаңыз.

Төртінші әдістемелік деңгей тапсырмалары

Бұл деңгейдегі тапсырмалар тілдік құралдарды тандаудың коммуникативтік білігін қалыптастыратын еркін және шығармашылық диктантыры, мазмұнда, шығарма, реферат және сипаттай түріндегі жұмыс түрлері, шағын жанр түрлері болып табылады. Аталмыш тапсырмалардың мақсаты – автор ойына сай тілдік бірліктерді бейнелеуіш-көріктеуіш функциялары арқылы өздері құрастыратын мәтінде қолдану.

Мәтінде автордың қолданған көріктеуіш құралын оқушы қайта қолдану үшін маңызды тапсырма типі – **мазмұнда**. Сөйлеуді оқытудың аталмыш практикалық мәтіні бейнелік ойлауды дамытады, тілді эстетикалық функциясы арқылы менгеруге мүмкіндік береді, өйткені сөйлеуде тіл бірліктері ақпараттық ғана емес, көріктеуіш мағынаға ие болады. Өзгенің сөйленісінің көріктілігін бақылау және көріктеуіш құралдарын өз сөзінде пайдалану – образды ойлауды жаттықтыру.

Шағын мәтіндерде грамматикалық тақырыптарды ескере отырып, жедел жүргіну мүмкіндігі болады. Шағын мәтінді сабактың сонында ұсынып (7-10, кейде 15 минут қалғанда), жазбаша мазмұндауды жұмыстың өзге формаларында сұрау қажет: лингвистикалық талдау, шығармашылық тапсырма – шағын мәтіннің негізінде шағын шығарма.

Жоғары сынып оқушыларына арналған тандау пәні бағдарламасында жаттығу-оқыту мазмұндаасын тандау және өткізу барысында мұғалім шешуі тиіс әдістемелік тапсырмалар беріледі:

- шағын формалы **мәтінді таңдау** – жазушының шығармашылық манерасы, тілдік, көріктеуіш құралдарды тандаудағы индивидуалдылығы, жанрлық ерекшеліктер, тақырыптың өзгешелігі мейлінше анық көрінетін шығарма үзіндісі. Сэтті тандалған мәтін оку пәні ретіндегі казақ тіліне

жағымды мотивация қалыптастырып, сабакты қызықты әрі есте қаларлықтай өткізуге мүмкіндік береді.

Оқушыларға **өз бетімен жұмыс жасау** барысында әртүрлі шығармалардың миниатюраларына немесе үзінділеріне мән берін, оқып, есте сақтау қабілеті бойынша жазып және алғашқы мәтінмен салыстыру көнестерін береді. Бұл жағдайда нәтиже маңызды стимул болады: түпкі мәтінмен салыстыру барысында жазбаны жедел тексеру.

Тілдік құралдарды тандаудың коммуникативтік білігін қалыптастыратын жаттығулардың ең курделі түрі – **шығарма**. Қазіргі кезде оқу әрекетінің осы өнімді түрі оқушыларда коммуникативтік күзыреттің келесі құрамдас бөлімдерін қалыптастыруға бағытталған:

- ойды, адресатты және қатынас жағдайын ескере отырып, белгілі тақырыпқа шығарма жазу үшін материал жинау және оны жүйелеу білігі;
- сөйлеудің әртүрлі типіндегі және стиліндегі мәтіндерді құру білігі;
- мәтіндердің ақпаратты қабылдай алу білігі;
- қабылданатын мәтіннің тілдік формасын талдау білігі;
- өз ұстанымын қалыптастыра алу және қалыптастыру білігі;
- байланысқан сөйленісті композициялық дұрыс ресімдеу білігі;
- сөйлеу барысында сөздік байлығын және ана тіліндегі грамматикалық формалар мен конструкциялардың алуан түрін пайдалана алу білігі;
- орфографиялық және пунктуациялық біліктерді;
- қазіргі әдеби тілдің нормаларын менгеру;
- мәтіндерді жетілдіру және түзету, тілдік, мазмұндық қателіктер мен кемшіліктерін тауып, оларды жөндеу білігі.

Тілдік құралдарды тандаудың коммуникативтік білігін қалыптастыратын тапсырмалардың мысалдарын келтірелік.

✓ Ұсынылған мәтін негізінде *шығарма-оітталқы* жазыңыз (тапсырманың осы түрі түпкі мәтінді талдауды талап етеді: ұсынылған мәтіндең мәселені анықтау, мәселені жеткізу бойынша автордың ұстанымын ашып көрсету және оны жеткізуің тілдік құралдарын талдау).

✓ Улғи ретінде М. Магауиннің мәтінін пайдалана отырып, шығарма жазыңыз.

✓ Э. Кекілбаев шығармаларының біріне толық комментарий жазыңыз.
✓ Жоспар бойынша мәтінге лингвистикалық талдау жасаңыз.
✓ Өзіңізге ұнайтын бір тарихи шығармада пікір жазыңыз.
✓ Сыныптастыңыздың баяндамасына (сөзіне, шығармасына) пікір білдіріңіз.

✓ «Тілдің көріктеуіш құралдары» тақырыбына сөйлеңіз (баяндама, реферат дайындаңыз).

✓ Сүйікті ақындарыңыздың өлеңдерін пайдалана отырып, «Мамандық таңдау – болашаққа жол» тақырыбына шығарма жазыңыз.

Реферат түріндегі жұмыс. Жоғары сынып оқушысын ғылыми жұмысқа дайындау мақсатымен реферат жұмысы тиімді болып саналды. Мысалы, оқулық

материалдары немесе өз бетіңізben оқыған гылыми әдебиет негізінде «Қазақ тілінің эстетикалық функциясы» тақырыбына реферат дайындаңыз. Өзіңіз оқыған гылыми әдебиеттің немесе С. Елубаевтың шығармалары негізінде «Шығарма және бейнелілік» тақырыбына баяндама (реферат) дайындаңыз деген тапсырмалар берілді.

Сипаттау бағытындағы жұмыс. Бұл жоғары сыныптарда қазақ тілін оқыту үдерісіндегі зерттеу қызметінің мейлінше белсенді түрі. Оның мақсаты – тілдік құбылысты егжей-тегжейлі сипаттау (біздің жағдайымызда көріктеуіш құралды талдау немесе мәтінді тілдік талдау). Тапсырмалардан мысал келтірелік:

- ✓ Сөзді (мәтінді) лексикалық түргышдан талдаңыз.
 - ✓ Атаптың мәтіндегі көріктеуіш құралдарын пайдалану түргышынан талдаңыз. Поэтикалық бейнені құрудагы (авторлық ұстанымды білдірудегі) оның рөлі қандай?
 - ✓ М. Магауннің «Аласапыран» романынан үзінді таңдалат алып, бірін талдаңыз. Тілдің көріктеуіш құралдарын (метафора, салыстыру, эпитет, кейіптеу) пайдаланудагы ақынның шеберлігін көрсетіңіз. Өлар қай тілдік деңгейге (фонетикалық, сөзқұраушы, лексикалық, синтаксистік және т.б.) жатады?
 - ✓ Лексикалық талдау үшін шағын көркем мәтін таңдаңыз және талдаудың мазмұны мен тізбектілігін анықтайдын тапсырмалар құраңыз.
- Рефераттың және сипаттау бағытындағы жұмыс көбіне ғылыми-практикалық қызметтің жинақтаушы және салыстырмалы түрлерімен байланысты. Соңғы тип салғастырмалы-стилистикалық талдау және лингвостилистикалық тәжірибе арқылы көрінеді.
- ✓ Лингвостилистикалық талдау жүргізіңіз – мәтіндегі сөздердің ретін ауыстырыңыз. Авторлық нұсқаның артықшылықтарын көрсетіңіз.
 - ✓ Көркем, публицистикалық және гылыми стиль мәтіндеріндегі метафора «өмірі» туралы айтыңыз.
 - ✓ Көріктеуіш құралдарын көркем және публицистикалық стилъдегі мәтіндерде қолданудың айырмашылығын атаңыз.

Ғылыми-практикалық қызметтің келесі түрі – материал жинау, фактілерді дәлелдеу үшін аргументтер іздеу. Баяндама, реферат дайындау, шығармайтактың жазу барысында ұсынылған мәтін негізінде және жеке зерттеу практикасы ретінде, зерттеу жұмысының элементі ретінде де қарастырылуы мүмкін. Соңғы жағдайда тәмендегідей тапсырмалар болуы мүмкін:

- ✓ Д. Досжановтың көріктеуіш құрал ретінде эпитетті көбірек қолданғанын өз бетіңізben жинаған мысалдар арқылы көрсетіңіз.
- ✓ «Көріктеуіш тілдік құралдар» кестесін тарихи шығармалардан өз бетіңізben жинаған мысалдармен толтырыңыз.
- ✓ С. Сматеевтың «Елім-ай» романында қайталама пайдалану мысалдарын теріп жазыңыз.

✓ Тенеу көркем бейнелеудің құралы ретінде пайдаланылған мәтіндерден (прозалық) мысал келтіріңіз.

✓ Сөздіктердің өз бетіңізben таңдаған мысалдарды пайдалана отырып, салыстырудың әртурлі тәсілдері туралы әңгімеленіз.

✓ Галымдар эпитетті бағалауга қатысты әртурлі пікір айтады. Бір галымдар тілдің осы көріктеуіш құралын тропқа жатқызыса, өзге галымдар жатқызыбайды. Өз көзқарасыңызды білдіріңіз. «Эпитетті тропқа жатқызуға бола ма?» тақырыбына шағын мәтін-ойталқы дайындаңыз.

Көріктеуіш құралдармен **шығармашылық** жұмыс жасауда оқушыларға мынадай шағын тілдік жанр түрлерімен жазбаша жұмыс түрлерін орындаңық: көріктеуіш құралдарды қолдана отырып, этюд; портрет; әңгіме; эссе жазу.

Этюд – шағын көлемді шығарма. Мұнда оқушылар тілдік құралдарды қолдана отырып, көңіл-күй, сезім этюдын, заттар мен құбылыстар туралы әсер алу этюдын жазады.

Көріктеуіш құралдарды қолдана отырып, портрет жазу – портрет жанры лингвистикадан алғынған (Ю.Д. Апресяннің «лексикографиялық портреті», концептілер «портреттері»). Сөздің лингвомәдени портреті деп метафораланған мәтінді оқушы түсінуінің (интерпретациясы) жүзеге асырылу тәсілі болып табылады. Оқушы лингвомәдени портретті метафоризация тәсілін менгерсе ғана жаза алады. Мысал ретінде мынадай тапсырма түрін келтіруге болады:

Эмоцияның кез келген түріне «метафоралық тілді» қолдана отырып, лингвомәдени портрет жазыңыз. Сіз бұл портреттің атын атамайсыз. Портретті сыныптастарыңызга оқып шығыңыз.

Шағын формалы шығарманың негізгі кезеңдері: шығармашылық жұмыска дайындық – мәтін құрастыру – оны оқу – сыныптастарының мәтіндерін тындау – басқаның жұмысына пікір айтуды.

Әңгіме – баяндау сипатындағы шағын жанр түрі. Бұл тапсырма оқушылар жазған дайын лингвомәдени этюд негізінде орындалады. Бұл жанрдың ерекшелігі бір оқушы жазған этюдті тілдік құралдарды қоса әңгімеледеу.

Эссе. Шағын жанр түрлерінің ішінде эссе ерекше орын алады. Эссені көптеген әдіскерлер дәстүрлі емес жанрлар қатарына жатқызады. Бірінші кезекте автордың ойы мен сезімі, индивидуалдығы негізге алғынады. Эссенің бірнеше түрін жазғызуға болады: 1) күнделік түріндегі эссе; 2) хат түріндегі эссе; 3) әңгіме түріндегі эссе; 4) пайымдау-эссе.

Келесі біздің ұсынып отырған **тапсырмамыз** – көріктеуіш құралға лингвомәдени талдау. Көріктеуіш құралдарға лингвомәдени талдау – көркем мәтіндегі метафора, эпитет, кейіптеу, тенеу, прецеденттік мәтін және т.б. көріктеуіш құралдарда сакталған ұлттық мәдени нышанды табу. Көріктеуіш құралдарға лингвомәдени талдау – оқушылар мәтінді толықтай түсіну үшін мәтіндегі суретtelген мәдени реалийлерді білу. Дәстүрлі түрде мұндай әдіс автордың өмір сүрген кезеңін, оның жазушы шығармашылығына қалай әсер еткенін, шығармада суретtelіп отырған кезеңді түсіндіру үшін әдебиет сабактарында пайдаланылса, ал қазір бұл әдісті қазақ тілі сабактарында да

кеңінен қолдануда. Әдетте, мұндай талдау алдымен мәтінге жасалып, кейін көріктеуіш құралға ауысу керек. Мәтінге, көріктеуіш құралға лингвомәдени талдау оқушылар мәтінді толыққанды түсіну үшін және мәтін бойынан ұлттық-мәдени компонентті анықтау мақсатымен көптеген тапсырмаларды орындату қажет. Мұндай тапсырма оқушылардың тіл байлығын дамытып, көріктеуіш құралдарды тереңірек тануға мүмкіндік жасап қана қоймай, оқушылардың аялық білімін де толықтыра түседі.

Мысалы, тәжірибе кезінде оқушыларға мынадай шағын мәтін бердік.

Күздің бір жаңбырлы кеші еді. Аялдамаға келгенімде, шеткі бағанга сүйеніп тұрган біреудің бейнесін байқадым. Мен де шет жаққа келіп, орындыққа отырдым. Көше бойында азылған көлік, алдебір жастар көңілденіп, ән айтып бара жатыр. Қолына әдемі ұялы телефон ұстазан бір қыз бала менің қасыма келіп отырды. Сыртында «Тұран» деген су ұстазан бір қыз бала менің жасыма келіп отырды. Бағанга сүйеніп тұрган манағы кісі енді қозғалып, қыз балага жақындаі түсті де: «Қарадым, маган бір жұтыйм су беріңізші», - деді. «Ішінде бір тамишы да су жоқ», – деді қыз бала.

Тамишылай бастаған жаңбырға алақанын тосқан кісіні мен енді шырамыттым. Бұл елге танымал суретші еді.

Мәтін бойынша келесі тапсырмалар берілді:

1. Мәтінді оқыңыз. Мәтіндегі бір сөзімен жасалған сөздерді жазыңыз:
біреу...
2. Мәтіндегі халықтық өлшем бірлігін табыңыз.
3. Ұлттық өлшемді білдіретін тіркестердің қатарын толықтыр. Үлгі: *бір уыс, бір елі...*
4. Ұзындықты өлшейтін ұлттық-мәдени мазмұнға ие сөздерді жазыңыз.
Үлгі: *құлаш...*
5. Берілген сөз тіркестерінің ішінен өлшемді білдіретін сөз тіркестерін көрсетіңіз. Мағынасын түсіндіріңіз.

Бір сұрақ, бір жақ, бір оқиға, бір шымшиым, бір асым, бір күні, бір шөкім, бір тәбе.

Тәжірибелік оқыту бағдарламасын дайындау барысында мәтін арқылы оқыту ұстанымын ұстандық. Аталмыш ұстаным, сондай-ақ жоғары сыныптарда қазақ тілін оқытудың мақсаты (лингвистикалық ғылымның негіздері бойынша білімді қайталау және тереңдешу, сөйлеу біліктерін жетілдіру) сабактардың моделі мен формасын анықтады. Тәжірибелік оқыту үдерісінде негізгі дидактикалық бірлік ретінде мәтінді пайдалана отырып, біз сабактың «мәтін негізінде» немесе «сөзден мәтінге және мәтіннен сөзге»; «дайын мәтіннен өз мәтінін құру» модельдерін жүзеге асырудық.

3.4 Көріктеуіш тілдік құралдарды менгертудегі эксперимент нәтижелері

Гылыми зерттеу жұмысының аса маңызды бөлігі эксперимент болып есептеледі. Ұсынылып отырылған білім мазмұнының тиімділігі мен ұтымдылығын анықтау эксперимент нәтижелеріне тәуелді. Себебі білім – объективті әлемнің байланысы жайлы заңдылықтардың көрінісі. Эксперимент барысында зерттеуші қарастырып отырган тақырыптың ұтымдылығы дәлелденеді. Зерттеу жұмысының барысында көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипатын менгерту үш кезеңге (анықтау, қалыптастыру және қорытынды эксперимент) жіктелін жүргізілді.

Бірінші кезенде 11-сынып оқушыларының көріктеуіш тілдік құралдар туралы білім деңгейін анықтау мақсатында **анықтау эксперименті** жүргізілді. Анықтау эксперименті мынандай міндеттерді шешуді көзdedі:

- тілдің көріктеуіш құралдары туралы білімін айқындау;
- тілдің көріктеуіш құралдарын қолдануға деген жұмыс барысындағы қызығушылық деңгейін анықтау;
- түрлі стильдегі мәтіндерден тілдің көріктеуіш құралдарды таба білу деңгейін анықтау;
- тілдік бірліктердің бейнелілік қасиеттерінің ұғыну дәрежесін анықтау;
- тілдік қатынаста көріктеуіш құралдарды қолдану дәрежесін анықтау.

Анықтау эксперименті үш бағытта жүргізілді. **Біріншіден**, оқушылардан *сауалнама* алынды. Сауалнамаға Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, С. Шаймерденов атындағы қалалық классикалық гимназияның, Қожаберген жырау атындағы № 6 орта мектептің 11 «а», 11 «ә», 11 «б» сынып оқушылары, барлығы 136 оқушы қатысты.

Сауалнамада он сұрақ ұсынылды. Сауалнама бойынша берілген ең жиі жауаптарды төмендегіше ұсынып отырмыз:

1. «Қазақ тілі – бай және образды тіл» деген тұжырымға қосыласыз ба?
 - А) Келісемін, қазақ тілі – әдемі және әуезді тіл.
 - Б) Өйткені көркем әдебиет стилінде сөз байлығын көреміз.
 - В) Образды тіл, өйткені бір ұғымды бірнеше сөзben айтуға болады.
 - Г) Сөздер дайын күйде емес, ауыспалы мағынада қолданылады.
 - Д) Тұсінемін, бірақ жауап беруге қиналамын.
2. Қазақ тіліндегі жатық, образды сөйлеу үшін күнделікті қарым-қатынаста қандай тілдік фактілерді қолдану керек деп есептейсіз?
 - А) Әдеби тіл нормасын сақтап сөйлеу керек.
 - Б) Фразеологизмдерді қолдану керек.
 - В) Синоним сөздерді қолдану керек.
 - Г) Көріктеуіш құралдарды мол қолдану керек.
 - Д) Тұсінемін, бірақ жауап беруге қиналамын.
3. Ұлт тілі мен ұлт мәдениеті арасында қандай байланыс бар?
 - А) Ұлт тілі мен ұлт мәдениеті – егіз ұғым.
 - Б) Тіл бар жерде мәдениет бар, бір-біріңсіз өмір сүрмейді.
 - В) Тіл арқылы мәдениет ұрпақтан-ұрпаққа жетеді.
 - Г) Халықтың мәдениеті оның тіліндегі көрініс табады.

Д) Тұсінемін, бірақ жауап беруге қиналамын.

4. Ұлт мәдениетінің белгілері тілде қалай көрініс табады?

А) Диалект сөздерден көрінеді.

Б) Фразеологизмдерде көрініс тапқан.

В) Жаңа сөздерден көруге болады.

Г) Әдеби тілде көрініс тапқан.

Д) Тұсінемін, бірақ жауап беруге қиналамын.

5. Сізге «көріктеуіш тілдік құралдар» деген ұғым таныс па? Бұны қалай түсінесіз?

А) Таныс, мысалы, метафоралар, эпитеттер.

Б) Көркем әдебиетте қолданылатын құралдар.

В) Айтар ойды әдемі жеткізу үшін көріктеуіш құралдар қолданылады.

Г) Стилистикалық реңк беретін сөздер мен фразалар.

Д) Тұсінемін, бірақ жауап беруге қиналамын.

6. Теңеу дегеніміз не?

А) Бір затты екінші бір затқа, құбылысқа теңеу.

Б) Салыстыру.

В) Екі затты бір-біріне ұқсастыру.

Г) Сөздің лексикалық мағынасына негізделген көріктеуіш құрал.

Д) Тұсінемін, бірақ жауап беруге қиналамын.

7. Эпитетке қандай анықтама берер едіңіз?

А) Ауыспалы мағынада қолданылатын сөздер.

Б) Сипаттау үшін қолданылатын көріктеуіш құрал.

В) Эпитет – заттың сипатын көрсететін сөз.

Г) Бір затты ерекше көрсету үшін қолданылатын троптың түрі.

Д) Тұсінемін, бірақ жауап беруге қиналамын.

8. Қандай көріктеуіш құралдарды (троптар мен стилистикалық фигураналар) білесіз?

А) Эпитет, метафора, теңеу.

Б) Кейіптеу, антитеза, инверсия.

В) Қаратпа, бірыңғай мүшелер, сейлем және қайталама

Г) Оксюморон, риторикалық сұрақ, ассонанс.

Д) Гипербола, аллитерация.

9. «Сөз қадірін білгенің – өз қадіріңді білгенің» деген халық мақалын қалай түсінесіз?

А) Тілді жетік менгеру керек.

Б) Әр сөздің мағынасын білу керек.

В) Сөйлегенде ойланып сөйлеу керек.

Г) Айтатын ойды нақ, дұрыс айту керек.

Д) Тұсінемін, бірақ жауап беруге қиналамын.

10. Көріктеуіш құралдарын кең түрде қолдану қандай стильге (стильдерге) тән?

А) көркем стиль.

- Б) публицистикалық стиль.
- В) ауызекі сөйлеу стилі.
- Г) ғылыми стиль.
- Д) Түсінемін, бірақ жауап беруге қиналамын.

Оқушылардың сауалнама нәтижесін талдау тәмендегідей жайттарды анықтауға мүмкіндік берді:

№1 сұраққа оқушылар қиналып жауап берді. Қазақ тілінің әдемі және әуезді тіл екендігімен (35%) оқушылардың басым бөлігі келіскең. Бірақ нақты дәлел келтіре алмады. Алынған жауаптар (29%) сөздің нақты сапасын, тілдің образдылық қасиетін тек көркем әдебиет стиліне ғана қатысты деп көрсетті. Оқушылардың 18%-ы бір ұғымды бірнеше сөзben айтуды болады десе, тек кейбір оқушылар ғана (10%) сөздер турға мағынада қолданылмай, аудис мағынада қолданысқа түседі деп тұжырым жасай алды. Мұлдем жауап бермегендер – 8%.

№2 сұраққа жауап бергенде оқушылардың басым бөлігі (42%) стильдік норманы сақтап сөйлесе, образды сөйлеуге болады деп түсінген. Ал оқушылардың 28% фразеологизмдерді қолдану керек десе, 11% метафора, эпитет, теңеу қолдану керектігін жазды. Тек рецепенттердің 9%-ы ғана көріктеуіш құралдарды коммуникативтік актіде қолданып сөйлесе образды сөйлеуге болатындығын жазған. Ал 10% ештеңе жазбаған.

№3-4 сұраққа оқушылардың 70% «түсінемін, бірақ жауап беруге қиналамын» деген нұсқаны таңдаған. 30% тіл мен мәдениет бір-бірімен байланысты деп жауап берген.

№5 сұрақтың жауабы оқушылардың көбінің тілдің көріктеуіш құралдары туралы түсінігі бар екенін көрсетті. Нақты айтқанда, жоғары сынып оқушыларының анықтамаларында функционалдық аспектілер басым. Яғни оқушылар көріктеуіш құралдарды «метафора мен эпитет» ретінде түсінсе (43%), кей оқушылар тек «көркем әдебиетте қолданылатын құралдарда» ғана кездесетіндігін (27%), «ойды әдемі жеткізуде көріктеуіш құралдарды қолдану» (15%) көмектеседі деп жазған. Кейбір оқушылар мәтінге тек «стилистикалық реңк беретін сөздер мен фразалар», «мәтінге тек көркемдік реңк беретін сөздер не фразалар» (15%) деп сипаттамақ болды. Көріктеуіш тілдік құралдардың бағдарламалар мен оқулықтарға енгізілгеніне және қазақ тілінен Ұлттық бірыңғай тестілеу материалдарының тапсырмаларында қолданылатынына қарамастан, оқушылар оларға анықтама беруге қиналды.

№6-7 сұраққа оқушылардың басым бөлігі дұрыс жауап берген.

№8 сұрақ бойынша оқушылардың басым бөлігі (63%) метафора, эпитет, теңеуді белгілеген. Мектеп бағдарламаларында кейіптеу, гипербола, антитеза, инверсия, оксюморон, риторикалық сұрақ, ассонанс, аллітерация секілді көріктеуіш құралдар бола тұра, көрсеткен оқушылар саны (21%) өте аз. Көріктеуіш құралдарға қаратпа, бірыңғай мүшелер, сөйлем және қайталама да (16%) жатқызылды. Оқушылар тараҧынан перифраза, қайталамалар (лексикалық) деген жауаптар мұлдем кездеспеді.

№9 сұрақ бойынша оқушылардың 77% «Сөз қадірін білгенің – өз қадірінді білгенің» мақалын «сөйлегенде ойланып сөйлеу керек» деп түсінетіндіктерін айтқан.

№10 сұрақ жоғары сынып оқушыларының көркем бейнелілік құралдарын қолданудың мәтіннің стильдік қатыстылығына байланыстылығын түсіну кабілеттерін анықтауға бағытталған болатын. Осы тапсырманы орындау нәтижелері жоғары сынып оқушыларының көріктеуіш құралдарды қолдануда (пайдалануда) көркем стильдің басты рөлін түсінетінін көрсетті. Оқушылардың 61,1%-ға жуығы осы стильді бірінші позицияға шығарды. Жоғары сынып оқушыларының 12,5%-ы бірінші орынға публицистикалық стильді қойды. Сауалнамаға қатысқандардың 26,4%-ы екі стильді, яғни көркем және публицистикалық стильді көрсетті.

Сауалнама нәтижелері жоғары сынып оқушыларының тілдің бейнелілік қызметі, көріктеуіш тілдік құралдары туралы нақты (айқын) түсінігі қалыптаспағанын байқатты. Стилистика саласы бойынша білімдерінің төмен екендігін көрсетті.

Екіншіден, оқушылардың көріктеуіш құралдардың түрлерін түсінін, ажыратса алу қабілеттерін анықтау үшін *тапсырмалар* берілді.

1-тапсырма. *Жорға, бота, құлын, жұлдыз, ай, күн, оймақ* деген сөздерді қатыстырып теңеулер жасаңыз.

2-тапсырма. *«Жаялыша жалғызан, жарғанатша қалқыган, көкпарша сүрреген, ғулғе қонған әдемі көбелек сияқты, мәрмәр тасынан құйылған мүсін тәрізді, жамандық жұқпалы ауру тәрізді, күн сәулесі іспеттес»* деген тіркестер қандай көркемдеуіш құралға жатады деп ойлайсыз?

3-тапсырма. Фразалық тіркестерге 5 мысал келтіріңіз.

4-тапсырма. Берілген тіркестердің қатарынан фразеологизмдерді ірікten жазыңыз: қолын жуды, қолы әдемі, қолы бос, қол ұшын беру, қол орақ, қолыңызды беріңіз, қолы қысқа, оң қол, сол қол, иықтан қолға дейін, сұық қол, бес қолдың саласындаі, қол қойды, қол жалғады, қол айна, қолға түсті, қара жер, қара жаңбыр, қара қазан, қара қазақ, қара көйлек, қара торғай, қара қазан, сары бала, қара барқыт матта, қара жорға, қара жұм.

5-тапсырма. Берілген мысалдардан эпитеттік тіркестерді терін жазыңыз: асау тұлтар, асау мінез, тентек бала, тентек аяз, сұық хабар, сұық күн, сұық адам, сұық сыйыс, жарық түн, жарық дуние, таяз жер, таяз ой, ашиқ жер, ашиқ мінез, асыл сөз, асыл тас, асыл жүрек, ыстық қайрат, ыстық бу.


6-тапсырма. Ауыспалы мағыналы сөз қатысып тұрған сөйлемді көрсетіңіз: *Тал түсте төбесіне ат ойнатты. Эскерлер жаттығу жасап, ат ойнатып жатыр. Шырақтары, иттерді айтактап, ысқырып қойындар. Оларды айтакқа еліртіп, Останга қарсы салды. Су анасы – бұлақ. Анасының бетіне бала қарап жылайды. Көзі ұясынан шықты. Аққудың ұясы көл ортасында. Ол кездे үлбіреген қызы еді. Сарғайған, әбден үлбіреп тозған қазаз екен. Пенделік қателіктеден тиісті сабак ала алмау жисі ұшырасады. Денсаулығының нашарлауына байланысты сабагын көп босатты.*

7-тапсырма. Берілген мысалдардың қатарынан метафораларды іріктең жазыңыз: білімнің кілті, кілтпен ашты, өмірдің кілті, өзеннің бастауы, білімнің бастауы, өмір бастаулары, оқушы сабагы, өмір сабагы, қалың орман, ой орманы, улken ага, ел агасы, бауыр пісірді, бауыр еті, көкірек мұзы, өзен мұзы, мемлекет туы, үйқының туы, қазақтың домбырасы, құаныш домбырасы, бала кіндігі, жер кіндігі.

8-тапсырма. Төмендегі тіркестердің қандай көріктеуіш құрал түріне жататынын анықтаңыз: аспан перісі, көгілдір отын, қазақтың Гомері, құс патшасы, дала кемесі, ақ алтын, темір тұлпар, жыр алыбы, өмір сақшысы, қазақ халқының бұлбұлы.

Анықтау эксперименті бойынша ұсынылған тапсырмаларды орындау кезінде оқушылар теңеу мен эпитетті жақсы меңгергендерін байқатқанмен, фразалық тіркестерді, метафораларды табуда қиналды. Сөздердің қай мағынада тұрғанын нақты көрсете алмады.

Тапсырмалар бойынша анықтау экспериментінің нәтижесі төмендегідей көрсеткішті көрсетті (Сурет 5):



Сурет 5 – Тапсырмалар бойынша анықтау экспериментінің нәтижесі

Үшіншіден, оқушыларға көркем шығармадан мәтін беріліп, тілдік көріктеуіш құралдарды тауып, кестеге толтыру тапсырылды.

1-тапсырма. Мәтіннен тілдік көріктеуіш құралдарды тауып, кестеге жазыңыз.


... Эңгіме қыза келе, кейбіреулер жас сұлтанга тосын саудар беріп, әртүрлі кеңестер айта бастады. Түркістан тарабына жорық келер жылды ма, одан аргы жылды ма? Егер ұзап кетсе, ондагы қоңырат пен қыпшақ, қатаган мен қаңының өзі-ақ көтеріледі. Қан жұтқызып алмау керек. Нозайлымен бітім қаншага созылады? Бабалардың сүйегі де, қоныстың кең пүшпазы да жайық бойында емес не еді. Хан неге солқылдайды. Олжас! Мал-мұлік! Шаш етектен батамыз. Торғауытты тоздырып жіберуіміз керек! Жағатты қақ жару керек! Жоқ, бәрін қойып, ел-жүрті ырың-жырың болып жатқан Көшімге қарсы аттанайық. Бұдан отыз жыл бұрынғы кебіне түсіреміз. Бұл

жолы Есіл мен Тобылдың Ертіске құйылысына дейін түре қуамыз! Желкедегі жау жасаман деген. Кеше Бұқармен бірігіп алған жасаман деген. Төбемізден аса, түстікке емінген, ішімізге іріткі салған, жерімізге суық қолын созған сазайын біржолата тартсын. Біздің міндем – осы. Ногайды әлім мен байұлының өзі-ақ аттаптайды. Жагатты үйсін мен дулаттың өзі-ақ талқандайды. Содан соң Бұқардың да жөнін табамыз. Ойбой, бұл қазақ ашуга мінбесін де. Басы бірігіп атқа қонбасын де. Онда бар гой. Онда...

«Қылыш үстінде серт жсоқ, қымыз үстінде кеңес жсоқ» деген. Ораз-Мұхамед ризашылықпен күлді де қойды. Бірақ қымызыга қызғаннан ба, қалтқысыз көңілден бе, артық-аудыс біраз әңгіменің ұшығын шығарған қараши бектердің көп сөзі кешегі, Созақтағы құрылтайда Тәуекел хан айтқан кептен үндес, үйлес шығып жатқанына қайран қалған. Менмен ерлік те бар. Қайнаган намыс та бар. Ернеуіне сыймаған қажыр да бар. Олжаса құмартқан ашқоздік те бар... (М.Мағаунин. «Аласапыран» романынан).

Көріктеуіш құрал	Мәтіннен мысал
Фразеологизм	
Метафора	
Қайталама	
Синоним	
Эпитет	

Мәтінмен жұмыстың нәтижесі төмендегідей болды (Сурет 6):




Сурет 6 – Мәтін бойынша анықтау экспериментінің нәтижесі

Мәтін бойынша берілген тапсырмаларды орындау барысында оқушылар біраз қыындықтарға кездесті. Атап айтқанда, тілдік көріктеуіш құралдарды мәтін ішінен табуда қиналды. Олардың түрлерін шатастырып қолдану да

кездесті. Бұл қалыптастыруыш экспериментте аталған мәселелерге көбірек көніл бөлуімізді талап етті.

Анықтау эксперименті оқушылардың тілдің көріктеуіш құралдары туралы түсініктері бар болғанмен, оларды нақты таба алмайтындықтарын, білім деңгейлерінің орта екендігін байқатып, төмендегідей нәтиже көрсетті (Сурет 7):



Сурет 7 – Анықтау экспериментінің нәтижесі

Екінші кезеңде, 11-сынып оқушыларына қазақ тіліндегі тілдік көріктеуіш құралдардың лингвомәдени сипатын менгерту үшін оқыту, яғни қалыптастыруыш эксперимент жүргізілді. Қалыптастыруыш эксперименттің мақсаты – көріктеуіш тілдік құралдарды оқытуда оқушылардың лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру бағытындағы әдістемелік жүйенің тиімділігін тәжірибелік бақылау арқылы анықтау.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі міндеттер қойылды:

- экспериментке қатысатын сыныптарды анықтау;
- қосымша тапсырмалар мен жаттығулар жүйесін әзірлеу;
- таңдау пәнінің мазмұнына сәйкес сабак жоспарларын әзірлеу;
- ұсынылған әдістемелік жүйе негізінде арнайы сабактар өткізу.

Қалыптастыруыш эксперимент жұмыстарын іске асыру үшін және қазақ тілі мен әдебиеті және тарихтан, сондай-ақ басқа да пәндерден білім алған 11-сынып оқушыларының қазақ тілін білу деңгейін одан әрі толықтыра, дамыта түсу мақсатында қосымша «Қазақ тілінің көріктеуіш құралдары» атты таңдау пәні ұсынылды (Кесте 11). Таңдау пәнінің мақсаты – жоғары сынып оқушыларына көріктеуіш тілдік құралдарды менгерту, қазақ тілінің мүмкіндіктерін көрсету; қазақ тілі мен әдебиеті бойынша берілген негізгі оку бағдарламаларын толықтыра түсу, осы арқылы оқушының білімін тереңдетеу. Қойылған мақсатқа жету үшін бірнеше міндеттерді шешу көзделді: оқушыға көріктеуіш құралдардың ұлттық құндылықтар ретіндегі маңыздылығын түсіндіру; олардың түрлерімен таныстыру; жазба нұсқалардан, қазақ классикалық көркем әдебиеті мен баспасөзден, халық ауыз әдебиетінен алынған тілдік фактілер арқылы ұлттық тілге деген қызығушылығын, құрметін, ұлттық құндылықтарға деген саналы сезімін қалыптастыру және дамыту. Күтілетін нәтиже: оқушылардың тілдік дағдылары қалыптасады; түрлі мәтіндерден қажетті ақпараттарды таңдап, қолданып, біріктіре алады; оқушы міндетті түрде

өз күшімен нәтижеге жетеді; өзіндік жұмыс істеу дағдылары қалыптасады; сыни ойлау, жазу қабілеттері дамиды; өз пікірін еркін жеткізуге төсөледі; алған білімін өмірде қолдана алады. Таңдау пәнінің білім мазмұны төмендегідей тақырыптарды қамтыды:

Кесте 11 – «Қазақ тілінің көріктеуіш құралдары» таңдау пәні бойынша құнтізбелік-тақырыптық жоспар (11-сынып)

Сабактың тақырыптары	C/C	Негізгі ұғымдар	Колданылатын әдебиеттерге сілтеме	Интеграция лық мүмкіндігі	Жоспарланған итіже	
1 тоқсан Тіл және мәдениет – 2 сағат						
1	Kіріспе Тіл және сез мәдениеті. Тіл мен ұлттық мәдениеттің байланысы.	1	Қазақ тілінің байлығы, образды құралдары туралы жалпы түсінік. Тіл мен ұлттық мәдениеттің байланысы. Лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеті.	Қайдаров Ә. «Қазақ тілінің өзекті мәселелері»	Қазақ әдебиеті	Тіл мен мәдениеттің егіз ұғым екендігін, тіл арқылы халықтың мәдениетін тануға болатындығын біледі.
2	Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдар	1	Көріктеуіш құралдар туралы түсінік беру. Көріктеуіш тілдік құралдардың классификациясы. Оларды білудің өзектілігі.	Кенесбаев І. «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі»	Қазақ әдебиеті	Қазақ тіліндегі көріктеуіш құралдардың зерттелу тарихын, түрлерін біледі.
«Көрікті ойдан көрікті сез» – 8 сағат						
3	Қазақ тіліндегі тенеулер табигаты	1	Тенеудің анықтамасы. Тенеудің жасалу жолдары мен түрлері. Көркемдік қызметі мен сипаты.	Қоңыров Т. « Қазақ тенеулері»	Қазақ әдебиеті	Жұрт алдында сөйлеу мәдениеті дамиды.
4	Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданысы	2	Метафора туралы түсінік. Метафораның түрлері. Метафораның лингвомәдени сипаты.	Хасанов Б. «Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы»	Қазақ әдебиеті	Метафоралық бейне арқылы тұспалдан сөйлеуге үйренеді.
5	Перифраздық сез орамы	1	Перифраз туралы түсінік. Перифраздардың мағынасы мен қызметі. Перифраздардың тілдік табигаты. Перифраздың басқа көріктеуіш құралдардан	Айтбайұлы Ә. «Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары»	Қазақ әдебиеті	Заттар мен құбылыстарға басқаша атау беруді үйренеді. Жұрт алдында әсерлі сөйлеуді үйренеді.

			айырмашылығы. Перифраздың түрлері.			
6	Эпитеттің образдылық мәні	1	Эпитет туралы түсінік. Эпитеттің түрлері. Эпитеттің стильдік қолданысы. Обрадылық мән тудырудары рөлі.	Сыздықова Р. «Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі»	Қазақ әдебиеті	Теориялық білімді практикада колданып үйренеді
7	Фразеологизм және оның ұлттық-мәдени белгісі	2	Фразеологизмдер туралы түсінік. Олардың басқа көріктеуіш құралдардан айырмашылығы. Фразеологизмдердің түрлері. Окказионал фразеологизмдердің ерекшелігі. Фразеологизм және ұлттық таным.	Кенесбаев І. «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі»	Қазақ әдебиеті	Өзге бір пікірге өзіндік көзқарас айтып дағыланады.
8	Шығармашылық жұмыс	1	Өткен тақырып негізінде рөлдік ойын.			Көріктеуіш тілдік құралдардың практикалық мәнін түсінеді.
II тоқсан «Сөз шеберлігі» – 7 сағат						
8	Метонимияның көріктеуіш сипаты (синекдоха)	1	Метонимияның өзіндік ерекшелігі. Метонимияның басқа да көріктеуіш құралдардан айырмашылығы. Метонимияның жасалу жолдары. Оның түрлі стильдердегі қолданысы. Метонимия мен синекдоха, олардың айырмашылықтары	Нұржекеева Л. «Метонимияның лингвистикалық табиғаты (көмекші оқу құралы)»	Қазақ әдебиеті	Образды ойлар айту қабілеті шындалады.

			мен ұқсастықтары.			
9	Стильдік қолданыстағы қайталаамалар	2	Қайталаама туралы түсінік. Қайталааманың түрлері. Лексикалық қайталаамалар. Қайталаама және көркем мәтін композициясы.	Бұркітов О. «Қазақ тіліндегі қайталаамалардың лингвостилистикалық жүйесі»	Қазақ әдебиеті	Тақта алдында дайындықсыз сөйлеу дағдысы шындалады.
10	Қазақ тілінің синонимдік қатары	1	Синонимдер туралы түсінік. Сөз байлығын молайтуда синонимдердің рөлі.	Балақаев М. «Қазақ білімінің тіл мәселелері»		Мәнерлеп оку дағдылары дамиды.
11	Сөз өрнегіндегі кейіптеулер	1	Кейіптеудің образзылық мәні. Халық ауыз әдебиетіндегі кейіптеу. Жазба әдебиеттегі кейіптеу түрлері. Аллегория мен символдың кейіптеу тәсілімен ұштасуы.		Қазақ әдебиеті	Бір-бірінің ойын жалгастырып дағыланады.
12	Мақал-мәтелдердің көркемдік мәні	1	Мақал мен мәтелдің өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтары. Құрылышындағы синтаксистік параллелизм. Тұжырымды ой берудегі көркемдік мәні.		Қазақ әдебиеті	Эссе жазу шеберліктері қалыптасады.
13	Қорытынды	1	Сынапқа ауызша сөйлеу тақырыптары беріледі.		Қазақ әдебиеті	Ауызша сынап арқылы шешендік сөздерді, тілдік құралдарды қолдана білу дағдылары дамиды.
	Барлығы	17				

Қалыптастыру экспериментін өткізу үшін бақылау және эксперименттік топтар таңдалды. Бақылау тобындағы сабак мектеп бағдарламасы бойынша, ал эксперименттік топта жоғарыда көрсетілген таңдау пәннің негізінде жүргізілді. Оқушының қабілеті мен дағдысын менгертуде жаттығудың алатын орны айрықша. Әдіскер-ғалымдар сабак үрдісінде қойған мақсатқа қарай жаттығудың көптеген түрлерін пайдалануға болатынын айтады. Ол туралы алдыңғы тармақта (3.2) сөз болды. Жаттығу білім мазмұнын менгертуге, оны бекітуге, есте сактауға, құнделікті өмірде қолдануға септігін тигізеді. Әдіскер-ғалымдар жаттығу жұмысын мазмұнына, орындау жолына, қындығына қарай жіктең жүр. Зерттеу тақырыбын менгерту барысында *аналитикалық жаратығулар* (тілдік көріктеуіш құралдарды табу, оларды талдау, кесте сзызу және т.б.), *аналитика-синтетикалық жаратығулар* (тілдік көріктеуіш құралдарды қажетті жерге қою, оларды басқа синонимдермен ауыстыру, мәтінді өңдеу және т.б.), *синтетикалық жаратығулар* (мәтінді талдау, кестелер мен сызбалар дайындау, қате берілген мәтінді өңдеу, көріктеуіш тілдік құралдарды пайдаланып сөйлем, мәтін құрау және т.б.) қолданылды.

Аналитикалық жаратығулар.

1-жаттығу. Берілген сөйлемдерден теңеуді тауып, қандай қызмет атқарып тұрғанын анықтаңыз.

1. *Ай Шешек. Тоқпақтай жусаң, ұзын қою бұрымы ақ түбіт қамзолдың омырауына төгіле аударылып, ақ бетіндегі тұнық қара көздері әнтек қыла, назben қарайды (М.М.)* 2. *Кеудесі көріктей, зор денелі, селдір мұрт, сирек сақалды жасалпақ бет кісі екен (М.М.)* 3. *Қазанның тубін жасаған аш төбеттей жасыл сақтиян етікті сүйіп өліп барады (М.М.)* 4. *Ғалым адам – панасыз торғай тәрізді (М.М.)* 5. *Күн райын аңдығыш малишадай, ерінің қалауын қас-қабағынан-ақ біледі (М.М.)*

Жаттығудың нәтижесі. Оқушы теңеудің басты белгілерін менгеріп, сөйлемнен, мәтіннен теңеу сөздерді таба алуға дағдыланды. Диалогта, монологта, полилогта теңеу сөздерді барынша ұтымды қолдануға тырысты.

2-жаттығу. Сөйлемдердегі ауыспалы мағыналы сөздерді тауып, көшіріп жазыныз.

1. *Адам іши – сыр сандық қой, кім оның бар пернесін дөп баса алған (І.Е.)* 2. *Билік деген ол бір асау тұлпар, алтын-қашып тасқа сені ұрып кетуі де оп-оңай-ақ (І.Е.)* 3. *Ажал – жалмауыз өзінің темір ауын салып, теңіз-дүниеде бұрынғыдай қаннен-қаперсіз жүзे бастаған Жәнібек атты жайынды әлі де аңдуда еді (І.Е.)* 4. *Қасымның ұлдары арлан қасқыр болса, қыздары қанышқа бөрі емес не... (І.Е.)* 5. *Махаббат деген – күн сәулесінен жаралған алтын тор (І.Е.)*

Жаттығудың нәтижесі. Метафораның басқа көріктеуіш құралдардан айырмашылығын, сөз мәдениетінің биік шыңы – метафоралап сөйлеу екендігін білді. Өз сөзінде метафора сөздерді қолдана алды.

3-жаттығу. Венн диаграммасын толтырыңыз.



Жаттығудың нәтижесі. Перифраздардың тілдік табиғатын білді. Перифраздар мен метафораны ажыратады алды.

4-жаттығу. Берілген мысалдардан эпитеттік тіркестерді терін жазыңыз: *асау тұлпар, асау мінез, тентек бала, тентек аяз, сүйк хабар, сүйк күн, сүйк адам, сүйк сыйбыс, жарық тұн, жарық дуние, таяз жер, таяз ой, ашиқ жер, ашиқ мінез, асыл сөз, асыл тас, асыл жүрек, ыстық қайрат, ыстық бу.*

Жаттығудың нәтижесі. Эпитеттің анықтамасын, оның анықтауыш сөзбен айырмашылығын, тұра және ауыспалы мағынаны ажырату алгоритмін білді.

5-жаттығу. Сәйкестігін табыңыз.

- | | |
|-------------------------------|-------------------------------------|
| 1. Қатты қорықты, сасып қалды | a) екі көзі шарасынан шықты |
| 2. Түсінігі мол, көреген кісі | ә) дүнинің тілін біледі |
| 3. Бір үйде бірге өмір сүрді | б) бір түндік астында тұтін тұтетті |
| 4. Толық, етженді, үлкен | в) бес биенің сабасындей |
| 5. Айтар ойын жеткізе алмады | г) аузына сөз түспеді |

Жаттығудың нәтижесі. Фразеологизмдердің біртұтас даяр күйінде қолданылатын тілдік бірлік екенін сезінді. Фразалық байлаулы мағынадағы сөздердің әрдайым белгілі бір контекстке бағынышты болып тұратынын білді.

6-жаттығу. Метафора мен метонимияның айырмашылығы мен ұқастығын көрсетіңіз.



Жаттығудың нәтижесі. Метафора мен метонимияның айырмашылығын менгерін, оны практикада ұтымды қолдануға дағдыланды.

7-жаттығу. Төмендегі мақал-мәтелдер қандай көріктеуіш құрал арқылы жасалап түрғанын анықтаңыз.

1. Құдағының құрдасындей болсын, құдан шын досындей болсын. 2. Екі тентек қосылса, судай болар, екі ақылды қосылса, таудай болар. 3. Ақсақ қой

жатып семірер. 4. Арық қой тырысқақ, аш адам ұрысқақ. 5. Сулы жер – нулы жер, бұлақты жер – тұрақты жер. 6. Сусыз жердің шебі аясыз, ұлсыз жердің малы аясыз. 7. Жүйелі сөз – жүйесін табар, жүйесіз сөз өзін табар. 8. Шешеннің тілі – шебердің бізі. 9. Мақал – сөздің атасы, уәде – ердің опасы. 10. Өткір тіл – дарын, ұзын тіл – жауын.

Жаттығудың нәтижесі. Мақал-мәтелдерді тиімді қолдану тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтып, қорытынды жасауға көмектесетінін біледі.

Аналитика-синтетикалық жағдайылар.

1-жаттығу. Төмендегі жағымды және жағымсыз концептілерді толықтырып жазыныз.

Жағымды мәндегі концептілер		Жағымсыз мәндегі концептілер:	
«Қуаныш» концептісі	«Сұлулық» концептісі	«Араздасу» концептісі	«Сүйкімсіздік» концептісі
Жерден жеті қоян тапқандай	Еліктің лағындаі	Ит пен мысықтай	Жаман түйенің жабуындаі

Жаттығудың нәтижесі. Аталған тапсырманы орындау арқылы оқушы концепт терминімен танысты. Берілген концептілер бойынша мысал жинау арқылы аялық білімін тереңдettі.

2-жаттығу. Берілген адамға қатысты перифраздардың мағынасын ашыңыз. Бұл ұлы тұлғалар туралы не білесіз? Айтыңыз.

Дала данышпаны –

Халқымыздың рухани көсемі –

Халық батыры –

Күй аласы –

Күш атасы –

Қазақ халқының бұлбұлы –

Жыр алыбы –

Қажетті сөздер: Жамбыл, Абай, Құләш Байсейтова, Әлихан Бекейханов, Бауыржан Момышұлы, Қажымұқан Мұңайтбасов, Дина Нұрпейісова.

Жаттығудың нәтижесі. Перифраздардың мағынасын ұлы тұлғалардың еңбегімен байланысты ашуға тырысып, оны терең менгеруге мүмкіндік алды.

3-жаттығу. Шағын топтарға бөлініп, жәшік ішіндегі заттарды алыңыздар (телефон, сағат, кітап, көзілдірік, дәптер және т.б.). Әр топ осы жәшіктен бір затты жарнамалауларыңыз керек. 10 минуттың ішінде таңдалған затты перифразап, ат қоясыздар. Жарнама мынадай тәртіpte болуы керек: 1. Тауардың сипаты. 2. Тауардың ерекшелігі немесе артықшылығы. 3. Тауардың адам өміріне пайдасы.

Жаттығудың нәтижесі. Ойын түрінде орындалатын жаттығу жұмысы оқушылардың теориялық білімін ұтымды қолдануға дағдыландырумен қатар топ ішінде жұмыс істеуге, ұжымдық жауапкершілікті сезінуге үйретті.

4-жаттығу. Ойсергек. Есім – акроним. Әр окушы өз есімінің әрінтерінен басталатын, өзін сипаттайтын (мінез-құлқы, кескін-келбеті, қадір-қасиеті) әпитеттерді келтіріңдер. Мысалы, Марат есімі бойынша:

M – мәдениетті

A – алғыр

P – рақымшыл

A – айбарлы

T – талпынған

Жаттығудың нәтижесі. Өз есімдеріндегі әрінтер бойынша әпитет айту арқылы білімдерін толықтыруға мүмкіндік алды. Тез әрі сауатты ойлауға тырысты.

5-жаттығу. Асты сызылған сөздерді мағыналас, мәндес сөзбел ауыстырыңыз. Сөйлемнің мағынасына қалай әсер етті? Айтыңыз.

1. *Құдай ыққа, саяга, мәуеге жарытпаған мына даға жүргіншіге жақсылық жасау дегенді атымен білмейтіндей (Ә.К.).* 2. *Бірақ солай екен деп, бейқам отыра беруге болмайды (Ә.К.).* 3. *Арсаңдарап алдымен жеткендіктерін адалдық, сумашарап алдымен айтып, үлгергендігін айтып ақиқат санайтын (Ә.К.).* 4. *Жігіттерің шетінен бейбастақ, әдепсіз екен (Ә.К.).* 5. *Ала ауыз жүрттың аузына құм құйған ақылдылығы жайында жаңа лакап қосылды (Ә.К.).*

Жаттығудың нәтижесі. Тілдік көріктеуіш құралдардың орынын ауыстыру арқылы олардың мағынасын терең ажыратуға мүмкіндік алды.

6-жаттығу. Қарамен жазылған сөздердің орнына синоним қойып, сөйлемнің мағынасы қалай өзгергенін айтыңыз.

1. *Сүйекке түскен* бұл *даққа* бейшара Зерубай да, бейбақ қыз да емес, анау сұмырай хан жауапты (Ә.К.). 2. Көшпелі жұрт осы бөктерде етек-жеңін *жиып*, біраз құн тыныстайтын болды (Қ.Ж.). 3. Болмашы іске *қызыл* кеңірдек болып қайтеміз (Қ.Ж.). 4. Замандастарын бұлдаса да, *тонның ішкі бауындай* тілдесе алады (Ә.К.). 5. Лама Доржимен *ат кекілін* кесісіп, бір тарапқа шығындар (Қ.Ж.).

Жаттығудың нәтижесі. Сөздердің синонимдік қатарын игерді. Олардың образды сөйлеуге әсерін білді.

7-жаттығу. Төмендегі сөйлемдердегі тұрақты тіркестерді тауып, кейіпкер бейнесін ашудағы қызметін анықтаңыз.

1. *Ораз-Мұхамед* жіби қоймаған. Қайта, тәкаппар да, тәуекелшіл бектің бүрын білінбеген бұтақ мінезі – қандай тайгақтан да шатқаяқтамай шығар ебіне қаны қайнаган (М.М.). 2. Таң атқанша жүргегімді қан жуды (М.М.). 3. – Талай рет тізелікпен қан кештім, бір-ақ рет жүргегім шайлышты, – деді Бесоба батыр (М.М.). 4. – Ет-бауыр жақынның да, қанды көбе жолдастың да қазасын көп көрдім, бір-ақ рет қабыргам қайысты (М.М.). 5. Осының алдында

зана өз руының түйе балуаны жығылганда, бас бәйгеден айырылғанын намыс тұтын, ызадан жарылуға шақ қалған (М.М.).

Жаттығудың нәтижесі. Тұрақты тіркестердің мағынасының өзіндік ерекшелігі мен бояуын білді. Тұрақты тіркестердің ой көркемдігін жеткізудегі рөлін игерді.

Синтетикалық жаттығулар.

1-жаттығу. Төмендегі тіркестердің қандай көріктеуіш құралға жататынын анықтаңыз. Сөйлемдер құрастырыңыз.

Жаялықша жалғызан, жарғанатша қалғызан, көкпарша сүйрекен, ғулге қонған әдемі көбелек сияқты, мәрмәр тасынан құйылған мүсін тәрізді, жамандық жүркапалы ауру тәрізді, күн сәулесі іспеттес.

Жаттығудың нәтижесі. Көріктеуіш тілдік құралдардың жасалу жолын есінде сақтауға көмектесіп, оларды орынды қолдануға септігін тигізді.

2-жаттығу. Тенеу сөздерді қолданып, жақын досыңа мінездеме жазыңыз.

Жаттығудың нәтижесі. «Тенеу» тақырыбы бойынша өткендерін қажетті сэтте тиімді қолданып, түрлі тенеулерді қолдану арқылы мінездемені сауатты жазуға үйренді.

3-жаттығу. Берілген сөздерден метафора жасап, сөйлемдер құрастырыңыз. Метафоралардың сөйлемнің мағынасына қалай әсер еткенін дәлелденіз.

Жұлдыз, Күн, Ай, аспан, жер, гарыш.

Жаттығудың нәтижесі. Метафоралардың жасалу жолдарын менгеріп, олардың қолданысын иегерді.

4-жаттығу. Берілген тіркестерді перифраздармен алмастырыңыз.

Үлгі: мұнай – қара алтын

Tүйе – ... ; Газ – ...; Бұркіт – ...; Аққу – ...; Арыстан –

Жаттығудың нәтижесі. Перифраз туралы теориялық білімін практика жүзінде қолдануға үйренді.

4-жаттығу. Төмендегі тұрақты тіркестердің синонимдік қатарын толықтырып, сөйлем құраныз.

- ❖ Сөйлемеу – аузына құм құйылу
 - жұмған аузын ашпау
 - –
- ❖ Жағымпаз – шашбауын көтеру
- –
- ❖ Көмектесу – атсалысу
- –
- ❖ Тату – қаймағы бұзылмау
- –
- ❖ Ренжісу – қабақ шытысу

Жаттығудың нәтижесі. Сөздік қорын жетілдіріп, қажетті сөздерді ұтымды қолдануға дағыланды.

5-жаттығу. Өзінізге қажет сөздерді таңдап алып, шағын мәтін құрастырыныз.

Тығырышықтай домалақ, жібек шаш, бидай өңді, қырлы мұрын, қыз бет, жұмыр мойын, білектері білеудей, аққұба өңді, көзі баданадай, көзі тоостағандай, арыстан қеуделі.

Жаттығудың нәтижесі. Тапсырманы орындау үшін берілген сөздердің мағынасын терең менгеруге тырысты. Оларды мәтінде ұтымды қолдануға үйренді.

6-жаттығу. Төмендегі тірек сөздерді қолданып, тұрақты тіркестер құрастырыныз.

Үлгі: қара – қара жабу.

ак –

қара –

сары –

көгала –

қызыл сөз –

Жаттығудың нәтижесі. Фразеологизмдерде мағына тұтастырының ерекше рөл атқаратынын менгерді.

7-жаттығу. Көркем әдебиеттен мысалдар жинап, кестені толтырыңыз. Не себепті ол мысалдарды жазғаныңды айтыңыз.

Фонетикалық қайталамалар	Лексикалық қайталамалар
--------------------------	-------------------------

Жаттығудың нәтижесі. Көркем әдебиеттен мысал жинап үйренді. Оларды тапсырмаға сәйкес қолдануға дағылданды.

8-жаттығу. Тілші ғалымдардың пікірі бойынша «Қос жазба» күнделігін толтырып, түсіндіріңіз.

Пікір	Түсініктеме
Синонимдер – кез келген тілдің байлығы мен оралымдылығын көрсететін сөздік құрамның құнарлы да мәнді бір саласы. Ана тілінің синонимдік молшылығын емін-еркін меңгеру арқылы ғана көңілдегі көрікті ойды нағыз өз мәнінде барлық реңктерімен түгел қамтып жеткізуде мүмкіндік аламыз (Ә. Болғанбаев).	
Адамның ойлаған ойын, көңіл-күйі мен көзқарасын нақты әрі көркем түрде жеткізу үшін синонимдер айрықша қызмет атқарады. Олар белгілі бір ойды тоғыз саққа жүргізіп, тілді соншама оралымға келтіреді (Ә. Болғанбаев, F. Қалиұлы).	

Жаттығудың нәтижесі. Ғылыми стильде жазылған анықтаманы өз сөздерімен жазып, ойларын нақты, дәл жеткізуді үйренді.

Мәтін арқылы тілдік көріктеуіш құралдардың лингвомәдени сипатын менгерту.

1. Өлең жолдарындағы қыз сұлулығы қандай көріктеуіш құралдар арқылы суретtelін тұрғанын анықтаңыз.

*Ақ бетінде кіршік жсоқ,
Айдын көлдің қуындаі,
Бидай өңді нұр жүзді,
Қызы Жібектің дидары,
Нұр ішінде піскедей.

Ақ бетінің қызылы,
Ақ тауықтың қанындаі («Қызы Жібек» жырынан).
Тал шыбықтай бұралған өзі көрім,
Мінеки оны айтатын келді жсерім,
Қытша бел, алма мойын, сұлу Баян,
Сипаты жсаннан асқан ол бір сері,
Тал бойының міні жсоқ, қолаң шашты,
Шашының ұзындығы тізін басты,
Гүл төгілер аузына меруерт тісті,
Ондай жсан дүниеде жаралмас-ты («Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырынан)*

Мәтіннің тиімділігі. Оқушы қазақ ауыз әдебиетіндегі тенеулермен танысып, олардың жырдың көркемдігін арттырып тұрғанын түйсінді.

2. Жаңа гана дабырга, тіпті екі тентектің сұлтан алдына баруына онша мән берे қоймаган жұрт тегіс аңтарылып қалды.

— Сұлтан ием, — деді Томан би салмақпен Ораз-Мұхамедке бұрылып. — Екі аяқ қымызға әлі келмеген мына **екі жсаман** қандай жаза болмасын лайық. Көк өгізге теріс қаратып мінгізіп, мал-мұлкін талауга бересің бе, басын шауып, орнына бауырын қоясың ба, билік өзіңде. Мына қарсы алдыңда отырған барлық батыр мен би **тізгінді өзіңе салды**. Жазала! Аяма! **Бейпіл ауызға қақпақ, ақылы азға тоқпақ екеуінің кебі!**

Мұндай оқыс шешімді күтпеген Ораз Мұхамед те абыржып қалды. Қатты кетсе — халқын үркітіп алуы мүмкін. Жұмсақтық көрсетсе — иgi жақсы аталатын осы топ алдымен басынбай ма. Үйреншікті әдетімен қазақтың сұлтаны түгілі хандарының өзіне ықпал еткен әжсісі. Әз ханымға қарап еді, **жузінен жақсылық белгісін тани алмады**. Қымыз ішуді де, қызу әңгімені де қойып, өзіне аңтарылып қарап қалған жұрттың жүзі бұлдырап көрінеді.

— Сұлтан, — деген майда, нәзік үн естілді сол мезетте дәл құлагының түбінен. Сұлтан, бір жолғы билігіңді мазан бер!

Ай-Шешек! Тоқпақтай жуан, ұзын қос бұрымы ақ түбіт қамзолдың омырауына төгіле аударылып, ақ бетіндегі тұнық қара көздері әнтек қыла,

назбен қарайды. Абдыраған, қобалжыған кейіп жоқ. Соншалық жайбарақат. Ораз Мұхамед не айтарын білмей, қолын жайды.

– Жас ханым сөйлесін!

– **Ақ ханым** айтсын билікті! – десті оң қолда отырған ел агасы Қоянақ, көкбөрі баһадүрлар.

Бұган басқалары да қосылған еді.

– Хош көрсөңіз, билікті Ақ ханымга беріңіз, – деді Томан би де жүмсарып.

Онда ... деді ай Шешек Ораз Мұхамедке сүзіліп қарап. ...

(М.Мазауин. Аласапыран: Тарихи роман. Бірінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2009. – 496 б. – «Қазақтың 100 романы» сериясы. 48-55 бб.)

- Үзіндіге ат қойыңыз.
- Ай-Шешек осы дауға қатысты қандай шешім шығарды деп ойлайсыздар?
- Өздеріңіз осындай жағдайға тап болсаңыз, қандай тоқтамға келер едіңіз?
- Оқиғаның одан әрі қалай өрбитінін романның тұпнұсқасынан оқып, біліп келіңіздер.

Мәтіннің тиімділігі. Мәтін бойынша берілген тапсырмалар оқушыға проблемалық мәселені шешуге үйретеді. Мәтіндегі метафоралардың образдылығын білуге ықпал етті.

3. Мәтінді оқып, мағыналас, мәндес сөздерді табыңыз.

Шым дуалды, күйген кірпіш мешітті, қалың жеміс ағашына бөленген Ташиент шаһары бүгін де әдеттегідей ыстық. Ақырған есек, шиқылдағын шаңырақтай қос дөңгелекті арба, шаң-шаң көшелерді қуалай аққан лай арықтар да күндеғідей. Науан базары да ежелгі қалпында. Қатар-қатар тізілген курке тәрізді кішкентай дүкендердің алдына жайып қойған қызылды-жасылды жібектеген көк ала, сары ала, төгілдіре сан түрлі ғулмен, өрнектеп әшекейленген матадан көз тұнады. Тау-тау бол үйілген, сатуға арналған өрік, мейіз, Хиуа мәуесі, Ферғана алмасы, Қытай жаңғазы... Ерте піскен әңгелек, қара көк күләбі, сары ала бұхар қауындарынан аяқ алып жүргісіз. Күміс жұзік, алтын білезік соққан ұста, қолында тәспісі, алдында төсөлген жайнамазына төгілген жеміс тәрізді сүйек құмалақтары бар қожа-молдалар. Отқа күйген семіз еттің иісі мұңкіген мангал жасында бүк түскен нашар киімді дәруіш пен кәлендер. Тек осылардың гана жұздері солғын. Ал өзге ала шапан кітп, ақ сәлде ораған, өзбектің қайсысының ишан екенін, қайсысының дихан екенін айырып болар емес. Кімнің сатушы, кімнің алушы екенін ажырату қын. Мұнда бәрі де сатылады: байдың ары да, жарлының малы да...

Бұл қалада бәрі де әдеттегідей: анау бөдене соғыстырған топ та, әне анау қор-қор тартып, геджасақ тыңдаған отырған мырзалар да. Бәрі де күндеғі салтында. Науан базары да гу-гу. Ташиен көшесі де шаң-шаң, аспан айналып, жерге түскендей. Күн де ыстық, күйіп түр (І.Есенберлин).

- Мәтіндегі көріктеуіш тілдік құралдарды кестеге жазыңыз.

<i>Мысалдар (мәтіннен)</i>	<i>Көріктеуіш құралдардың түрлері</i>
Көз тұнады	Фразеология
Шаңырақтай	
Аяқ алып жүргісіз	
Аспан айналып, жерге түскендей	
Күрке тәрізді	
Жүздері солғын	

Мәтіннің тиімділігі. Мәтіндегі көріктеуіш тілдік құралдарды табу арқылы білімін жетілдірді. Олардың мәтін мазмұнына тигізіп тұрған мәнін түсінді.

4. Мәтінді оқып, эпитетті табыңыздар.

Ақан сері

Заманынан озып, талайлардан асып тұган, жастайынан өнер құған, қиял есігін еркелеп ашқан, жалпақ даланы жыр мен сырға толтырған, ақ маңдайлы, ақ дидарлы, ақ қанатты үрзадаларды, пәкізаттарды, перизаттарды жүрек құштарымен, іңкәр көңілмен, шалқар сезіммен толқыта суреттеген, сұлу, сылқым һәм меңіреу, мылқау табиғаттен бірге оянып, бірге күлісіп, біресе бүрісіп ғұмыр кешкен сал-серілердің падишаши – ақпа ақын, саңлақ сазгер, дұлдул әнші, майталман орындаушы – Ақан сері Қорамсаұлы (Окулықтан).

- Эпитеттерді кестеге түсіріп, олардың мағынасын ашыңыз.
- Ақан сері Қорамсаұлы қандай ақпараттар білесіз?

Мәтіннің тиімділігі. Эпитеттердің қолданысын менгеріп, оның әдеби тілді дамытудағы рөлін түсінді.

5. Берілген мәтінді эпитет сөздерді қолдана отырып, жалғастырыңыз.

Сонау ерте заман ғұламаларының бірі Жұсіп Баласагұн өзінің классикалық «Құдатғу білік» атты еңбегінде адамды бақытқа жеткізу жолдарын, адам баласының құтты тұрмысын, әдет-ғұрпын, сана-сезімін, өмірге қалыптасқаны, сол кезеңде өмір сүрген түркі жүртynың ерекшелігін жырлайды.

«Құтты білік» – халықтың құтты, ырысы болған ілім. Ұрпақтарға, адамға бақыт берген, құт әкелетін – білім. Фасырлар бойы көзі ашиқ, көкірегі ояу ұрпақта адамдық, азаматтық қасиеттерін, әдел-адалдық дәстүрін сіңірген кітап. Бұл кітаптың әр жолына үңілген сайын тұган елдің, өскен жердің рухани байлығының оштес қайнар көздерін сезіне түсесіз. Түркі халықтары ғылымының, тілі мен өнерінің тынысын байқап, құнарлы топырагының ыстық табы бойга тараганын сезінесіз.

Ұлы бабамыз тәлім-тәрбие туралы өсейт сөзінде қозамдағы адамдардың сыйласуы, өзара қарым-қатынасы, әсіресе тіл мәдениеті – тіл әдебиеті туралы айта келіп, оған қарама-қарсы ұғымдарды әдепсіздік, жалқаулық, нашар мінез-құлыш туралы сын пікірлер де айтқан. Мұндай пікірлері жастарды...

(Пірәлиев С. Таным мен студент, 123- бет)

- Қарамен жазылған көріктеуіш құралдардың мағынасын ашыңыз.
- Мәтінге ат қойыңыз.
- Мәтіннің экспрессивтік сипатын арттырып тұрған көріктеуіш құралдарды анықтаңыз.

Мәтіннің тиімділігі. «Құтты білік» кітабы туралы қосымша ақпарат алумен бірге ғылыми мақаланы өзінің аялық білімін пайдалана отырып жалғастыруға мүмкіндік алды.

6. Мәтінді оқыңыз. Қарамен жазылған тұрақты тіркестердің көшіріп жазып, мағынасын ашыңыз.

Әбілқайыр *iшін аштай* біраз отырды. Сәлден кейін үй арасының үйренишкіті күйбеңін сөз еткендей *сүлесоқтау тіл қатын*:

— Солай болса, солай шыгар, — деді.

Манадан бері тым-тырыс отырған Есем дүңк етеп қалды:

— Ау, сонда жоңгардан төмпеш жесек, жейік, ал мына *торгайдай торгауытқа не жоқ*. Найсантар. Көттен бері қазақтың қамышысын жемей, бөкселері қышып жүр-ау, шамасы!

Ақсақалдар сүйиқтау *езу тартты*.

— Не де болса, Хиуаның ақ шаңына қамалып отыра бермей, бір тіршілік жасауымыз керек қой, — деді, Батыр қою сақалын күміс бунақ қамышысының сабымен бір сүйкеп отіп.

— Ендеши, — деді Әбілқайыр қасын кере ойланып барып, — араға екі-үш күн салып, қалмақтардың шеттеу отырған еліне жансыз сіңіріп, хабар алу керек.

Осы бір бұрынғыдан *ортага қамиши тастап*, ду-ду *жак жыртыспаган* бейбіт әңгіме: «Бет-бетіне тозған тірлікті қойып, тышқан ауласақ та, ешкімге *көз саттай* күн көретіндей бол бір қайрат қылғанымыз жөн» деген токтамаға келісті (Кекілбайұлы Ә. Үркөр. Роман. 1-том. – Алматы: Жазушы, 2010. – 352 бет.).

Мәтіннің тиімділігі. Тұрақты тіркестердің жасалуына адам ойында қорытылған сан түрлі құбылыстар, ұғымдар мен түсініктердің негіз болғанын білді.

Ұсынылып отырған әдістемелік жүйе мен қалыптастыру экспериментінде қолданылған жұмыстардың нәтижесін бағалау үшін **қорытынды эксперимент іске асырылды**. Эксперименттің қорытынды кезеңінде еркін ассоциативтік эксперимент жасалды. Ассоциациялық эксперимент – тәжірибелік психологиядағы ұтымды тәсілдердің бірі, оның әдістемесі алғашқы рет клиникалық психиатрияда диагностика және психотерапия құралы ретінде пайда болды. Ассоциациялар сана мазмұнын зерттеудің тиімді тәсілі болып табылады. Ассоциативтік эксперимент адамның есте сақтау қабілетін, лексиконын, сөйлеуді туыннату мен қабылдауды, әртүрлі тілдер иелерінің тілдік санасының ұлттық-мәдени ерекшелігін зерттеудің де тиімді құралы ретінде қолданылады.

Ғалымдар ассоциациялар адам ойының табиғатын анық сипаттап, ойлау анатомиясын көрсетеді деп есептейді. Ассоциативтік экспериментті психологтер мен психиатрлар тұлға психикасын зерттеу, ойлау зандарын анықтау, тәжірибе нәтижелерін болжау, зерттелушінің тілдік материалды менгеруін анықтау үшін жиі жүргізіп жүр.

Ассоциация теориясында талдау бірлігі ретінде ассоциативтік құрылым – араларында ассоциация туындастын екі нысан мойындалады. Минималды ассоциативті құрылым ретінде стимул-реакция сөздерінің жұбы алынады: $S \rightarrow R$. Орталарындағы стрелка ассоциативтік байланыстың бағытын көрсетеді. Бір стимул-сөзге реакция-сөздердің толық тізбегі алынуы және онда алдыңғы реакциялар кейінгілерге қосымша стимул болуы мүмкін. Аралық стимулдар ассоциациялану үдерісін бағыттайды, тізбекте алғашқы және соңғы емес, шектес орналасқан сөздер ғана ассоциативтік байланысқа түседі. Ассоциативтік эксперименттің екі түрі бар:

- 1) Еркін ассоциативтік эксперимент, онда стимул-сөз берілген кезде реакция-сөздің формалды, семантикалық ерекшеліктерін шектемей, еске бірінші түсегін реакция-сөзбен жауап беру үсінілады;
- 2) Бағытталған ассоциативтік эксперимент, тәжірибелі жүргізу什і қосымша нұсқау беру арқылы (мысалы, тек сын есіммен жауап беру) реакцияларды шектейді.

Еркін ассоциативтік эксперимент топтағы сөздер арасындағы байланысты зерттеуге жағдай жасайды. Сөздің психологиялық мәнін зерттеу үшін индивидке еркін жауап беру мүмкіндігі беріледі.

Еркін ассоциативтік тәжірибе материалын өндеу нәтижесінде ассоциативтік нормалар алынады. Көп жағдайда, стимул-сөзге қатысты туындаған алғашқы реакция ескеріледі. Жаппай еркін ассоциативтік тәжірибе нәтижесінде берілген стимул-сөзге қатысты реакциялардың жиынтығы анықталады. Белгілі стимулға алынған реакциялардың жиынтығы жиілігі бойынша реттеледі: алғашқы орынға ассоциативтік тәжірибене қатысушыларының көбі атаған реакция қойылады, ал соңғы орынға тәжірибелің бір қатысушысы көрсеткен реакция орналастырылады. Стимулға қатысты реакцияларды осылайша жиілік бойынша орналастыру стимулдың ассоциативтік өрісі деп аталады. Ассоциативтік өрістің ортасында – жиі кездесетін реакциялар, ал перифериясында (немесе «соңында») – бір рет кездескен реакциялар беріледі. Шетелдік психолингвистикалық дәстурде «ассоциативтік өріс» терминінің орнына реакцияларды «бөлу» термині жиі қолданылады. Ассоциативтік нормалар берілген стимул-сөз семантикасының тіл иелерінің саналары үшін өзекті болып табылатын ерекшеліктері көрініс беретін стандартты анықтайды. Ассоциативтік нормалар негізінде стимул-сөздің семантикалық және өзге де сипаттамалары, ассоциациялану стратегиясының занылыштары және реакция типологиясы зерттеледі.

Ассоциативтік нормалар белгілі тіл және мәдениеттің ерекшелігі болып табылатын лексикалық бірліктердің «ассоциативтік бейнесін» ыңғайлышы

формада береді. Әртүрлі тілдердің ассоциативтік нормаларын салғастыру жиі қолданылатын стимулдардың бір типтік реакция беретіндігіне қарамастан, жалпы «бейненің» әртүрлі екендігін көрсетті. Тілдік бірліктердің мәдени ерекшеліктерін, аталмыш сөзге топтастырылған жинақтау үшін релевантты емес семантикалық байланыстарды шынайы анықтаудың әдісі – ассоциативтік тәжірибе екендігін ғалымдар дәлелдеп отыр. Сондықтан зерттеу жұмысының қорытындысы осы эксперименттің түрін қолдану арқылы тексерілді.

Зерттеудің мақсатына сәйкес жүргізілген эксперименттің қорытынды кезеңінде оқушылардың тілдік санасындағы ұлттық-мәдени тілдік бірліктердің мазмұндық көлемін және осымен байланысты ассоциативтік өрісті анықтау мақсатында еркін ассоциативтік саулнама жүргізілді. Саулнамада стимул ретінде қалыптастырушы кезеңде ұсынылған оқу бағдарламасында қамтылған көріктеуіш құралдар берілді.


Бақылау және эксперименттік топтардағы респонденттердің саулнама нәтижелері төмендегідей (Сурет 8):

1. *Оймақтай* – теңеу. «Оймақтай» – «кішкентай, титтей, құртакандай» деген мағынаны береді [173, Т.11, 630]. Мысалы: *Аузы да онша оймақтай емес, сөйлегенде дымыға беретін болғандықтан, ернін жынырыңқырап, бір сорып қояды* (Ж. Аймауытов).

Бақылау тобындағы оқушылардың «оиймақтай» деген теңеу бойынша жауаптарының сандық көрсеткіштері мынадай: *кішкентай* – 15; *оиймақ* – 9; *биттей* – 8; *ине-жіп* – 6; *ұлken* – 5; *домалақ* – 3; *сақина* – 1.

Эксперименттік топ оқушылары аталған стимул сөзге мынадай жауаптар ұсынған: *кішкентай* – 31; *ұсақ* – 8; *биттей* – 7; *домалақ* – 3.

«Оймақтай» теңеуіне алынған реакциялардың бақылау және эксперименттік топтар бойынша пайыздық салыстырмалы көрсеткіші төмендегідей:



Сурет 8 – «Оймақтай» теңеуіне байланысты бақылау және эксперименттік топтардан алынған жауаптардың пайыздық көрсеткіші

Саулнама нәтижесінде алынған жауап нұсқалары бойынша бақылау тобындағы респонденттердің 15-і *кішкентай* деген жауапты ұсынған, бұл – беріліп отырған теңеудің дәл мағынасы, ал *оімак* деген жауап нұсқасын берген оқушылар сөздің түбіріне назар аударған. Сонымен қатар оқушылардың 17%-ы ұсынған *биттей* деген сөз эксперимент жүргізілген аймақта қолданылатын диалект сөз ретінде кең таралған, дегенмен *биттей* сөзі – *кішкентай* деген мағынада жұмсалады. Оқушылардың 12,8%-ы *ине-жіп* жауабын *оімактың* атқаратын қызметімен байланыстырған, бұл ретте ұсынылған стимулдағы -тай деген теңеу жасаушы жұрнаққа назар аудармаған. Респонденттердің 5-еуі үлкен деген жауапты ұсынған, мұнда теңеудің мағынасына қатысты қарама-қарсы реакцияны байқауға болады. *Домалақ* және *сақина* жауаптарын ұсынуда оқушылар *оімактың* сыртқы пішінін басшылыққа алған. Бұл жауапты ұсынғандардың саны – 3 және 1.

Ұсынылған тәжірибелік оқу бағдарламасын игерген эксперименттік топ оқушыларының жалпы жауап нұсқалары бір мағыналас болып келді. Атап айтқанда, *кішкентай* – 63,3 %, *ұсақ* – 16,3%, *биттей* – 14,3%. Оқушылардың басым көпшілігі дұрыс жауап ұсынған. Ал *домалақ* деген жауапты ұсынғандардың саны – 3. Бұл реакциялар стимул сөздің формасына байланысты туындағандығын байқауға болады.


Бақылау және эксперименттік топтардың жауап нұсқаларын салыстырғанда, алдыңғысындағы *оімак*, *ине-жіп*, үлкен реакцияларының қате екендігін көруге болады, ал эксперименттік топтағы ұсынылған жауаптардың басым көпшілігі теңеудің дұрыс мағынасын бере алған және бұл олардың теңеуге қатысты білім деңгейлерінің барынша көтерілгендей көрсетеді.

2. *Бауыр еті* – метафора. Қазақ тілінде «баласы, өте жақын, қымбаттысы» деген мағынада жұмсалады [174, 134].

«Бауыр еті» деген стимул сөзге бақылау тобындағы оқушылардың ұсынған жауаптары және олардың сандық көрсеткіштері мынадай: *туысы* – 17; *тамақ* – 9; *баласы* – 8; *өкпе-бауыр* – 6; *жсан досы* – 4; *медицина* – 2; *жауап жоқ* – 1.

Ұсынылған стимул бойынша эксперименттік топтағы респонденттердің ұсынған реакциялары мынадай: *баласы* – 45; *жасыны* – 2; *бауыры* – 1; *туысы* – 1.

«Бауыр еті» метафорасы бойынша алынған реакциялардың бақылау және эксперименттік топтардағы салыстырмалы пайыздық көрсеткіші төмендегідей (Сурет 9):



Сурет 9 – «Бауыр еті» метафорасына байланысты бақылау және эксперименттік топтардан алынған жауаптардың пайыздық көрсеткіші

Саул намада ұсынылған келесі стимул – «**бауыр еті**» метафорасы. Бақылау және эксперименттік топтардың жауаптары олардың метафора байланысты білім деңгейлерін анықтауға мүмкіндік берді. Мәселен, бақылау тобында «*бауыр еті*» дегеннің дұрыс мағынасы – *баласы* деген жауапты ұсынғандардың саны – 8. Бұл қатысқандардың 17%-ын құрайды. Ал оқушылардың басым көпшілігі ұсынған *туысы* және *жсан досы* деген жауаптар олардың ұсынылған тіркестің дәл мағынасын білмейтіндігін және коммуникативтік актіде қолданбайтындығын дәлелдейді. Сондай-ақ метафораның мағынасына мүлде қатысты емес *тамақ*, *өкпе-бауыр* және *медицина* деген жауап нұсқаларының болуы оқушылардың көріктеуіш тілдік құралдарды толыққанды менгермегендігін танытады.


Эксперименттік топтағы респонденттердің 45-і аталған метафораның тұра мағынасын берген, ал *жағыны*, *бауыры* деген жауап нұсқаларын ұсынуда қазақ дүниетанымында *бауыр* сөзі адамның туыстық қатынасқа байланысты мағынада жұмсалатындығы туралы оқушылардың түсінігі қалыптасқанын дәлелдейді.

3. *Дала кемесі* – перифраз. Зерттеу енбектеріне сүйенсек, «*дала кемесі* – түйе» деген мағынада жұмасалады [175, 6].

Саул намада ұсынылған перифраз – «*дала кемесі*» деген стимул бойынша бақылау тобынан алынған реакциялардың сандық көрсеткіші мынадай болды: *түйе* – 12; *су көлігі* – 9; *кеме* – 9; *өзен* – 6; *жасық дала* – 5; *жер* – 3; *жасарап жоқ* – 3.

Эксперименттік топтағы оқушылар «*дала кемесі*» деген стимул сөзге мынадай жауаптар ұсынды: *түйе* – 43; *ат* – 3; *кеме* – 2; *теңіз* – 1.

«*Дала кемесі*» перифразы бойынша бақылау және эксперименттік топтардан алынған жауап нұсқаларының салыстырмалы пайыздық көрсеткіші мынадай (Сурет 10):



Сурет 10 – «Дала кемесі» перифразына байланысты бақылау және эксперименттік топтардан алынған жауаптардың пайыздық көрсеткіші


«Дала кемесі» тіркесіне байланысты алынған жауап нұсқаларын салыстыру барысында, екі топтың нәтижелерінде айтарлықтай айырмашылық байқалды. Мәселен, аталған перифразаның мағынасын аша білген, яғни *түйе* деген дұрыс жауапты ұсынғандардың бақылау тобындағы саны – 12 оқушы болса, эксперименттік топта 43 оқушы осы жауапты көрсеткен, бұл бақылау тобында – 25,6%, ал эксперименттік топта – 87,8 %. Кейбір оқушылардың ұсынылған стимулға қатысты реакциялары тіркестің әр компонентіне негізделген, бұған су көлігі, кеме, өзен, жазық дала, жер жауаптар дәлел бола алады.

4. *Ат кекілін кесісу* – фразеологизмі. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде «ат кекілін кесісу – араздасу, қарым-қатынасты ұзу» деген түсіндірme берілген [174].

Ұсынылған фразеологиялық тіркес бойынша бақылау тобындағы оқушылардың жауап нұсқалары және олардың сандық көрсеткіші мынадай болды (Сурет 11): *шашын қио* – 13; *ұрсысу* – 8; *кеқілін кесу* – 8; *жамандық жасасау* – 7; *аттың жасалын қио* – 6; *жасауд жоқ* – 5.

Ал эксперименттік топтағы респонденттердің «ат кекілін кесу» деген тұрақты тіркеске байланысты берген жауаптары мынадай: *араздасу* – 25; *хабарласпау* – 13; *ұрсысу* – 11.

Жоғарыдағы «ат кекілін кесісу» деген фразеологиялық тіркеске байланысты алынған жауап нұсқаларының бақылау және эксперименттік топтар бойынша салыстырмалы пайыздық көрсеткішін былайша беруге болады:



Сурет 11 – «Ат кекілін кесісу» тіркесіне байланысты бақылау және эксперименттік топтардан алынған жауаптардың пайыздық көрсеткіші


Бақылау тобының нәтижелері бойынша «*ат кекілін кесісу*» тұрақты тіркесіне берілген реакциялардың басым көшілігі қате болды. Атап айтқанда, *шашын қио*, *кеқілін кесу*, *аттың жасалын қио* деген жауаптарды ұсынған оқушылар стимул сөзді тұрақты тіркес емес, еркін тіркес ретінде қабылдаған және тіркестің *кеқілін кесу* деген компонентіне назар аударған. Ұрысу және жамандық жасау реакцияларын бақылау тобындағы оқушылардың 17%-ы және 14,9%-ы көрсеткен, ал эксперименттік топта *араздасу*, *хабарласпау*, *ұрсысу* дұрыс реакциялар ұсынылған. Алынған нәтижелер экспериментке катысушы топтардың тұрақты тіркестерге қатысты білім деңгейлерін анықтайды.

5. *Шашбауын көтеру* – фразеологиялық тіркес. «Шашбауын көтеру» казақ тілінде «біреуге жағымпаздық етті, қошеметтеді» деген мағынада жүмсалады [174, 55].

Бақылау тобындағы респонденттердің аталған тұрақты тіркеске байланысты берген жауап нұсқалары былайша болды (Сурет 12): *қолдау* – 12; *шашбау* – 10; *туын көтеру* – 6; *шашын қио* – 5; *шаштараз* – 3; *шашын өру* – 3; *шашын көтеру* – 2; *жасаудан жоқ* – 6.

Эксперименттік топтағы оқушылардың «шашбауын көтеру» тіркесіне ұсынған жауаптары мынадай болды: *жасаудан жоқ* – 17; *жасаудан жоқ* – 13; *қолдау* – 12; *көмек көрсету* – 7.

«Шашбауын көтеру» стимулына байланысты бақылау тобы мен эксперименттік топтардан алынған реакциялардың салыстырмалы пайыздық көрсеткіші төмендегідей:




Сурет 12 – «Шашбауын кетеру» тіркесіне байланысты бақылау және эксперименттік топтардан алынған жауаптардың пайыздық көрсеткіші

6. *Ақсақал* – метонимия. «Ақсақал – жасы үлкен, құрметті ер адам, қария» [173, Т.1, 264]. Мысалы: Көптен көнекжара болып шешілмеген түйінді шешіп, Шоқанға қырғыз, қазақ ақсақалдары үлкен алғыс айтты (С. Бегалин).

Ұсынылған стимул сөз «*ақсақал*» деген метонимияға бақылау тобындағы респонденттердің берген жауап нұсқалары мынадай болды (Сурет 13): *қария* – 13; *қарт* – 12; *ата* – 10; *кәрі кісі* – 7; *ақылды адам* – 3; *шал* – 2.

Ал эксперименттік топ бойынша алынған жауаптар мынадай: *қарт* – 25; *қария* – 17; *сыйлы адам* – 3; *ата* – 2; *ақылшы* – 2.

Көріктеуіш құрал «*ақсақал*» деген стимулға алынған реакциялардың бақылау және эксперименттік топтар бойынша салыстырмалы пайыздық көрсеткіші тәмендегідей:




Сурет 13 – «*Ақсақал*» стимулына байланысты бақылау және эксперименттік топтардан алынған жауаптардың пайыздық көрсеткіші

7. Құмырсқа бел – эпитеті. «Құмырсқа бел» тіркесі қазақ тілінде «жіңішке қынай бел, қытша бел, өте нағік, үзіліп тұрған бел» деген мағынады [174, 477]. «Белі құмырсқадай», «Құмырсқаның беліндей жіңішке» деген тіркестер сұлулықты, дененің сымбатты қалпын сипаттау мақсатында қолданылады.

«Құмырсқа бел» стимулына бақылау тобындағы оқушылардың ұсынған жауап нұсқалары және олардың сандық көрсеткіштері мынадай (Сурет 14): бел – 12; арық – 9; жіңішке – 7; жәңдік – 5; кішкентай – 5; құрт – 3; еңбек – 2; бұқір – 1; жауап жоқ – 3.

Эксперименттік топ құрамындағы респонденттердің «құмырсқа бел» деген эпитетке байланысты берген жауаптары: арық бел – 17; жіңішке бел – 8; сұлу бел – 7; әдемілік – 6; қылдаій бел – 6; қытша бел – 5.

«Құмырсқа бел» деген стимулға байланысты бақылау және эксперименттік топтар бойынша алынған реакциялардың салыстырмалы пайыздық көрсеткіштері төмендегідей болды:




Сурет 14 – «Құмырсқа бел» эпитетіне байланысты бақылау және эксперименттік топтардан алынған жауаптардың пайыздық көрсеткіші

Асығы алишысынан тұсу – тұрақты тіркесі. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігіндегі тұсіндірмеге сәйкес «асығы алишысынан тұсу - жолы болып тұр, қолы келіп тұр, тасы өрге домалап тұр» деген мағынаны білдіреді. Қазақ тілінде бұл тіркес бір адам аяқ асты, күтпеген жерден қандай да бір жетістікке жеткенде, жолы болғанда, табысқа жетін, бағы жанғанда жүмсалады [174].

Сауданамадағы соңғы стимул сөз – «асығы алишысынан тұсу» деген тіркеске байланысты бақылау тобындағы оқушылар мынадай жауаптар ұсынды (Сурет 15): асық ойнау – 15; жолы болу – 7; асыгу – 7; жеңіске жету – 6; өмірі өзгеру – 4; ұтуу – 3; асық иіру – 3; жауап жоқ – 2.


Эксперименттік топтағы респонденттердің аталған стимул сөзге байланысты берген жауап нұсқалары және олардың сандық көрсеткіштері мынадай: жолы болу – 23; табысқа жету – 11; жеңіске жету – 5; мақсаты орындалу – 5; сәттілік – 3; жетістікке жету – 2;

«Асығы алшысынан түсу» фразеологиялық тіркесіне байланысты бақылау және эксперименттік топтардан алынған реакциялардың салыстырмалы пайыздық көрсеткіштері тәмендегідей болды:



Сурет 15 – «Асығы алшысынан түсу» фразеологиялық тіркесі бойынша бақылау және эксперименттік топтардан алынған жауаптардың пайыздық көрсеткіші

Қорытынды экспериментте жүзеге асырылған ассоциативтік тәжірибе бақылау және эксперименттік топтағы оқушылардың қазақ тіліндегі тілдің көріктеуіш құралдарының лингвомәдени сипаты туралы білімдерін таразылап, нәтижесін шығаруда ұтымды болды. Қорытынды эксперимент нәтижесі тәмендегідей көрсеткішті көрсетті (Сурет 16):



Сурет 16 – Қорытынды эксперимент нәтижесі

Қорыта келгенде, эксперимент нәтижелері ұсынылған әдістемелік жүйенің ұтымдылығын дәлелдеуге ықпал етті. Жалпы эксперимент нәтижелері негізінде төмендегі **қорытындыларға** қол жеткіздік:

1. Анықтау экспериментінің нәтижесі оқушылардың көріктеуіш тілдік құралдар туралы жалпы түсініктерінің бар екендігін, алайда олардың басым көпшілігі «метафора мен эпитетті» ғана атап көрсетті. Тіпті, перифраза мен қайталамалар секілді тілдік құралдар аталмады. Көріктеуіш тілдік құралдардың түрлерін, ерекшеліктерін ажыратса алмады. Яғни оқушылардың әлі де болса, образды, көркемдеп сөйлеуде, өз ойын нақты жеткізуде сөз байлықтарының тапшылығы, сөзді мағынасына байланысты таңдалғанда білу дағдыларында, сондай-ақ сөз қолдануындағы стильдік қателердің жіберулі секілді олқылықтар анықталды.

2. Көріктеуіш тілдік құралдарды оқыту айтылған олқылықтарды болдырмауға ықпал етеді. Тілден алған білімін өз тәжірибесінде қолдана алғып, пікір білдіруде, өз ойын жеткізуде қолдана білу икемдіктері жетіле түсті.

3. Ана тілін ұлттық рухани құндылық ретінде ұғынып, құндылықты бағдарлы оқытуда лингомәдени сипаттағы мәтіндер тілдік құралдар туралы тілдік білімді ғана емес, ана тілін одан әрі танып-білуге деген қызығушылығын арттыруға септігін тигізді.

4. Көріктеуіш құралдарды менгерту үздіксіз білім беруде жүйелі турде менгерталса, тілді қолданудың мәртебесі артып, оқушылардың сөз мәдениетінің деңгейі көтерілді. Жоғары сынып оқушысының сөйлеу мәдениеті мен аялық білімін жетілдіруге, тілдік дағдысын қалыптастыруға септігін тигізетінін дәлелдеді.

5. Оқытудағы интерактивтік әдістер еш кедергісіз еркін пікірін білдіруге, сыныптастарымен етene араласып, қарым-қатынасқа түсүіне, сонымен қатар белгілі бір мәселеге сыни көзбен қарап, өз бетінше немесе ұжымда бірлесіп отырып, шешімін табуға итермелейді.

6. Қазақ тіліндегі тілдік көріктеуіш құралдарды игертудің оқушылардың білімі мен білігін, қабілеті мен дағдысын, лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы рөлін анықтауға мүмкіндік туғызды. Жоғары сынып оқушыларына қазақ тілінің тілдік көріктеуіш құралдарының лингвомәдени сипатын қосымша таңдау пәні бойынша менгертудің ұтымдылығын байқатты. Оқушылардың білім деңгейі мен құзыреттілігін арттыру мақсатында қолданылған әдістер мен жұмыстар жоғары нәтижеге жеткізетінін анықтап берді.

7. Өткізілген еркін ассоциативтік эксперимент көріктеуіш тілдік құралдардың эксперимент тобындағы оқушылардың тілдік санасында біршама орныққанын көрсетеді. Ұсынылған стимул сөздер оқушылардың ассоциативтік өрісінің кеңдігі мен мағына тұтастырын дәйектейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі кезеңде білім беру саласында тіл мен мәдениеттің байланысын ұштастыра зерделеу, оны білім беру үрдісінде ұтымды қолдану айрықша маңызға ие болып отыр, өйткені тіл мен мәдениеттің, тіл мен халықтың, тіл мен болмыстың, тіл мен ділдің байланысын білім алушыға менгерту, оның лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру өмір қажеттілігінен туындалап отыр.

Жаһандану заманында, елдің қеңістігінде бірнеше тіл қатар өмір сүріп отырған жағдайда қазақ тілінің одан әрі сақталуы мен мемлекеттік тіл дәрежесінде лайықты орында болуы үшін білім беру жүйесінде ресми-іскери стандарт құрылымдарды ғана емес, сонымен қатар тіл байлығын танытатын барша құрылымдарды менгерту, оқыту маңызды. Осы қатарда қазіргі қеңістіктегі лингвомәдени сипатқа ие тілдік құрылымдарды лингвомәдениеттану аспектісінде ұдайы талдап отыру, зерттеулер жасау аса қажет. Д. Ховардтың «оқушы – толтыратын құмыра емес, тұтататын алау» деген сөзі оқушының білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуына көп көңіл қою керек дегенді айғақтайды.

Жалпы білім беретін мектептің жоғары сынып оқушыларына көріктеуіш тілдік құралдарды менгертумен байланысты жүргізілген зерттеу бойынша төмендегідей **қорытышылдар** жасалды:

1. Оқушылардың тілін дамытуда көріктеуіш құралдарды жүйелі, үздіксіз қолдану оларды шешен, жүйелі сейлеуге дағдыландыруға көмектеседі;
2. Жалпы білім беретін мектептерде көріктеуіш тілдік құралдарды таңдау пәні ретінде менгерту жан-жақты дамыған, интелектуалдық әлеуеті жоғары, тілдік дағдысы жетілген дара тұлға тәрбиелеуге ықпал етеді;
3. Көріктеуіш тілдік құралдарды оқытуға бағытталған оку бағдарламасы, ұсынылған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі мектеп оқушысының қазақ тілін қоғамдық өмірдің әртүрлі саласында орынды қолдана отырып, тілдік қарым-қатынаста өз ойын еркін, жүйелі жеткізуіне жәрдемдеседі;
4. Қазақ тілі сабағында көріктеуіш тілдік құралдарды оқытуда қолдануға ұсынылған кешенді жұмыстар, тапсырмалар мен жаттығулар қазақ тілі пәннің оку бағдарламасына сай жасалып, оқушылардың білім, білік, дағдысы мен құзыреттіліктерін жетілдіруге септігін тигізеді;
5. Жүргізілген эксперимент нәтижелері білім мазмұнының, әдістері мен формалардың, тапсырмалар мен жаттығулардың тиімді екендігін байқатты;
6. Әдістемелік зерттеу нәтижесі көріктеуіш тілдік құралдарды жоғары сынып оқушыларына оқыту арқылы олардың лингвомәдени, коммуникативтік құзыреттіліктердің қалыптасуына ықпал ететінін дәлелдеді;
7. Диссертациялық зерттеудің материалдарын 11-сыныпқа арналған оку бағдарламаларын, қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша жасалатын әдістемелік құралдарды, оқулықтарды, сондай-ақ орта және жоғары педагогикалық білім беретін оку орындарындағы қазақ тілінің әдістемесі, элективті пәндер курсын даярлауда қолдануға болады.

Зерттеу жұмысын қорытындылай келе, мынадай **тұжырымдар** жасалды:

1. Қоғамдағы әлеуметтік-мәдени өзгерістер білім беру кеңістігінде де жаңа бағдарлардың басымдыққа ие болуын қажет етуде. Әлемдегі халықтар арасындағы сан салалы байланыстардың қарқынды өрістеуі, жаһандану екпіні әр халық пен әр ұлттың өз табиғи белгілері мен рухани құндылықтарын, тілі мен мәдениетін сақтап қалудың маңыздылығын айқын көрсетіп отыр. Көріктеуіш тілдік құралдарды ұлттық рухани құндылық ретінде оқыту ұлттық тұлға қалыптастыруға мүмкіндік береді.

2. Орта білім беру жүйесінде әрбір қоғам мүшесін тілдік тұлға ретінде қалыптастыру үшін білімді ұлт мәдениетімен, әр ұлттың өз ерекшеліктерімен, әсіресе ана тілін оқыту мен менгерту үдерісін лингвомәдениеттану аспектілерімен ұштастыра жүргізу барынша көкейкесті сипатқа ие.

3. Бәсекелестікке қабілетті оқушы болу үшін оның құзыреттіліктерін қалыптастыру қажет. Қазақ тілін оқыту жүйесінде белгіленін отырған коммуникативтік, проблеманы шешу, ақпараттық, мәдени-танымдық құзыреттіліктер жиынтығынан құралатын лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың мәні артып отыр.

4. Бейіндік мектептегі жоғары сыныпта қазақ тілін оқыту үдерісі бастауыш және негізгі сатыларда алған тілдік білімдерінің қорытындысы ретінде сөз мәдениеті мен шешендік өнер салалары бойынша оқытылады. Осылан орай, 11-сыныпқа арналған «Қазақ тілінің көріктеуіш құралдары» атты таңдау пәні оқушылардың сөзді дұрыс менгеруін, сондай-ақ өз ойын анық, нақты жеткізуге, бір сөзбен айтқанда, сөзді шебер қолдануға мүмкіндік береді.

5. Ақпарат тасқыны мен технологиялардың заманында жеткіншектердің қарым-қатынас жасауын кеңейту мәселелері жан-жақты талқылануда. Тілді оқытуудың мәні мен мазмұны оқушының қарым-қатынас жасауы үшін қатысымдық іс-әрекет негізінде жүргізілу тиімділігін көрсетеді.

6. Көріктеуіш құралдар – ұлттық-мәдени тілдік құбылыс. Олардың пайда болуы жеке адамның концептуалды жүйесі мен қоршаған ортасын барша сипатын танып-білуіне, пайымдауына және қорытуына, өз концептуалды өрісінің арасындағы көлемге байланысты. Осылың нәтижесінде көріктеуіш құралдардың жаңа ұлттері вербалданады. Олар жеке адамның, бір ұлттың, әлемнің тілдік бейнесін көрсетеді. Қоршаған орта және оның жекелеген фрагменттері жөніндегі білімнің көлемін концептуалдайды. Ұлттық менталитеттің ерекшеліктерін айқындаپ, ұлттық тілге тән эталон-ұлттерді, символ-нышандарды ұрпактан-ұрпаққа жеткізеді.

Зерттеу жұмысының қорытындылары мен тұжырымдарын негізге ала отырып, мынадай ұсыныстар айтылады:

1. Оқушының ұлттық мәдени санасын дамыту үшін лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың критерийлерін жасауды жалғастыру;

2. Жалпы білім беретін мектептерде «Қазақ тілі» пәнінің білім мазмұны лингвомәдени ұстанымға сай жасалатын болса, онда оқушылар тілдің мәдени-рухани құндылығының мәнін толық сезіне алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы // Концепция этно-культурного образования в Республике Казахстан. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 32 б.
2. Қазақстан Республикасындағы гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы // Концепция гуманитарного образования в Республике Казахстан. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 40 б.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» Жолдауы
4. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
5. Уәли Н. Тіл экологиясы // «Ана тілі» газеті. – 2009. – №8.
6. Байтұрсынов А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзат-Ай, 2013. – 640 б.
7. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. өнд., 3-бас.– Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.
8. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы.– Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1960. – 244 б.
9. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
10. Ахметов З. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
11. Кенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.
12. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. Алматы: Қазақстан, 1965. – 187 б.
13. Қоңыров Т. Қазақ тенеулері. – Алматы: Алаш, 2005. – 511 б.
14. Аханов К. Қазақ тіліндегі омонимдер. Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1958.- 128 б.
15. Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004. – 616 б.
16. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
17. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы, 1966. – 207 б.
18. Айтбайұлы Ә. Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары. – Алматы: Абзат-Ай, 2013. – 400 б.
19. Өмірәлиев Қ. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. Павлодар: С. Торайғыров атын. ПМУ, 2010. – 306 б.
20. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 147 б.
21. Жанпейісов Е. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы, Ғылым, 1976. – 165 б.

22. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, 2006. – 369 б.
23. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. Алматы: Мектеп, 1984. – 117 б.
24. Шалабай Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Оқу құралы. – Алматы: Республикалық оқулық баспа орталығы, 2006. – 304 б.
25. Бұркітов О. Қазақ тіліндегі қайталаудардың лингвостилистикалық жүйесі: филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2002. – 292 б.
26. Жұбаева О. Қазақ тілі грамматикалық категорияларының антропоөзектілігі: филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2010. – 296 б.
27. Момышова Б. Шекерім поэзиясының тілі: лексика-функционалды ракурс. – Алматы: Арыс, 2008. – 256 б.
28. Қасым Б. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2002. – 313 б.
29. Қосымова Г. Шешендең өнердің негіздері. – Алматы: Баянжүрек, 2007. – 296 б.
30. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Гылым, 1998. – 196 б.
31. Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер: филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 1999. – 242 б.
32. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері: – Алматы: Абзат-ай, 2014. – 640 б.
33. Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама) : филол. ғыл. док. ... дисс. – Алматы, 2004. – 340 б.
34. Сейілхан А. Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттаннымдық мәні: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2001. – 151 б.
35. Есенова Қ.Ә. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде): филол. ғыл. док. ... дисс. – Алматы, 2007. – 343 б.
36. Ахметжанова З. Очерки по национальной концептологии. – Алматы: Елтаным, 2012. – 148 б.
37. Сагидолда Г. Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны (Қазақ және монгол тілдерінің материалдары бойынша) : филол. ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 2004. – 247 б.
38. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: Арыс, 2006. – 312 б.
39. Жиренов С. XV-XIX ғғ. ақын-жыраулар поэзиясындағы «Өмір-Өлім» концептісінің тілдік-танымдық табиғаты: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2011. – 179 б.
40. Рахметова С. Бастауыш класс оқушыларының тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: п.ғ.д. ... дисс. Алматы, 1994. – 434 б.
41. Оралбаева Н., Жаксылықова К. Орыс тілі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: Ана тілі, 1996. – 208 б.

42. Бейсенбаева З. Жоғары оқу орнында сөзжасам пәнін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. док. ... дисс. – Алматы, 2005. – 323 б.
43. Жақсылықова К. Қазақ тілін модуль арқылы үйрету: теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2007. – 289 б.
44. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-теориялық негіздері: пед. ғыл. док. ... дисс. – Алматы, 1996. – 417 б.
45. Жапбаров А. Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздері (V-IX сыныптар) : пед. ғыл. док. ... дисс. – Алматы, 2004. – 376 б.
46. Оразахынова Н. Жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілін сатылай кешенді талдау технологиясымен оқытуудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2007. – 320 б.
47. Құзекова З. Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі окулығы теориясының лингвистикалық негіздері: филол. ғыл. док. ... дисс. – Алматы, 2005. – 306 б.
48. Шаханова Р. Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытуудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2002. – 327 б.
49. Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытуудың ғылыми-әдістемелік негіздері: өзгетілді дәрісханалардағы қазақ тілі: пед. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2001. – 415 б.
50. Балтабаева Ж. Жоғары оқу орнында студенттер тілін дамытуудың ғылыми-әдістемелік негіздері (қазіргі қазақ тілінің морфология саласы бойынша): пед. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2009. – 246 б.
51. Дәuletбекова Ж. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытуудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2008. – 290 б.
52. Аярова Т. Қазақ тілі: деңгеймен оқыту: Оқу құралы. – Алматы: Ана тілі, 2013. – 384 б.
53. Рахметова Р. Қазақ тілі синтаксисін қатысымдық-тәнымдық түрғыдан оқытуудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2010. – 230 б.
54. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009. – 328 б.
55. Әлметова Ә. Қазақ тілі сабағында студенттердің сұхбаттық тілдесім мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері (ЖОО I курс шетел тілі мамандығы үшін): пед. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2007. – 345 б.
56. Ерғожина Ш. Құрмалас сөйлемдерді шығармашылықпен оқыту: монография. – Алматы: Баянжүреқ, 2013. – 226 б.
57. Мұхамеджанова Г. Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік қуралдар: жалпы сипаттамасы // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Хабаршы. Филология сериясы. – №1 (153). – 366-371 бб.
58. Qazaqtili.wordpress.com
59. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 10 томдық. – Алматы: Ғылым, 1974-86.

60. Hasanov G.K., Mynbayeva A.P., Duisenbayeva G.Z., Mukhamejanova G.T., Aldasheva K.S., Kongyratbay K.T. Fundamentals of cognitive metaphor // Asian Social Science., 2015. – V.11(18). – P. 82-85.
61. Юрков Е.Е. Метафора в аспекте лингвокультурологии: автореферат ... док. филол. наук. – Санкт-Петербург: Инфо Ол, 2012. – 55 с.
62. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Алматы: Мектеп, 2003. – 244 б.
63. Цицерон. Эстетика: трактаты, речи, письма. – М.: Искусство, 1994. – 540 с.
64. Аристотель // Сочинения: в 4 т. – М., 1984.-Т.4. – 830 с.
65. Квинтилиан М.Ф. Двенадцать книг риторических наставлений. – Санкт-Петербург: типография Императорской Российской Академии, 1834. -2 ч.
66. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев М. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: Гылым, 1974. –127 б.
67. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.
68. Манкеева Ж. Тілдің адамтаннымық үрдісі // Қазақ әдебиеті. – 2011. – маусым – 3. 31
69. Зайсанбаева Г. Метафоралы аталымдардың когнитивтік аспекті: филол. ғыл. канд. автореф. – Алматы, 2002. – 24 б.
70. Потебня А. Теоретическая поэтика. М.: Высшая школа, 1990. – 344 с.
71. Томашевский Б.В. Стилистика и стихосложение. Л.: ГУПИ, 1959. – 534 с.
72. Виноградов В.В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. – М.: Изд-во АН СССР, 1963. – 255 с.
73. Ефимов А.И. Стилистика русского языка. – М.: Просвещение, 1969. – 262 с.
74. Кожина М.Н. Стилистика русского языка. Учебное пособие для студентов факультета русского языка и литературы пед. инс. М.: Просвещение, 1977. – 223 с.
75. Арнольд И.В. Стилистика современного английского языка (Стилистика декодирования). – Л., 1981. – 300 с.
76. Савова М.Р. Выразительность // Педагогическое речеведение: Словарь-справочник. – М., 1998. – 250 с.
77. Федоров А.И. Семантическая основа образных средств языка. – Новосибирск: Наука, 1969. – 92 с.
78. Стилистический энциклопедический словарь русского языка / Под ред. М.Н. Кожиной. – М.: Флинта: Наука, 2006. – 696 с.
79. Ковалев В.П. Выразительные средства художественной речи: Пособие для учителя. – К.: Рад.шк., 1985. – 136 с.
80. Черемисина М.И. Сравнительные конструкции русского языка. – Новосибирск: Наука, 1976. – 269 с.
81. Апресян Ю.А. Лексическая семантика. Синонимические средства языка. – М.: Наука, 1974. – 366 с.
82. Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты / В.Н. Телия. – М.: Шк. «Языки рус. культуры», 1996. – 286 с.

83. Арутюнова Н.Д. Образ, метафора, символ в контексте жизни и культуры // *Res philolica*. Филологические исследования. – М.: Наука, 1990. – С. 8.
84. Шанский Н.М. Фразеология современного русского языка 3-изд. М.: Высш. шк., 1985. – 160 с.
85. Мұхамеджанова Г.Т. Көріктеуіш тілдік құралдардың түрлері // С. Торайғыров атындағы ПМУ. Хабаршы. Филология сериясы. – 2015. – №3. – 201-206 бб.
86. Сепир Э. Введение в изучение речи. В кн.: Избранные труды по языкоznанию. – М.: Прогресс, 1993. – 656 с.
87. Сейсенова А. Лингвистикалық мәдениеттанды: этикет формаларына салыстырмалы талдау: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 1998. – 183 б.
88. Есенова Қ.Ә. Кекілбаев шығармаларындағы жергілікті атаулардың лингвомәдени сипаты: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2009. – 120 б.
89. Хазимова Э.Ж. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық мәдени деректері: филол. ғыл. канд. дисс... автореф. – Алматы, 2002. – 28 б.
90. Воробьев В.В. Лингокультурология (теория и практика) / В.В. Воробьев.- М.: РУДН, 1997. – 331 с.
91. Красных В.В. Этнопсихология и лингвокультурология: лекн. Курс / В.В.Красных. – М.: Гнозис, 2002. – 282 с.
92. Маслова В.М. Лингвокультурология: Учебное пособие / В.А.Маслова. – 2-ое изд., стереотип. – М.: Академия, 2004. – 208 с.
93. Мұхамеджанова А.Т., Мұхамеджанова Г.Т., Қадыров Ж.Т. Тіл біліміндегі лингвомәдениеттандының жалпы проблемалары. Ш. Уәлиханов атындағы КМУ Хабаршысы. Филология сериясы. 2015. №4. – 92-96 бб.
94. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2007. – 54 б.
95. Воркачев С.Г. Лингвокультурный концепт: типология и области бытования. – Волгоград: ВолГУ, 2007. – 400 с.
96. Сыздық Р. Әдеби тіл жайынан // Жұлдыз, 1966, №6. – 148-153 бб.
97. Сыздық Р. Сөз құлдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.
98. Кондаков Н.И. Логический словарь-справочник. М.: Наука, 1971. – 658 с.
99. Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсанында 1118 Жарлығымен бекітілген. – Астана, Ақорда, 2010. – 83 б.
100. Еділбаева С.Ж. Білім беру философиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 138 б.
101. Гегель. Философия духа // Энциклопедия философских наук: В 3 т. – М.: Мысль, 1977. – Т.3. – 471 с.
102. Adilet.zan.kz
103. Раев Д.С. Қазақ шешендігі философиясы: Оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2011. – 264 б.

104. Нұрмұратов С. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік және философиялық талдау. – Алматы: Раритет, 2010. – 181 б.
105. Жұбаева О. Тіл – ұлттың болмысын, дүниетанымын айқындайтын құндылық // Халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 288-292 бб.
106. Ахметжанова З. Ядерные концепты казахской культуры как основа казахской языковой картины мира// Этнос және тіл. Академик Ә. Қайдардың 85 жас мерейтойына арналған халықар. конф. материалдары. – Алматы, 2009. – 175-179 бб.
107. Нұрышева Г. Өмірдің мәні: философиялық-антропологиялық талдау. – Алматы: ЖШС «Інжү-Маржан», 2011. – 348 б.
108. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 б.
109. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1983. – 456 б.
110. Табылдиев Ә. Халық тағылымы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 198 б.
111. Бес ғасыр жырлайды. 2 томдық т.2. – Алматы: Жазушы, 1989. – 496 б.
112. Мұсірепов F. Әдебиет – кәсіп емес, өнер. – Алматы: Жалын, 1987. – 124 б.
113. Философиялық сөздік – Редкол.: Нұргалиев Н.Н., Ақмамбетов F.F., Әбділдин Ж.М. ж.б. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 525 б.
114. Джон Дьюи. Реконструкция в философии. Пер. с англ. М. Занаворова, М. Шикова. – М.: Логос, 2001. – 168 с.
115. Құнанбаев А. Шығармалар жинағы. – Алматы: Өлкө, 2012. – 512 б.
116. Тәжібаев Ә. Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: Аң Арыс, 2010. – 304 б.
117. Сыбанбаев Қ.Ү. Философия: оқу құралы. Алматы: Экономика және құқық академиясы, 2012. – 224 б.
118. Адамбаев Б. Қазақтың шешпендік сөздері. – Алматы: Ана тілі, 2007. – 160 б.
119. Қасымова С.К. Сан компонентті мақал-мәтелдердің ұлттық-мәдени негізі: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф. – Алматы, 2010. – 34 б.
120. Хасанов Б. Ана тілі – ата мұра. – Алматы: Жазушы, 1992. – 272 б.
121. Виноградов В.В. О теории художественной речи // В.В. Виноградов. – М.: Высшая школа, 1971. – 240 с.
122. Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис: пер. с англ. ред. и предисл. А.В.Толстых. 2-е изд. - М.: Флинта: МПСИ: Прогресс, 2006. – 352 с.
123. Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1998. – 224 б.
124. Розанов В.В. Цель человеческой жизни // Смысл жизни: Антология/ Общ. ред. Н.К.Гаврюшин. – М.: Прогресс-Культура, 1994. – 592 б.
125. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы: Рауан, 1993. – 130 б.
126. Бабаев С.Б. Жалпы және тұлғалық психология. Өндөліп, толықтырылған екінші басылымы. – Алматы: NURPRESS, 2013. – 352 б.
127. Рубинштейн С. Л. Проблемы общей психологии // С. Л. Рубинштейн. – М.: Педагогика, 1976. – 415 с.
128. Кучина Т.И. Развитие художественного мышления подростков средствами литературы: Автореф. ...канд. пед. наук. - М., 1993. – 18 с.

129. Фридман Л.М., Пушкина Т.А., Каплунович И.Я. Изучение личности учащегося и ученических коллективов. – М.: Просвещение, 1988. – 207 с.
130. Имашева Г. М. Дулатұлы шығармаларындағы «Галамның тілдік бейнесі»: филол. ғыл. канд. диссер. авторефераты. – Алматы, 2007. – 31 б.
131. Мұқанов С. Қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер. – Алматы: Арыс, 2002. – 272 б.
132. Жарықбаев Қ. Психология негіздері. – Алматы: Эверо, 2005. – 462 б.
133. Черниговская Т.В. Психо и нейролингвистика: Лекция записанная в рамках проекта «Звуковая энциклопедия». – СПб.: С.-Петербург., 2001. – 10 с.
134. Үсембаева Р.Б. Қысқа психологиялық сөздік. – Шымкент: 0ҚМУ, 2014. – 84 б.
135. Крыско В.Г. Психология и педагогика. М.: Омега-Л, 2005. – 336 б.
136. Сатбекова А. А. Қазақ тілін өзгетілді дәрісханада жобалай оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. док. ... дисс. – Алматы, 2009. – 260 б.
137. Мұхамеджанова Г. Қазақ тілі сабағында көріктеуіш құралдармен жұмыс жасаудың психологиялық-педагогикалық алғышарттары // Проф. Қ. Жұбанов және қазіргі тіл білімі, әдебиеттану және әдістеме саласындағы ғылыми-әдіснамалық зерттеулер: халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2015. – 371-374 бб.
138. Выготский Л.С. Собрание сочинений. – М., 1984. – Т. 4. – 432 с.
139. Кон И.С. Психология ранней юности. – М.: Просвещение, 1989. – 255 с.
140. Клинов Е.А. Общая психология: Общеобразовательный курс. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 1999. – 511 с.
141. Костомаров В. Г. Наш язык в действии: Очерки современной русской стилистики. – М.: Гардарики, 2005. – 287 с.
142. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы (баптары бойынша түсіндірмелерімен) және оны жүзеге асыру жөніндегі құжаттар. – Астана, 2000. – 322 б.
143. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
144. Рауандина А. Қазақ тілін оқытуда окушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі (орыс тілді мектептердің 5-6 сыныптары) пед. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2010. – 152 б.
145. Шишов С. Е., Кальней В. А. Мониторинг качества образования в школе. – М.: Педагогическое общество России, 1999. – 354 с.
146. Кондураг М.В. Понятия компетенция и компетенность в образовании. – Вектор Науки ТГУ. № 1(8). 2012. – С. 189-191.
147. Ахметжанова З.К. Лингвокультурология: типология лингвокультур // Материалы международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы обучения языкам». Алматы, 2014. – С. 24

148. Шкатова Л.А. Словарь лингвокультурной грамотности как компонент контрольно-измерительных материалов // Проблемы истории, филологии, культуры. №2 (24). Магнитогорск-Новосибирск, 2009. С. 739.
149. Атабаева М. Бейнелеудің ұлттық танымдық көріністері // «Тілдерді оқытудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Ұлағат, 2014. – 316 б.
150. Мұхамеджанова Г.Т. Оқушының лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру // Филология, лингводидактика және аударматану: өзекті мәселелері мен даму бағыттары: I Халықаралық ғылыми конференция. – Алматы, 2016. – 91-94 бб.
151. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 592 б.
152. Оразалиева Э.Н. Тіл және мәдениет: құзыреттілік кеңістігі // «Тілдерді оқытудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Ұлағат, 2014. – 316 б.
153. Бисенғали З., Манкеева Ж. Қазақ филологиясы: егіз негіз. – Алматы: Арыс, 2010. – 352 б.
154. Әзімжанова Г. Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті: филол. ғыл. док. ... дисс. автореф. – Алматы, 2007. – 47 б.
155. Әлметова Ә. Сұхбаттасу мәдениеті. – Алматы: Толағай, 2007. – 316 б.
156. Мұхамеджанова Г.Т., Алдаш А. Қазақ тілін оқытудың лингвомәдени бағыты: аспектілер және әдіс-тәсілдер // Materials of the III International scientific-practical conference «Innovation management and technology in the era of globalization». – Sharjah, United Arab Emirates, 2016. – 599-605 бб.
157. Хайдеггер М. Время и бытие: Статьи и выступления: Пер. с нем. – М.: Республика, 1993. – 445 с.
158. Маковский М.М. Сравнительный словарь мифологической символики в индоевропейских языках: образ мира и миры образов. – М.: Владос, 1996. – 416 с.
159. Әмірбекова А. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар. – Алматы: Елтаным, 2011. – 204 б.
160. Мұсатаева М.Ш., Тымболова А.О., Есенова К.Ә. Лингвокогнитологияның өзекті мәселелері. – Алматы, 2014. – 258 б.
161. Mukhamejanova G., Mynbayeva A., Belassarova Zh., Imankulova M., Duisenbayeva Gaukhar. Innovative Methods in Education // Biosciences Biotechnology Research Asia, April 2015. Vol. 12(1). – 133-139 бб.
162. Мид Дж. От жеста к символу. В кн.: Американская социологическая мысль: Тексты. М.: МГУ, 1994. – С. 216.
163. Двуличанская Н.Н. Интерактивные методы обучения как средство формирования ключевых компетенций / Н.Н. Двуличанская – М.: Наука и образование, 2011. – 213 с.
164. Леонтьев А.А. Общая методика обучения иностранным языкам: Хрестоматия / Сост. Леонтьев А.А. М.: Русский язык, 1991. – 360 с.

165. Ступина С.Б. Технологии интерактивного обучения в высшей школе: учебно-методическое пособие/С.Б. Ступина – Саратов: Наука, 2009. – 56 с.
166. Нұрбекова Г.Ж. Жалпы білім беретін қазақ орта мектебінің жоғары сынып оқушыларын диалог сөзге үйретуде интерактивтік тәсілді қолдану әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2002. – 125 б.
167. Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, тандау курсарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 Бұйрығы. – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424>.
168. Дәuletбекова Ж. Сөз мәдениеті және шешендік: оқыту теориясы мен әдістемесі. Монография. – Алматы: Нұрай Принт Сервис, 2014. – 210 б.
169. Формативное оценивание на уроках. Практическое пособие для учителя / Сост. Р.Х. Шакиров, М.Ф. Кыдыралиева, Г.Н. Сахарова, А.А. Буркитова. – Б.: Билим, 2012. – 76 с.
170. Құрманова Н. Қазақ мектептерінде сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2004. – 369 б.
171. Әбілқаев А., Бейсенбайқызы З. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Інжү-Маржан, 2009. – 293 б.
172. Суворова Е.П. Речевое развитие школьников в процессе аналитической и продуктивной текстовой деятельности: ценностно-интеграционный подход: дисс. ... д-ра пед. наук. – СПб., 2002. – 415 с.
173. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст. Ж. Манкеева, С. Бизаков, Ә. Жұнісбек және т.б. – Алматы: Арыс, 2009.
174. Кенесбаев И. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
175. Жеребаева Л.Р. Қазақ тіліндегі тілдік перифраздардың мағынасы мен қызметі: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф. – Алматы, 2008. – 24 б.